

СҮЛЕЙМЕНОВ ПИРИМБЕК МҮХАНБЕТОВИЧ



**ӘЛ - ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ  
ДАЛАСЫНЫҢ ОЙШЫЛДАРЫ  
(ОҚУ ҚҰРАЛЫ)**

АЛМАТЫ, 2022

**Сулейменов Пиримбек Муханбетович**

**Әл - Фараби және қазақ даласының ойшылдары  
(оқу құралы)**

**Алматы, 2022**

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
философия және саясаттану факультетінің  
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған (Хаттама № 2, 2022 жылдың 15  
қыркүйегі)

### **Пікір жазғандар;**

философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.Алтаев  
философия ғылымдарының докторы, профессор С.Мырзалы  
философия ғылымдарының докторы, профессор Д.С.Раев

### **П.М Сулейменов,**

Бұл оқу құралында әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасының арасындағы тарихи-философиялық, мәдени байланыстары зерделенген. Сонымен қатар ұлы дала өркениетінің данышпан ойшылдарының саяси-әлеуметтік көзқарастары мен философиялық ой-тұжырымдары жан-жақты қарастырылады. Оқу құралын қалыптастыру брысында қазақтың әлеуметтік философиялық ойының тарихта сан қырлы сипатта көріну формалары ескеріліп және сараптаудан өткізілді. Кейбір бөлімдер тарихи тұлғалардың дараланған дүниетанымындағы ерекшеліктері ашып көрсетуге арналса, біршама бөлімдерде қазақ халқының рухани әлеміндегі айрықша белгілерге философиялық сипаттамалар береді. Жұстың мәтіні қазіргі заманның барлық талаптарына сай жаңа әдіснамлық ұстанымдарға сүйенеді және оқушы қауымға салыстырмалы-теориялық тұрғыдан көмегін тигізетін мақсаттарға негізделген.

Оқу құралы гуманитарлық ғылымдар оқу саласында оқитын бакалавриат, магистрант, (PhD) студенттерне арналған.

## КІРІСПЕ

Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп, ғылымның бүгін мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда ғылым тарихы маңызды орын алады. Расында, адамзаттың жинақталған материалдық байлықтары қандай ұшан-теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бәрі – баршаға бірдей ортақ қазына. Сол мәдени мұраны талдап, іріктей білу, халыққа жеткізу кейінгі ұрпақтың абыройлы міндеті. Осы кездегі өркені өскен сан салалы ғылым мен мәдениетті жасауға талай елдің, ұрпақтың таңдаулы өкілдері қатысты. Орта ғасырларда адамзат білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламаларының бірі - қазақ топырағынан шыққан данышпан перзенті Әбу Насыр әл-Фараби.

Әл-Фараби шығармашылығы, оның ішінде саяси-әлеуметтік философиясы Платон, Аристотель, Конфуций сияқты ірі ойшылдардың концепциялары негізінде құрылған. Фараби шығармашылығының басты мәні: Батыс және Шығыс мәдениеттерін тоғыстыру. Рухани мәдениеттің басты белгілері ретінде бөліп алып, шығармашылығындағы жекелік, этникалық, аймақтық, әлемдік, жалпы өркениеттілік компоненттерімен біріктіріп қарастыру болып табылады.

Оқу құралының " Әл-Фараби қазақ халқының рухани мұрасы " деп аталуының өзі тақырыптың өзектілігін және оны оқып, үйренудің қажеттілігін дәлелдейді. Қазақ халқының рухани мұрасы дегеніміз халқымыздың рухани дүниелеріне талдау жасау, оның қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының талабына сай оқып-үйрену деген сөз. Осы кезеңге дейін қазақ халқының рухани мәдениеті бір жақты зерттеліп келді. Тоталитарлық режим өз дегенін жасап, қазақ халқының ұлы ойшылдарының есімдері тарих сахнасынан алынып тасталынды. Егемендік алғаннан кейін қазақ тарихы қайта парақталып, арыстарымыз қоғамнан өз орнын алып, ғылыми зерттеуде жаңа бағыт, үрдіс пайда болды. Ғылыми пайдалануда жаңа үрдістің даму ерекшеліктері көріне бастады. Шоқан, Ыбырай, Абай және ұлттық зиялыларымыз Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Жұмабаев және тағы басқалары әділ бағасын ала бастады. Олардың саяси қызметтері мен өмірбаяндарын, шығармаларын оқып-үйрену болашақ ұрпақ үшін парыз.

Даланың да өз тарихы болды және оның айталық, Еуропа немесе Таяу Шығыс тарихынан бір де бір өрімі кем болған жоқ. Көшпенділер өздерінің даму жолында ешбір елдікіне ұқсамайтын, қарабайырлықтан аулақ қоғам құрды және төл мәдениетін өркендетті. Әрбір көшпенді халықтың өзіне ғана тән келбеті, ерекшеліктері болады. Сонау қадім замандарда, алғашқы орта ғасыр, жаңа және жаңаша дәуірлердегі дара тұлғалардың шоғырлары әртүрлі қоғамдық өмір саласындағы атқарған сан қилы рөлдерін, ғылым мен мәдениеттегі, саясаттағы алып тұлғалардың аймағына қарап емес, әлемдік өркениеттің дамуына қосқан ерен ой-пікірлерін айқындап, әділ пайымдайды.

Әдетте, ұлы адамдардың өнегелі өмірі мен қыруар қызметі қашанда Отанының тіршілігімен тұтасып жатады. Заманалар көші озып, кейбір саяси жүйелер келмеске кетеді, бірақ та ұлы адамдар мен елдің тұтастығы, бірлігі ажырамайды. Ол жер бетіндегі мәңгілік әрі өзгермес ақыл-ой жаратылысының бұлжымас заңы.

**Курстың мақсаты:** Әл-Фараби және ұлы дала ойшылдарының арасындағы тарихи мәдени байланыстарды жан-жақты қарастыру, сонымен қатар ұлы дала перзенттерінің ғылыми философиялық ой-пікірлерін зерделеу.

**Курсты оқытудың міндеті:**

- әл-Фараби және ұлы дала ойшылдарының көзқарастарын;
- түркілік дүниетаным деп аталатын мәдени-кеңістіктегі дала данышпандарының идеяларын жан-жақты қарастыру;
- қазақ халқының рухани мәдениеттегі ақын-жыраулардың алатын орнын;
- қазақ ағартушыларық идеяларының маңыздылығын ашу;
- қазақ зиялыларының саяси-әлеуметтік көзқарастарын талдау;

«Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» атты оқу құралы жалпы, жоғары оқу орындарының гуманитарлық ғылым саласында оқитын бакалавр және магистрант студенттеріне арналған.

Ежелгі ескі заманнан бастап, кешегі кеңестік кезең келмеске кеткенге дейінгі ұлан-ғайыр мерзім-мезгілдер аралығында Ұлы Дала төсінде небір кемел ойлы кемеңгерлер ғұмыр кешіп, көшпелілер өркениетіне өлшеусіз үлес қосқанын бүгінде ешкім де бекерге шығара алмайды. Ендеше ұлттың ұлы тұлғаларын білу - тарихи тамырын тану, сол арқылы қазіргі заманға лайықты көзқарасыңды, отаншылдық сана-сезіміңді қалыптастыру.

Бұл оқу құралында әл-Фарабидің саяси-әлеуметтік көзқарастары және Ұлы Дала өркениетінің данышпан ойшылдарының әлеуметтік философиялық идеялары терең теориялық тұғырдан жан-жақты зерделенген.

Оқу құралы: А. Қасымжанов, А. Машани, А. Көбесов, Д. Кішібеков, Ә. Дербесалиев, А. Қасабек, Ж. Молдабеков, А. Егеубаев, Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, Б. Нұржанов, М. Қойгелдиев, Т.Омарбеков, К. Нұрпейісов, О. Қоңыратбаев, Ә. Нысанбаев, Қ.Әбжанов, Ғ. Құрманалиева, С.Нұрмұратов, Д.Құсайынов, т.б.сынды отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінің негізінде жазылған.

# I. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ



## 1.1 Фарабидің философиялық көзқарасы

Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870–950ж.) қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы көне Отырар қаласында дүниеге келген. Қыпшақ даласынан шыққан ойшыл-күллі шығыс елдеріне таныс болған данышпан ұлы ғұлама энциклопедист, философ, математик, астролог, музыка теоретигі, түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің екінші-ұстазы» атанған ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келді. Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, Араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты.

Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен ол дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі бір кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасап, сол заманда әлемнің көптеген мәдени орталықтарында (Хорасан, Бағдад, Каир, Дамаскі, Алеппо) болды.

Фарабидің философиялық көзқарастарын нақтылы тарихи жағдайда, белгілі бір дәуірмен байланысты қарағанда ғана ерекшеліктері мен сонылығын дұрыс түсінуге болады. Ол дәуірде материалистік философия жүйесі ашық қалыптаса қойған жоқ болатын. Сондықтан орта ғасыр заманында философиялық ойдың дамуы құдайды дәріптейтін діни-теориялық сипат алды. Демек, Фарабидің философиялық ілімі – негізінен дүниені бір құдай жаратты деген қағиданы басшылыққа алған идеалистік ілім. Фарабидің данышпандығы мен білімпаздығы, әрине, бұл идеализмге өзгеше түр бермей қала алмады. Араб тарихшысы Усейбидің айтқанына қарағанда, Фарабидің философиялық жүйесінде маңызды кейінірек барып біліне, анықтала бастаған, бірден көзге түсе қоймайтын жерлері көп, олар қазіргі заманғы терминология бойынша айтсақ, материалистік нышанды немесе идеализм мен материализм арасындағы ауытқуды білдіреді. Фарабидің философиялық жүйесі орта ғасырлар философиясындағы барлық мәселелерді қамтиды деп айтсақ артық

болмайды. Олар: болмыс жөніндегі ілім, материя және оның дамуы туралы мәселе, адамның тану әрекеті – мәселесі, логика мәселелері, ақыл және оның адамның қоғамдық іс-әрекеттеріндегі алатын орны, этика, эстетика мәселелері, натурфилософия және ғылымдар әдістемесі мәселелері.

Фарабидің философиялық және логика-методикалық көзқарастарын жақсы түсіну үшін оның ғылымдар топтауын (классификациясын) қарастыру қажет. Бұл топтау Аристотельдің классификациясына ұқсайды, алайда Фарабиде табиғаттану-математика ғылымдары кең де әртүрде көрініс табады; бұл оның орта ғасырлардағы Шығыс философиясының даму бағытын бейнелейтін рационалистік және материалистік талпыныстарының нәтижесі болып табылады.

Әл-Фарабидің философиясын зерттеушілер оның бұл саладағы трактаттарын терең талдай келіп Фарабидің философиялық мұрасындағы үш: дүниенің мәңгілігін тану, детерминизм – реттеу принципі, яғни себептілік сыр-сипатын ашу, ғылым-білімнің қайнар көзі; адам жанының өшпейтіндігін теріске шығарған ақыл туралы ілім сияқты басты жайтты атап көрсетеді. Бұл үш принцип Фараби философиясының биік шоқтығы және ерекшеліктері болып саналады. Әрине, ғылымның даму деңгейі, саяси-әлеуметтік жағдайлардың салдарынан бұл мәселелер туралы ой кейде кері шегініс жасауға мәжбүр болады. Мәселен, дүниенің мәңгілігін, басының болмағандығын мойындау ресми дін өкілдерінің дүниені құдай жаратқан деген доктринасына қайшы келеді. Фараби бұл жағдайда құдай бірінші, дүние екінші кезекте деген сияқты бұлдыр да бұлтарыс түсінік береді. Фарабидің пікірінше қозғалыс – мүмкіндіктен шындыққа көшу, уақыт та мәңгілік, ол қозғалыстың сипаттамасы (характеристикасы).

Ақыл туралы ілімі Фарабидің философиядағы ірі жетістіктері санатына қосылады. Мұндағы ақыл ұғымы кең, бүкіләлемдік мағынада қарастырылып, оның космологиясына тірек болды. Әрекеттегі, яғни жасампаз ақыл (яғни бірінші қозғаушы Аристотельше айтқанда, ойлаудың ойлауы) болмыс түзілісіндегі (иерархиясындағы) жоғарғы сатылардың бірі. Ең жоғарғы сатыны түпкі себеп – Алла иемденеді. Алладан кейінгі екінші сатысы – аспан денелері, болмыстың үшінші сатысы әрекеттегі ақыл және оған сай негізгі төрт элементтен (топырақ, су, ауа, от) тұратын ай асты әлемі. Болмыстың төртінші сатысы – адамның жаны. Ең төменгі бесінші сатыны форма мен материя алып жатыр. Бұл сызбада, бір жағынан, әлемнің жаратылысы мен аспан мен жердің алшақтығы жайлы ресми мұсылман дінінің қағидаларына сәйкес келсе, екінші жағынан, дүниеге материалистік, эволюциялық даму тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді.

Фарабидің көзқарасы бойынша, жасампаз ақыл немесе ғарыштық (космостық) ақыл ай асты әлеміндегі бүкіл қозғалыстардың себебі ғана емес, ол – жер бетіндегі тіршілікке тән ақыл, бұл дүниенің заңдылығын реттеуші, билеуші. Әрбір тіршілік иесінің ақылы тек әлемдік, ғарыштық ақылға қатысты дамиды, өркендейді. Ал әлемдік ақыл мәңгілік. Жеке тіршілік иесі өткінші. Осыдан барып жан өлмекші емес деген қағида теріске шығып, діннің сара жолымен философияның талас мәселесі жан ауысып, көшіп

жүреді деген идея мансұқ етіледі. Фараби бұл аса маңызды да, мәңгі мәселе бойынша анық бір пікірді ұстамағаны байқалады. Көп жағдайда ол жан өлмейтіні жайлы тезисті ашық қуаттайды. Бірде ол Аристотельдің идеясын қолдап, дамытып, жанның мәңгілігін бір адам үшін емес, жалпы адамзатқа тән қабілет ретінде қарастырады. Енді бірде қайырымды, парасатты адамдардың жаны өлмейді, ал қайырымсыз, надан да пасық адамдар жаны оның тәнімен бірге өледі деген идеяны қолдайды. Бұл жағдайда ол жақсы адамның артында қалдырған ісінің, ізінің өшпегендігі оның жанының өмір сүргені дегенді меңзейтін сияқты. Бұлай деп айтуымызға Фарабидің «Ұлы Зенонның жоғары ғылым бойынша трактаты туралы» еңбегінде ол дүниедегі өмір туралы жазған: «Білім, яғни ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана hareket еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады, өйткені көп мал-мүлік күйттеу ғылымға кесірін тигізеді», - деген жолдары негіз болады.

Сондықтан рухани мұра қалдыру, дүниетану қам-харакетіне қарағанда абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді. Ол дүниелік өмірде дәрежеге жетуге кедергі болмайды. Егер, бәлкім, ғылымның басқа адамдары, оның әріптестері бұл мұраны пайдаланса, «ол оған өлгенге дейін де, өлгеннен кейін де игілік болып жұғады» (Тарихи-философиялық трактаттар).

Тәрбие мен білім, педагогика мен психология, этика мен әдістеменің теориялық және практикалық мәселелерін қарастыру Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасының құрамдас, оның дүние-танымының ажырамас-бөлігі болып табылады. Әлемнің негізгі тұтқасы – адам. Егер оның ақыл-ой парасаты ойдағыдай дамып жетілсе, ол дұрыс өсіп-өркендей алады. Қажетті дағдылар мен жақсы мінез-құлық адамды бақытқа кенелтеді. Жаман мінез-құлық - бұл рухани дерт, жақсы мінез-құлық пен ақыл-ой парасаты – адамның басты қадір-қасиеттері қалыпты іс-әрекет үстінде ғана қалыптасады. Адамның өсіп-жетілуіне Фараби дағды мен әдетке елеулі орын береді, бұлар тәлімгердің ғибратты сөзі мен нақты ісі, жәрдемімен қалыптасады. Қандай болсын әдіс, тәсіл (мақтау, бетіне басып ұялту, көзін жеткізу, көндіру, т.б.) тәрбиешіден үлкен имандылықты, ізетті талап етеді, осылай еткенде ғана ол шәкірттерден шыншылдықты, сыпайылықты, әділдікті талап ете алады, сондықтан мұндай қасиеттерге ұстаздың өзі де ие болуға тиіс. Ізгі, әділетті қаланың басшысы мен ұстаз екеуі-бірдей дәрежеде тәлімгер. Ұстаз-балаларды, ал қала басшысы - шаһардың бүкіл тұрғындарын тәрбиелейді. Нағыз тәрбиеші - жалпы жұртқа танымал жетекші өзінің бойына он екі тума табиғи қасиетті, жүре дарыған алты қасиетті меңгерген дана адам. Оқыту тіл ұстарту, білім беру арқылы үйрету жолымен, ал тәрбиелеу сарамандық жұмыс пен тәжірибе арқылы жүзеге асырылады. Білім адамды қуаныш пен бақытқа кенелтеді, дүниені танып-біле отырып, адам оның әсемдігі мен бітім болмысына қанығады. Ғылым-білімді, әр алуан қолөнер кәсіптерінің дағдыларын игеруге, үлгілі адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына қажырлы еңбек, оқыту, тәжірибе берумен қатар, өзін-өзі тәрбиелеу, күшті ерік-жігер арқылы жетуге болады.

Әл-Фараби психология жөніндегі көптеген еңбектердің (Ақыл-ой



туралы, Жан туралы, Темперамент туралы, Түс көру туралы сөз, Жанның мәні туралы, Ақыл-ой және ұғым, Жасөспірімнің ақыл-ойы туралы кітап, Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап, т.б.) авторы ретінде де танылады. Ол араб тілінде халықтар арасында жан туралы ілімдердің сындарлы жүйесін тұңғыш баяндап, психологиялық терминдер жасады. Өкінішке қарай, оның еңбектерінің көбі бізге жеткен жоқ.

Фарабидің философиялық жүйесінде материяға көп көңіл бөлінеді. Ол ай астындағы дүниенің шын мәнінде бар екендігін, оның айдан жоғары орналасқан дүниемен, яғни аспан әлемімен бірлікте болатынын мойындайды. Біздің, яғни айдан төмен жер бетінде орналасқан дүниеде материя мен формадан тұратын заттар, нәрселер – барлығы ақиқат. Олар негізгі, бастапқы материя болып табылатын төрт элементтің сан алуан, әртүрлі қосылыстарынан тұрады, түзіледі. Фарабидің материя мен форманың бөлінбес, ажырамас бірлігі туралы тезисі дұрыс материалистік сипаттағы қорытынды болды. Таным мәселесін қарастырғанда, зерттегенде Фараби өз заманындағы жаратылыстану ғылым жетістіктеріне сүйенеді және математика, астрономия, медицина, физиология, музыка теориясы және басқа салалар бойынша өзінің жан-жақты білім қорын мол, сарқа пайдаланады. Мұнда ол таным теориясына рационал сипат беретін ақыл туралы ілімді басшылыққа алады. Тану теориясының бірсыпыра мәселелерін ғылыми жолмен дұрыс қойып, түсіндіруде Фараби бірсыпыра психологиялық мәселелерді қамтып, оң шешімін табуға тырысады. Мысалы, түйсіктің табиғаты, олардың сезім мүшелеріне байланысты; жанқуатының және адам қабілетінің жалпы схемасы, танудың екі негізгі формасы (түйсік арқылы және ойлау арқылы), т.б. Фарабидің таным туралы ілімінің негізгі көздеген нысанына ғылымның рөлін көтеру, философия мен діннің қызметін даралау, бөлу, ең бастысы өзі атсалысқан, қатысқан танудың ғылыми әдістерін (методтарын; эксперименттік-теориялық әдіс, табиғат туралы білімдерді математикаландыру) жасау және дамыту болып табылады. Әдістемелік дұрыс бағдарламаны басшылыққа алып, Фараби көптеген нақты ғылымдар (математика, астрономия, акустика, музыка теориясы, т.б.) бойынша және оларды дидактикасын жасау жөнінде айтулы табыстарға жетеді. Алайда Фарабидің таным теориясы тұтас алғанда өміршең, ілгерішіл бола тұра, онда ғылыми қайшылығы бар бірсыпыра даулы қағидалар мен идеялардың да болғанын айтуымыз керек.

Фарабидің ғылыми-философиялық шығармашылық қызметінде логика мәселелері үлкен орын алады. Логика ойлау жүйесі мен пікірлерді мүлтіксіз дәлелдеуді қажет етеді, сондықтан да Фараби оны шындықты табудың және оны негіздеудің бірден-бір әдісі ретінде жоғары бағалайды. Логикалық тұрғыдан ол білімді аксиомалар мен алғышарттар түрінде өрнектелген бастапқы алғашқы және оларды ой қорыту салдары ретінде шығарылып алынған туынды, қорытынды деп екіге ажыратады. Ал логиканың заңдары мен ережелері жаңа білім шығаруға қызмет етеді. Тілде грамматикасыз күн жоқтығы сияқты, дұрыс ойлауда логикасыз аттап басуға болмайды. Фарабидің үйретуінше, адамның адам болуы ақыл, ойлау

арқасында болса, онда мәдени, жоғары парасатты ақыл себетін логика адамзат үшін ең қажетті игілік болып саналатын ғылым, өнер көзі болады. Фарабидің логика жайындағы трактаттарының мәні өте зор. Онда автор категория, семантика, импликация теориясы, т.б. мәселелер жөніндегі Аристотельдің бай идеяларын әрі қарай дамыта түседі. Фарабидің философиясы өзінің өміршеңдігін, дұрыстығын нақтылы ғылыми зерттеулерден тауып, принциптері, қағидалары одан әрі кемелденіп отырды. Оның ғылыми ойлау жөніндегі тапқан әдісі жеке, дербес заттарды, құбылыстарды нақтылы қарастыру, бақылау жасау арқылы дедуктивті-аксиоматикалық теория жасаумен ұштастырылады. Бақытқа жол сілтеу трактатында және басқаларда әл-Фараби Аристотельдің әрекеттену мен қайырымды істердегі орта шама туралы пікірін дамытады. Әл-Фараби ұстамдылықты жақсы құлық деп есептейді, ал ұстамды болу үшін шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылуымыз керек және керісінше, жетіспеушілік болса, біз молшылық жағына қарай ауытқуымыз керек, сөйтіп мінез-құлқымызда ұстамдылықты қалыптастырғанша осылай ете беруіміз керек. Жоғарыда айтылғандар әл-Фарабидің адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» «тәңірден» болмай, оларды адамның өзі таңдауға болатын жағдайда белсенді әрекет факторына қандай зор маңыз бергенін көрсетеді.

Фараби өзінің дүниеге көзқарасын социология, этика және эстетика мәселелерін қамти отырып жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды. Ол, ең әуелі өзі өмір сүріп отырған қоғамның құрылымын талдайды. Адамдар қауымының өмір сүру ортасы ретінде қала халқын алады. Қалаларды жік-жікке бөле келіп, ол кемел де үлгілі құрылым ретінде «Ізгі қаланы» таңдайды, оған жақын келетін және тұрмыстық байланыстағы құрылым – еңбекшілер тұратын «қажеттілік қаласы» деп қарайды. Фараби әрі қарай «алыс-беріс қаласы» (саудагерлер мен алыпсатарлар мекені), «бақытсыздық пен бұзылғандық қаласын» (ұрықарылар, арамтамақтар мекені) бөліп ажыратады.

Ізгі мемлекет (қала) туралы ілімін жасауда Фараби Платонға еліктеп, мемлекетті әрбір мүшелері белгілі қызметті атқаратын адам тәніне ұқсас етіп қарастырады. Осыған сәйкес ізгі мемлекеттегі феодалдық құрылыс суреттеледі. Идеалистік түрде жақауратып айтылғанмен, Фараби топшылауында адамдар арасындағы теңсіздік, артық-кемшілік анық сезіледі. Мысалы, халық – мемлекеттің жүрегі саналғанымен, олар да күнкөріс қамын, харекетін жасауға, ойлауға мәжбүр (ішіп-жеу, үйлену-жайлану, т.б.). Фараби мұндай теңсіздікті, әділетсіздікті жоюдың бірден-бір жолы ағартушылық, адамгершілік тәрбиесін күшейту деп қорытады. Феодалдық әділетсіздік езгі мен зорлық-зомбылық өріс алып тұрған, ауыр заманның өзінде-ақ, ол зорлықсыз, қанаусыз әділ қоғам болуы мүмкін деген батыл утопиялық (қияли) болжам жасайды. Фараби ондай ізгі мемлекеттің тууы, ең алдымен, мемлекет басшысына, оның ақыл-парасатына, ғұламалығына,

талантына, тәрбиесіне тікелей тәуелді деп қорытынды жасайды (ағартушы-философ әкім идеясы). Кеменгер ойшылдың бұл пікірін түгелдей теріс деп айтуға болмайды. Фарабидің этникалық көзқарастарында көркемдік, сұлулық жайында: "Көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиеті, ол болмыста нақты түрде бар құбылыстардың әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі" (Фараби "Бақыт жолына сілтеу",- дейді. Көркемдік адамның денесі мен рухани жан дүниесінің, адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды. Фараби "Бақыт жолына сілтеу" атты трактатында бақытқа жетуге бастайтын жолға айрықша назар аударады. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс екен, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесіндегі темірқазық болып саналатын философиялық-этникалық категория - әрбір адамды бақытқа жеткізу мұраты. Араб философиясының негізгі шегі-дін. Ислам діні халифалық мемлекеттің ресми дініне айналғаннан кейін бірнеше жікке бөлінеді. Оның бірі - Құран мен пайғамбар сөздеріндегі діни түсініктердің ішкі мәніне бармай, амал-әрекетті жасау. Екіншісі - аят пен Құран, хадис сөздерінің көмегімен әлемді түсінуге тырысқан ағымдар және т.б.

Ғылым тарихында бұрын кездеспеген тағы бір сонылық – Фараби өзінің космология көзқарастарын баяндауда Құранға және Құран төңірегіндегі, соған байланысты ғылыми философиялық материалдарға табан тірейді. Құран мұсылман дінінің басты уағыз-өсиеттері жинақталған аса зәулім рухани, мәдени ескерткіш болып есептеледі. Кейінгі ғасырларда Құран мәтініне философиялық, тарихи және діни түсініктемелер жазу дәстүрі қалыптасқан. Оларды тәпсір деп атайды. Осындай тәпсірді бірінші жазған автор Абдуллах ибн Аббас еді. Фараби жоғарыдағы трактатын жазуда осы ибн Аббасқа сүйенеді. Бұл айтқанымыздан, Фарабидің Құранда айтылған діни-теологиялық, ғылыми-философиялық мәселелерді жаңа тұрғыдан тану, болмыстың түп-төркінін, қазіргі жағдайын білу тұрғысынан қараушы үлкен мектептің (мазһабтың) көш-басында тұрғаны көрінеді. Ол- Мұхаммед (с.а.у.) ілімінің ғылыми-жаратылыстану мәнін ашып көрсетуді көздеген ізгі ғұлама.

Діни көзқарастар жүйесі мен іс-әрекеттер тізбегі-Алланың адамзат баласына салып берген қасиетті жолы. Діннің арқасында көкірегі ояу адамдардың баршасы да көздеген мақсаттарына жетуге мүмкіндік алады. Баршасы деп отырғанымыз - тайпалар мен қалалар, ал кей жағдайларда ол белгілі бір жарықты немесе сан алуан жарықтарды қамтуы да ғажап емес.

Ал рақымшыл билеушінің халықты басқаруы (бірінші) Алла тағаланың нұрлы шапағатының әсерінен туындаған ақиқатпен, жаңалықтармен тікелей байланысты болып келеді. Ізгілікке негізделген діннің қызметі мен көз қарастары діни жаңалықтардың мән-мағынасымен айқындалады. Мұндай үрдістер орын алған екі тәсілдің біреуі немесе олардың екеуі арқылы да жүзеге асырыла береді.

Олардың ең алғашқысы – құдіреті мол Алланың жіберген қағидалары. Ал екінші жағдайда ел билеушінің басқарушылық қызметі мен іс-әрекеті Жаратқан иемнің құдіреті арқылы келіп жеткен күштердің көмегімен

айқындалады. Сөйтіп, Алланың көрсетіп берген қасиетті ізі ел билеушінің ізгілік пен рақымшылдыққа негізделген көзқарастар мен қызметпен айналысуына даңғыл жол ашып береді. Мұндай амалдар негізінен бірінші тәсілмен, ал кейде екінші тәсіл арқылы да ойдағыдай жүзеге аса береді. Теориялық ғылым Алланың ықыласы ауған пенденің бойында күш-қуаттың қалай туындайтынын жан-жақты түсіндіруге тырысады. Изгілікті діннің көзқарастары: теориялық көзқарастар және ерік-жігер көзқарастары болып екіге бөлінеді. Теориялық көзқарастар рухани адамдардың Аллаға деген қатынастарын, олардың рухани адамгершілік қасиеттерін және әр адамның жағымды-жағымсыз қылықтарын, іс-әрекеттерін сипаттайды. Сонымен қатар теориялық көзқарастар дүниедегі ең алғашқы діндердің пайда болуы мен жоғалуын, олардың жаңа діндердің пайда болуына негіз болғандығын немесе соңғылары алғашқы діндерден қалайша бөлініп шыққанын, одан қалды олардың аралық қатынастарын, өзіндік құрылымын және өзара байланыстарының заңдылықтарын жан-жақты түсіндіреді. Бізге діндерде болып жатқан өзгерістердің барлығы да әділеттілікке негізделгендіктен, мұндай табиғи өзгерістерде әділетсіздікке жол берілмейді. Теориялық көзқарастарда дүниедегі әрбір зат атаулының құдіретті Алла мен рухани адамдарға деген қатынастарына дейін қарастырады. Одан кейін адамның пәни дүниеге келіп жаратылуы және оның жан мен ақыл-ойға ие болуы, Алла тағаланың шапағаты мен рухани адамдар арқылы берілген адам бостандығы, адамгершілік қасиеттерімен қатар, оның жарық дүниеде алатын орны сипатталады.

Теориялық пікірлер мен көзқарастар пайғамбарлық пен оның мән-мағынасын, ғылыми жаңалықтардың шығуы мен оның түрлі құбылыстарын суреттейді. Олар ажал мен о дүниелік әулиелерге, өнегелі және ізгі ниетті адамдарға ғана тән шат-шадыман бақытты өмір мен ұждансыз, арам, ар-ұяттан безген адамдар ұшырайтын азапты өмірге де сипаттама береді.

Ал ерік-жігерлік пікірлер мен көзқарастар дәл осындай билеушілер қоршауындағы халықтардың хал-жағдайынан хабардар етеді. Ерік-жігер көзқарастары білімсіз адамдарға өз өктемдігін көрсетіп отырған, ар-ұяттан безінген ел билеушілер мен басшыларға және өткен замандарда өмір сүріп, тағдыр талқысының салдарынан адасқан кейбір көсемдерге де сипаттама береді. Оларды тіршілікте жіберілген қателіктер мен жамандықтарға байланысты тиісті жаза белгілеуде, әрбір адамның ізгілікке толы жан дүниесінің жақсылық пен жамандыққа икемділік танытуын да ескереді.

Дін қарастыратын сан алуан заттардың қасиеттері міндетті түрде қала тұрғындарының, ел басшылары мен қызметшілерінің, олардың Алла белгілеп берген қоғамдағы орны мен қалыптасқан қарым-қатынастарына да, өз арасындағы келіспеушілік пиғылдарына да тән болуы керек. Сондықтан да әрбір пенде Алла тағала белгілеген қасиетті жолдан таймай, оның адамгершілікке бағытталған қағидаларын басты назарда ұстауы қажет. Сонда ғана осы айтылған қағидалардың бәрі де діннің құндылық қасиеттерін қалыптастыра алады. Алланың құдіреті мен ұлылығын дәріптейтін іс-әрекеттер мен оң пікірлер басты орынға шығады. Одан кейінгі орынды өткен

замандарда өмір сүрсе де, өздерінің шексіз рақымшылдығымен, адамгершілік қасиеттерімен танылған пайғамбарлар, ізгі ниетті ел басшылары мен әділетті көсемдер иеленеді. Ең соңында, бұл әрекеттердің әділдігін анықтау қажеттігі келіп туындайды. Осы айтылған қағидалар, айтып келгенде, рақымшыл, ізгілікті діннің мән-мағынасын құрайды. Құдай және дін мәселесіндегі әл-Фараби теориялары әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Анықтығы сол, ол Алланы мойындағаны, әлемнің негізі Алланың күдіретімен жаратылғанын құптаған. Фарабидің ғылыми-философиялық көзқарастары мен бағыт-бағдарлары өте күрделі саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайларда қалыптасты. Ұзаққа созылған жаулаушылық саясатының нәтижесінде құрылған жаңа мемлекет – Араб халифаты тек қана жерлерді, елдерді, территорияларды қосып қоймай, мемлекеттік дін дәрежесіне көтерілген ислам идеологиясы біріктірген әртүрлі мәдениеттерді қосып, жаңа қоспа мәдениет туғызды. IX – X ғасырлардағы саяси, философиялық ойдың дамуы – таптық және діни ағым, қайшылықтардың көрінісі болған әртүрлі ағымдар мен кешендердің осы шиеленіскен идеологиялық тайталасы күрес жағдайында жүрді. Бұл ең әуелі кертартпа және ілгерішіл күштер, Араб халифаты мүддесін көздеген ресми мұсылман дінбасылары мен бағынышты, тәуелді халықтардың егемендігі мен еркіндігінің жоғын жоқтаушылар арасындағы күрес болды, мұндай жағдай да философияда айқын болып қалды. Араб философиясында Фарабиге дейін бірнеше ағымдар мен кезендер болды. Діни философияны VIII ғ. бас кезінде пайда болған мутакаллимдер қуаттады. Олар құдайдың мәнісі, дүниенің түпкі сыры жөнінде Құран қағидаларын бұлжытпай басшылыққа алды, табиғи заңдылық және табиғаттағы себептілік принциптеріне қарсы шықты. Мутакаллимдер болмыстағы барлық құбылыстар, оқиғалар тек бір құдайдың еркімен болады, құдайдың күдіретінсіз «адамның жалғыз шашы түспейді» дегенді уағыздады, дәлелдеп бақты. Алайда Араб халифатында, мемлекетінде ғылымның өркендеуі басқаша көзқарастардың, сенімдердің бой көтеруіне әкеліп соқты. Олар сайып келгенде, мұсылманды қатып қалған қағидаларға (догматтарға) қарсы бағыттап, рационалистік, материалистік көзқарастардың туындауына жағдай туғызды. Мұндай ғылыми рационалистік бағытты жақтаушылар муаттазилиттер, яғни дәстүрлі діннен «бөлініп кетушілер» еді. Олар адамзат ақыл-ойы шындыққа жетуде құдайдың алдын ала сызып-пішіп қойған жолы емес, одан басқа ақыл, парасат жолын басшылыққа алу деп есептеді. Мұндай күрестің, сол заманда философия мен ғылымды дамытуда үлкен маңызы болды. Екінші жағынан, муаттазилиттер Аристотельдің құдай туралы идеясына қарсы шығып, дүниенің мәңгілігін, ондағы орын алатын заңдылықтарды біртіндеп жоққа шығарды. Муаттазилит имамы, жетекшісі атақты әл-Ашари еді. Араб философиясындағы жетекші бағыт перипатитизм, яғни аристотелизм болды. Бұлар да бірсыпыра өзекті мәселелер тұрғысында Құран қағидаларына қайшы келді. Бірақ оларда бұл қайшылықтардың, кереғарлықтардың тігісін жатқызып, бітістіру үшін Алланың айтқаны да, философия мен ғылым тұжырымдары да шындыққа сай келеді. Біріншісі баршаға бағытталған, екіншісі таңдаулы адамдарға,

даналарға арналған арнайы шектеулі шындық, міне, осындай екі шындық ілімі, теориясы жасалады. Бұл теориялар орта ғасырлар заманында прогрессивті қызмет атқарды. Араб аристотилизмінің негізін салушылар қатарына әл-Кинди, Фараби, Ибн Сина, т.б. жатады. Алайда философия тарихшыларының басым көпшілігінің ұйғаруынша, мұсылман шығысындағы ілгерішіл қоғамдық саяси ой-пікірдің нағыз көшбастаушысы Фараби болды.

Фараби өз еңбектерінде құдай бар деп мойындайды. Алайда ол Аристотельдің ізімен құдай дүниені бар етуші, қозғалысқа келтіруші тек бірінші себеп – «алғашқы түрткі» ғана, одан кейін табиғат (материя) өз бетімен, өз заңдылығымен құдайға тәуелсіз даму жолына түскен деген идеяны қуаттайды. Бұл, әрине, мутакаллимдердің «жақсылық та құдайдан, жамандық та құдайдан» деген қағидасына мүлдем қайшы. Кертартпа дін басшылары мен оларды қолдаушы философтар (мәселен, әл-Ашари) осы сияқты «күпірліктері», қателері үшін Әбу Насырды қудалаған кездері болған.

Фараби ақиқат біреу-ақ, бірақ оған әр жақтан, әртүрлі деңгейден қарауға болады, сондықтан ол туралы түрліше балама қорытындылар жасау мүмкін деп санайды.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Әл-Фарабидің этикалық философиялық көзқарасын талдаңыз.
- Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» жайлы идеясын сипаттаңыз.
- Әл-Фарабидің жаратылыстану ғылымдары туралы ой тұжырымдарын ашып беріңіз.
- Әл-Фарабидің мемлекетті басқару туралы теориясын сараптаңыз.
- Әл-Фарабидің дінге көзқарасын анықтаңыз.

#### **Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Әл-Фарабидің «ақыл» туралы ілімін ашып беріңіз.
- Әл-Фарабидің философиясындағы «кемел адам» идеясын зерделеңіз.
- Әл-Фарабидің мұраларының зерттелуін көрсетіңіз.
- Әл-Фарабидің саяси әлеуметтік көзқарасын талдаңыз.
- Әл-Фараби және мұсылман философиясын сипаттаңыз.

## 1.2 Әл-Фараби - ұлы ойшыл, педагог ғалым

Әл-Фараби ілімі шығыс ойшылдарына, аристотельдік және жаңа платоншылдық көзқарастарға сүйенеді, оларға жаңа сипат береді. Ол өзінің “Философияны үйрену үшін қажетті шаралар жайлы трактат” еңбегінде Аристотельдің философиясын меңгеруге қажетті болатын тоғыз шарт жайлы өз пікірлерін ортаға салады:

**Бірінші шарт** – философиялық ағымдарды тану (аты-жөнін білу):

1) философиялық бағытқа (ағымға) бас болған ұстаздың аты-жөні;

2) оның шыққан қаласы;

3) философияға мекен (медресе) болған орынның аты;

4) философиялық ағымды тудырған басты себеп;

5) философиялық талдауға түскен мәселелер;

6) философияның алға қойған мақсаты туралы;

7) философияның практикалық мәні, нәтижесі, сияқты жеті нәрседен тұрады.

Оның пікірінше, тұңғыш рет философиялық бағыттың алғаш негізін салушы – грек философы Пифагор, яғни пифагоршылдар мектебі. Бұл жерде Грекиядағы негізгі ғылыми философиялық мектептерге шолу жасап, өз пікірлерін ұсынады.

**Екінші шарт** - өткендегі, ірі философтардың еңбектеріндегі негізгі ойларын, мақсаттарын тану. Мұнда Фараби ежелгі гректерден қалған логикалық шығармалардың, яғни формальдық дәлел (логика), силлогизм, аналитикалық мазмұн мен оқу ретін қысқаша айтып өтеді.

**Үшінші шарт** – философ болу үшін қажетті ғылымдарды тани білу.

**Төртінші шарт** - философия ғылымын үйретудегі мақсатты түсіну.

Философия ғылымын үйренуде оның күттіретін мақсатын тану. Ол мақсат – жаратқан иені тану. Ол өзі – ауыспайтын жалғыз зат. Бүкіл дүниені, барлық нәрселерді барлыққа болмысты шығарған жаратушы. Жомарттылығымен, хикметімен, әділеттілігімен осы әлемге тәртіп беруші Алла тағаланы тану. Барлық философ ғалымдардың істеген еңбектері - өздерінің шамасынша сол жаратқанға ұқсап бағу. Әрине, бұл жерде біз әл-Фарабидің өз заманының перзенті болғандығын дұрыс түсінуіміз қажет, өйткені заман талабын аттап өте алмау, қай кезде болсын тарихи, табиғи нәрсе.

**Бесінші шарт** – философия ғылымына кірісудің төте жолын тану. Бұл жерде Фараби білім, ғылымға жетудің ең бір дұрыс жолы аянбай еңбек ету дейді. Сонымен қатар философияны тек жаратылыстану ғылымдары арқылы ғана танып-білуге болады деген пікірлер айтады.

**Алтыншы шарт** – Аристотель еңбектеріндегі қолданылған ғылыми ұғымдарды талдай білу.

**Жетінші шарт** – Аристотельдің өзінің еңбектерін оқыған адамнан терең жұмбақ сырларды шешуді талап етуінің себебін білу, Аристотель еңбектерінде жұмбақ түрінде айтылған түсініктердің сырын ашу. Оның кейбір ғылыми түсініктерді терең жұмбақ түрінде келтіруінің үш түрлі себебі бар. Бірінші, оқушының табиғи қабілетін сынап, үйретуге тұратынын немесе

тұрмайтынын айыру. Екінші, философия ғылымын көрінген адамның бәріне бірдей рәсуа қылмай, оны алып жүретіндерге ғана пайдаландыру. Үшінші, ғылым іздеу жолында адам бейнеттеніп, ой-пікірін шынықтыру керек. Осы үш себептен Аристотель еңбектерінде жұмбақ (аллегория) қолданылады.

**Сегізінші шарт** – философ адамның міндеті мен тіршілік ережесін және қалпын түсіну.

**Тогызыншы шарт** – Аристотель ілімін үйрену үшін нендей нәрселер қажет екенін білу. Фараби бұл жерде Аристотельдің логика ғылымын, шығармаларын оқу тәртібін келтіріп, оны жоғары бағалайды. Бұл орайда түйіндеп айта келгенде, Фараби философияны үйрену үшін ежелгі грек ойшылдарынан бастап, өзіне дейінгі ғалымдардың ой-пікірлерін сарапқа салады да, соңында өз ойларын айтады. Әл-Фарабидің пікірінше, ғылым мен философия адамы болу үшін қойылатын ең бірінші талап – ол адамның жан тазалығы, бүкіл адамға, өз халқына деген таза махаббаты, ғылым мен білімге деген қалтқысыз құштарлығы мен берілгендігі. Бұл шарт орындалмаған күнде адам философияны үйрене алмайды, үйрете де алмайды деп көрсетеді Фараби. Аристотельдің “Никомахтың этикасында” (1-кітап, §1) келтірілген схемасын негізге ала отырып, әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөлді. Теориялық философия өзгермейтін, өткінші емес заттарды, ал практикалық философия өзгертуге немесе жасауға болатын заттарды зерттейді. Философия, әл-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын “ең ерекше” игілік – ақыл, парасат арқылы меңгеріледі. Ақыл, парасаттың қызметі қалай болса, солай беталды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсаттылық сипат алады. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрайды. әл-Фарабидің айтып көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастағаны жөн.

Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың көздеген мақсатына жетуі, оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Әл-Фарабидің азаматтық, саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары “Фусул әл-мадани” («Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері») трактатында қаралады. Бұл трактаттардың тақырыптары әртүрлі болса да, негізінен, бір мақсатқа – адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектердің өзіне тән бір ерекшелік сипаты – тәндік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы.

Фараби “Азаматтық саясатта” қоғамды талдауды қаладан, ал “Нақыл сөздерде” ең кішкене ұядан, отбасынан бастайды. Аристотель сияқты ол да үйді бірнеше бөлікке – ер мен әйел, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі мен иесі деп бөледі. Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан, ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз баласының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруы туралы пікір айтады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизмнің биік көріністерін табамыз.



Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, бұл ғылымдарды басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімнің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше, философ өзгермейтін ақиқатты меңзеп, мемлекетті басқару, жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, ал әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсінуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада әл-Фараби дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше, дін философияға ұқсас: екеуі де жоғары принциптерге, бір заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді. Заң шығарушы өте жақсы пайымдаудың арқасында адамның мүдделеріне сай келуге тиіс заңдылықтарды дұрыс жүзеге асыра алады.

Әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұралар қалдырды. “Ғылымдар тізбегі” деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен бес салаға бөледі: 1) тіл білімі және оның тараулары; 2) логика және оның тараулары; 3) математика және оның тараулары; 4) физика, метафизика және олардың тараулары; 5) азаматтық ғылым және олардың тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы. Ғалым бұл ғылымдардың бәрінің пәнін анықтап, қысқаша мазмұнына тоқталды.

Фарабидің этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі. Фараби жасаған қорытындының басты ой түйіні - білім, мейірбандық, сұлулық, үшеуінің бірлігінде Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тараған. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Әл-Фарабидің "Ғылымдар энциклопедиясы" трактаттарының ғылым тарихында алатын орны ерекше. Бұл трактат бес тараудан тұрады:

1. Тіл білімі. 2. Логика. 3. Математика, оптика, геометрия, астрономия, статика, музыка. 4. Физика және метафизика. 5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және ғалам.

Астрономия, музыка, геометрия, архитектура, т.б. ғылымдар дүниеге келді. Мұның бәрі адамды азаматтыққа тәрбиелейтін, үлкен ойға апаратын, ой-өрісін кеңейтетін педагогикалық, математикалық, логикалық ғылымдар тарауы деп қорытады. Әл-Фараби қағидасы бойынша көзге көрікті зат, құлаққа да жағымды дыбыс береді. Табиғат дүниесіндегі көріктің ғажабы - аспан, жердегі заттың дыбыс көркі - музыка. Музыка мақамы ғаламның ғажайып үндестік гармониясын түсіндіреді. Осындай дәрежеге көтерілген адамдар ғана философиямен айналысуы керек дейді ұлы бабамыз.

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Оның пікірінше, жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің:

- 1) баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;
- 2) ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
- 3) сабақ үдерісінің алатын орнын, ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт.

Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді. Әл-Фараби өзінің “Риторика”, “Поэзия өнері туралы”, “Бақытқа жол сілтеу” атты трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық туралы білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді. Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында: ол өмір шындығының өзіне тән қасиетті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі деді. Көркемдік тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды. Әл-Фараби әмбебап музыкант та болған. Саз аспаптарында ойнап, ән салған, өз жанынан ән, күй шығарған. “Музыканың ұлы кітабы” – ғұламаның әрі музыка жайында, әрі физика - математика жайында жазған тарихи үлкен туындысы. Мұнда музыка, акустика мәселелері барынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы, т.б. жайында көптеген дұрыс, соны пікірлер айтылған. Музыканың тәжірибелік және теориялық (математикалық) негіздерін жасап, физика-математика заңдылықтардың белгілі музыка аспаптарында қалай жүзеге асу жолдарын көрсетеді. Әл-Фараби ғылыми танымның жалпы (әмбебап) теориялық үш шартын анықтап, соның негізінде музыка теориясын жаңадан қалыптастырды. Ол шарттар: **біріншіден**, ғылымның барлық түпкі негіздерін – принциптерін білу; **екіншіден**, принциптердің осы ғылымға жататын қажетті қорытындыларды, нәтижелерді шығара білу; **үшіншіден**, осы ғылым жайлы бұрын соңды айтылмаған ой - пікірлерді талдай білу, дұрысын терісінен ажыратып, қателерін түзете білу. Музыканың математикалық теориясын жасау жолында әл-Фараби математиканың көптеген түбегейлі мәселелерін қамтиды. Олар: қатынастар теориясы, комбинаторикалық талдау мәселелері, функциональдық тәуелділіктер және оны кескіндеу, аксиоматика идеясы және т.б. Фараби Аристотельдің мұраларын, пікірлерін күмәншілдіктен тазалап, аршып өз қалпында түсіндіруге тырысты. Әбу Насырдың көзқарастарында неоплатонизмнің, исламдағы сопылықтың біраз әсері байқалғанымен, ол бұл міндетті тамаша атқарып шықты. Фарабидің шығыс және батыс арасында, тарих және болашақ үшін де жасаған ғылыми еңбектерінің бірі осы. Сондықтан да шығыс философтары «Ал муаллим ас-сани» - екінші ұстаз деп

атаған. «Бірінші ұстаз» - «ал муаллим ал аууал» деп олар Аристотельді атаған. Фараби Аристотельдің еңбектерін барлық қырынан зерттей отырып, өзі де жаратылыстану ғылымдарымен көп айналысқан. Ол ғылым күшін барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүниетанудағы құдіретін дәріптейді. Кертартпа мұсылман діншілдері ғылымды, дүниетануды тұншықтыруға күш салып баққан түнек заманда білім мен өнерді паш етудің өзі - Фарабидің ғылым мен мәдениет тарихындағы кесек үлестерінің бірі. Ол ғылымның философиялық, логикалық іргетасын дұрыстап, қайта қалап шықты, ғылымды, оқу және оқыту ретін белгіледі, әрқайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді, математикада үлкен жаңалықтар ашты, астрономия жайлы ірі еңбектер қалдырды, физика ғылымын жаңа идеялармен байытты, медицина, химия, минералогия тәрізді жаратылыстану ғылымының маңызды салалары бойынша күрделі еңбектер жазды, ертедегі дүние оқымыстыларының пікірлеріндегі озық және тозық қағидаларын талқылады. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазғандары өз алдына бір төбе. Фарабидің өз тарапынан зерттеп қалдырған еңбектері: «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдар энциклопедиясы немесе тізбегі», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы кітап», «Мәселелердің түпкі мазмұны», «Жұлдыз бойынша болжалдардың дұрысы мен терісі туралы», «Вакуум туралы» трактат, «Музыканың ұлы кітабы», «Эвклидтің бірінші және бесінші кітаптарына түсініктеме», «Философияны оқып-үйрену үшін алдын ала не білу қажеттілігі жайлы», Порфирийдің «Философияға кіріспе» атты кітабына түсініктеме, «Химия өнерінің қажеттілігі жайлы», «Птоломейдің «Алмагестіне» түсініктеме және қосымша кітап», «Платон мен Аристотельдің көзқарастарының ортақтығы жайлы», «Философиялық сұрақтар мен оған жауаптар», «Бақытқа жету туралы», «Адам ағзалары жөнінде Аристотельге қарсы шығушы Галенді бекерге шығару трактаты», «Ақылдың мәні туралы», «Түсініктемелер», «Философияның дінге қатысы», «Әріптер туралы кітап», «Логикаға кіріспе трактат», «Геометриялық трактат» және т.б. Өзінің барлық саналы ғұмырын ислам діні мен ғылымды бір-бірінен айырмай, егіз өргізуге арнаған ұлы бабамыз хижра жыл санауының 339 ж. ережеп (ражаб) айында, Шам шаһарында (Дамаск) қайтыс болғанда, оны сол елдің әміршісі Сайф ад-Даула өз қолымен жерлеген. Ұлы ғалымның мүрдесі Сириядағы Баб әс-Сағир зиратында жатыр. Ғалым мұраларының бізге жетуін төрт кезеңге бөлуге болады:

1. Орта ғасырлардағы араб, парсы және басқа тілдерде жазған ғұламалар арқылы (Ән-Надим, Әл-Бейһақи, Ибн Саид әл-Кифти, Хаджи Халифа, Венике, Камерариус, т.б.);
2. Жаңа дәуір кезеңдеріндегі Батыс Еуропа және Америка ғалымдары арқылы (Леонардо да Винчи, Спиноза, И.Г.Л.Козегартен, Г.Зутер, Ф.Диетереций, К.Брокельман, Дж. Сартон, М.Штейншнейдер, Д.С.Марголиус, т.б.);

3. XX ғасыр, әсіресе, бұрынғы Кеңес Одағының шығыстанушы ғалымдары арқылы (В.Бартольд, Е.Э.Бертельс, Б.Ғафуров, С.Н.Григорьян, В.П.Зубов, А.Сагадеев, Ю.Завадовский, түріктер А.Сайылы, Х.Үлкен, т.б.);

4. Қазақстан мен Орта Азия оқымыстылары арқылы (Ә.Марғұлан, А.Машан, О.Жәутіков, А.Қасымжанов, А.Көбесов, М.Бурабаев, Ә.Дербісәлиев, Қ.Жарықбаев, М.Хайруллаев, т.б.).

Әл-Фараби мұраларының Қазақстанда түбегейлі зерттелуі XX ғасырдың 60-жылдарында ғана қолға алынды. Оған алғаш бастамашы болған қазақ ғалымдары А.Машан А.Қасымжанов, А.Көбесов, т.б. еді. Бұл күндері ҚР БҒМ-ҒА ның жанындағы философия және саясаттану институтында Шығыс философиясы және фарабитану бөлімі жұмыс істейді. Мұнда қазірге дейін ғұламаның қазақ және орыс тілдерінде аударылып, ғылыми түсініктемелері мен алғысөздері жазылып, жиырмадан астам трактаттары жарыққа шығарылды. Бұл бөлім әл-Фарабидің диалектикасы, гнесологиясы мен әлеуметтік философиясы мәселелері бойынша зерттеулер циклін жүргізіп келеді. ҚазҰУ-де әл-Фараби орталығы құрылған. Мұнда да әл-Фараби мұрасын аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары маркстік көзқарастардан арылған жаңа, тың бағыттар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Әл-Фарабидің таным теориясын талдаңыз.
- Әл-Фарабидің ел басқару жөніндегі тұжырымдарын айқындаңыз.
- Әл-Фарабидің ғылымдар энциклопедизмінің мәнін ашыңыз.
- Әл-Фараби гуманизмін көрсетіңіз.
- Әл-Фарабидің ғылым дамуына қосқан үлесін сипаттаңыз.

#### **Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Әл-Фарабидің азаматтық саяси қоғам, адам жөніндегі ойларын нақтылаңыз.
- Әл-Фарабидің музыка жайлы көзқарасын анықтаңыз.
- Әл-Фарабидің педагогикалық теориясын нақтылаңыз.
- Әл-Фарабидің логика жайлы тұжырымын түсіндіріңіз.
- Әл-Фараби және қазіргі қоғам қалай түсінесіз.

### 1.3 Әл-Фараби философиясындағы болмыс мәселесі (онтологиясы)

Болмыс ұғымы - философияның ең ежелгі әрі маңызды категорияларының бірі. Ол жалпылай алғанда “бар болу”, “өмір сүру” мәселелерін қамтиды. Болмыстың екі түрлі мағынасы бар. Тар мағынада болмыс адамның санасынан тәуелсіз тысқары өмір сүретін объективті, материалдық дүниені білдіреді. Ал кең мағынада болмыс түсінігі бардың барлығын, материалдық дүниемен қоса рухани дүниені де, яғни адамның санасын, ақыл-ойын, жан-сезімін қамтиды. Антикалық дәуірдің ұлы философтарының бірі Платонның ойынша болмыс дегеніміз - мәңгілік өмір сүретін, өзгермейтін сана тектес рухани идеялар дүниесі. Идеялар заттар мен құбылыстардың түп негізі: оларды анықтап өмірге келтіруші. Заттар дүниесі болса, өткінші, пайда болады, тозады, өледі: яғни шынайы болмыс емес, бар болғаны идеялар дүниесінің күңгірт бейнесі ғана.

Діни дүниетаным үстемдік еткен ортағасырлық философияның өзегі Құдай болмысы болып табылады. Құдай мәңгі уақыттан да кеңістіктен де тысқары тұр. Ол бүкіл әлемді, табиғатты, адамзатты жаратушы. Неміс классикалық философиясының аса ірі өкілі Г.Гегель шынайы болмыс – «абсолютті идея» деп тұжырымдайды. Ол Платон арнасын жалғастыра отырып болмыс мәселесіне объективті идеализм тұрғысынан келгенімен ең бастысы болмыс ұғымына диалектикалық сипат беріп, даму үдерісін де қарастырды. Л.Фейербах болса шынайы болмыс-табиғат, ал табиғаттың жапа туындысы әрі жетістігі-адам деп есептейді.

Енді болмыстың түрлеріне келейік. Болмыстың негізгі үш түрі бар:

1). Табиғат болмысы немесе заттар (денелер) және үдерістер болмысы; ол өз кезегінде табиғат заттары мен үдерістері және адамдар жасаған заттар, болмысына бөлінеді. 2). Адам болмысы; ол заттар дүниесіндегі адам болмысына және адамның өзіндік болмысына жіктеледі. 3). Рухани (идеялық) болмыс. Табиғат адамзат пайда болғанға дейін болған, өмір сүрген. Адам мен оның санасы пайда болғаннан кейін де ол өз болмысынның тәуелсіздігін сақтаған. Адам болмысына келсек, философиялық ілім үшін адам қалай өмір сүреді деген сұрақ төңірегінде ойлану маңызды. Адам ең алдымен, тіршілік иесі, нақты кісі ретінде өмір сүреді. Оның денесі табиғаттың бөлшегі болып табылады. Адам болмысының алғы шарттары оның денесінің табиғат бөлшегі ретінде, организм ретінде өмір сүруі. Алайда, адам болмысының басты ерекшелігі - ақыл ой иесі, санасы бар яғни, тек тәннің ғана емес жанның да, рухани дүниесінің де иесі екендігінде.

Енді рухани болмысқа тоқталайық. Руханилық өзінің өмір сүруі мен көрінісінің нақты түрлері жөнінен сан алуан болып келетін сана мен санасыздық үдерістерін қамтитын көптүрліліктің біртұтастығы. Оның құрамында тіл мен таңбалық жүйелер түрінде іс жүзінде асырылған, материалдың білім кіреді. Сондай-ақ адамдар арасындағы қатынастардың, ізгіліктердің, шығармашылық пен құқылық өлшемдер мен үдерістер жатады. Қазіргі заман сұранысына қарай, ғылым мұрасына жаңаша сарынмен қарастыру онтология мен таным теориясы, болмыс пен білім, болмыс мәнін ұғынудағы ақыл категориялар, методология негіздер сияқты сан қырлы мәселелердің терең де саралы оймен зерттеуге жетелеп отыр. Ғалымдар арасында келіспеушіліктер туғызып, шешімін таппай келе жатқан осындай мәселелердің бәрі әл-Фарабидің дүниетанымдық бағдарларын анықтауға байланысты пайымдалған.

Атап айтар болсақ, Ибн Насир: “әл-Фараби әлемнің мәңгілігін (“халық”) мойындамаған, ол жан (“нафс”) мен тәнді (“джинс”) бір-біріне қарама-қарсы қойып суреттеп, ұжымдық пен пейіштің барлығын терістейді,”- деген пікірді ұстанып, әл-Фарабидің діни бастамаларын есепке алмайды. Әрине, Ибн Насирдің көзқарасына негіз бола алатын ой астарын әл-Фарабидің Аристотель еңбектеріне жазған комментарийлерінде кездестіреміз. Онда ол “адамға берілетін игіліктердің ішіндегі ең ізгісін адам осы өмірден алады, барлық жақсылықтар, жай тамаша таңғажайыптардың басқа ештеңе емес”,- деген.

Әл-Фарабидің материалды заттар айырмашылығының маңыздылығын зерделейтін философиялық негіздері кейіннен андалусиялық философиядан да жалғасын тауып, соның ішінде Ибн Рушдтың философиялық дүниетанымына тікелей әсер еткені айдан анық байқалады. Оның “алдымен туылып, содан соң өлетін нәрсе, айырмашылығы бойынша мәңгілік бола алмайды” деген сөздері осының дәлелі. Дегенмен, Наджи Маруф Исқақ бен Абд әл-Әллуджи, Абд әс-Сәлам секілді бірқатар ғалымдар бұл туралы мүлдем басқаша пікірде, олар “әл-Фарабидің әлем мәңгілігіне, жан мәңгілігіне, ақирет азабы мен о дүние ләззатына” толығымен сенгендігін дәлелдейді. Әл-Фарабидің аталмыш көзқарастарын “Бақытқа жеткізу жайында”, “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары”, “Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері” трактаттарынан көре аламыз.

Расында, мәселенің шынтуайтына келер болсақ, Шығыстың белді де, беделді ұстазы әл-Фараби - өз заманының перзенті, ол-шынайы мұсылман философы. Ғалымның дінді мойындауы ғылыммен айналысуына еш кедергі жасамаған, осы орайда әл-Фараби дін мен ғылымды, философияны сабақтастыру арқылы дін негіздеріне ғылыми түсінік беруде алға шығып, ортағасырлық философияны бір белеске көтерді. Болмыс тақырыбында негіз бен болмыс алғашқы барда тең болғанымен және бөлек болса, алғашқы бардың бірлестік болуының керек ететіндігі сөз етілген еді.

Мүмкін тақырыбында да алғашқы бардың міндетті болғанынан, яғни барлығының ешбір себебі болмауына тек қана сыртқы бір себеп емес, әрі сыртқы әрі ішкі бір себепке де сүйенбегенінен сөз етілген еді. Егер сүйенетін болса, өзі-өзінің себебі болып бұл қайшылық болатын еді. Осылайша әрі болмыстық әрі метафизикалық жағынан да жалғыздықты қабылдайды.

Алғашқы және міндетті болмыс, мантық бойынша бір-бірінен бөлек болмағаны сияқты, жалғыз элементтің бір жерге жиналған бөлімдерінен де ортаға шыққан бір болмыс емес. Әл-Фараби алғашқы бардың негізі жоқ: өзі, себебі, заты және болмысы бар болса, яғни негізінен бар болуы бірдей болса, бірлігінен өзін басқасынан айыратын ерекше болмысындағы барлық негізі сияқты, оның бірлігі мен болмысы тең түсінікте болып табылады.

Әл-Фараби міндеті болмыстың барлық жоқтан жалғыз ретінде, ерекшеліктері өзіне артқан, артық болғандықтан түрлі сипаттармен ерекшеленетінін қолдайды және ерекшеліктерді үш бөлімге бөледі:

- Не болмағанын білдірген айқындама сипаттары, алғашқысыздық және бірлік сияқты.

- Байланыс ерекшеліктері, жарату, жасау сияқты барлық әрекет сипаттары.

- Әрбір екеуін біріктірген ерекшеліктер, еркіндік және құдірет сияқты, бұлар әрі білім, әрі жаратылыстармен байланысудан ортаға шығады.

- Алғашқы бар (Тәңір) болмысының міндетті болуы жағынан да бір. Оның міндеттілігі бір түрдің міндеттілігі емес, себебі түрдің астында мүшелер бар, бірақ оған тең мүше жоқ:

- Түрдің астындағылар саналады, ол санаққа кірмейді, бұл үшін ол санақша екіден алдын келетін бір түсінігінде де бір емес, жалпы бұл жердегі бір, түрдегі бір болып табылады.

Әл-Фарабидің ойынша міндетті болмыс білім иесі болып табылады. Ғылымында басқасынан мұқтаж болмағаны сияқты, басқасын біреумен де бір жоғарылық дәрежеге мұқтаж емес. Оның ғылыми жауһарынан басқа бір нәрсе болмағанынан оның білуі, білінуі және білімі жалғыз болмыс және бір зат болуына негізделеді.

Алғашқы бар өзімен ақыл яғни, өзі бір уақытта ақыл болып табылады. Өзін біледі және өзін білу жағынан әрі білуші, әрі білінген және бір уақытта білім болып табылады. Бұл жерде субъект өзіне бағытталғаны үшін объектпен бірігеді. Білу, субъекттің сипаты болып, сипат заттың өзі болғандықтан субъект әрекеттеседі және бұл үшін ойланған және ойлау тек және бірдей нәрсе болып табылады.

Әл-Фараби міндетті болмысты өзін білуші, оның білімі, білгені және білімділігі бірдей-дейді. Әл-Фараби және де екі нәрсені қозғайды;

Міндетті болмыстың өзін барлық болмыстардың бастамасы, қайнағы болғанын да білді. Біраз ойланған адам “ойланатынның табылуынан ойланатын бір заттың керектігін” түсінеді.

Әл-Фараби, Аллаға байланысты болған еркіндікті ашықтамауымен бірге еркіндіктің болмыспен байланысына иіледі және бір заттың бар болуы және Алланың еркіндігі бір уақытта, бірі екіншісінен уақыт жағынан кейін емес, арадағы бұрындық тек зат жағынан болып табылады. Бір зат болғаннан кейін Алла оны қалаған және тілеген емес, Алла оны тілеген содан кейін ол болған[5]. Мүмкіндік (Имкан) сөзінің сөздік мағынасы жұмыртқалау, бір нәрсенің тұқымын ортаға қою немесе ортаға қоятын бір күшке ие қылу т.б. мағыналарды білдіреді. Әл-Фараби мүмкіндікті болмыстарды бөле отырып ашықтайды, бірақ ол бұл істі жасағанда болмыстардың негіздерін көз алдына ұстайды. Болмыстарды ол екіге бөледі. Біріншісі қандайда бір заттың негізін зерттегенінде барлығын керектірмесе, бұл мүмкін болмыс. Екіншісі, өзі (заты) ақылға келгенде болмысының міндетті (уажип) болғаны көрінген болмыс. Қандай да бір заттың болмысын жоқ деп ойлау қарсылықты туғызбаса, яғни жоқтығы түсінікті болса бұл болмыс мүмкін болып табылады. Бір болмыстың жоқтығын түсіну қарсылық пен қайшылық туғызатын болса, яғни жоқтығын ойлау мүмкін болмаса, бұл міндетті (уажип) болып табылады.

Мүмкін, бар болуы үшін бір себепке мұқтаж болады, яғни мүмкіннің жоқтығын ойлау, қандай да бір қайшылық туғызбайды.

Фараби мүмкіндікті кеңірек ашықтау үшін оны екіге бөледі. Біріншісі шынайы мүмкін, екіншісі тек қана өзіне қарай мүмкін. Негізгі болмысын керекетпеген, бар уақытында жоқтығы түсінікті болған объект шынайы мүмкіндік болып табылады.

Затына қарай тек қана мүмкін болған мүмкіндіктің белгілі бір анықтамасы жоқ. Шынайы мүмкін мен бұның арасындағы айырмашылық маңызды болса да әл-Фараби мүмкіндікті осылайша екіге бөле отырып, терең зерттеген.

Бір заттың өздігінен бар болуы бір нәрсе, басқа нәрсемен байланысты болуы басқа бір нәрсе болып табылады. Бір объектінің өзі (заты) көз алдында тұрғанда үш ықтимал ортаға шығады:

- Өзі (заты) болмысының міндетті болғанын керек етеді,
- Өзі болмысының мүмкіндігін керек етеді,
- Өзі болмысының болымсыз болғанын керек етеді,

Жалпы айтқанда, объект өзінің негізіне қарай мүмкін, басқасымен қатынасының іс-әрекетпен бар болуына қарай міндетті және басқасымен байланысының әрекетпен келісуіне қарай болымсыз болады.

Бір заттың негізі мүмкін болса, бұл сол негіздің міндеттілік табуы мүмкін емес. Сырттан келген қуат, құдірет және күштің бұл негізді жоқ қылуы, басқа түрге қоюы мүмкін болады. Бірақ, ол негізді міндетті жасамайды, бұл теңдік заңына қайшы келеді.

Жалпы болмыс екіге бөлінеді. Міндетті және мүмкін. Міндетті де екіге бөлінеді: затымен міндетті және себеп пен міндетті. Мүмкін де шынайы мүмкін және затымен мүмкін болып екіге бөлінеді. Затымен мүмкін және себеппен міндетті, бірдей болғандықтан соңына олар бірігіп:



- Міндетті
- Затымен мүмкін және себеппен міндетті,
- Шынайы (әр тараптан мүмкін) бөлімдеріне бөлінеді.

Мүмкіндік әл-Фарабидің ойынша басқамен міндетті болмыс халіне келген. Әл-Фараби міндетті жоқтықтан бар болу немесе бар етудің нәтижесіз тартыстарын осылайша өзінше шешеді. Жаратылғанның тек бір мүмкіндігі бар. Бұл да тек қана өзінің керектірген объект болуы ғана. Әл-Фараби бұл түрдегі (шынайы мүмкін, болымды мүмкін, жаратылған мүмкін,) мүмкіндікті ашықтыққа жеткізеді. Болымдының өзінің керектірген мүмкіндіктен мақсаты сырттағы болмыстың өзімен бірге болуы шарт болмаған негіз болғанын негіздейді. Басы болмағанның екі түрлі мүмкіндігі бар:

Біріншісі мүмкіндік, яғни сыртта болмысы шарт есептелмеген, өзінің керектірген мүмкіндік.

Екіншісі сыртта болмысының болу шартымен өзін керектірген мүмкіндік. Себебі, мүмкіндікті өзінен бұрын табылмаған негіз бар болғанда, өзінің керегі ретінде емес, болмысы жағынан, ол өзінің керегі болуынан басқа бір нәрсе болып табылады.

Себебімен сыртта болмысы шарт, есептелмеген бір мүмкіндігі бар. Бұл оның бірінші мүмкіндігі болып табылады. Сыртта бар болу шарты мен өзінің керегі болғанына қарай екінші бір мүмкіндік те бар, бұл барлықтың шарт саналуынан оны себебімен міндетті жағдайға әкеледі. Әл-Фараби “басы болмағанның мүмкіндігі болмысынан алдын емес”.-дейді. Олай болса, болғанының мүмкіндігі мен болмысы бірге нақты болады. Бұл жері осындай болғанда артта қалған шынайы мүмкін яғни болым, мүмкін болып табылады бірақ, мүмкіндігі нақты болып табылады. Болмысы бүтін болмыстардан бөлек болып, одан басқа ешнәрсе бола алмайды. Оның басқаларынан бөлек болуы, затында бірлікті керекетеді. Бірлік мағыналарының бірі де бүтін болмысты басқасынан айыратын ерекше болмыс. Осы себептен әрбір болмыста өз ерекше болмысымен бір деп айтылады.

Арабтілдес философ әл-Фараби Алланың бірнеше есімі болған, әрі абсолютті бір болған нәрсе деп ойлауда. Алайда, Алла бірнеше есімдері және сипаттары болуымен қатар, бірлігін қалай қорғай алуда? Бұл сұраққа Фарабидің берген жауабы мынадай: “Шынында Алланың есімдері адамдарда бар болған ең үлкен есімдер. Бірақ, бұл ең үлкен есімдер бізде болған пішіндер емес. Олардың өздерінде бар болған мықтылығынан беріледі. Олар әр түрлі ұлы түрлерді түсіндіреді. Сонымен қатар, Алланың бірнеше әдемілік түріне ие болғаны да ойланылмауы керек. Керісінше көп сонда болған ол есімдер бір тек жаухарға дәлелдік етуде. Ол жаухар еш бөлінбейді және бөлінуді қабыл етпейді. Алайда адамда кемелдікке бастайтын есімдер тікелей ол заттың өз затына ишарат етеді. Мысалы, барлық бірлік әрекетті болу мысалдарында болғаны сияқты, не де ол заттың тысындағы әділет және мысалдарға болғаны сияқты”.

Аллаға көркем есімін беру, одан болмыс пайда болуында. Бұл жалғау не оның кемелдігінің бір бөлігі, не де осы есімнің көрсеткен кемелдік, осы жалғау арқылы мықты болып, керісінше осы есіммен оның жаухарына дәлелдік етуде. Бұл жалғау оның жаухарымен мықты. Әсіресе, әл-Фарабидің ойынша есімдер оған байланысқан. Бірақ, бұл жерде әл-Фарабидің Алла есімдерін және сипаттарын жоққа шығару нәтижесі шығарылмау керек. Себебі, үйлесімді болған нәрсе, ол негізге дәлелдік ету үшін тағылған этикет. Барлығының бүтін кемелдігімен жоқтықтан ұзақ болған алғашқы және тікелей тиісті болған нәрсе әл-Фарабидің пікірінше ол Алла. Алла өзін өздігіннен танытқаны үшін әрі ақылдық, әрі күмәнсіз қабыл етіледі. Бұдан басқа оның күдіксіз ақыл және күмәнсіз ақыл болуы үшін, өз тынысындағы бір затты танытуына мұқтаждығы жоқ. Ол өз затын білдірумен ақыл және ақылды болады. Түсіндірген зат түсіндірілген бір болғаны үшін де ол кәміл бір ақыл. Алайда, ол әрі ақыл, әрі қабыл, әрі ақылды болған бір зат сондай-ақ, бөлінбейтін бір тек жауһар. Алла жаухарымен өзінен басқа болған барлық нәрседен басқа, сол себептен жалғыз. Егер екі Алла болса еді, ол кезде араларында еш болмаса бір пікірде айырылатын еді. Шындығында Тәңірдің болмысы мәртебе жағынан бір Тәңір жауһар себебімен Тәңір болса одан басқа жауһар болмау керек. Алайда, ұлылықта толық деу, бұл одан басқасына тиісті болмаса керек. Яғни, алғашқы болмыс себебінен жалғыз.

Қарсы олардың жаухары ол қарсылықты пайда қылуда емес, қарсы болмаулары да мүмкін, ол кезде әзәли (бастамасы жоқ) болмайды. Сол уақытта қарсының бар болуы, өз теңінің жоқ болуы мен бар болады яғни, алғашқы бола алмайды. Қарсылықтар болмыстарынан бөлек басқа мәртебеде. Егер, алғашқының теңі болса, өзімен бір мәртебеде болған бір басқа болмыс болған болады.

Алайда, алғашқының болмысы мен бір мәртебеде болған басқа бір болмыс жоқ. Ол кезде алғаш болмыс та жалғыз болуы керек. Алғашқының танымы айтылмайды. Қандай нәрсе және сурет бір нәрсенің болмысының себебі болса, бір нәрсенің танымының бөлшектері де, танымы айтылған нәрсенің себебі. Алғашқы болмыстың танымы мүмкін болатын бөлу жасалмағаны сияқты, сапасы жағынан да бір айыру жасалынбайды. Өйткені, оның үлкендігі жоқ, дене емес танымы жасалынбайды. Алғашқының болмысы заты себебімен бар болған нәрседен басқа еш нәрсе емес. Болмысы не болса, заты да сол. Бар болуы өзіне қатысты болмысы әр түрлі болмыстан айырылған. Егер, бір нәрсе материяға мұқтаж болмаса, ол нәрсе жауһар себебімен әрекетсіз ақыл болады.

#### **Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Әл-Фараби философиясындағы болмыс концепциясын талдаңыз
- Шығыс мұсылман философтарының болмыс жайлы көзқарастарын айқындаңыз
- Әл-Фарабиді философиясындағы дін мен болмыстың арақатынасын көрсетіңіз
- Әл-Фараби дүниетанымындағы бейболмыс мәселесін қалай түсінесіз

- Әл-Фараби онтологиясындағы міндетті болмыс түсінігіне сипаттама беріңіз

**Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Әл-Фараби дүниетанымындағы бірінші болмыс ұғымын көрсетіңіз
- Фарабидегің философиясындағы форма мен материя болмыс ұғымдарының қарастырылуын нақтылаңыз
- Әл-Фарабидің философиясындағы таным болмыстың арақатынасын сараптаңыз
- Әл-Фараби шығармашылығындағы рухани болмыс түсінігін анықтаңыз

---

## II. ҚАРАХАН ДӘУІРІ КЕЗІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАР

### 2.1 Ж. Баласағұнның "Құтадғу білік" дастанының бастаулары және әділетті басшы, қоғам жайлы идеясы



Жетісу қоғамдық ой дүниесінде көрнекті тұлғалардың бірі Жүсіп Баласағұн XI-ғасырда өмір сүрген Орта Азияның белгілі ақыны, гуманист, ойшыл, энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері. Түрік және парсы мәдениетінің нәрлі ұйытқысында туындап, араб дүниетанымының қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын дүниеге келтірді.

Туған жері Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласында дүниеге келген. Баласағұн қаласын бұрын «Құз Орда» деп те атаған, бұл Шу өңірі Токмақ қаласының маңы. Қаланың орналасқан жері толық әлі дәлелденбеген. Жүсіптің әкесі де ақын, өнерпаз кісі болған. Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында хан сарайында өлең айтып, күй шерткен. Кейін ол бұл іске баласын да тартып, Жүсіп әкесімен бірге хан сарайында қызмет еткен. Осында жүріп қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарынан білім алды. Жүсіптің ақын ретінде де, ғалым ретінде де атын шығарған еңбегі «Құтадғу білік» (Құтты білік) атты дидактикалық поэмасы. Бұл еңбегін Қарахан мемлекетінің сол кездегі билеушісі Табғаш Арслан Боғраханға тарту етіп, бұған қоса оның арғы тегіне арнап «Дәрдә Хұ-сайын» (Хұсайынның қасіреті) деген күй шығарған. Хан оның бұл еңбектерін жоғары бағалап, оған «Хас Хажиб» деген атақ берген. «Хас Хажиб» араб сөзі, ханның ең жақын, ең сенімді кеңесшісі деген мағынаны білдіреді. Ақынның «Құтты білік» дастаны 6500 бәйттен, 85 тараудан тұрады.

Жүсіп Баласағұни дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шар текенін

айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға күштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан сақтандырады.

Әл-Фараби қайырымды қала басшысы табиғатынан керемет түсініп, және өз ойын, өзіне істің қалай болып жатқанына итушының сөздерімен байланыстыра отырып, елестете білуі, мәнерлі сөйлеу және өзі ойлаған ойды нақты жеткізе білуі керек, білім мен танымға деген махаббатқа ие болып, оған еш қиындықсыз және оқудан шаршамай жету керек деп белгілейді. Бұл Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінен келтіріліп отыр, ал біз бұдан Фараби мен Баласағұнның ел билеушілерін анықтауда, оларға баға берудегі ойларының терең ұштасып жатқандығын аңғарамыз.

Шығармада көтерілген әр түрлі қоғамдық топтарға жататын әр түрлі адамдар арасындағы қоғамдық мінез-құлық ережелері, билеуші мен бағынушы арасындағы қатынас қағидалары қоғамның әлеуметтік орнын айқындауда белгілі рөл атқарды. Өйткені, жүйелі түзілген адамгершілік қатынастардың қажеттілігін ашты. Мұнда қоғамда сол кездің өзінде бар әлеуметтік шындық көрініс тапты. Сондықтан да адам мен қоғамның айқын да нақты философиясы көзге көрініп тұр. Осы секілді мәселелерді қамтыған әл-Фараби еңбектерін зерделей отырып бұл екі ғалымның ойлары бір жерден шыққандығын байқаймыз. Әл-Фараби қоғамдағы адамгершілік, ізгілік, т.б. өзекті мәселелерді зерделей отырып, адамдардың қоғамдағы алатын рөлі мен орны жөнінде мол пікір қалдырған, мұндай идеялар Жүсіп Баласағұн еңбегінде кеңінен көрініс тауып отыр. Бұдан біз Жүсіп Баласағұнның, Фарабидің ғылыми мұраларынан нәр алғандығын көреміз.

Ж. Баласағұнның моральдық-этикалық мәселелерді көтеретін «Құтты білік» дастаны мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік принциптерін, қоғамдық-саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды болып табылады. Дастанның басты идеялары төрт принципке негізделіп жазылған: 1) мемлекетті дұрыс басқару үшін әділ заңның болуы; 2) бақ-дәулеттің басқа қонуы; 3) ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі; 4) қанағатшылдық мәселесі. Осы принциптерді ұстанған еңбектің негізі әділдік (Күнтолды), бақыт (Айтолды), ақыл (Ойтолды), молшылық (Жетелеуші) сияқты кейіпкерлердің сұхбаты іспеттес жүргізіледі. Адамгершілік, имандылықты насихаттайтын саяси-философиялық трактат идеясы әл-Фарабидің «Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастар жайындағы» ойлармен ұқсас. Бұл еңбек өз уақытында Қытай, Үндістан, Араб, Парсы ғұламалары тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Ж.Баласағұн шығармашылығынан хикмет ілімінің тікелей ықпалы байқалады. Бүгінге дейін отандық ғылымда Баласағұн дастанындағы «парасатты билеуші», «кемел қоғам» идеяларын бірыңғай Фараби философиясымен байланыстыратын, соның әсеріне ықпал ететін көзқарастар басым болып келеді. Дегенмен, отандас қос тұлғаның шығармашылығында сабақтастықтан гөрі салаластықтың басым екенін қабылдаған жөн. Себебі

түркі өлкесінің идеялық тұғырына айналған сопылық-хикмет ілімінің негіздері Фараби мен Баласағұнға бірдей таныс болғаны анық. «Құтты білікте» өзіндік поэтикалық шешімін тапқан «құт әкелуші білік» – хикмет ілімі және одан туындайтын қоғамдық-әлеуметтік идеялар Баласағұнға Фараби арқылы айналма жолмен жетуі шарт емес болатын. Дастандағы парасатты, бақытты қоғам тіршілігінің бір ұстыны – қанағат сезімінің Одғұрмыш сопы бейнесі арқылы көрініс табуы, өзін біржола Хақ жолына арнап, елден жырақ жалғыздықта-қылуette күн кешкен тақуаның тарапынан айтылатын барлық үгіт-насихат сөздерде түркі сопылығына тән негізгі ұғымдар мен ұстанымдардың астаса өріліп жатуы шығарма авторының сопылық іліммен етене таныстығын аңғартады.

“Құтты білікте” ол, ең алдымен, даналық яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен кейінгі білім жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу, т.б. мәселелерді қарастырады. Ғұлама өз туындысын Шығыс перепатизмінің арнасында, сопылық ағымның қуатты ықпалымен жазып шыққан. Ойлау қызметі тек адамға ғана тән, жануарларда жоқ қасиет деп біледі ол. Егер сезім алдамшы болса, онда оған толық сенуге болмайды, ал ақыл, зерде әрқашан адамға қызмет етеді, оның жалғандығы жоқ. “Құтты біліктің” негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан.

Дастан оқырманына құт-берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы “өзінді сақтау”, “өзінді ұмытпау” қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең толғанады. Оның ойынша, өкініштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп, діл тазалығын сақтай алмаудан туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткіншілігін де ұмытпауы қажет. Мұнан өзге Жүсіп Баласағұни шығармашылығына ізгілікке күштарлық пен іңкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сүю, әлем мен адам сырына терең бойлауға ұмтылушылық белгілер тән. Ұлы ғұлама әл-Фараби де өзінің еңбектеріне ең алдымен адам мәселесін біріншіге қойып, олардың арасындағы қатынастарды дәріптеп, қоғам дамуындағы маңызды сұрақтар ретінде қарастырады. Бұл ойшылдардың көзқарастары кейінгі уақытта да бір арнаға тоғысқанын байқатады.

“Құтты білік” дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Төрт түрлі ізгі қасиеттің символдық көрінісі ретінде бейнеленген негізгі төрт қаһарман қоғамның көкейкесті мәселелері туралы әңгімелеседі. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу-білімнің қажеттігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-филос. тұрғыдан сөз етеді.

Ал, Фараби болса «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары»

трактатында көшбасшы қандай болуға тиіс деген сұраққа жауап іздейді. Және өз саяси көзқарас тұрғысынан жауап беруге тырысады. Бұл Фараби еңбектерінің Баласағұнның саяси ойларының қалыптасуына зор әсерін тигізгендігін көрсетеді.

Аса көрнекті ойшылдың дүниетанымында оның әлемге деген көзқарасы анық көрінеді. «Құтадғу білік» дастанында әлем қалыптасуының басты себебі Құдай деп біледі. Жүсіп әл-Фараби секілді Алланың еркімен пайда болған әлем өз еркімен өмір сүреді және өз жеке заңдылықтарына сай дамиды деген тұжырымдамасын алға тартады. Жүсіп Баласағұн да адам мен Алла арасындағы байланысты «Құран» танымы шеңберінде түсіндіреді. Адамдық танымның негізі Алладан келеді. Алла адамға ақыл, ерік пен таңдау берген. Сондықтан нағыз мұсылман әрдайым Алладан мінәжат етіп, одан жол көрсетуін тілеуі қажет. Бұл – сопылық танымның негізгі ұстанымы. Сонда ғана адам Алланың құты арқылы кемелдікке жетіп, оның дидар-жамалын көре алады. Бұл танымдық қалып Баласағұнға негізінен Фарабиден ауысқаны шүбәсіз. Өйткені, Фарабидің философиялық мұрасын дәріптеуші Ибн Сина Баласағұнның ұстазы болатын.

Осындай әл-Фараби секілді ұлы ғұламалардың өмірі мен шығармашылығы кейінгі оның соңынан ерген ғұламалар мен шәкірттеріне мол мұра қалдырғаны анық. Әл-Фараби қалдырған түрлі ойлар мен тұжырымдамалард бойларына әбден сіңірген ғалымдар өздерінің ойарын қалыптастыруда осы әл-Фарабидің ізін басуға тырысты. «Құтты білік» дастаны және де Әл-Фараби ойларын ұштастыра келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Әділ қоғам, адамдар арасындағы түсініспеушілік пен қайырымдылық, бақытқа жету жолында бір-біріне жәрдем беру, тәлім мен тәрбие, бейбітшілік пен достық, жаман мінезді сөгу идеялары әлемдік әлеуметтік-саяси теорияның біртұтас бөлігіне айналып кеткен. Құтты билік орнату, идеалды мемлекет пен адамның кемелденуі туралы адамгершілік теориясында тек мемлекет басшылары ғана емес, барлық азаматтар ұстануы тиіс қағидаттардың тетіктерін ұсынған Жүсіптің бұл туындысы жаһандану ғасырына аман жеткенде, болашақта да ұрпақ тәрбиесіне мол үлес қоса береріне сенеміз.

Ж. Баласағұнның ақын-ойшыл болып қалыптасуына әсер еткен, шеберлігінің шыңдалуына жағдай жасаған факторлар - желісі үзілмеген дәстүр сабақтастығы. Жүсіптің өзіндік көзқарастарын қалыптастырған қайнарларының бірі әрі бірегейі - көне түркі жазба ескерткіші болып танылатын «Құтты білік» дастаны. «Құтты білік» дастанында әлеуметтік-философиялық ойлармен қатар, қарым-қатынас әдептері талданады. Сонымен қатар философиялық-әлеуметтік мәселелерді поэтикалық талдаудың қорытындысы болатын ақын-даналар шығармашылығы философияны қоғаммен байланыстыратын аралық буынды қарастырады. Соңғы жылдары өріс алған ұлттық философиялық-рухани негіздеріне, оның өркениеттік көріністері мен нақыштарына терең бойлауға бағытталған ұмтылыс, тек ата-бабалар алдындағы парызды өтеу емес, сонымен бірге заман талаптарынан туатын өзекті мәселе болып табылады. Ал Ж. Баласағұн

философиясының қазақтың тарихымен, мәдениетімен тамырластығы, сабақтастығы-дау тудырмайтын ақиқат. Бұған Ж. Баласағұн дастанында келтірілген әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шешендік сөздер, қанатты ойлар, адамгершілік, ізгілік, имандылық идеяларының үндестігі дәлел. Азаттық алған қазақ елі үшін қазіргі жағдайда рухани жаңғыру, төл мәдениетін қалпына келтіру жолында Ж. Баласағұн сияқты ойшылдың айтқан ойлары мен идеяларының маңызы зор. Ұлтымыздың қоғамдық-философиялық ойының даму тарихына ерекше ықпал еткен қазақ даласынан шыққан ойшылдардың көрнекті өкілі Ж. Баласағұнның шығармашылығы энциклопедиялық білімділігімен, әртүрлі философиялық-этикалық пікірлерінің жүйелілігімен, өміршеңдігімен дараланады. Ж. Баласағұн орта ғасырлардағы ірі мәдени мұраның қатарына түрік тілді философияның ұлы шығармасын дүниеге паш еткен. «Құтты біліктің» өз кіріспесінен кітаптың сол кезде-ақ дүниеге кеңінен мәлім болғанын білеміз. «Шындықтар», «Әдәбүл-Мүлік» - «Шахтардың әдеп-қағидалары» деп атаған. Машын Мәліктің хакімдері «Айнул мемлекет» «зәйнәтүл-умәрә», «өмір зейнеті» деді; ирандықтар «Шахнәмәй түрки» деп атады, ал бағзы біреулер «Пәнднәмә-ли-мүлік», «Падишаларға насихат» десті; тұрандықтар «Құтадғу білік» деп ат қойды. Жаңа заман мәдениетінде, соның ішінде түрік халықтарында «Құтты біліктің» үш нұсқасы қолданылады.

Ең алғаш мәлім болған Герат нұсқасы болып табылады ол араб әрпімен жазылып, кейіннен ұйғыр әрпіне көшірілген. Бұл нұсқа 1439 жылы көшіріліп жазылған.

Екіншісі жақсы сақталғаны, Ферғана нұсқасы болып табылады. Наманган нұсқасын Фитрат атты кісі тапқан. Табылған нұсқада туындының алғашқы және соңғы беттері жоқ болып шыққан. Сол себептен де бұл нұсқа қашан, қай жерде, кімнің және кім үшін жазылғандығы белгісіз, тек жорамалдап қана айтылады.

Үшіншісі - Мысыр нұсқасы. Бұл нұсқа 1896 жылы Каирден Хидиф кітапханасынан табылған. Мұны тапқан сол кездегі кітапхананың директоры, неміс ғалымы Мориц болды. Бұл нұсқаның жазуы анық және оқуға қолайлы жазылған. Туындының алғаш оқылуы және аударылуы түркология ғылымының алғаш қалыптасу кезеңіне сай келген. Осы тәжірибені ең алғаш рет В. Радлов өзінің ұсынған басылымында қолданады. В. Радловтың басылымында қолданылған әліппе көпшілікке әлі беймәлім күйінде қалды және ол транскрипция түрінде туындының фонетикасы, өзінің дыбыстық оқылуы дәл негізіне сай келе қоймайды.

Герат нұсқасына тән бір бөлігін алғаш рет жарыққа шығарған Г. Вамбери. Үш қолжазбаның басын қосып, транскрипциялаған, құрама мәтінін, аудармасын, индекстік сөздігін жасаған түрік ғалымы Р.Р. Араттың сіңірген еңбегі аса зор.

Ж. Баласағұнның саяси-элеуметтік көзқарастарын талдаудан бұрын, оның шығармашылығын, жалпы мәдени өрісін айқындау қажет. «Орта ғасырдағы Шығыс ренессансы аталған алтын дәуірінсіз Ж. Баласағұн өмірі мен шығармашылығын түсіну мүмкін емес». Ұлы түрік ғұламасы мен



ренессанс идеясының арасында қандай байланыс бар? Жалпы алғанды, ренессанс құбылысы Орталық Азияны қамтыды ма? Бұл сұрақтардың астарында терең сыр, үлкен пікірталас бар. Батыстық философия мен мәдениеттануда Ренессанс идеясы Италияда өріс алған антикалық мұраны қайта жаңғырту талпыныстарымен байланыстырылады және бір тұрғыдан Шығыста қайта өркендеу мәдениеті болмады делінеді. Мысалы, еуропалық ренессанстың алдында ұзақ ғасырларға созылған батырлық, варварлық дәуір болған және Қайта Өрлеу заманы капитализмге бет бұрады. Ал бұл белгілердің шығыста болмауын батыстық мәдениеттанушылар Шығыс ренессансын жоққа шығаратын дәлел ретінде келтірді. Таяу және Орта Шығыста «Мұсылмандық ренессанс» прогрессивті бағытты және философиялық ойды дамытқан Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ибн-Сина, Бируни, Хоремзи, Омар Хайям секілді т.б. көрнекті ойшылдардың еңбектері әлемдік философия тарихының маңызды және елеулі бөлшегі болып табылады. Гегель ренессанс идеясын бүкіл азаматтың алтын таңы, жер жүзі мәдениетінің жаңа дәуірі деп атаған.

Ислам ренессансы деген терминді ғылыми қолданысқа енгізген ғалым А. Мец («Die Renaissance des Islams» - 1922), бұл жерде А. Мец ренессанс деп классикалық антикалық білімділікті әр жерде және әр уақытта қайталауды айтып тұр. Ислам ренессансын зерттеген ғалымдарың қатарынан В. Бартольдті, Д. Бертельсті, К. Беккерді, И.Конрадты, Э. Браунды, Р. Палодиді, т.т. көреміз. «Құтты біліктегі» көптеген түсініктер мен бейнелердің түпкі тегінен ежелгі түрік дүниетанымының рәміздік ерекшелігін аңғарамыз. Демек, Ж. Баласағұнның шығармашылық түп-тамырларын тек ренессанс идеяларынан ғана емес, ең алдымен тағдыры ұқсас түрік халықтарының мәдени мұраларынан іздеу керек. «Құтты білікті» орысшаға аударған С.И. Ивановтың пікірі бойынша, «дастандағы Алып Ер Тоңға исламға дейінгі діндердің жалпы бір көрінісі емес».

«Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірлік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін», «Түркі қағанаты туралы сөз» жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұтқанның бастысы. Келесі кейіпкер - Әділ патшаның уәзірі, ақыл-парасаттылықтың иесі, елге бақ-дәулет, яғни құт әкелетін Айтолды бейнесі арқылы ашылған. Күн мен Ай қашаннан Кіндік Азия халықтарының пір тұтқан күш қуаттары еді. Уәзірдің ақылды ұлы Оғділміш – осы мәдениетке тән білімділік пен парасаттылықтың көрінісі. Әдеп пен тәртіп, байсалдылық Оғділміш бейнесінде философиялық тәсілмен суреттелген. Төртінші бейне – дәруіш Одғұрміш. Бұл жерде бірнеше терең ой айтылған. Ұғыну «Оғділміш» пен Жүрекоттың «Одғұрміш» сұхбаттасуы бүкіл араб, парсы, түріктегі мәдени өрлеу дәуірін толғандырған нағыз дүниетанымдық ізденіс еді.

Ж. Баласағұн замандастарына және кейінгілерге табиғаттану, сан ғылымы (математика), астрономия, тарих, араб-парсы тіл білімі және түркі әдебиеті мен мәдениетінің үздік жетістіктерін, ауыз әдебиетін, фольклорын, т.б. жетік меңгерген орта ғасырдың атақты ғалымы ретінде жақсы таныс еді.

Дегенмен Ж. Баласағұнның есімін әлемдік тарихқа өшпестей етіп жазып қалдырған бірден-бір философиялық, әдеби-поэтикалық мұрасы - «Құтты білік» дастаны. Бұл дастан қазіргі түркі- тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық-саяси өмірі, ғылыми әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным- сенімі, т.б. жөнінде аса қызықты, өте құнды әрі мол деректер беретін философиялық туынды. Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастанын хижра есебі бойынша, 462 жылы, яғни жаңа жыл санау есебі бойынша 1069-1070 жылдары жазып бітірген.

«Құтты біліктің» әлеуметтік-саяси философиясының мәнісі неде деген сұрақ қойсақ, онда оны адамдық ізгілікті, ынтымақтастықты дәріптеу деп жариялауға әбден болады:

Екі әлемде кісілерге, керегің –  
Ізгі қылық, түзу қылық - дер едім.  
Кел, ізгілік жаса, ек те ізгілік,  
Мәңгілік саған нәсіп болар ізгі бір,  
«Жақсылық қыл, ек жақсылық ұрығын,  
Мәңгі аялап тұрар жақсы қылығың».

Ынтымақтастыққа негізделген қоғамда мемлекет көркейіп, гүлденеді. Мұндай мемлекетте адам құқығы аяқ асты болмайды: елі бай, қазынасы толы, халқы бейбітшілікпен береке-бірлікте өмір сүреді. Жүсіп өз еңбегінде осы ынтымақтастықты арттыратын әлеуметтік-адами қасиеттерге үлкен көңіл бөледі. Олардың бірі - сүйіспеншілік. Баласағұн тұлғаның адамгершілік өлшемі ретінде «кісі» ұғымын қарастырады. Бұл ұғым кейін қазақ әдеп жүйесінде қолданылған түсінікке жатады. «Кісі болар адамның кісіменен ісі бар, кісі болмас адамның кісінде несі бар» дейді халық мақалы.

Ж. Баласағұн сол замандағы кәсібі мен мамандығына қарай адамдардың әлеуметтік жіктелуінің сипаттарын көрсетті. Оның пікірінше, халықтың басым көпшілігі – қара халық. Олар негізгі материалдық байлықты өндірушілер. Алайда олардың теріс жақтарын да дұрыс аңғарған жөн. Тұрғындар ішіндегі «айшық мүйіз, ақ серкелер» ғалымдар мен даналар. Бұларды дана бектермен бірдей дәрежеде көреді:

«Кісі асылын екі түрлі қараңыз,  
Бірі – бек те, бірі елбасы, данаңыз.  
Ғалым, дана болмағанда жаһанда,  
Жерге игілік өнбес еді қашанда».

Мұнан шығатын қорытынды: ғалымдар қай қоғам үшін де аса қажет, пайдалы, маңызды тұлға.

Ж. Баласағұнның «Құтты білігінде» түсті жорушылар, жұлдызшылар, ақын-жыраулар туралы сөз етілген.

Ж. Баласағұн қоғам мүшелерін материалдық байлыққа ие болуына қарай 3 топқа бөледі: бай, орта, кедей. Осыған орай қоғам жүгін де реттеп отыру қажет. Әйтпесе адамдардың көбі кедейге айналып, аз бөлігі шамадан артық баю жолына көшеді. Сондықтан да әркімге еңбегіне қарай құрмет көрсетіліп, ақы төленіп, мемлекет бақылауында болуы тиіс. Егер басшы үнемі мөлшер шамасын сақтап, кедейіне сүйеу болып, орташасына қамқор болып ел-жұрт

байыса, бектің де есебі түгел болады.

Өзінің қоғамдық біркелкі үйлесімді даму іліміне сүйене отырып, Жүсіп Баласағұн әлеуметтік өмірді толық қамтитын шек, «пропорция» ұғымын ұсынады. Мысалы, біркелкі қоғамның барлық топтарын белгілі бір шекке келтіруге, бір әлеуметтік топтарды екіншімен теңестіруге болады. Ол әрбір топқа шамасына қарай салық салуды ұсынады, сол кездегі салық салу әдісін сынай отырып, ол әрбір топтың қоғамдағы алатын орнын біркелкілендіру және орталандыру үшін өз бағдарламасын ұсынады. Ол үшін әрбір топқа белгілі мөлшерде салық салу керек. Мұның нәтижесінде кедейлер әлеуметтік қорғаудың арқасында орташаға жетеді, ал орташа бай бола алады. Бұл жүйені прогрессивтік кіріс-салық деуге болады. Ж. Баласағұнның бөлу принципі арифметикалық теңдік формасына сәйкес сипатталады. Дананың айтуынша, адамдар анадан туғанда екі түрлі болып туады. Олардың біріне іштен жақсы болып туғандар, ал екіншісіне жаман болып туғандар жатады. Бұлардың өзі өз кезектерінде екіге бөлінеді. Ізгілікті қылықты ана сүтімен бірге сіңіргендер өмір бойы ізгіліктен айнымайды, ал екіншілері:

Жақсыға ерсе жақсы бола бастайды,

Жауызға ерсе жауыз бола бастайды, дейді.

Сондай-ақ ессіздердің өзі де екі түрлі болады. Олардың бірі өмір бойы өз кірінен арылмай өтеді де, екіншісі ізгі ерге ізгілік жасай алады. Дегенмен Ж. Баласағұн адамның ізгілікті болуы алған тәрбиесіне, өскен ортасына, бірге жүрген жора-жолдастарына байланысты екенін айтады. Ғұлама зұлымдықты білімсіздіктің белгісі деп біледі. Егер адамға білім беріп, жарық түсіретін болса, ол адамның ізгі жандар қатарына қосылатынын айтады. Өйткені қайырымдылық, жақсылық - мәңгі, ал жамандық, зұлымдық дегендердің бәрі уақытша. Дүние дегеніміз түс сияқты, бүгін барсың, ертең жоқсың. Бұл жалғанда сенің жақсы атыңды тек ізгілік қана қалдырады. Дүниеге неше түрлі адам келіп-кетеді. Олардың көбі осы дүние қызықтарымен алданып, байлық жинап, үй салып, мал құрап, сараңдыққа салынып, ағайынды ұмытып, құлқын қамын ойлап кетеді. Кейбіреуі тек мансап қуып, атақ-даңқ іздейді. Адамдар өлгенде бұл дүниенің барлығын өзімен бірге арқалап кетпейді. Ж. Баласағұн мұны айту арқылы дүние - мал жима деп отырған жоқ, керісінше, жиған мал-дүниемен кедейлерге қарайлас, пақырды ұмытпа, сараң болма, халық үшін қызмет қыл деп отыр. Ғұлама жақсы қасиеттердің барлығын бала туғаннан-ақ тәрбиелеп, бойына сүтпен сіңіру қажет екенін айтады. «Сүтпен сіңірген мінез сүйекпен кетеді» дей отырып, ұл-қызға дұрыс, жақсы тәрбие беру керектігін, баланың ізгі бала болып өсуі ата-ананың берген тәрбиесіне тікелей байланысты екенін айтады. Ата-ана тәрбиесін алған, өзгені сыйлай білетін адамның жүзі екі дүниеде де жарық.

Ж. Баласағұнның әдеуметтік философиясының негізінде дүниедегі сандық қатынастарды және үйлесімділікті анықтайтын төрт жағдай туралы ілім жатыр. Әлеуметтік қатынастар саласындағы үйлесімділік аталмыш 4 қасиеттің «әділдік, ақыл, бақыт, қанағат» бірігуі арқылы жүзеге асады. Қоғамның жүйелі құрылымы да ерекше сандық рәміздер универсумы арқылы айқындалады. Жиі қолданылатын тағы бір сандық пропорция

«үштік» деп аталады. Жұлдыз жорамалдың 12 белгісін 4 үштік деп қарауға болады. «Үштіктерден,– дейді Жүсіп, бір - біріне дұшпандықпен қараған, алайда қосылудың, бірігудің нәтижесінде талас-тартыс тиылған жаңа тұтастық қалыптасады, яғни жауыздық тиылып, бейбітшілік орнайды.» Ж. Баласағұнның жалпы дүние танымына, ойлау жүйесіне ден қойсақ, ондағы философиялық ой-толғамдар, саяси-әлеуметтік тұжырымдар, әдептілік, тәртіп ережелері, мемлекет басқару заңдылықтары ғылым-білім жиынтығын құрайды.

Баласағұн мемлекетті басқару жүйесінің төрт принципін атап көрсетеді:

1. Мемлекетті басқару үшін бұл жұмыста әділ заң мен жолдың керектігі. Әділдік бейнесі ретінде Күнтуды, Елік патша арқылы береді.

2. Бақ-дәулет, ырыс-байлық мәселелері, дәулеттің баламасы ретінде Айтолды бейнесі.

3. Ақыл мен парасат ұғымдары, дастанда ақыл ұғымы уәзірдің баласы Оғділміш бейнесі арқылы беріледі.

4. Қанағат-ынсап Одғұрміш бейнесі арқылы суреттеледі.

Баласағұн ұсынған саяси жүйе қоғам өмірін жолға салып, реттеп отыратын заңдар, ережелер, жарлықтар, елбасының бірлігі мен білім дәрежесінен хабар береді. Егер елбасы өз саясатында әділ заңдарға табан тіреп, оның ырғақты жұмыс істеуіне қол жеткізсе, онда мемлекет өркендейді, бейбітшілік пен молшылық орнайды. Бектің бақыты халқының бақытты болуында. Баласағұн мемлекеттің гүлденуінің бір жолы ретінде мемлекеттік биліктің ірі иерархиялық аппаратының қызмет етуін ұсынды. Ол мемлекет ісінде барынша көп қызметшілер бір-біріне бағына, бір-бірін толықтыра қызмет еткенде ғана ел болашағы жарқын болады деп тапты. Өртүрлі әлеуметтік топтардың аражігін ажырата отырып, оларға мейлінше егжей-тегжейлі сипаттама берді. Оның шығармасында әлеуметтік топқа жіктеу 2 негізге сүйенді: мүліктік ценз бойынша және қызмет түрі бойынша.

Ізгілікті қоғамның өмір сүруі мен өркендеуі тікелей дана және парасатты билеушінің қызметімен байланысты. Мұндай билеушінің бойында туа бітті басқарушылық, ұйымдастырушылық, дұрыс шешім қабылдағыштық қасиеттердің болуымен қатар, жүре келе тәжірибемен, көрген-білгенмен сіңісті болып, ұжымдаса көрініс табатын қасиеттер тоғысады.

Баласағұн дана және кемел елбасының бейнесін сомдай отырып, оның тәңірлік жаратылысына да мән береді. Билікті тәңір сыры ретінде қабылдау идеясы барлық ежелгі және ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінде кездеседі. Әрқашан да халық мүддесін қорғау, адамгершілік принципімен қызмет ету бұл Баласағұнның ізгілікті қоғамның елбасына қояр талабы. Одан тек түп-тамырының тектілігі ғана емес, сонымен қатар саяси, дипломатиялық қабілет, заң шығарушының даналығы да талап етіледі.

Ол елбасыға қарата айтқан кеңесінде құрғақ ақылгөйден гөрі, нақты іс-әрекетке шақырған, соның жолын көрсеткен нақты ұсыныстар басым түсіп жатады. Оны ақиқат жолына бағыттап отырып, ол елбасын халықтың қамын ойлауға, қарапайым халықтың тұрмысын жақсартуға шақырады. Ол тіпті елбасының міндеттеріне де егжей-тегжейлі тоқталып, оларды біртіндеп санап

өтеді. Яғни, ол күміс сынамасының тазалығы, қадағалауы, «елге әділ заң шығаруы», «керуен жолдарын күзетуі», сондай-ақ «халыққа тізесін батырған залымдарды ел ішінен аластауы, ел шетіне тиген жауды тықсырып қууы» тиіс. Мұны айтқанда Ж. Баласағұн қарахандар тұсында елдегі саяси жүйенің бірте - бірте қожырап, орталықсызданып, жеке-жеке бектіктерге бөлініп бара жатқанын көре білді.

Ж. Баласағұн басқыншылық жорықтар нәтижесінде баюды мақсат тұтатын елбасының озбырлық саясатының мәнін айыптайды. Ол материалдық игіліктердің, байлықтың да шегі болуын қалайды.

Қоғам өмірін жолға салып, реттеп отыратын заңдар, ережелер, жарлықтар елбасының да білігі мен білім дәрежесінен хабар береді. Өйткені елбасы өз билігін осы күш – заң қуаты арқылы жүзеге асарады. Егер елбасы өз саясатында әділ заңдарға табан тіреп, оның ырғақты жұмыс істеуіне қол жеткізсе, онда мемлекет өркендейді, халық байиды, қазына толығады, сөйтіп ел ішінде әлеуметтік бейбітшілік пен молшылық орнайды.

«Құтты білік» дастанының сюжетіне қарағанда бақытты, құтты қоғам түзету басты мақсат болғандықтан, ақын-ойшыл Платон, Аристотель, Әл-Фараби ілімдерінен нәр алып, идеалды мемлекет әртүрлі қарым-қатынастар гармониялық түрде болуға тиіс. Сол гармонияға жетудің негізгі алғышарты ретінде ойшыл адамды алады. «Саясаттың субъектісі де, объектісі де адам». Олай болса, жеке адамның да, әлеуметтік топтың да мүдделері мен мінез-құлқын жете білу қажет. Ал енді Ж. Баласағұнның елбасы туралы көзқарастарына келсек, олар оның басқару жөніндегі ілімнің маңызды бөлшегі болып табылады. Сондықтан кейбір ғалымдар «Құтты білікті» «Басқару ілімі» деп атайды.

Дастанның кіріспесінде Ж. Баласағұн мынадай ұғымдарды айтып өтеді:

Бірі оның – шындық жолы әділет,  
Екіншісі, құт пен ырыс, Дәулет.  
Үшіншісі, Ақыл менен парасат,  
Төртіншісі, ұстамдылық, қанағат.

Әділдікті Күнтуды Елік деп атайды, оны ел басқаратын бекке теңеп, ақын-ойшыл өзінің негізгі идеясын танытады: елбасының негізгі қасиеті әділеттілік. Соның арқасында Күнтуды Елік елін басқарып, заңды түзу жүргізіп, біліктілікті пір тұтып, халқын пұтқа жеткізеді.

Бектік іс ананың сүтімен келеді деп ақын ойшыл әділеттік, ізгілікпен бірге оның іргетасына біліктілікті жатқызады:

Ақыл керек, бекке керек білік те,  
Сақилық та керек лайық жігітке  
Бек халықты тек білікпен сендірер,  
Барлығын да ақылына жеңдірер...

Әділеттік, ізгілік, біліктік қасиеттерімен бірге бекке тағы да бірнеше қасиеттір қажет екенін айтады: рақымшылық, қанағаттық, ұят және т.б. Солардың ішінен ұят қасиетіне көп көңіл бөледі:

Бек кісігі керек ұят, ақыл, ар,  
Зұлмат күш жоқ, ақыл-арды жапырар.

Күшті болса кімде ұят құрыштай,  
Сақтар арын, арамды орып қылыштай

Ж. Баласағұнның елбасы туралы ілімінде бекке лайықсыз, бектік іске кедергі болатын қасиеттер туралы да айтқан: «Ең алдымен бек 5 нәрседен алыстап жүру керек»:

Жүрсін бектер, бес нәрседен алыстап,  
Есі болса, жұрнақ болса намыстан:  
Үшқалақтық бірі, екіншісі - сараңдық,  
Үшіншісі ашу оған надандық.  
Қырсығың – сор, бетті жер қып жүргізер,  
Бесіншісі - өтірік жерге тірі кіргізер.

«Құтты біліктің» басқа жерінде тағы басқа кемшіліктер берілген:

Қос жаһанға билік еткің келсе егер,  
Бес нәрседен қашық жүрсең, ел сенер.  
Зорлық қылма, араласпа арамға,  
Қанын төкпе, кек сақтама адамға.  
Шарап ішпе, азғындыққа салынба,  
Бұлар бекті қор етеді тағында...

Түйіндеп айтқанда, Ж. Баласағұн тектің жаны мен тәні бір-бірімен үйлесімде болуды армандайды. Бұл идеал шығыс пен ежелгі антикалық мәдениеттерден бастама алады: дәлел ретінде «Венера Милосская» атты мүсінді еске алсақ жеткілікті болатындай.

Жалпы «Құтты білік» дастанының негізгі идеясы 4 принципке негізделген:

1. Мемлекетті басқару үшін бұлжымас әділ заң мен тура жолдың керектігі. Әділдіктің бейнесі Күнтуды Елік патша арқылы беріледі.

2. Бақ-дәулет, ырыс-байлық мәселелері, дәулеттің баламасы ретінде патшаның уәзірі Айтолды бейнесі көрінеді.

3. Ақыл мен парасат ұғымдары. Дастанда ақыл ұғымы уәзірдің баласы Өгдүлміш арқылы жырланады.

4. Қанағат-ынсап - барға риза болу, ұстамдылық қасиеттері. Қанағат қасиеті поэмада уәзірдің жұрағаты, тақуа жан Одғұрмыш бейнесі арқылы суреттеледі.

Ж. Баласағұн саясат ұғымын басқару, көтермелеу және жазалау ілімі ретінде түсіндіреді. Билікті сақтап тұру үшін билік иесі тарапынан алдап-арбау, мақтап-мадақтау және сыйлық, мансап беріп сатып алу әдістері қолданылуы мүмкін. Ақыл елбасының оң қолында қылышы, сол қолында жиналған дәулетті таратуы, ал тілімен бал татыған шырын сөз айтуы тиіс деп есептейді. Жалпы, Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанын ел басқару, саясат, билік психологиясы табиғатын ашуға бағытталған түркі тіліндегі тұңғыш кітап деп санауға болады. Осында айтылған жөн-жоралар мен үлгі нұсқалар талай хандар мен бектердің, уәзірлердің басқаруда басшылыққа алған құнды дүниесі болды.

«Құтты білік» дастанында саясат (басқару ілімі) маңызды орын алады. Шығыс дәстүрінің сарынынан шықпай, Ж.Баласағұн өзгеше ел басқару

өнерін қалыптастыруға ұмтылды.

Аллегориялық түрде ақын бектік істі былай деп түсіндірді:

Бегі қойшы, халық қойы мыңғырған,  
Мал ашуы жан ашуы шыңғырған.  
Күллі аш бөрі қақпан алдын торып жүр,  
Қойды, Елік, сақ түзетіп, қорып жүр.

Бектің бас міндеті - халықты сақтау, оны құтқа, бақытқа, деулетке жеткізу. Ол үшін, Ж. Баласағұн пайымдауынша, бек төрт шартты орындауға тиіс:

Біріншісі тіл: ақ сөйле, айт ашығын,  
Екіншісі заң: ұстан адал, асылын.  
Үшіншісі елге қолың ашық, сақи бол.  
Жаныңды қос, жұртпен бірге бақи бол.  
Төртіншісі керек-қуат, қайсарлық,  
Жауың мойнын иіп, тегіс жайларлық.

Ж. Баласағұн деспотияға қарсы шығып, күш қолданудан бас тартуды қалады. Осыны қалай түсіндіруге болады? Біздіңше, ойшылдың көзқарасы буддизм дініндегі «зорлық жасамау» принципі ықпалымен қалыптасқан сияқты. Екінші жағынан, Қарахан әулетінен шыққан көшпенділер қоғамындағы демократия бастамалары әсер етуі мүмкін.

Жалпы алғанда, ойшылдың ел басқару туралы ілімінде заң ең жоғары дәрежеге келтірілген. Ж. Баласағұн пікірінше, заң шығару бектің үш негізгі міндетінің бірі. Заңның қайнар көзі бектің үш ақыл парасаты, ізгілігі, әділдігі, ерігі болып табылады. Заң арқылы бек әділдікпен елді басқарады, оның қолының астындағылар өз міндеттерін дұрыс атқарады, қоғамда гармониялақ түрде қарым-қатынастар қалыптасады.

Ж. Баласағұн қоғамның әлеуметтік құрылымын тағы да бір өлшем арқылы анықтайды. Ол өлшем адамдардың атқаратын түрлі қызметі. «Құтты білікте» әртүрлі қызметшілер: білгірлер, ғалымдар, ақындар, қолөнершілер, т.б. туралы сөз болады. Сөйтіп, Ж. Баласағұн иерархия түрінде ұйымдасқан мемлекеттік аппарат жасауды көздейді. Иерархияның ең жоғарғы сатысында бек тұр. Оның билікке ие болуы династиялық принципке бағынады: тек қана бектің баласы бек болуға тиіс. Бектің міндеттерін іске асыру үшін бекке көмекшілер керегін айтады. Жоғарыдан төменге қарай санағанда олардың қатары мынадай түрде көрінеді: уәзір-әскер басшысы ұлы хажиб, қақпа басшысы, елші, шежіреші, хатшы, қазынашы, азпазшы, т.б.

Ж. Баласағұнның пікірінше, ел басқару ісі ғылыммен тығыз байланысты болу керек. Сондықтан ойшыл ғалымдарды ел басқару ісіне қатыстыру керектігін, қарым-қатынас жасау туралы айтады. Ғалам бейнесін кең мағынада ұғынсақ, онда ол тағы да әртүрлі қоғамдық құбылыстарды қамтиды. Солардың ішінен Жүсіп Баласағұн ел басқару процесіндегі идеология мәселесін қарастырады. Бектікке лайық идеология ретінде ислам дінін алып, оның аясында бек сарайын елдің рухани орталығына айналуын қалайды. Сондықтан бек міндеті - өз сарайына ғалымдарды, ақындарды, жұлдызшыларды, т.б. жинап, оларға қажет жағдай жасау, олармен дұрыс қарым-қатынаста болу.

**Өзін тексеру сұрақтары:**

- Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанын жазудағы мақсатын айқындаңыз
- Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанының әлеуметтік философиялық маңызын көрсетіңіз
- «Құтты білік» дастанының идеялық мәнін ашып беріңіз
- Дастандағы мемлекет басқару туралы идеяларын талдаңыз
- Ж. Баласағұнның әділетті қоғам жайлы тұжырымдарын сипаттаңыз

**Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Ж. Баласағұнның саяси-әлеуметтік көзқарасын талдаңыз
- «Құтты біліктің» тәрбиелік маңызын сараптаңыз
- Жүсіп Баласағұн дүниетанымының маңызын салыстырмалы түрде сипаттаңыз
- Жүсіп Баласағұн шығармашылығының құндылығын көрсетіңіз
- «Құтты білік» тұңғыш түркі тілінде жазылған энциклопедиялық шығарма дәлелдеңіз



---

## 2.2 М. Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрік" сөздігінің тарихи әлеуметтік философиялық маңызы



**Махмұт Қашқари (ХІ ғасыр)** түрік даласының рухын өзінің құнды еңбектерімен асқақтата білген түркі ғалымы. Ортағасырлық Шығыс ғалымдарының ішіндегі жарқын жұлдыздардың бірі, ұлы түркі филологы, әрі тарихшы, түркі тілдерінің тұңғыш сөздігін құрастырушы, энциклопедист-ғалым, атақты «Диуани лұғат-ат-түрік» еңбегінің авторы, ұлы әдебиетші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші, ойшыл-философ, белгілі саяхатшы. Махмұд Қашқари түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы түркі әлемі тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Бізге қалдырған басты еңбегі «Диуани лұғат-ат-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты әлемге әйгілі кітабы. Бұл еңбек - ерте орта ғасырдағы түркілер жайлы жазылған энциклопедия. Онда ХІ ғасырда өмір сүрген түркі тайпаларының өмірі, ру-тайпалық атаулары, туысқандық ерекшеліктері, лауазымдары, ас-тағам аттары, асыранды, жабайы жануарлар, өсімдік әлемі, астрономия, апта аттары, географиялық терминдер, геологиялық, дәрігерлік, анатомиялық түсініктер, әскери, спорт түсініктемелері, дін туралы құнды мағлұматтар берілген. Сонымен қатар сөздікте адамгершілік, тәлім-тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарға сипаттама береді.

Түрік халқының маңдайына біткен мың жылда дүниеге бір келер алып даналар Әл Фараби мен Махмұд Қашқаридың рухани тұтастығын көрсету үшін екі ғұлама еңбектерін салыстыра теңестіріп зерттеу қажет. Әрине, екі түрлі қоғамда өмір сүрген қос ғұламаның еңбектерін жазу стильдерінде айырмашылық бар. Дегенмен, Фараби мен Қашқаридың еңбектеріндегі негізгі ойлар мен пікірлер сабақтасады және бір бірімен рухани бірізділік құрайды. Екі ғұламаның ой сабақтастығы бірінші кезекте дінге қатысты түзіледі. Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасында философия және дін арасындағы қатынас мәселесіне айрықша көңіл бөлінеді. Философтың дінге қатысты ойларын «Әріптер кітабы», «Дін туралы кітап және өзге де мәтіндер», «Бақытқа қол жеткізу», «Саяси билік», «Қайырымды қала тұрғындарының ойлары» атты еңбектерінен табамыз. Фараби дін бақытқа

жетудің құралы деп түсінді. « Әр түрлі қайырымды қалалар мен халықта әр түрлі дін болуы мүмкін , бұлардың бәрі дінге сеніп мақсатына жетуге ұмтылады » десе,

М.Қашқари өз еңбегін «Бисмилләһир Рахманир Рахим!

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен /бастаймын!/» деп бастауының өзі дінге аса құрметін білдіреді. Сонымен қатар, Тәңірді (Аллаһты) біршама өлеңдерінде еске алып отырады:

Бегім жүзін жасырды да,  
Жүзеге ісін асырды да,  
Ұлы Аллаһқа бас ұрды да,  
Содан күні тез туды ғой.

\*\*\*

Аллаһ аспанды жаратты,  
Ақықсеуіп таратты,  
«Таразыны» бар етті,  
Күнді аударып, түнкелер.

\*\*\*

Бір Иемді мақтаймын,  
Білім жинап, сақтаймын,  
Жақсылықта жақтаймын,  
Бар көңілімді бағыштап. Кейін шегіндік.

Фарабидің философиялық еңбектерінде ең негізгі орындардың бірін қоғамдық өмір туралы ілімі алады. Қоғамның шиеленістеріне Фараби арнайы еңбектер жазды .

Фараби қоғамдық өмірдің шиеленісін зерттеуде көптеген сұрақтарды көтереді . Олардың негізгілері мыналар :

1. Қоғамдық өмір туралы ғылымның мақсатын анықтау .
2. Қоғамдағы адамның орны мен міндеттері, оның қоғамдық қызметі, тәрбие және адамгершілік сұрақтары.
3. Мемлекеттік ұжымның түпкі мақсаты, бақытқа жету әдісі және жолдары

Фараби өзінің қоғамдық-саяси трактаттарында Аристотель мен Платонның саяси және этикалық идеяларын кең түрде қолданғанын атап көрсету керек .

Фараби қоғамдағы адамдар арасындағы қарым қатынас туралы былай өз еңбегінде: «Әр адам өзінің табиғаты, - өзінің өмір сүруі және жетістіктерге жетуі үшін көптеген қажеттіктерді зәру етеді, оған өзінің күші , жағдайы жетпейді, ал өзінің мұқтаждығын өтеу үшін жұрттардың бірлестігінің, қоғамдастығының әрқайсысының әр түрлі көмектерін қажет етеді, бірлестіктің барлық мүшесінің қызметі әркімге өзінің өмір сүруі және жетістіктерге жетуі үшін барлық жағдайды жасайды» деп келтірсе, М.Қашқари:

Көрші ағайын туысқа,  
Аса құрмет қылайық,  
Тарту алсаң - дайында  
Қарымтасын лайық.

Біреу күле қараса -  
Жылы жүзбен таста көз,  
Сақта тілді жаманнан,  
Жақсы ой тілеп, баста сөз.  
Басқан қиын іс түссе,  
«Өтеді» деп сіркесін.  
Заман ісін біліп тұр,  
Соған қарай күрескін.  
Қайыр қылсаң - тиеді,  
Адам құл ғой қарынға.  
Қалған малың құриды,  
Кірсең қара орынға.

Оның бәрі жұлдыз-аспан, күндіз-түн боп байланған, деп өлең жолдарында айтады. Әл Фараби еңбегінің негізгі бөлігінде адамгершілік, әдептілік, бірлік мәселесі бойынша сөз қозғайды. Ол: «Адамның бойына, халықтар мен қала тұрғындарына тән және бұл дүниеде тиесілі бақытқа жетуіне, о дүниеде асқан рахатқа кенелуіне септігін тигізетін төрт түрлі нәрсе бар: теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгілік, этикалық және практикалық өнерлер.

Теориялық ізгіліктер дегеніміз – түпкі мақсаты - өмірде бар нәрселерді зерттеу болып табылатын және пайымдағы мазмұны өзінің көздеген мақсаттарын ған қамтитын білімдер.

Ойшылдық ізгілік дегеніміз - әлденедей бір ізгі мақматқа барынша көп пайда келтіретін ізгілік.

Этикалық ізгілік дегеніміз – ойшылдық ізгілікпен біріккен табиғи ізгілік» деп жазды.

Өз кезегінде Қашқари әдептілік, бірлік туралы былай өлең шумақтарымен өрнектей отырып жазды:

Ұлым, саған әдепті мирас етіп қалдырамын,  
Жағалаған, жайқалған білімдінің бал құрағын.

\*\*\*

Менен ұлым, ақыл ап, жақсы жолға жаратқын,  
Елдің дана ұлы боп, білімді таратқан.  
Іске асығыс кіріспе, иінін біл тұрақты,  
«Жағамын» деп асыққан өшіреді шырақты.

Сонымен қатар, түркі тарихы мен этнографиясы хақындағы пайымдар Қашқари мен Фараби еңбектерін салыстыра, қабыстыра оқығанда, екеуінің де жалпы тарих, әсіресе түркі халықтарының тарихы мен этнографиясына үңілген тұстары баршылық екеніне көз жетеді. Осыдан келіп, Фараби мен Қашқаридың еңбектеріндегі ой пікірлеріндегі үндестік, мұрагерлік сабақтастық айқын білінетіндігін байқауға болады.

Махмұд Қашқари түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы түркі әлемі тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Түркология тарихында ол тұңғыш тарихи салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының

негізін салды. Оның осы тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл Шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптасты. Ол көне түркі сөйленістерінің алғаш түсіндірме «Диуани лұғат ат-түрік» біртұтас түркі тілдерінің сөздігін жазған. Түркі әлемінің тұңғыш түркологы, данышпан білгіші Махмұт Қашқаридің өмірі мен қызметі жөнінде мәліметтер аз болғандықтан, оны өз туындысы «Диван-и лұғат ат-түрктен» (Түркі тілінің сөздігі) ғана біле аламыз. Махмұт Қашқаридің толық есімі - Махмұт ибн әл-Хусейн ибн Мұхамед. Туылған және қайтыс болған жылдары белгісіз. Ғылыми жорамалдарға қарағанда, ол 1029-1038 жылдар аралығында Қашқарда дүниеге келген.

Махмұт Қашқаридың Қараханидтер әулетінен шыққандығы айтылады. Ата-бабаларының бірі Харун әл-Хасан бин Сүлеймен Боғра хан атағын алған, Маураннахрды жаулап алып, Саманилердің астанасы болған Бұхараны да басып алған. Әкесі Боғра ханның немересі Хусейн бин Мұхаммед Барсханның (Барысқан) әкімі еді. Кейін Қараханидтер әулеті билеген мемлекеттің мәдени-саяси орталықтарының бірі – Қашқарға ауысқан. Махмұттың «Қашқари» ныспысын алуы да осы қалада тұруына байланысты болатын. Махмұт оқып-жазуды және кейінгі тәлімін өзі туылған Қашқарда алды. Ол заманғы Қашқар қаласы Шығыс Түркістанның ірі саяси жаңа мәдени орталығы еді. Махмұттың замандасы Жүсіп Баласағұн осы кезде өзінің өлмес «Құтты білігін» жазғаны бұл өлкеде ғылым мен өнердің аса дамығанын дәлелдейді. Ол уақытта барлық ислам елдерінде, олардың ішінде Қашқар елінде де мектептерде Құран, араб тілі, заң негіздері, математика оқытылатын. Бірақ Махмұт тек Қашқарда алған білімімен шектелмей, Азияның басқа да, Бұқара, Самарқанд, Нишапур, Мерв, Бағдат сияқты ірі мәдени орталықтарында білімін кеңейтеді. Өз тіліне, өз халқына деген сүйіспеншілігі Махмұтты жер-жерге апарды. Талай ел кезіп, керекті деректер жинап, соңында өзінің данышпан еңбегін жаза бастайды.

Кейбір ғалымдардың жорамалдары бойынша, бұл кітап Бағдатта жазылған-мыс. Бірақ осыншама ірі әрі құнды еңбек Бағдаттағы кітапханаларда тіркелмегені, орта - ғасырлық арабтың білімі мол ғалымдарының бұл «Диванды» білмегені, сонымен қатар «Диванда» Бағдаттың еш аты аталмағаны бұл жорамалдың дұрыстығына күмән туғызады. Сондықтан Махмұт Қашқари «Диванды» жазуға 1072 жылы Қашқарда кірісті деген дұрыс болар. «Диванды» жазып бітірген жыл туралы да ғалымдар арасында ауызбірлік жоқ. Дегенмен ең дұрысы 1083 жылы қазанның 27-сінде аяқталғанын айта аламыз, бұған «Диванның» ішінде де дәлелдер бар. Ол Қашқарда білім алып, Бұхара мен Бағдатта оқуын жалғастырған. Түркі халықтарын түгелге жуық аралап, заң ілімі, арифметика, Құран, шариат пен хадис бойынша білім алды. Араб-парсы тілдерін, әдебиеті мен мәдениетін меңгерді. XI ғасырда «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін жазып, түркі тілдерінің мәртебесін көтерді. Кітапта тек түркі сөздерін теріп жазып, өзге тілден енген сөздерді қолданбаған.

Ғалым бұл кітапты Бағдат оқымыстысы Әбдірахман әл-Басридың (VIII ғ.) «Китабул айни» атты еңбегі негізінде түзген. Сөздіктің түпнұсқасы

жоғалған. А. Абулфатхтың 1266 жылы жасаған көшірмесі 1915 жылы Ыстамбұл базарында ескі заттарды сатушының арбасынан табылған. Қазір Ыстамбұлдағы Фатих кітапханасында сақтаулы тұр. 3 томнан, 8 кітаптан тұратын еңбекте 6800 түркі сөзі ғылыми жүйеге түсірілген. Ғалымның бұл кітабы ерте орта - ғасырлық түркі халқының энциклопедиясы сияқты. Ол түркітану тарихында тұңғыш рет тарихи-салыстырмалы әдісті қолданып, диалектология ғылымының негізін салды. Түркі тайпаларының ерекшеліктерін сақтай отырып, тіл байлығын зерделеу, айтылу, жазылу, заңдылықтарын, қолдану аясына қатысты айырым белгілерін зерттеу ғалымның басты ұстанымы болды. Сөздерге түсінік беруде 242 бәйіт пен 262 мақал-мәтелді пайдаланды. Ауыз әдебиетінің жоқтау («Алып Ер Тоңға өлді ме?»), айтыс («Жаз бен қыстың айтысы») үлгілерін де қамтыды. Кітапта ерлік істерді мадақтаған, табиғат көріністері мен ғашықтықты жырлаған жыр шумақтары кездеседі. Түркі топырағында Иассауиден басталады деп танылып келген сопылық поэзия үлгілерін Махмұд Қашқаридің сөздігінен табуға болады. Ғалым өз сөздігінде 29 тайпаның этноним, топонимдерін, туыстық атаулары мен киім-кешек, тағам аттарын, салт-дәстүр ерекшеліктерін атап көрсетіп, ұсақ рулардың таңбаларына дейін сипаттайды. Сол кездегі түркі халықтарының дүниені қабылдауы, этникалық нормалары мен құндылықтары, өзін-өзі ұстау әдеті тілге тиек етіледі.

Әртүрлі тайпалар арасындағы тарихи-мәдени байланыстар, Қазақстан мен Орта Азия аумағында болған кейбір тарихи оқиғалар жайында (мәселен, Ескендір Зұлқарнайын жорығы туралы) құнды мәліметтер келтіріледі. Ғалымның дөңгелек картасы ең ежелгі түркі картасы ретінде белгілі. Мұнда ол түркі халықтарының таралым аймағын көрсетеді. Кітапты түзуде бірнеше жылын сарп етіп, 1072-1078 жылдары Бағдад қаласында жазып бітірген. Бұл кітап 1997-1998 жылдары қазақ тілінде жарық көрді.

Махмұт Қашқаридің «Түркі сөздігінен» басқа «Китап-и-джавахир ан-нахв фи луғат ат-түрік» («Түркі тілдері синтаксисінің құнды қасиеттері туралы») атты еңбегі болған, бірақ кітап біздің заманымызға жетпеген. Ғалым өзінің кітабы туралы «Түркі тілін үйренудің қажеттілігін өмір талабы мен ақыл таразысы әбден дәлелдейді. Түрік, түрікмен, оғыз, жігіл, яғма, қырғыздардың сөздері мен сөйлеу мәнерлерін зерттеп, қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі мен салты санама әбден қалыптасты. Соларды мұқият зерттеп, арнайы әліппелік тәртіпке келтірдім. Мәңгілік ескерткіш әрі таусылмас әдеби-көркем мұра боп қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым. «Жинақты» сегіз бөлімге топтастырдым. Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға болатын түбір сөздерін ғана алдым. Түркі халықтарының бәйіт-жырлары мен мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірдім. Бұл кітапты пайдаланғандар кейінгілерге, олар өздерінен кейінгілерге жеткізсін деген ниетпен тағы біраз табылмайтын тіркестерді пайдаландым. Сөйтіп, бұл кітап ұрпақтан - ұрпаққа халықтық мұраны қаз-қалпында жеткізу мақсатымен қиянға қанат қағып, әсемдік әлемінен мәңгілік өмірге біржола жолдама алдым», - деп жазды. ЮНЕСКО 2008 жылды ғұлама ғалымның туғанына 1000 жыл толуына орай

«Махмұт Қашқари жылы» деп жариялаған болатын. Дереккөзі «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы», 6 том, «Тарихи тұлғалар» кітабы. Ұйғыр ғалымдары Махмұт Қашқариді «Қашқари» есіміне қарап ұйғыр әдебиетінің өкілі, тек ұйғыр халқының перзенті деп жазады. Бұл пікірдің негізсіз екендігін, автордың өз сөзіне қарағанда ол ортағасырлық әскери басшы, белгілі бек отбасынан, яғни оғыз ортасынан шыққан.

Сондықтан да Махмұт Қашқари – тегі жағынан ұйғыр емес, оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі халықтарының ортақ перзенті. Сол себепті де оның шығармасы да ортақ қазына, ортақ классикалық мұра екендігін ескерткен жөн. Махмұттың өзінің айтуынша, «Диуанды» жазудан бұрын ол түріктердің барлық елі мен даласын аралап шыққан. Ол Қашқардан бастап, бір жағы Жетісу, Мәуэрәннахр, Хорезм, ал екінші жағы Римге дейін аралап, олардың тұрмыс-салты, тілі, ауыз және жазба әдебиеті, т.б бойынша көп материалдар жинайды. Бұл сөздікті жазудағы негізгі мақсаты түркі тілінің мәтебесін жоғары көтеріп, оның араб тілінен ешқандай кемдігі жоқ екендігін дәлелдеу болған дейді А.Н.Кононов. Бұл жөнінде М. Қашқари былай дейді: «Мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар, қырғыздардың шаһарларын, қыстақ пен жайлауларын көп жылдар кезіп, аралап шықтым. Мен бұл істерді тіл білмегенім үшін емес, қайта бұл тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды да анықтау үшін істедім. Мен олардың ең білгір адамдарының, ең үлкен мамандарының, көргендерінің, байырғы тайпаларының ішінен шыққан және соғыс істеріндегі ең мықты найзагерлерінің бірі едім. Оларға ден қойғаным сондай түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар және қырғыз тайпаларының тілдері түгелдей көңіліме қонып, жатталып қалды. Солардың бәрін мұқият бір негізде жүйеге салдым».

М. Қашқаридің сөздігі барлық түркі тайпаларының сөздігін қамтыған сөздік болды. Егер Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегінде ғылым байлығы мен күнәсіз өмір сүру негіздері жайлы ғылымды дамытқан болса, А.Иассауи «Диуани Хикмет» шығармасында қоғамдағы қажетті әлеуметтік, тұрмыстық тәртіпті айқындап, татулық пен опасыздықтың мәнін ашты. Ал М. Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде ата-бабаларының тегі туралы да көптеген тарихи мәліметтер келтірді. Қашқаридан соң түркі тіліндегі жазбалар саны көбейді. Көптеген орта - ғасырлық оқымыстылар Қашқаридің жолын қуып, оны одан әрі жалғастыра білді. Мәселен: «Қарахандар Орта Азияны билеп отырған жағдайда орхон, ұйғыр, көне қаңлы, соғда алфавитінде еңбек жазуға мүмкіндік болмаған. Оған жол салған Махмұттың лұғаты болған. Оның дәстүрін XII ғасырда ғұмыр кешкен Иассауи мен Бақырғани жалғастырады». Немесе XIII-XIV ғасырларда Халил жазған «Түрік-моңғол-парсы тәржімесі», ибн-Хайян Фарнатидің «Китаб әл-гурак ли-лисән әл-атрак», Мысырдан табылған «Гүлстан» дастанының аудармасы, Құтып жырлары, В.Радлов бастырған «Кодекс куманикус» сияқты лұғаттар осы негізде дүниеге келді. Олар бір ғана түрікмен, қыпшақ тілдерінің үлгісін берсе, Қашқари лұғаты барлық түркі тайпаларының сөздерін қамтыған сөздік

болды. Қашқари халықтың сөйлеу тіліне сүйенсе, соңғылары көбіне жазба тіл үлгісіне бейімделеді. Сол себепті біз М.Қашқариды XI ғасырда бүкіл түрік әдебиетіне үлгі болған ғұлама ғалым дейміз. Бұл сөздерден біздің пайымдайтынымыз, М. Қашқари өзінің еңбегінде түркі тайпаларының мақал-мәтелдерін, фольклорын негізгі арқау етіп алып, қолдана білген. Халықтың бай ауыз әдебиетін, тұрмыс-салт жырларын да ұтымды пайдаланған. Міне, соның негізде М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегі бүкіл түркі жұртына түсінікті және ортақ рухани мұрасына айналып отыр. Автордың бұл шығармасы мазмұны жағынан сол дәуірдегі түркілердің қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінің, ой-танымының сан алуан өзіндік сипатын әр жақты қамтитын материалдарды бес салаға бөліп қарастырған:

1. Белгілі бір тайпаға тәндігі дәл көрсетілген сөздер қоры (лексикалық);
2. Түркі тайпаларының мекен - қоныстары жайындағы мәліметтер;
3. Түркі тілдерін топтастыру;
4. Түркілік тарихи фонетика мен грамматика туралы мәліметтер;

5. Түркілердің тарихи географиясы, этнографиясы, поэзиясы және фольклоры жайындағы мәліметтер. Бұдан әрі қарай белгілі А.Н. Кононов М. Қашқари еңбегінің өзіндік ерекшеліктерін айта келіп былай деп жазады: «Мұнда XI ғасырдағы түріктердің өмірі туралы, олардың материалдық мәдениетінің бұйымдары, тұрмыс жайлары, этнонимдері мен топонимдері, ру-тайпалары туралы, туыстық және жекжаттық терминдері жайлы, түркі қызмет адамдарының титулдары мен аттары, тағам-сусындарының аттары туралы, өсімдіктер мен дәнді дақылдар туралы, астрономиялық терминдер, халықтық күнтізбе айлардың және аптадағы күндердің аттары туралы, қалалар туралы, әскери қару - жарақ және музыкалық аспаптар, әкімшілік терминдер, діни және этникалық терминология, мифтік қаһармандық аттары туралы, балалардың ермектері және ойындары туралы және тағы басқалар туралы көп жағдайда бірден-бір дәйектеме болып табылады». Осыдан келіп, біз М. Қашқаридің бұл еңбегі үлкен энциклопедиялық шығарма екендігіне және одан аса бағалы да құнды деректердің берілгендігіне куә боламыз.

«Диуани лұғат ат-түрік» тек түрікше-арабша түсіндірме сөздік емес, ол түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми еңбек болып саналады. Бұл түсіндірме сөздігінде автор халық ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер және халық фольклорын өте орынды пайдалана білген. Сондай-ақ кейінгі ортағасырлық қауым адамдарының тұрмыс-тіршілігін, болмысын, сана-сезімін бейнелейтін ауыз әдебиетінің тамаша үлгілері бізге Махмұт Қашқари еңбектері арқылы жетті. Түсіндірме сөздік XI ғасырда Қарахан дәуірінде дүниеге келген мұра және бұл еңбегін 1072-1074 жылдары жазған. Өз заманындағы түркі, араб грамматикасын жасап, оларды жетік білген. Бүкіл түркі ру-тайпаларын аралап, олардың тіл ерекшеліктерін, сөздік қорын зерттеген.

Сөйтіп, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазып шыққан. Бұл еңбек көне түркі филологиясы бойынша бізге жеткен жалғыз тұтас еңбек қана емес, сонымен бірге көне түркі филологиясының озық туындысы, көне тілдер қалпын терең зерттеумен қатар, сол дәуір тайпалары өмірінің

энциклопедиясы, халық даналығының нағыз қазынасы. Кітапта көптеген өлеңдер, халық әндері, мақал-мәтелдер, жұмбақ, аңыздар мен ертегілер, сонымен қатар тарихи деректер келтірілген. «Диуани лұғат ат-түрік» оқырмандарға көне және орта-ғасырлар дәуіріндегі түркілердің өмірі, астрономия, география, медицина, математика саласындағы білімі туралы мәлімет береді. Махмұт Қашқари көне түркі тілін ғылыми тұрғыда зерттеп, оның жергілікті ерекшеліктерін бір-бірімен салыстырған, ауыз әдбиеті үлгілерін жинаған алғашқы тілші ғалым, философ, саяхатшы, этнограф. Махмұт Қашқар қаласында білім алған, сондықтан оны басқа шығыс ғалымдары қашқарлық Махмұт ретінде атаған. Ол Қашқар қаласымен ғана шектеліп қалмай, Самарқанд, Бұқара, Нишапур, Мерв пен Бағдатта білім алуды жалғастырды. Ол өзінің сөздігіне қажетті материалдар жинақтау үшін көптеген түркі рулары мен тайпаларының тілі мен ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихы мен дәстүрін, этнографиясын зерттеді.

Осы мақсатпен Қашқар, Жетісу, Хорезм, Мәуереннахр жерлеріне саяхат жасады, тіпті түркілер Аттила (Еділ) жорығынан кейін қалып қойған Рим жеріне дейін барды, филологиялық мәліметтердің құнды қазынасын жиыстырып, өзі құрастырған сөздігіне өңдеп енгізді. «Диуани лұғат ат-түрік» - барлық түркі - тілдес халықтардың ортақ рухани мұрасы. Сөздікте 6800 сөз берілген, бұл сөздер түркі-тілдес халықтардың көпшілігіне түсінікті. Кітапқа енген халық ауыз әдебиеті нұсқаулары, екі жүзден астам өлеңдер, қысқаша новеллалар, мақалдар мен мәтелдер көне түркі тілінің қалпы туралы неғұрлым толық түсінік қалыптастырып, сол кезеңдегі сөзжасам тәсілдері, сөйлем құрау принциптері туралы тың мәліметтерге бай. Осылайша, бұл кітап көне түркі әдебиеті бойынша әлемге әйгілі алғашқы хрестоматия болып табылады. «Диуани лұғат ат-түрік», ортағасырлық түркі халықтары ой-санасының ғажайып ескерткіші, біздің көшпенді бабаларымыздың мәдениетінің айғағы болып табылатын құнды қызына. Түркі жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Диуани лұғат ат-түрікте» нақты тарихи деректілік сипатпен танылған. Ол көптеген ұлыстардың, тайпалардың тіл ерекшеліктерін саралап, түркі тілінің бітімін ежіктей түсіндіреді, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын баяндайды, сол кездегі бірқатар қаламгерлердің, ғұламалардың, тарихи адамдардың аттары мен өмірбаяндық деректерін, түркі халықтарының байырғы жырларын, мақал-мәтелдерін береді.

Сонымен қатар ол көне дәуірдегі түркінің әлемдік қартасын жасап, онда Барсхан, Баласағұн, Тараз, Екіөгіз, Қашқардан бастап, түркі дүниесінің ежелгі шаһарларын, елді мекендерін түгел дерлік көрсетеді. Бұл ретте оны түркі жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы десе де болады. «Диуанда» 29 тайпаның аты аталады. М. Қашқаридың картасы бойынша олар мекендік жайларының ыңғайына байланысты Румнан бастап Шығысқа қарай: ең алдымен беченек, одан соң кыфчак, огуз, йемек, башғырт, басмыл, кай, йабақу, татар, хырқыздар, т.б. орналасқан. Әрі қарай чичел, тухси, йоғма, учрак, чомыл, ұйр, тангут, хитай, тавгачтар орналасқан болып шығады. М.Қашқаридың бұл кітабында түркі сөздерінің қоры өте көп.



Мысалы, ол арнайы тәртіппен 6800 түркі сөзін топтастырып, араб тілінде анықтама түсінік берген. Кітапқа інжу-маржан екі және төрт жолдық 242 шумақ бәйіт пен 262 мақал-мәтелді мысал ретінде пайдаланған. Бір ғажабы, «Диуанға» енген 875 сөз бен 60 мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында қолданылып келеді екен. Мәселен:

Адам аласы ішінде,  
Жылқы аласа сыртында.

болмаса,

Жанжал шықса, ағайын ақылдасар,  
Жау келсе, ел тебіренер,

Немесе:

Белгі болса, жолдан жаңылмас,  
Білімді болса, сөзден жаңылмас.

М. Қашқари адамдарды өнер-білімге, әдептілікке шақырып, адамгершілік, мораль, этика, ұйымшылдық мәселелерін сөз етеді. Оның түркі халықтарының бәйіттерінде табиғат сұлулығы, махаббат, көркемдік, үлкен парасаттылық, білім, батырлық суреттеледі. Мысалы:

Құрметте, білімдінің сөзін тыңда жігітім,  
Үйретіп парасатын, ақта әділ үмітін.

\*\*\*

Өмірді білмесең – білімнің жоғалар,  
Талғамды қашан да – бос сөзді доғарар.

\*\*\*

Білімдінің қасына бар күнде балам ерінбей,  
Төмен тұрып үйрен толық тәкаппар боп көрінбей.

\*\*\*

Махаббаттың мейіріне нәзік жаның иеді,  
Оның ыстық теңізіне бойың балқып күйеді.  
Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді.

\*\*\*

Елім саған әдепті мирас етіп қалдырамын,  
Жағалаған, жайқалған білімдінің бал құрағын.

М. Қашқаридің қайсыбір бәйіттерін алмаңыз, үлкен философиялық-этикалық ой-тұжырым, парасат, табиғат көріністерін, білімділікті негізгі арқау етіп алған. Мұнда ауыз әдебиетінің үлгілері табиғат көріністерін бейнелейтін пейзаж лирикасы мен жыл маусымының ауысуына арналған, өлең жырлары көптеп кездеседі. Мысалы, біздер оның аңшылық жайындағы өлеңдерін оқи отырып, алғашқы кейінгі ортағасырлық қауым адамдарының еңбек жөніндегі дәрежесін байқаймыз. Ерлік жырларында жүрек жұтқан батырлықты, қаһармандықты ерекше бағалап жырға қосқан.

Қаһарланып атылдым,

Арыстандай ақырдым.  
Батырын жерге батырдым,  
Енді мені кім ұстар.

\*\*\*

Есінен дұшпан ауысты,  
Басар жолын тауысты.  
Ажалменен қауышты,  
Сөзге ауызы келместен,

деп, мұнда батырдың күш-қуаты, соғыс өнеріне жетік екендігі, ерлігі, қан майдандағы шайқас көріністері жырланады. Сөйтіп, жастарды, адамдарды өз елін, жерін қорғауға, батыр болып өсуге шақырады. Мұнда үлкен патриотизм, туған елге деген сүйіспеншілік, достық пен махаббат, асқан ерлік көріністері басым көрсетіледі.

«Диуани лұғат ат-түрікте» М. Қашқари тұрмыс-салт жырлары, түркі халықтарының фольклоры жанрларының ең көне түрлері жиі кездеседі. Мұнда көшпелілерге тән төрт түлік мал туралы ерте замандағы адамдардың дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, әдеп-ғұрпын, салт-санасын, тотемдік түсініктерін танып-білеміз. Ежелгі түркілердің наным-сенімінен туған бәдік, бақсы сарыны, бата-тілек, бесік жыры, тойбастар, жар-жар, сыңсу, жоқтау, естірту, т.б жырлар қазақ фольклорынан да кең орын алған. Қазақта ауыр қайғылы хабарды естірту, көбінесе жұмбақтап, тұспалдап айтылатын болған. «Диуани лұғат ат-түрік» тұрмыс-салт жырларының барлық түрлеріне бай. Мәселен, қазақтың жоқтау өлеңдерінде жау оғынан өлген батырлардың тірі кезінде жасаған ерліктері, еліне жасаған жақсылықтары, батырлығы, ақылдығы жырланады. М. Қашқаридың сөздеріндегі осындай жоқтау өлеңдердің бірі – Алып Ер Тоңға өлгенде айтылған жоқтау:

Еңіреген ер еді,  
Ойы елге төр еді.  
Адамның асыл зерегі,  
Ажал оны әкетті.

\*\*\*

Өртті талай өшірген,  
Басынан көп іс кешірген  
Шешендік сөзге кесілген,  
Қайран ер ерте көз жұмды,-

деп, батырдың көзі тірісіндегі қасиеттерін айта келіп, оны қазаға қимайтынын білдіреді. Бірақ тағдыр дәлдеп оқ атса, одан ешкімнің құтыла алмайтынын айтып мойынсұнады. Бұл – Қашқаридың философиялық ішкі жан дүние толғанысы. Ол қаһарман-батыр, ер-азаматтарды қазаға қимайды. Бірақ қанша батыр болса да, жау оны алып кетті деп өкінеді. Елі үшін және жері үшін жан берген қас батырлар Махмұт Қашқари өлеңдері арқылы мәңгілік жасайды. Автор қаза болған батырлардың өмірі онымен тоқталып қалмайтын-дығын айтып, соңындағы тірі қалған азаматтарды олардың ісін одан әрі жалғастыра біліп, ерлік пен қаһармандық жолына ұмтыла түсуге шақырады.

М. Қашқаридың сөздігінде мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Бұл мақал-мәтелдердің философиялық дүниетанымдық мәні өте жоғары. Осы мақал-мәтелдердің біразын атап көрсетейік:

Ым білсе, ер өлмес.

\*\*\*

Заман өтер, кісі тоймас,  
Адам баласы мәңгі қалмас.

(Мұнда өмір мен өлім мәселесі, өмірдің кезекпен ауысып отыратындығы айтылады).

Қазан айтар «Түбім алтын»,  
Шөміш айтар «Мен қайдамын?!»

(Бұл мақал өзін танитын адамдардың алдында бөсе беретін мақтаншақ кісілерге бағыштап айтылған).

Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар.

(Бұл мақал өз елінен, жерінен, шаһарынан, тұқымынан безген, сол елдің ауасын жұтып, суын ішіп отырып, соған түкірген сатқындығына арнап айтылған).

Адам аман болса, өмірден көп көрер.

(Бұл мақал адамның жаны аман болса, алдында көрері көп насихаттайды).

Толған айды қолмен ымдамас (көрсетпес).

(Толған айды көзі бар адамның барлығы көреді).

Далада бөрі ұлыса,  
Үйдегі иттің бауыры солқылдар.

(Бұл мақал жақын адамдарды бір-біріне көмектесуге шақырады).

Жақсы адамның сүйегі шірігенмен, аты қалар.

(Бұл мақал адамдарды бір-біріне жақсылық жасауға үндеп айтылады).

Бұл мақал-мәтелдерді түйіндей келе айтарымыз, біздің заманымыздан біраз уақыт бұрын айтылса да, бұл айтылған ойлардың күні бүгінге дейін өзінің мән-мағынасын жоғалтпағанын көріп отырамыз. Демек, М. Қашқари өз сөздерінде әділдікке, адамгершілікке, ар-намысты жоғары ұстауға, махаббатқа, мейірімділікке, әдептілікке шақырады. П. Лафарг «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасын: «Халық көңіліндегі қайғы-қасірет пен қуаныштың серігі, білім қазынасы, діни және философиялық екені даусыз», - деп жазды.

### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздікті жазудың негізгі мақсатын анықтаңыз
- М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің элеуметтік-философиялық мәнін ашып беріңіз
- М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің негізгі мазмұнын көрсетіңіз

- М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің маңыздылығын дәлелдеңіз
- М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі түркі тілінде жазылған алғашқы еңбек сипаттаңыз

**Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- М. Қашқаридың әділетті қоғам жайлы тұжырымдарын қалай түсінесіз
- М. Қашқаридің саяси-әлеуметтік көзқарасын түсіндіріңіз
- Сөздіктегі моральдық этикалық мәселелерді көрсетіңіз
- «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігіндегі философиялық ой тұжырымдарын сараптаңыз
- М. Қашқаридың дүниетанымын сипаттаңыз

### 2.3 Сопылық идеяның ірі өкілі Қ.А. Яссауидің «Диуани Хикмет» еңбегінің діни-тәрбиелік философиялық маңызы



**Қожа Ахмет Яссауи (1093-1166 ж. шамамен)** қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер.

Түркі халықтарының орта ғасыр кезіндегі ислам мәдениетінің ықпалының күшеюі және біржола араб жазуына көшуі, өмірге көптеген ойшылдарды алып келді. Сонымен қатар бұл кез шығыс әлемінде сопылық ағымның әсері күшейіп, бірте-бірте канатын кең жая түскен кез еді. Бұл кезең Орта Азия мұсылмандары үшін де аса жауапты уақыт болатын. Осы шақта елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты, Алла тағала адалдықты көксеген, соны ту етіп, өз шығармаларына арқау еткен. Ақын-шайырлар тобы тарих сахнасына шықты. Олардың ішінде ерекше талантымен көзге түскендер Ахмет Үгінеки, Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани (Отырар өлкесінен) тағы да басқа көптеген сопылық өкілдер болды. Бұлардың арасында асқан шеберлігімен, елге сыйлылығымен, қайырымдылық пен мейірімділікті өміріне арқау етіп, бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеген, қасиетті әулиесі атанған Қожа Ахмет Хазіреті Сұлтан Яссауи еді. Ахмет Яссауи жөнінде ел арасында көптеген аңыз әңгімелер тараған. Яғни әл-Фарабидің жазған философиялық дін туралы еңбектерінде Яссауидің жазған нақыл сөздерін, ислам діні туралы жазғандары кездеседі.

Оғыз-қыпшақ даласынан шыққан ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби мен Қожа Ахмет Яссауи ақынның саналы ғұмыры өткен Сыр өңірінің түлегі. Болашақ ұлы ғалым – әл-Фараби болмысындағы таным негіздері оның бала күнінде, туған топырағында қаланғандығына күмән жоқ. Бастау негіздері бір болған Яссауи мен Фараби шығармашылығында сабақтастықтардың молынан кезігуі заңды. Бұған екі ғұламаның да араб, парсы тілдерін жетік білгенін, аталмыш тілдерде дүниеге келген рухани мәдениет туындыларымен жете таныс болғанын қосар болсақ, қос ғұлама шығармашылығының үндестіктері мен сабақтастықтарын тереңдете зерттеу қажеттігіне көз жете түседі.

Ортағасырлық Шығыстың озық ойлы шығармашылық иелеріне зор ықпалын тигізген Фарабидің гуманистік және рационалистік идеяларының негізінде сопылық ілім ұстанымдары, ал оның «парасатты адам» идеалының қайнарында сопылықтағы кемел адам концепциясы тұрды. Түркі даласының даңқты түлегінің поэзиялық мұрасында да сопылық сарын ізі сайрап жатыр. Мұның барлығы Фарабидің өзі туған топырақтан түйіп өскен, бала шақтан санасына сіңген хикмет ілімінің жемісі болатын. Фараби өлеңдері мен Яссауи хикметтері сабақтастық тұрғысынан сараланар болса, бірқатар жайттардың беті ашылары сөзсіз.

Ғұлама өлеңдеріндегі «әлем», «сыр», «шарап», «гауһар», «нұр», «ақиқат», «дүние» секілді ұғымдардың дағдылы поэзияда да, күнделікті қолданысымызда да бар болғанымен, сопылық поэзияда әлдеқайда терең мағынаға ие болып, терминдік қалыпқа түскен, бір-бірімен ажырамас байланыстағы тұрақты қолданыстар болып табылатыны айтылды.

Бұл ұғымдар Фараби өлеңдерінде де, Яссауи хикметтерінде де таза сопылық мазмұнда қолданылады. Фараби философиясының негізінде «хикмет ілімінің» жатқаны белгілі. Түрліше рухта жазылғанымен Фараби мен Яссауи жырлары бір сырды, бір мағынаны жеткізуге тырысады.

Суфизм - исламның ішіндегі мистикалық аскеттік ағым. Арғы төркіні "таза, пәк болу" дегеннен шығады. Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркі халықтарына араб-парсыдан келген сопылық ілімді бастаушылардың бірі Қ.А.Яссауи еді. Яссауи мектебі арқылы сопылық ағым келді. "Диуани Хихмет" жазбаша жәдігерлік ретінде рухани қозғалыстың қозғаушысы болды, оның авторы түркілік сопылықтың арнасын салып берді. "Диуани Хихмет" бастан-аяқ ақыл-өсиет, үлгі-өнеге, **діни-тәрбие** беруге құрылған діни қағидалар мен адамгершілік, мейрім, шапағат, бауырмалдық мәселелерінен туған ғылыми-философиялық еңбек.

Қ.А. Яссауидің өз аты - Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Яссауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Бірақ нақтылық үшін айтсақ, Яссы қаласы оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын туыстарының қолына келіп, бала кезінен өскен жері. Ақынның туған жері - қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Әкесі Ибрахим мұсылманша сауаты бар, сөз қадірін білетін білікті адам болған. Бала Ахметтің басты ұстазы, тәрбиешісі аталас туысы болып келетін Арыстанбаб. Ол өмірден қайтқаннан кейін Ахмет 17 жасында Яссы қаласына келеді. Дәл осы кезден бастап араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Шығыс поэзиясы мен әдебиетіне ден қойды. Кейін Бұқара қаласында Жүсіп Хамаданидің діни медресесінде оқыды. Оны тамамдаған соң сопылық жолдың біраз ащы-тұщысын татып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады да, Арыстанбаб қалап кеткен дәстүрді жалғастырады. Осында ол ислам дүниесі кең таныған кемеңгерге айналды. Ал 63 жасынан бастап қалған өмірін жер астында, яғни қылуетте өткізді. Мұны Ахмет: «Пайғамбар жасына жеттім. Маған одан артықтың қажеті жоқ», - деп түсіндіреді. Қанша

жыл ғұмыр кешкені жөнінде әртүрлі деректер бар. Бір деректе 73 жыл, келесілерінде 85 жас деп берілген. Ж. Аймауытов ақынның 149-шы хикметіне сүйеніп, Яссауиді 125 жас жасаған дейді. Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы - «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Өкінішке орай, туындының түпнұсқасы біздің заманымызға жетпеген. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Мұндай нұсқалары өте көп. Олардың көбі Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылды. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармада ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді.

Қожа Ахмет Яссауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды.

Оның жолын ұстанған шәкірттері мен сопылықты уағыздаушылар түркістандық ғұламаны күллі әлемге танытты. Қожа Ахмет Яссауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны тәңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып, қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруде көп еңбек етті. Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Яссауи әзіреті сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір күмбез орнаттырды. Бұл жайында жергілікті халықта мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет Яссауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Осыдан кейін Ақсақ Темірдің түсіне Қызыр еніп, ең алдымен Ахметтің ұстазы Арыстанбаба мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Темір Қызырдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріскен екен».

Ахмет Яссауи сопылық-философиялық дүниетанымдарын өзінің "Диуани хикмет" ("Даналық кітабы") еңбегінде баян етеді. Бұл өлеңдер жинағы түркі тілді халықтардың XII ғ. сақталған ескерткіштерінің бірі саналады, сонымен бірге ол қазақ әдебиетінің ортағасырлық мәдени нұсқасы болып табылады. Өйткені "Диуани хикмет" – оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген әдеби туынды. Кезінде ол өлеңдер өте қарапайым,

көпшілікке түсінікті тілмен жазылған, бірақ бертін келе жинақты көшірушілер оған өз тарапынан көптеген араб-парсы сөздерін қосып жіберген деген болжам бар. Қожа Ахмет Яссауи 63 жасқа келгенде қылует (қылует – арабша оңашалану деген сөз, жарық дүниеден қол үзіп, жер астында жеке дара өмір сүру арқылы бұл дүниенің күнәларынан бойын аулақ ұстау, тазалану, сөйтіп, Хаққа жақын болудың бір түрі ретінде Яссауидің өзі енгізген амалы болып табылады) жасап, жер астынан жай тұрғызып, жарық дүниемен тек шәкірттері арқылы байланысып, сол жер астында осы кітабын жазған. Яссауи бұл қолжазбаны 63-73 жас аралығында жазғаны, сөйтіп, өзінің өмір бойы жинап, жазып жүрген ойларын өлең түрінде бір жүйеге түсіргені туралы пікір ақиқатқа жақын. Барлығы - 149 хикмет-жыр, ғалымдар оның 70-тен астамын ақынның өзінікі, басқасын шәкірттері кейін қосқан дейді. Яссауидің кітабын тақырыбы жағынан екі топта жіктеп қарастыруға болады. Біріншісі – сопылық ілімнің мазмұнын өлең түрінде жырлаған хикметтер тобы. Бұған уағыз – насихат, өсиет үлгісінде жазылған тәлім-тәрбие сипатындағы хикметтер жатады. Ал екінші тобы – ақын өз кезіндегі дәуір, қоғам бейнесін жасайтын лирикалық шығармалары. Бұл, жинақты бір жағынан, философ Яссауидің дүние танымының мазмұнын баяндаған және екінші жағынан, сопылық ілімнің әдеби нұсқасын берген өлең-жырлар ұстаздың шәкірттеріне, болашақ ізбасарларына, оқушыларына арнаған сөзі деуге болады:

Бісміллә деп баян етіп хикмет айтып,

Тәліптерге дүр уа гауһар шаштым, міне, –

деуі содан. Мұндағы тәліптер деп отырғаны – шәкірттер деген сөз. Жинақта бүкіл адамзатты толғандырған "Тіршілікті жаратушы кім?", "Өмір дегеніміз не?", "Адамның өмір сүрудегі мәні мен мұраты не?" деген сұрақтарға Яссауи да жауап беруге тырысады. Яссауи хикметтері бойынша ғаламат ғарышты, шексіз өмірді, рух дүниесін жаратқан – құдірет пен хақ тағала. Ал адамның өмірінің мәні мен мұраты Алланың аманат етіп тапсырған рухани жанын дүние күнәсінен ада, таза түрінде алланың өзіне о дүниеде қайтарып беру парызында деп түсіндіреді. Сөйтіп, адам Алланың тұтастығынан бөлініп жаралған тағдыр бола отырып, енді қайтадан сол тұтастыққа, Алламен рухани бірігуге дайын болуға тиіс деп табады. Хақ тағала сеніммен, рухани бірлікпен суарылған махаббаттың мазмұны жеке құлқынның ләззаты емес, қайта өзін-өзі дүние қызығынан шектеу дейді. Сондай махаббат қана нағыз пәк, берік болмақ деп, оның небір керемет поэтикалық бейнелерінің түркі халықтары ұғымындағы махаббат ғажайыптары суреті арқылы көркем үздік образдар жасайды. Ғылым мен ілімге (сопылыққа) тек махаббат жолымен ғана жетуге болатынын айтады:

Махаббаттың дариясына шомылушы

Ғылым, амал қыл, қалар көп үлгісі, – дейді.

Мұндағы амал деп отырғаны – сопылықтың шарттарын орындау әрекеттері. Жинақта хақ жолынан тайдыруға итермелеуші шайтан, нәпсіхауа образдары махаббатқа қарсы қойылады. Адам өмірінің мәні өз бойын, өз рухын сол



шайтан мен нәпсіхауаға алдырмауда дейді. Ғашықтықтың шын азабын тартқандай, "өлмек бұрын жан бермектің дертін тарттым" деп, бар өмірін Алла жолын таза күйінде ұстау үшін күреске арнауды насихат етеді. Қожа Ахмет Яссауи философиялық мазмұнға құрылған хикметтерінде көбіне ойшылдығын танытса, өз ортасын суреттеуде әр құбылыстың мәнін көре білетін реалист суреткер ретінде көрінеді. Әр оқиғаға өзінің бағасын ашық айта білетін, әркімге тиесілі анықтамасын бере алатын шыншылдығын, сыншылдығын байқаймыз.

"Диуани хикмет" – сыншылдық дәстүрдің басы. Өз заманының дағдарыстарына дауа іздеуде Яссауи өз көзқарасы тұрғысынан мынадай тұжырымдар айтады. Алла сыйлаған жарқын өмірдің қасіретке толып, азып-тозып азғындауына адамдардың өздері кінәлі. Адамның ниеті, пиғылы, құлқы, жүріс-тұрысы, мақсат-мүддесі заман қайшылықтарын туғызады деп табады.

Біліңдер достар, Хақ Расулдың елшілері,  
Замана күннен күнге азар болды...  
Патшалар әділдікпен үкім қылмас,  
Қазылар пара алмай арыз алмас... –

деп Яссауи заманның азуына әділетсіз патшадан бастап, тағдырына қанағатшылық етпеген пиғылы нашар пақырлардың бәрін кінәлі етіп айыптайды.

Ақын өз шығармаларында, әсіресе ислам дінін таратушы, уағыздаушы, шарифат сөзін сөйлеуші, сақтаушы болуға міндетті ишан, молда, мүпти, сопы, дәруіш сияқты дінбасыларды қоғамдық сана-сезімнің алдыңғы өкілі ретінде қарастырып, олардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының, адамгершілік қасиеттерінің рухани биіктікте көрінуін талап етеді. Сондықтан да қоғам қаймағы, рухани жалауы болған сол топтың азғындыққа түсуі заман азғындауының себепшісі екенін айтады.

Ишан, шейх, қожа, молда дүние іздер,  
Сырын білмес топ халықты келіп алдар,  
Аят, хадис сөзін қойып малды іздер...  
Шейх деп салар сарай, жинар дүние,  
Алла үшін қылған зәре амалы жоқ...  
Ғалымдардың айтқан сөзін дұрыс білмес,  
Нағыз дәруіштерді көзге ілмес, – деп ашынады.

Мұнда заманда әділеттікті, Хақ істі жақтаушылар қуғындалып, ал мансап үшін пара беріп, дүние үшін арсыздыққа барғандар қоғам басшылары болып, билік құратынын әшкерелейді. Яссауи өз заманынан сонда да күдер үзбей, адамгершілікке шақырады, жақсыны үлгі тұтып, ізгілік нышанына қуанады. Ол өз уақытының бейнесін жасап кеткен ақын әрі сол қоғамның белсенді қайраткері де болды.

Сопылық "мистикалық" ағымның түркі-тілдес тармағының негізін қалаушы Ахмет Яссауи шығармалары тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ рухани мұра екені бәрімізге мәлім. Тарихтан бізге белгілі, ислам дініндегі сопылық ағым VII—VIII ғасырлардан басталады.

«Диуани Хикметте», негізінен, төрт нәрсеге аса көңіл бөлінеді. Олар: шарифат, тарихат, хақиқат, мағрифат.

«Шарифат» ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы «тарихат» сопылықтың идеясы, сопылық мүддесіне жеткізген жол, «хақиқат» кұдаймен бірігу оған жақындау, «мағрифат»— дін жолын танып, оқып білу. Ахмет Яссауидің пікірінше «Шарифатсыз», «Тарихатсыз», «Мағрифатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес. Ақын мұны өз өлеңінде былай деп өрнектейді:

Ути ғұмырым шарғатқа неталмадым,  
Шарифатсыз тарихатқа уталмадым,  
Хақиқатсыз мағрифатқа баталмадым,  
Катиг иуллар пырсыз ничук утар достлар.

Өтті өмірім шарифатқа жете алмадым,  
Шарифатсыз тариқатқа өте алмадым,  
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,  
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтем достар...

Міне, түсініп отырсыздар, мұнда Яссауи сопылық ілімдерінің өте күрделі екенін, діни мистикалық сарындағы бұл төрт қағиданың арғы жағында үлкен философиялық арналардан бұлақ көздері бітеліп жатқанын меңзейді. Яссауи өз хикметтерінде сопылық дін ілімі туралы өте көп әрі шын беріле айтады, ол бұл шын мәніндегі білім деп айтады, ал сопылықтың барлық ұсақ-түйегін білмейтін адамды ол «надан», «түк білмейтін», «жалған сүюші», «жалған сопы деп есептеді. «Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағым, Баға жетпес інжуімді құнын білмеске сатпағын», — деп, бар жан-дүниесімен сопылыққа берілген Яссауи, - "егер мен басымнан айырылсам да, бұл жолдан маған жалт беру жоқ», - дейді. Ахмет Яссауи арқылы сопылық түркі-тілдес халықтардың рухани танымында шешуші орын алды. Сопылық философиялық жүйе ретінде адамдардың дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Бұған дәлел Яссауиден кейінгі көптеген қазақ ақын-жырауларының шығармаларынан да сопылықтың тікелей әсерін байқаймыз.

Қазақстан мен Орта Азия халықтары арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына мына жағдай да әсер етті. Ол өз ілімін жеңіл және түсінікті тілмен, әсем бояулы өлең, жырларымен баяндайды, сопылық идеяларды жергілікті салт жырларымен үйлестіре дәріптейді. Ахмет Яссауидің Орта Азия мен Қазақстанның түркі-тілдес халықтары арасында зор беделге ие болуы Яссауидің ислам заңдарын Шығыс сопылық ілімдік лангейзммен және бақсылық жыры элементтерімен икемді үйлестіре алуынан еді Яссауи былай дейді: «Кімде-кім құдайды есіне алса, ол онымен табысқанын көре алады». Сондықтан да Яссауи үшін құдайды тану өзін-өзі танумен бірдей. Сопылықтағы доктрина құдайды мистикалық сүю болып табылады. Яссауи ілімінде бұл доктрина оның «таным» теориясының бөлінбес бөлігі бола тұрып, ерекше орын алады. Яссауиден бұрын түркі нәсілдері Тәңірге табынатын болса, енді олар Аллаға сыйнатын болды. Яссауи сопылығы арқылы бүтін шығыс философиясымен, әлемдік діни философиямен хабардар боламыз. Сопылықтың ықпалын,

Яссауиден кейін өмір сүрген көптеген ақын, ойшыл ғұламалардың еңбектерінен кездестіреміз. Ахмет Яссауи өмірінің ақырғы он жылын жер астында жасалған мінәжатханада өткізеді. Сопы «алпыс үшке келдім, енді былайғы өмірім күпірлік, пайғамбардан аспақ күнә» деп өзіне бір тоқтам жасайды. Қылуette тіршілік еткен ақын өмірдегі жиған-терген, естіген, көрген, оқыған білгендерін сарапқа салып, қияли күй кешеді. Осы фактінің өзі, нақ сол сопылық Мұхаммедті жаратылыстан тыс адам ретінде көрсетіп, оны құдай қатарына қосты және ол Мұхаммед заманына оралуды уағыздады.

Ахмет Яссауи өзінің ұзақ өмір жолын түйіндей келіп:

Қожа Ахмет, басынды елге ие біл,

Ақиқатты таза сүйе біл.

Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен

Халық қана дүниеге ие бұл, - деп, Ахмет Яссауи тек насихатшысы емес, XII ғасырда өмір сүрген философ, ұлы ғұлама мейірімді, кішіпейіл ойшыл ақын ретінде түркі жұртына танымал болды.

Тарихи тұрғыдан түркі ислам философиясының қалыптасу процесі ұзаққа созылды. Тарихта түріктер Аббаси, Самани, Қарахан, Селжұқ және т.б. мемлекеттік жүйелерде ислам өркениетінің кең таралуына, өркендеуіне жан-жақты үлес қосты. Бұл үлестерді мемлекеттік басқару, моральдық құндылықтар, жауынгерлік-соғыс өнері, дін ғылымы, философия, астрономия, математика, тіл, мәдениет, дін және әдебиет салалары бойынша талдап көрсетуге болады. Әр сала бойынша түрік-ислам өркениетіне жол салған тарихи тұлғаларымыз Фараби, Ибн Сина, Матуриди, Баласағұни, Қашқари, Иүгнеки, Яссауи және т.б. сияқты даналарымыз болатын. Бұл өркениеттің негізінде Құран жатыр. Мысалы, Фараби Құрандағы болмыс, Алланың заты, сипаты, саналар әлемі, мемлекеттік жүйе, кемел адам мен кемел қоғамның мәнін рухани арылу мен рухтың дамуына негіздейді. Ибн Сина да Құрандағы рухани хәлдер мен махаббат және құдайлық ғашықтық мәселесін сөз еткен. Матуриди болса, тауил және тафсир, ақыл мен нақыл, амал мен ой теңдігін, негіздері мен ұстанымдарын реттеді. Баласағұн Құрандағы құт-хикмет мәселесі төңірегінде ой толғады. Қашқари Құран аяттарын түркі тілінде сөйлетті. Иүгнеки мен Яссауи Құран хикметін моральдық-этикалық тұрғыдан түсіндірді. Құран арқылы ойлау жүйеміз жалпы қоршаған әлеміміз болмыстық, мазмұндық, құндылық тұрғысынан қайта түлеп, толықты. Құран мен хадисті негізгі танымдық өлшем деп білетін түркілік сопылық мектеп, Алланы оның аяттары мен сипаттары арқылы білуге тырысатын ислам дінінің ішкі мәні болып табылады. Қазақ даналығының негізі сопылық философиямен тікелей байланысты. Даналық, хикмет, терең ой, сарын, сыр сияқты категориялар қазақ ойлау жүйесінің негізгі іргетасы.

Жалпы, түркілік даналықтың, сопылықтың бастауы осы Орта Азия, оның ішінде Түркістан, Сыр бойында кең тараған Яссауи мектебінен бастау алатындығы тарихтан белгілі. Орта Азияда ислам, фикх, философиялық мектептер де кеңінен дамығандығы мәлім. Ислам өркениеті тұрғысынан бұған сай келетін интеллектуалдық дәстүрлер теология-кәлам,

ислам философиясы және сопылық-даналық болды. Әрбір сала өзара бір-бірін толықтырып тұратын танымдық, әдістемелік табиғаты мен ұстанымдары арқылы ерекшеленді. Ислам дін ғылымдарының қалыптасуының нәтижесінде олардың танымдық ерекшеліктеріне қарай ғылым сыныптамасы жасалды. Бұл сыныптамалар бойынша ғылымдар нақли (аяндық) және ғақли (адамдық) болып екіге бөлінді. Тафсир, хадис, фикх, кәлам, сопылық сияқты ғылымдардың міндеті, негізінен, Құран мәтінін түсіну және түсіндіру болғандықтан, нақли ғылымдар қатарына жатады.

Исламдағы әрбір ғылымның зерттеу нысанына қарай қарастыратын мәселелері мен сұрақтары да, ұстанымы мен идеясы да өзгеріп отырады. Кәламның мақсаты негізінен ғақли әдістерді қолдана отырып, қалыптасқан сенім (доктрина) негіздерін қорғау, анықтау және негіздеу болып табылады. Алайда әдістер қаншалықты рационалды болса да, негізгі мақсат иманның қорғалуы болатын. Кәламды нақли ғылым қылған оның Құранмен доктриналық байланысы, ал рационалды қылған философиялық, логикалық әдістерді жоғары деңгейде қолдануы болатын. Кәлам ғылымы Алла, әлем және адам ретінде тізбектелген болмыс түрлерін Алланың Бар және Бір екендігін дәлелдеу логикасымен топтастырса, ал сопылық Алланың болмысын, оның Бар екендігін (мағшук) Алланың махаббатына жету идеалымен ауыстырды. Ислам ғылымдары жүйесінде хикмет маңызды орын алады. Кәлам ғылымының даму процесінде қарастырған мәселелерінің оны өздігінен философияның зерттеу аясына тартқандығын, бұл проблемалардың уақыт өте келе философияның қарастыратын мәселелерімен параллель болғандығын және сол себепті де кәламды философиямен байланыстырғандығын көруге болады.

Бұған қоса ислам философиясына діни ақиқат ұғымы тұрғысынан қарағанымызда осы дәстүрдің хикмет ұғымына жақын екендігін көруге болады. Философияның көзқарастар желісі бір мәдени кеңістіктерден асып, келесі бір мәдениетке үздіксіз еніп отыратын мұра. Ол ақиқат теориясы шеңберінде пайғамбарлық таныммен үндесіп, философиялық хикметке байланысты интеллектуалдық ой желісі, діни мәтіндердегі хикметтің мағынасына ауыстырылуы нәтижесін туғызған. Бұл түсіну формалары хикмет ретінде философия пайғамбарлықтан пайда болғандығы үшін (мишкат-ул нубуа) яки пайғамбарлық танымның философиялық ақиқатты қамтитындығынан философия діни негіздегі интеллектуалдық әрекет ретінде қабылданды. Бұл қабылдау формаларына мысал ретінде әл-Фарабидің “Мадина-ул-фадила” (Парасатты ел) теориясын “миллату-ул фадила” (парасатты дін) теориясымен тұтас қарастырғандығын айтуға болады.

Сонымен, кәлам, философия мен сопылықты өзара байланыстырушы негізгі фактор исламның қасиетті кітабы Құран және Құрандағы Алла, әлем және адам туралы терең ойлы рационалды негіздердің болуы дер едік. Жоғарыда көрсетілгендей, Құранда Алланың өзін танытуы, біртұтас әлем туралы мәлімет беруі және адамды болмыстардың ішіндегі маңызды орынға қоюы, ислам өркениетіндегі осы үш ғылым жүйесінің тақырыптары мен мәселелерінің ортақ болуы өзара байланысты күшейтті. Алайда бұл

байланыстың тарихи себептері де бар. Кәлам, философия мен сопылық әр бірі өз салаларында қалыптасу, даму сатысын аяқтап, нәтижесінде тарихи үлкен мұраларды дүниеге әкелді. Осы мұраларда интеллектуалдық тәжірибелер әдіс, сөйлем мен ұғыну мәселелерін шешу үшін өзара диалог жасауға мәжбүр болған. Осы диалогтар нәтижесінде үш түрлі таным яки көзқарас өзара ықпалдасты. Кәлам ғылымы өзінің зерттеу объектісіне "қай сенім?" сұрағымен қараса, философия "қай дәлел?", ал сопылық негізінде "қай адам?" сұрағымен қатынас жасайды. Берілетін жауаптар да ретімен сүннет және жамағат, дәлел (бурхан) және толық адам (инсан-и камил) болып келеді. Тақырыптары бір және ортақ болғанымен Алла, әлем және адам қатынасын әрқайсысы өзіндік сұрақтар мен ұстанымдар арқылы әдістемелік негізде тұжырымдаған. Таным және әдістемелік мәселе сопылық танымның ислам философиясы тарихындағы орнын ашып көрсетуге жарайды. Дегенмен кәлам, философия мен сопылық салаларындағы ойшылдардың Алла туралы тұжырымдарын тарихи тұрғыдан салыстырғанымызда сопылардың Алла түсінігі жоғары тұрғандығын көреміз. Сопылардың адам мен Алла арасындағы байланыс орнату, онымен үйлесімді болуы үшін жасаған теорияның негіздері мен практикалық психотехникалық әдістері кейінгі ислам философтарына терең ықпал етті. Сонымен, ислам философиясы тарихындағы кәлам, сопылық және хикмет арасындағы өзара әдіс, таным және ойлау жүйелері арқылы қалыптасқан Алла, әлем және адам қатынастары арқылы қоғамдағы танымдық басымдылықты да көрсетуге болады. Санадағы ақиқат - өмірдегі қолданыстардың кескіні. Сондай-ақ үш саланың да негізгі өлшемі құдайлық аян екендігі белгілі жайт.

Сопылық - құт ілімі, даналық. Ал даналық - хикмет. Барлық хикмет атаулының иесі - Алла. Сопылыққа осы жолдың өкілдері өздерінің хәлі мен мақамдарына қарай әртүрлі анықтама береді. Сопылықта ең басты ұстаным - хәл. Ол тікелей рухани, психотехникалық тәжірибе арқылы дамыды. Сондықтан сопылық философия категориялық, ұғымдық құбылыстарды анықтаудан басталады. Ал сопылық категориялық ұғымдардың мазмұны да суфидің мәні сияқты әрбір сопылық ағымдар (тариқат) шеңберінде құбылып, өзгеріп отырады. Сонымен сопылық тәжірибе - құралсыз тікелей жүзеге асырылатын тәжірибе. Демек, бұл тәжірибеде адамдық ешқандай сезім немесе ақылдың көмегінсіз, Тәңірмен тікелей байланысқа түседі. Бұл бірлік, тұтастық тәжірибесін тілмен жеткізу, мүмкін емес. Бұл байланыста субъект пен объект арасындағы айырмашылық жойылады. Мұндай хәлді жеткізуде тіл, ойлау құралдары дәрменсіз. Сөзбен түсіндірудің мүмкін еместігі өз алдына, суфидің тәжірибесі - субъективті хәл, оның басқаларға түсіндірілуі, жеткізілуі мүмкін емес. Бұл хәл - трансцендентті табиғатта болғандықтан сөзбен айшықтау, бұл хәлді басынан өткізбеген кісіге түсіндіру тағы мүмкін емес. Сондықтан суфилер хәлдерін түсіндіру үшін символдарға, антропоморфты ұғымдарға, метафора, теңеу сияқты жабық ұғымдар мен символдық, образды терминдер қолданады.

Иасауи хикметтеріне қарасаңыз, Қасиетті Құраннан, Хз. Мұхаммед

пайғамбардан, Али Шерден, Мансұрдан және Арыстан баптан бері келе жатқан сара жолды көруімізге болады. Міне, Қожа Ахмет Яссауи жолы - осы сопылық жол. Осы жолдың басты пірі - Әбул-Муғис Хусейн бин Мансұр әл-Халлаж әл-Байдауи аты аңызға айналған әулие. Қазақ мұсылмандық түсінігінің негізі - осы сопылық, Халлаждан бастап Яссауи арқылы жалғасып мәнге айналған. Осы мәнді Иасауи мәдениеті мен жолының жәдігерлерінен де көруге болады. Иасауи дүниетанымында бұл мән тұтастық негізде қарастырылады. Сопылық мәдениеттің ең негізгі өкілдері мен мектептері туралы мәліметтер «Диуани Хикметте», Жауахир ул Абрарда, Мират-ул Қулубта және т.б. Яссауиге қатысты дерек көздерде қамтылған.

Яссауи тариқаты - түркі сопылық дүниетанымының негізгі ұстындық ерекшеліктерін бойына сіңірген жалпы ислам сопылығының ажырамас бөлігі. Тариқаттың қалыптасу кезеңінің алғашқы тарихи, діни, саяси алғышарттары XI ғасырларға дейінгі түріктердің мұсылман кеңістігі ішіндегі әртүрлі ағымдардың пайда болуымен қатар жүріп жатқан Ислам Аббаси халифатынан тәуелсіз жекелеген саяси биліктердің (хандықтардың) қалыптасу дәуіріне сай келеді. Бұған қоса сол дәуірдегі ислам өркениетінің материалдық-рухани тұрғыдан басқа мәдениеттерге қарағанда үстемдігі, ислам дінін қабылдаудағы түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы Көк Тәңірі сенімі, құрбан шалу ритуалдары, рухтың мәңгілігі, этикалық-моральдық түсініктеріндегі алып-ерендік, батырлық, әділет құндылықтарының ескі түрік төресіндегі орны, олардың жуынгерлік рухы сияқты құбылыстар мен ұғымдардың Яссауи іліміндегі тек Тәңірі, құрбан, рухтың өлімсіздігі, ақырет түсінігі, исламдағы жауанмәрттік ахлақы, әділет, және ішкі жиһад ұғымына формалық жағынан ұқсас болатын. Түріктер мұсылман болған соң тарихын, салт-дәстүрін, қысқасы мәдениеттерін исламдық рухпен қайтадан қалыптастырды. Дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізі сыршылдық (мистикалық) дін екендігін ескерсек, сопылық дүниетанымның түрік мұсылмандығының ең маңызды ерекшелігін қалыптастырудағы себептерін ұғыну қиынға соқпаса керек. Қожа Ахмет Яссауи тариқатының негізгі ерекшелігі туралы Хазини өзінің "Жауахир ул Абрар мин Амуаж-ил Биһар" (Теңіз толқындарындағы ізгіліктің гаухарлары-сөздік аудармасы, ал мағынасы "Хақ жолындағы әулиелердің сырлары") деген еңбегінде мәлімет қалдырған. Онда Яссауи тариқатының негізгі он этикалық (адаб) ұстанымды қамтылған.

А) Ұстаз бен шәкірт арасындағы қатынас: Ә) Тариқат жолының түпкілікті (аһкам) үкімдері, Б) Шайх болудың шарттары, В) Тариқаттың міндеттері, Г) Тариқаттың дәстүрлі жолы (сунна), Ғ) Тариқаттың алты ерекше қасиеті (мустаһаб), Д) Тариқаттың алты этикалық тәртібі, Е) Тариқатқа кірген муридтің кемелдікке жетуінің төрт шарты бар: Кеңістік (макан), заман (уақыт), бауырмалдық-өзара ынтымақтастық (ихуан), мемлекет басшысына риясыз беріктік (рабт-и Султан), Яссауи тариқатында зікір мен қылуат рухты арылтудың негізгі әдістері, яғни, құрал мақсат емес.

Яссауи философиясынан сөз қозғау - оның дүниетанымдық ұғымдары мен категориялық құбылыстарын анықтаудан басталады. Ал сопылық

категориялардың мазмұны сопының хәлі сияқты әрбір сопылық тариқат шеңберінде құбылып, өзгеріп отырады. Сопылық тәжірибе - "адамдық меннің" ешқандай сезімнің немесе ақылдың көмегінсіз, Тәңірмен тікелей байланысқа түсу тәжірибесі. Оны тілмен жеткізу қиын болғандықтан, анализ жасау да мүмкін емес. Мұндай хәлді жеткізуде тіл, ойлау құралдары дәрменсіз. Сөзбен түсіндірудің мүмкін еместігі - сопының жеке тәжірибесі, басынан өткен хәлі болуында. Бұл хәл трансцендентальдық мәндегі құбылыс болғандықтан, оны сөзбен айшықтау, бұл хәлді басынан өткізбеген кісіге түсіндіру одан да қиын. Сондықтан сопылар хәлдерін түсіндіру үшін символдар, антропоморфты ұғымдар, метафора, теңеу, сияқты ауыспалы мағынадағы символдық-бейнелі терминдер қолданады. Сопының хәлі - үздіксіз процесс.

Яссауи философиясы бойынша болмыстың жаратылуы мен тіршілігінің себебі - адам. Адам әлемнің тірегі, орталығы. Ол сырттай халықпен, іштей Хақпен біртұтас. Негізінен алғанда Яссауи көзқарасы адамның рухын арылтып, еркіндікке жетелейтін, өзіндік ерекшеліктері бар сопылық дүниетанымға негізделген. Бұл дүниетанымның мақсаты - жүректің пәктігі мен тазалығы. Иасауидің "Көңілдің айнасы" атты рисаласы да тікелей адам және оның көңіл әлеміне қатысты жазылған. Көңіл руханилығы жағынан ақиқаттың көрінісі. Ақиқаттың көрінісі болуды оған Алла жүктеген. Дегенмен мына дүние сынақ алаңы болғандықтан көңілді жатсынуға, шарттануға мәжбүрлеп, алдауына түсіре алады. Көңіл алданса, болуы тиіс биіктіктен көріне алмай да жатады. Бұл жағдайда көңіл (жүрек) иесін бұл дүниеде, ақиретте бақытқа жеткізуші емес, керісінше сорға батырады.

Сондықтан көңілді (қалб) өзінің жаратылыс мақсатына сай бағыттап, бақылап, құдайлық мақсатпен үндестіру үшін оны дамыту, тәрбиелеу өте маңызды мәселе болып қала бермек. Яссауидің көзқарасы бойынша, дүние - сынақ, кедергі асулар көп, ал нәпсі - шайтан адамға өз дегендерін оңай қабылдатуға шебер. Яссауи философиясында болмыс мәселесі Тәңірдің хикметімен тығыз байланыста қарастырылады. Оның дүниетанымы бойынша болмыс - адамның мәнін тануда арнайы ұстанымдар мен концепцияларға негізделген нақты категориялық негізі бар, біртұтас хикмет ілімінің басты мәселесі. Сопылық дүниетанымда болмыс дегеніміз - сынақ. Яссауи философиясында Алланың жаратуы - "Мұхаммед нұрының" ақиқатын паш ету. Исламда жарату жоқтан бар ету ретінде түсіндіріледі. Ислам философиясы бойынша адам өзіндік мақсаты бар, мойнына парыз міндеттелген, жауапкершілік жүктелген, яғни еркіндікке ие болмыс ретінде жаратылған. Демек, адамның жаратылуында мақсат бар. Яссауи бұл мәселені "Сізді, бізді Хақ Жаратты тағат (ғибадат) үшін"-деп түсіндіреді. Мұндағы "тағат" ұғымы "шынайы құлдық" дегенді білдіреді.

Демек, адамның жаратылыс мақсаты - құлдық. Құлдық махаббатпен және ықыласпен жасалғанда ғана мәнді болады. Тағат пен махаббат адамды Тәңірді тану (мағрифат) жолына ұластырады. Сопылық дүниетанымда нәпсінің әуейілік пен еліктеушілік қасиеттері, ал рухтың ақыл мен қайрат қасиеттері бар деп есептелгенімен, бұлар ақылдың тиянағы үшін жасалған

анықтамалар. Адам адамдық мәнге жету үшін рухты арылтып, оны ақыл сипатымен сомдағанда ғана Тәңірдің "Ғылым" сипатының шынайы көрінісі болып, адамдық санаға қауышады. Құранда "нәпсі" сөзі "Тәңірдің заты," "адам жаны", "қалб", "көкірек", "адам тәні", "тәнмен біріккен рух", "адамды азғыратын күш", "жыныс" секілді сегіз түрлі мағынада қолданылған. Яссауи үшін нәпсі - ақиқатқа, мәнге барар жолдағы кедергі немесе асуды білдіретін символдық ұғым. Оның ілімінде нәпсі адамның адамдық санатын жоятын ішкі психологиялық аурудың сыртқы, қоғамдық өмірдегі көріністері түрінде берілген. Яссауи ілімі теориялық-философиялық доктриналар жиынтығы емес, ар түзейтін ғылым болғандықтан нәпсіні практикалық тұрғыдан танытады. Яссауи көзқарасындағы нәпсіні тыю - дүниеқұмарлық және махаббат арасындағы тепе-теңдік пен өлшем мәселесі.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз Хз. Мұхаммед пайғамбарды өзіне үлгі қылып, соған еліктеген. Түріктерге пайғамбарын, дінін танытып, ұғындырған, сүйдірген, пайғамбардың жолымен жүріп, өзі де түріктерге жол басшы рухани ұстаз болған тұлға. Міне, Құрандағы "үлгі алу", "сондай болуға тырысу" деген үкім Құранда Ахзаб сүресі (33), 21-ші аятта "сіздер үшін Алланың елшісі ең көркем, кемел мысал, үлгі" ретінде берілген. Ал енді пайғамбарға ұқсап бағу үшін мұсылманның оның ісін, сөзін, амалы мен мінезін, парасаты мен кемелдігін, яғни тұлғасын тануы шарт. Өйткені "Сен болмағанда әлемді жаратпас едім" хадисіндегі барлық әлемнің жаратылу себебі де осы "Мұхаммет нұры" болатын. Ахмет Яссауи "Диуани Хикмет" атты еңбегінде өзінің де алғашқы рух әлемінде "Мұхаммет нұрынан" үлес (файиз) алғандығын баяндайды. Соңында Яссауидің Хз. Мұхаммедті танытуындағы мақсат пайғамбарлық нұрды барлық момын-мұсылмандар тапсын, тіршіліктің зұлматынан нұрдың жарығы арқылы Алланың рахметіне жетсін деген ниет, түсінік, ой жатыр. Яссауи адамның мәнін "рух" деп танып, оның психологиялық ерекшеліктерін Құранның аяттарымен үндестікте, ал рухани жетілу концепциясының практикалық ұстанымдары мен моральдық ұстындарын адаммен және қоғамдық өмірмен тұтастықта қарастырғандығын оның йақин философиясынан айқын аңғаруға болады.

Яссауидің көзқарасы перде-әлем-мақам-йақин-мужахда-инаят-махаббат еңберінде тұжырымдалады. Оның "...бірінші мақам - малакут, екіншісі - лаһут, үшіншісі - насут, төртіншісі - жабарут" деп, әлемдерді рухани кемелденудің мақамдары ретінде ұсынып, "Жабарут мақамы - шарифат, Малакут мақамы - тариқат, Лаһут мақамы - мағрифат, Насут мақамы - хақиқатқа сай келеді" деу арқылы абстрактілі-категориялық әлемдерді хәл іліміндегі шарифат, тариқат, мағрифат, хақиқат мақамдарымен тұтастықта қарастырып, теориялық-категориялық деңгейдегі метафизикалық әлемді қоғам өміріндегі моральдық-рухани жетілудің сатылары ретінде танытқан. Яссауи ілімінде осы мақамды ашудың сатылары бар. Олар - шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқат. Осы мақамдарға сай иман да дәрежелерге жіктелген. Шарифат сатысындағы иманды "иман-и бостан", тариқат иманына "иман-и гүл", хақиқат иманын "иман-и нұр", мағрифат иманын - "иман-и сыр" деп иман дәрежелерін ажыратып көрсеткен.



Демек, Яссауи іліміндегі "иман-и нұр" дәрежесі жоғарыда келтірілген "Мират-ул Қулуб" рисаласындағы хақиқат иманы болып табылады. Ал "иман-и гүл" түсінігі тариқат мақамының, яғни ғашықтық жолының иман категориясын көрсетеді. Бұл шарифаттың "иман-и бостан" дәрежесінен жоғары тұр. Өйткені "иман-и гүл" сопылық дүниетанымда "жаратылғандарды Жаратқан (Тәңір) үшін сүю" ұстанымына негізделген. Демек, "иман-и гүл" категориясы Абайдың ауадан ала салған түсінігі немесе ойлап тапқан символы емес, Яссауи жолындағы сопылық мәдениеттің негізгі түсінігі болып табылады. Жоғарыдағы Яссауи көзқарасындағы жетпіс мақам, жетпіс мың перде, он сегіз мың әлем, жеті йақин, қырық мақам, төрт негізгі элемент: топырақ, су, от және ауа, төрт саты: шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат; жеті рухани мәртебе; төрт дария, елу дәреже сияқты сан мен сапаның тұтастығын көрсететін философиялық ойлау жүйелері негізінен өз алдына жеке зерттеуді талап етеді. Яссауи ілімінің мәніне жету үшін бірінші мәселе ретінде терминология тұр. Терминология мәселесін шешу үшін алдымен сопылықты зерттейтін мамандар қажет. Әрбір сопылық жолындағылар өзара арнайы тіл қалыптастырған, нәтижесінде сопылық терминология пайда болды. Адамның өзін-өзі дамытуы оның ішкі және қоршаған әлемінен алған тәжірибелер арқылы жүзеге асады. Демек, адамды тану үшін оны қоршаған ортасы, өткені, дүниетанымы тұтастай бірге қарастырылуы керек.

Бұл тұтастық бұзылса, адамның тұтастығы да бұзылады. Яссауиді түсіну тарихтың үш кезеңін тұтас қарастыруды қажет етеді. Өткен тарихта, бүгінде, келешекте де Яссауиді түсінудің жолы өте нәзік діни мәселелерді сала мамандарының қоғамға дұрыс жеткізуіне байланысты. Яссауи өзінің психотарихын бір жасынан бастап алпыс үш жасқа дейінгі өсу сатысын хикметтерінде көрсетіп кеткен. Яссауидің де осы ілім жолында шәкірттік, дәруіштік, муридтік, ұстаздық шағы болғаны белгілі. Міне, осы кезеңдердегі оның айтқандарын тұтас қарастыруымыз керек. Сонымен қатар Яссауи мәдениетіне тән еңбектерді де көшіргендер өз ойларын қоса қабат жазып қалдырған. "Диуани Хикметте" де Яссауиден кейін өмір сүрген ізбасарларының хикметтері енген. Бұларды анықтап, нақтылап көрсету қажет. Яссауи көзқарасының мәнін өзіндік методологиялар арқылы түсінуге болады. Негізінен алғанда, Яссауи ілімінің мәні мен мақсаты, өзіндік әдісі шынайы ғашықтыққа негізделген. Шынайы ғашықтық - кемел сұхбаттың (Яссауи ілімінде кемел сұхбат адам мен адам; адам мен қоғам; адам мен табиғат; адам мен Тәңір; мәдениет пен өркениет; өркениет пен өркениет, т.с.с. арасындағы үйлесімділік пен тұтастыққа, бірлікке жетудің бірден-бір әдісі. Сопылық дүниетанымның негізгі категорияларының бірі болып табылатын сұхбат, хәл іліміндегі "өлу мен түлеуді" (трансформацияны) анықтайтын құбылыс) жүзеге асуына ықпал ететін ең басты үндестік себеп. Қорыта келе, Яссауи философиясы ислам діні негізінде қалыптасқан ғылымдар жүйесімен тығыз байланыста дамыды. Әсіресе танымдық, болмыстық, психологиялық және моральдық қағидалары мен ұстанымдары да ислам философиясымен параллель бағытта болды. Айырмашылығы

танымдық негізі мен әдістерінде жатыр, яғни Яссауи философиясы ішкі танымға, интуитивті қабылдау және тауил түсіндірмесін негізге алады. Негізгі мұраты хақиқат, Алланың дидары болса, оған жету үшін өзін өзі тану және рухани арылту ұстанымдарын таңдайды. Алланың Бар және Бір екендігін дәлелдермен емес, ішкі сезіну арқылы онымен үндесуді ғибадаттың негізі деп санайды. Алла, әлем және адам арасындағы тұтастық пен бірлікті айқын таным арқылы негіздейді. Айқын таным - Құранмен үндестікке, Алламен тұтастыққа, әлеммен үйлесімділікке жетелейтін иман арқылы мәнге айналудың жолы. Ол үшін танымның көзі жүректі пәк, қалби сали, яғни әлімсақтағы күйге жеткенше бақылап, тәрбиелеу шарт. Яссауи философиясы, рух туралы сыр. Оны түсіну үшін ұғымдар немесе категориялармен бағындыру, талдау мүмкін емес, ол жолды рухымен сезіну және сол жолда жүру шарт. Яссауи философиясы, хикмет. Танымы - сопылық. Қабылдауы тауил. Қазақ даналығының негізгі желісі. Бүгінгі ойлау жүйеміздегі, құндылық әлеміміздегі, мәдениетіміздің және өркениетіміздің арнасын нақтылайтын тұғырлардың бастауында Яссауи философиясы жатыр. Түркі дүниетанымы тарихында ислам негіздерін өзіндік ілім арқылы қалыптастырған тарихи тұлға, әулие дана ретінде орын алады.

Қ.А.Яссауидің хикметтерін Қазақстан халқы, сондай-ақ, Орта Азия жұртшылығы ерекше бағалайды. Көптеген көнекөз қариялар тәрбиелік мәні бар хикметтерін жатқа оқиды. Бұл хикметтер ислам және моральдық түсініктерді уағыздаудың ауызша үлгісі. Ол екі жүзге жуық хикметтің болашаққа берер тәрбиелік маңызы ұшан-теңіз.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Қ.Яссауидің хикметті жазуының негізгі мақсатын анықтаңыз
- Сопылық идеяның ірі өкілі - Қ.А. Яссауи сипаттаңыз
- Яссауи еңбегінің діни-тәрбиелік мәнін ашып беріңіз
- Қ. Яссауидің «Диуани Хикмет» еңбегінің философиялық маңызын көрсетіңіз
- Яссауи философиясындағы болмыстың жаратылуы идеясын талдаңыз

#### **Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Ақынның сопылық идеяны ұстануының мәнін қалай түсінесіз
- Яссауи философиясындағы өлім мен өмір мәселесін айқындаңыз
- Яссауи сопылық дүниетанымындағы «рух» және «құт» мәселесін нақтылаңыз
- Қ. Яссауидің таным териясын түсіндіріңіз
- Яссауи сопылық іліміндегі «сенім» мен «ақиқат» сипаттаңыз

---

### III. ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМ

#### 4.1 Қорқыт ата дүниетанымы және ақын-жыраулар шығармашылығындағы философиялық ой пікірлер



Қорқыт ежелгі түркі тайпаларының ІХ-Х ғасырында Сыр бойында ғұмыр кешкен ұлы ойшыл, философ, жырау, қобызшы, күйші және Кітаби Қорқыт жырларын тудырған, үлкен эпос айтушысы. Ежелгі түркілердің көрнекті ағартушысы болған Қорқыт ойшыл, әрі ақын, сазгер, әрі күйші, тарихта ерекше рухани із қалдырған халық даналығын жинаушы. ІХ-Х ғасырда орта Азиядағы мәдени оянуға Қорқыттың күйшілік дәстүрінің әсері өте үлкен. Қазақ халқы үшін оның эпостық жырлары мен музыкасы теңдесі жоқ жаңалық болды. Философиялық терең мағынасы бар, бүкіл түркі халықтарына ортақ мұралардың бірі, «Қорқыт ата кітабы».

“Қорқыт ата кітабы” бүкіл түркі-тілдес халықтарға ортақ аса көрнекті жазба ескерткіші. Бұл еңбекте тәлімдік мәні күшті афоризмдер, қанатты сөздер мен тағылымдық-танымдық идеялар, өсиет сөздер көптеп кездеседі. Қорқыттың есімін көшпенді түркі тайпалары ежелден қастерлеген. Сондықтан да халық: “Жыраудың үлкен пірі – Қорқыт ата, бата алған барлық ақын жырау, жұрттың бәрі таңғалып тұрады екен, қобызбен Қорқыт Ата күй тартқанда”, – деп тегін жырламаған. Қандай да қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін бұлжытпай орындаған. Қорқыт атадан қалған нақыл сөздерінен мысал келтірсек: “Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірі пендесінің маңдайына не жазса, сол болады”. “Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардың өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді”, – дейді.

Әрбір қисыны аяқталған сөзде жырау: «Бұл жырды менің атам айтып еді және сөзін де құраған болатын», деп отырады. Қорқыт ата кітабының екі түрлі нұсқасы бар. Бірі Дрезден (Германия), екіншісі Ватикан (Италия) нұсқасы. Дрезден нұсқасында 12 түрлі сюжет болса, Ватикан нұсқасында соның 6-уы ғана болған. Қазіргі кезде көп тілге аударылып, көбірек зерттелгені - Дрезден нұсқасы. Бұл жырлар жер жүзі туркологтарына мәлім.

Қорқыт ата кітабы өзінің тарихылығы, сюжеті, образдарының аралығы, суреттейтін өмір тұлғасы, салт-сана көрінісі жағынан қазақтың батырлық

жырларына ұқсас. Сондай-ақ Қорқыт ата кітабында исламнан бұрынғы мифология көріністері елеулі орын алады. Мысалы, Аруз батырдың қойшысы мен пері арасынан Төбекөз дәу туады. Оны Аруздың жау қолында өскен Бисат өлтіреді. Сол Бисатты жасында таудағы арыстан асырайды. Бұқат батырдың өгізді жеңуі, Домрулдың Әзірейілмен танысуы да мифологиялық желі. Бұл сарын «Оғызнамадан» келе жатқан Жетісу, Алтай, Қыпшақ, оғыз тайпаларының патриархат дәуірінде туған жаңа төтемдері болатын (арыстан, айдаһар, аю, т.б.). Қорқыт ата жырларында көшпелі тайпаларға тән табиғат құбылыстарына, яғни жылан, қасқыр, су, тау, ормандарға сиыну болған. Әр нәрсенің өз иесі бар деп, ол табиғатпен де тілдесе білген. Сондай-ақ көк тәңірге сиыну да туа бастайды. Қазақ аңыздарында аруаққа сиыну осы Қорқыттан басталады.

Қорқыт жырларында батырлық пен әсемдік, нәзіктік пен сұлулық қобыз сарынымен үндесіп, үлкен бір философиялық арналарға алып келеді. Қорқыт иісі түрік халықтарына ғана танылып қойған жоқ, ол Шығыс ренессансы үшін де көрнекті тұлға болды. Қорқыт жөніндегі философиялық аңыздардың бірі оның ажалдан қашуы. Қорқыт өзінің Желмаясына мініп ел кезіп жүреді. Қайда барса да, алдынан екі адам кездесіп көр қазып жатады. Қорқыт оларға: «Бұл кімнің көрі?» деп сауал қойса, олар «Қорқыттың көрі» деп жауап қатады. Ақыры ол суда ажал жоқ деп, Сырдарияға кілем төсеіп, қалған ғұмырын су үстінде өткізеді. Бірде Қорқыт қалғып кеткенде ажал «жылан» кейпінде келіп, оны шағып өлтіріпті дейді.

«Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» дегенде Қорқыт баба ғана емес, сол замандағы қоғам арасындағы қайшылықтар, әділетсіздіктер оны осындай пессимизмге алып келді. Сондай-ақ бұл сөздерде ертедегі сақ тайпаларының наным-сенімдері бар. Яғни, адам өмірін мәңгілік ету. Бұл ертеде өте бір философиялық астары бар ұғым. Адам өлген соң қайта өмір сүреді деп ойлаған болса, бақсылар Қорқытты дүниеге өлмей, тірі кетті деген. «Өлі десем, өлі емес, тірі десем, тірі емес» деген сөз осыдан қалған. Бұл ұғымның ізі Шоқан келтіретін «Өлі мен өмірдің достығы» деген ертегі де бар. Сонда ата-ана культіне ұсынған Қорқыт пендеге өлім парыз дейтін ислам идеясымен келіспегендігін көрсетеді. Қорқыттың өліммен қарсы күресуі және одан құтылудың жолдарын іздеп:

Көкке ұшқан құс жылайды  
Көп жасаған қарт жылайды  
Аспандағы ай жылайды  
Алты жасар бала жылайды,

деп айтылған өлең жолдарынан өлімге дауа іздеген Қорқыт философиясын танымыз. Болмаса (Семетейдің түсі):

Терек түптен тербеледі  
Теңіз түптен шайқалады  
Бұл немене болушы еді?

Ақсақ құлан туралы әңгімелегенде:

Терек түптен жығылады  
Кім тұрғызар, уа ханым?

Теңіз түптен былғанады  
Кім тұндырар, уа ханым?

Бұл екеуінің де философиялық жұмбақ мәні бір, екеуі де қорқыныштың, үрейленудің сезімін ақылмен жеңу туралы, соны әдемі тілмен айтып жеткізу.

Жалғыз-ақ қорқыныш біреуінде түс болып кірсе, екіншісінде атақты жырының қобыз үнімен, жүйелі сөзбен жұмбақтап айтқан түр де кездеседі. Дегенмен Қорқыттың тәңірді мойындауы мына нақыл сөздерінен байқалады:

«Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірі пендесінің маңдайына не жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп өлтірмейді. Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді».

Қорқыттың туған, жүрген, тіпті мазары тұрған жерлер жөнінде толып жатқан аңыз-әңгімелер бар. Аңыз бойынша, Қорқытты анасы құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Қорқыт туылатын күн ашық аспан тастай қараңғы түнге айналған қорқынышты күн болғандықтан баланың атын «Қорқыт» деп қойған екен дейді. Бұл жөнінде ел ішінде тараған өлең жырлар бар:

Қорқыт туар кезінде,  
Қара аспанды су алған.  
Қара жерді күл алған,  
Ол туарда ел қорқып,  
Туған соң, әбден қуанған.

Қазақ аңыздарында Қорқыт бір ғана бақсы емес, көптеген күйлер мен дастандар тудырған тарихи тұлға. Қорқыт жайындағы аңыздарды жинақтап келгенде, оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден, ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы шаман. Ә.Диваев бақсы шағатай сөзі, ол балгер, сиқыршы деген ұғымды береді деген. Бұл сөз манчижур елінде де бар. Оларда бақсы-ақылшы, ғылым дегенді білдіреді. Екіншіден, Қорқыт күйші, музыкант, ең тұңғыш қобыз сарынын тудырған адам. Үшіншіден, Қорқыт эпос айтушысы, әйгілі жырау, оның жырлары оғыз, қыпшақ өмірінен қалған әдеби тарихи мұра.

Қорқыт ата шығармалары уақыт өте келе, өзгеріске түсіп, ежелгі шамандық миф басқа жанрға ауысып, ескі идеяны жаңа тұрғыда, оған адам мен ажалдың, өмір мен өлімнің күресі деген терең философиялық мән бере баяндайтын көркем туынды болып шыққан.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Қазақ музыкасының атасы Қорқыт туралы эпостардың мазмұны өте зор, терең, ажалды тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмеген Қорқыт жұрттан беп айдалаға, табиғат аясына кетеді, бірақ таулар да, жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады. Содан қорқып, қарағайдан бірінші рет қобыз жасап, жер бетінде бірінші болып күй тартады. Сөйтіп, өлмеудің амалын өнерден табады», - деп айтады.

Міне, көріп отырсыздар, қазақ аңыздарындағы Қорқыт бейнесі өлімнен қашқан адам емес, керісінше, өмір сүрген және өмір үшін күрескен, өлімнен құтылуды қандай бір құдіретті күшпен емес, өнерден іздеген, ажалмен, айқасқан алып рухани тұлға. «Қорқыт күйлерін бүкіл дүние, жан иесі ұйып тыңдайды. Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатып, Қорқыт күйін

тындапты. Сарыарқа аңдары да Сырдарияның жағасына шұбырып келіп Қорқыт күйін тындайды. Сырдария ағысын тоқтатыпты, үстіне төселген Қорқыттың кілемі суға не ағып, не батып кетпей, су ортасындағы кемедей қалқып тұрып алып, Қорқытқа кішігірім арал болыпты»- делінеді аңызда. Күй тартып отырған Қорқытқа ешқандай ажал жақындай алмайды. Ажал күйден, күй тартушыдан өзін әлсіз сезінеді. Қорқыттың әлсіреген шағын күтеді. «Көп замандар бойы үздіксіз қобыз тартқан Қорқыт қалжырап, қалғып кетеді. Ізіне түсіп аңдыған қайрақ, жылан күйінде жорғалап келіп Қорқытты шағып алады. Қорқыт осыдан ауырып өледі» - дейді халық сөзі.

Соның өзінде де ажал ашық келмей, жылан кейпінде келеді. Бұдан халықтың өлімге деген көзқарасын, «өлім айтып келмейді» деген философиялық тұжырымның негізін көреміз. Аңыздың жалпы мазмұны қайғылы болғанымен оның идеясы, рухы жарқын әрі оптимистік. «Қорқыт өлген жоқ» дейді аңыз. Өйткені ол, біріншіден, ашық күресте мұқалған жоқ, екіншіден, оның күйі әлемге тарап, өлмес қасиетке ие болды. Демек, халық өзінің аңыздары арқылы «дүниеде өлмейтін нәрсе адам еңбегі, оның өнері» деген философиялық ойды тұжырымдайды.

Қазақ философиясының қайсыбір туындысын алмаңыз, адамның елі, жер үшін күресін, оның талантын, қабілетін, ерлігін, көркемдігін, әділеттілігін, адамның адалдығын негізгі өзек етіп ала отырып, жеке басының мүддесі үшін ғана емес, ел мүддесі үшін жасаған үлкен іс қана адам өмірін ұзартады деген ой айтып, философияның ең негізгі мәселелерінің бірі адам мәселесін жоғары көтеріп, оның өмірін қызықты, бақытты етуге әрекет жасалынады. Ал өмірдің өзі де адамға лайықты болуға тиіс. Осы жерде Қорқыт туралы аңыздың философиялық, эстетикалық мәнін, рөлін айта отырып, белгілі шығыстанушы ғалым, Шоқанның досы Г.Н. Потаниннің «Қазақ халқы өмірге тек өнер ғана сән береді, тек өнер ғана бізге ерте үйірілетін сары уайымнан құтқарады деген ой айтады»-деп жазған ойын орынды деп білеміз.

Қорқыт туралы аңыздарда кездесетін үлкен философиялық мәселе уақыт және кеңістік мәселесі. Бұл аңыздарда Қорқыт өлімнен қашып, бүкіл космосты аралайды. «Түсінен шошынған Қорқыт ажалдан құтылу үшін ертеңінде дүниенің екінші шетіне көшіп кетеді. Мұнда ол баяғы түсті тағы көреді. Таң атысымен ол тағы да жолға шығады. Не керек, әулие осылайша түсінен шошынып, дүниенің төрт бұрышын түгел аралап шығады. Не істерін білмей ол жердің ортасына бармақ болады. Жердің ортасы Сырдың жағасы екен, қазір Қорқыттың моласы тұрған жер екен».

Қорқыт ата өлімнен қашып, дүниенің төрт бұрышын шарласа да, өлімнен құтыла алмасын білген соң өзінің кіндік қаны тамған жер ортасы Сырдарияның жағасына қайта оралады. Мұндай жағдайда да төрт бұрышты космостың ортасы-кіндігі болады. Ол Қорқыт жайындағы миф бойынша Сырдария болып табылады.

Космологиялық дүниетаным уақыт пен кеңістік қазақтың көне мифологиясында, аңыз жырларында көшпелілер өмір салтымен, тұрмысымен тығыз байланыстылықта көрсетіліп отырады. «Қорқыт ажалдан қашқаны үшін тарихта қалмас еді. Мәселен, Қорқыттың аса ақылдылығы мен даналығында,

оның кереметтілігінде, қазіргіме айтсақ, әулиелік хоризмінде. Яғни, оның ажалмен күресі бергі әңгіме, мәселе төркіні тереңде. Менің пікірімше, Қорқыттың ажалға қатысы аңызға айналуы акциденциялық іс. Мәселе ажалда емес, мәселе адамның жұмбақтылығында. Қорқыт дүниетанымының негізгі мәні мәңгілік өмір емес, ажал және оның болмысы. Қорқыт ажал философиясы емес, өмір философиясы туралы толғанды. Мұндай мәселені кезінде Фридрих Ницше көтерген. Ницше: «Үнемі қайта айналып келіп отыратын берік сезім- өмірдің қозғаушы күші». Ол «Мәңгілік айналым» деген идея ұсынған, «Бұрын да, қазір де қалай болса, өмірбақи барлығы да солай қайталана беруге тиіс».

Осы бағытта Бергсон, О. Шпенглер, Ортега-и-Гассет, М. Хайдеггер, т.б «Өмір философиясын» проблема етіп көрген. Бұл бағыттың жалғасы ретінде тұрмыс немесе өмір сүру философиясы дүниеге келді. Олардың көпшілікке белгілі ғалымдар: М. Хайдеггер, К.Ясперс, Г. Марсель, Ж.П. Сартр, т.б. Қорқыт болса VIII ғ. «Ғұмыр философиясы» мен «Өмір философиясын» бірге көтерген. Алғашқысы көлеңкеде қалып, екінші акциденция ретінде көрініп, Қорқыт есімі ажалмен байланысты қарастырылған. Қорқыттың нысанасы-адам, оның болмысы. Аңызда адамның, яғни Қорқыттың еркінен тыс оған көр қазып жатады. Бұл жерде адам еркі және тағдыр деген мәселе тұр. Қорқыт дүниетанымының басты дені - адам болмысы. Адам табиғатынан, тұрмысынан өзінің шектеулі кеңістігінде ғұмыр кешеді. Оның өз шамасы, өз шарасы бар. Өлшеулі шамадан асып, шара жасай алмайды. Қорқыт адамның шамасы туралы толғанысқа түскен. Адам табиғатынан шамасы шектеулі. Олай болса, адам бұл фәниде қалай өмір сүрмек? Міне, Қорқыт дүниетанымының басты арналары осында жатыр.

Мұндай проблемаларды XVII-XIX ғ. одан бері де XX ғ. Батыс Еуропа елдерінде екі философиялық бағыт өздерінің объектісіне айналдырған, олар: ғұмыр философиясы және өмір сүру философиясы. Алғашқысы адам болмысы туралы болса, соңғысының өзегі - тұрмыс проблемасы.

Аңызда Қорқыт жұртшылыққа түсінікті зистенсиялистік мәнде аңызға айналған. Аңыз ақиқатқа бастайтын сана, бірақ ақиқаттың өзі емес. Аңызда мән толық көрінбей жасырын болмақ. Образбен айтсақ, айсбергтің көрінгені аңыз, көрінбегі соның мәні. Аңыз акциденция, мән субстанция. Қорқыт дүниетанымы - көрінбей жатқан айсбергтің өзі. Аңызда Қорқыт толық Қорқыт емес, ол екі проблема көтерген; ғұмыр проблемасы, ол мәңгілік. Өмір сүру проблемасы, ол- тұрмыстың өткінші мәселесі. Өткінші өмірде, шынында да, қайда барсаң алдыңнан Қорқыттың көрі шықпақ. Алайда қайда барсаң Қорқыттың көрі деген тікелей өлімге, ажалға қатысты мәселе емес. Бұлай деп түсіну тым жағдайлық. Бұл аңыздық вариант. Адам ажалдан қорқып өмір сүрмейді, адам ажалды ойлап қайғырмайды. Ол өзінің көп іске дәрменсіздігіне, әрекеттерінің шектеулігіне, мына өмірге су сияқты сіңіп кете алмауына қапаланып қайғырады. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі», қайда барсаң да бір қайғы. Көрді көру дегеніміз - өзінің дәрменсіздігін көру, болмысынан шыға алмауын сезіну.

Қайғы деген қорқу емес, Абай «қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды

арман» деген. Демек, қайғы дегеніміз - арманның ұлғаюы, есеюі.

Қорқыт ата жырларындағы көшпелілер өмірінің таза суреттелуі, ондағы тотемизм, шаманизм сарындарына қарап Қорқыттың біздің ежелгі философиялық дүниетанымдарымызды асқан шеберлікпен қалыптастыра білгенін айта аламыз. Сондай-ақ көшпелілер философиясының, дүниетанымының тууына «Қорқыт ата кітабының» ішінде жазылған жырларының тигізген ықпалы зор болды. Ең басты Қорқыт жырларының негізі, алғашқы философиялық арқауы Сыр бойында дүниеге келіп, басқада елдерге тарады. Бұл жерде сеніңкі, меніңкі деген аясы тар ұғымдардан аулақ болғанымыз жөн. Жалпы қазақ философиясын, оның дүниетанымдық негізін бәрімізге ортақ түркілік фольклор, мәдени мұраларымыздан іздесек қателескен боламыз. Осы тұрғыдан қарағанда Қорқыт жырлары - Орталық Азия, Кавказ халықтарына ортақ философиялық эстетикалық мұра. Бұл елдердің қайсысы болса да Қорқыт ата жырларын өз этносының арғы атасы, прототипі деп атауға философиялық құндылықтар қатарына жатқызамыз.

Қорқыт туралы қазақ аңыздарының көпшілігі шамандық мазмұнда көрінеді. Белгілі фольклоршы ғалым С. Қасқабасов «Миф пен ойсананың тарихтылығы» еңбегінде: «Қорқыт сөзі мен есімі шамандық миф пен дүниетаным аясында пайда болып, қазақ халқы ислам дініне енгеннен кейін, ислам мифологиясына кірген бұрынғы Қорқыт бақсы енді Қорқыт әулие болып бейнеленген. Бірақ соның өзінде исламның діни қағидаларын, оның тағдырға, Аллах ісіне мойынсұну принциптерін бойына дарытқан.» Керісінше, ол «Мұсылманшылдық ұғымында құдай бұйырғанына, тағдырға қарсы шыққан...». Оның бұл қылығы шамандық - түсініктердің белгісі. Қорқыт «Әулие» деп аталғанымен оның бейнесінде мұсылман әулиесіне тән ештеңе жоқ. Қайта бәрі керісінше: әулие бола тұра Қорқыт бұрынғы шаман сияқты ажалмен алысып Аллах әміріне қарсы шығады.

Қорқыт ажалдан қашқан жан емес. Ол ажалдың құпиясын, сырын түсінуге тырысқан хакім. Оның алдында шешуі жоқ екі мәселе тұрған: бірі - ғұмыр, екіншісі - осы дүниеде өмір сүру. Демек, ол өмір философиясы және өмір сүру философиясының мәселелерін сол өз заманында, VIII ғасырда күн тәртібіне қойған философ. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы философиялық дүниетанымы. "Өнер алды - қызыл тіл" деген қазақ халқы шешендікке де жыраулық өнер сияқты зор мән берген. Ақын-жыраулар шығармашылығы қазіргі таңда өз өзектілігі мен маңыздылығын жойған жоқ. Ақындарымыз - бен, жырауларымызды халқымыз әрі батыр, әрі шешен-би, әрі ақылшы-термеші, әрі философ, заманы туралы ой қозғап, елінің болашағын болжап, тебірене толғаулар айтқан жыраулар деп танып келеді. Олардың шығармашылықтары өздері жасаған дәуір әдебиетінде орын алады. "Бұрынғы жақсылардан өнер алған, биде тақпақ, мақал бар, байқап қара", - деп кеменгер Абай мұқият ескерткен ғой. Олай болса, шешен билерден жеткен терең толғанысты, айшықты сөз өрнектеген жыраулар қатарын бағалағанымыз орынды. Әрбір халықтың рухани мұрасында әлемдік мәдениеттің жалпы қазынасын байытатын құнды ойлар болатыны белгілі. Халықтың бай рухани мұрасын зерттеу тек осы мәселемен айналысатындар үшін ғана



маңызды емес, сонымен қатар бүгінгі күн адамдарының өзара адамгершілік қатынастарын дұрыс пайымдау үшін де қажет, болашақта адамзаттың адамгершілік үдерісі заңдарын дұрыс түсінуге де көмек береді. Қазақ халқы қалыптастырған рухани құндылықтар арасында ақын-жыраулар шығармашылығы маңызды орын алады. Бұл жерде белгілі философ О.А. Сегізбаев ұсынған қазақтардың ақындық шығармашылығы дамуы барысындағы үш кезеңге бөлінген жіктемені келтіруге болады: а) шартты түрде жыраулар дәуірі деп аталатын кезең (XV-XVIII ғ. бірінші жартысы); ә) ақындық шығармашылық кезең (XVIIIғ. екінші жартысы - XIXғ. бірінші жартысы); б) ақындардың өзіндік сайысы-айтыстың пайда болуымен байланысты кезең (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы); Асан қайғы (XV ғ.), Қазтуған жырау (XV ғ), Доспанбет жырау (XVI ғ.), Шалкиіз (1465-1560), Ақтамберді (1675-1768), Бұқар жырау (1668-1781), Шал ақын (1748-1819) және т.б.өз дәуірінің философиялық идеяларын білдірген ойшылдардың бүтіндей бір шоғыры. Жыраулар мен ақындар өздерін толғандырған мәңгі философиялық мәселелерді өз шығармаларында бейнелей отырып, орасан зор рухани күш-жігерді қорытты. Кез келген даму идеалы сабақтастық идеясымен тұтас байланыста екендігі белгілі.

Ақын-жырау көзқарастары қалыптасуының маңызды қайнар бұлақтарының бірі ертетүркі жазбасы болып табылады. Бастапқы ескерткіштердің тас тақташалар мен балбал тастарда, жартастар мен тұрмыс жабдықтарында сақталғаны белгілі. Бізге дейін жеткен санаулы ертетүркі жазбасы мәтіндерінде түркілердің ата-бабаларының жоғарғы адамгершілік қасиеттері туралы этикалық мәселелер молынан кездеседі. Халықпен, Отанмен, оның абыройын сақтаумен байланысты мәселелер жазба әдебиет ескерткіштерінің ең ежелгілерінің бірі саналатын Орхон-Енисей жазбаларында өте өткір қойылуымен ерекшеленеді. Ертетүркі қоғамында қалыптасқан адамгершілік көзқарастар біздің ата-бабаларымыздың белгілі бір мораль мәселелері бойынша ақын-жыраулардың этикалық көзқарастарынан байқалатын ойлаудеңгейін салыстыруға, адамгершілік дамуындағы сабақтастықты анықтауға мүмкіндік береді.

Ақындардың рухани ойы қалыптасуының келесі бір маңызды идеялық бастауы шаманизмнің (бақсылықтың) діни-этикалық концепциясы болып табылады. Шаманизм діннің атауы ретінде ғылыми қолданыста да, тұрмыстық қолданыста да әртүрлі мағынаға ие. Белгілі бір пайғамбарлар немесе оның ізбасарлары арқылы негізі қаланған діндердің көпшілігімен дүниетанымы негізінде табиғи, тарихи жолмен қалыптасқан дін болып саналады. Онда адамның қоршаған табиғатқа, оның тылсым күштеріне деген қатынасымен байланысты ерте діни және мифологиялық көзқарастар да ерекше орын алады. Шаманизм адамзат қоғамы дамуының ерте кезеңдерінде материалдық өмір мен ұжымдық сананың жалпы заңдылықтары шеңберінде табиғи жолмен пайда болып, қалыптасты. Шаманизм ұрпақтан-ұрпаққа ауызша және визуалды дәстүр арқылы жеткізіліп сақталды және бүгінгі ұрпаққа осы дін туралы белгілі бір түсінік болуына мүмкіндік береді. Қазақтар мұсылман болғанымен дәстүрлі шамандық наным-сенімдерін, ертетүркілерден тарайтын

Тәңірге, Ұмайға, Жер-суға табынушылықтарын сақтап қалды.

Ақын-жыраулардың этикалық көзқарастары қалыптасуына ықпал еткен маңызды идеялық бастауларының бірі исламның діни-этикалық концепциясы болды. Қазақ қоғамында патриархалды - феодалдық дәстүр үстемдігі жағдайында мұсылмандық фанатизмнің рөлі төмен болды. Арабтар Орта Азияны жаулап алғанға дейін қазақтар Тәңірге (аспанға) табынды. Ислам дүниетаным ғана емес, адамгершілік туралы ілім де болып табылады. Ислам Қазақстанның, Орта Азияның көптеген халықтарының, шетелдік шығыстың бүтіндей бірқатар елдерінің ізгілікті дамуына ықпал етті және ықпал етіп келеді. Жалпы, исламның этикалық ойы осы дін пайда болғаннан бері өмір сүріп келеді. Бірақ теологиялық-этикалық жүйе түріндегі бұл ойдың қалыптасуына мұсылманшылықтың негізгі деректері - Құран мен суннада көрініс табатын мұсылмандардың моральдық қалыптары жинағы әсер етті. Исламдық этикалық ой сүрелер мен хадистерге идеялық бағдар ретінде сүйене отырып, мұсылман қоғамының тәрбие принциптеріндегі қажеттіліктерін өтей алды. Құранның моральдық қағидалары күнделікті өмірдің барлық қырын қамтиды: отбасы қатынастары, туыстар арасындағы міндеттер, айналысатын пайдалы нәрселер жиыны, өзге дін (христиан, иудей) өкілдерімен қатынас, саудамен және қолөнермен айналысу, тыйымдар, парызды өтеу және т.б. Ортағасырлық және одан кейінгі дәуірлердегі мұсылман авторлары шығармаларының барлығы дерлік Құранның бірінші сүресімен басталады. Ақтамберді жыраудың, Үмбетей жыраудың, Бұқар жырау мен Қабан жыраудың және т.б. адамгершілік-этикалық көзқарастарында исламның ықпалы айқын байқалады. Ақын-жыраулар өздерінің адамгершілікке қатысты ойларын құдайдың, пайғамбарлардың атынан айтты және бұл қазақ қоғамында олардың көзқарастарының ықпалын күшейтті. Бұл әсіресе Бұқар жыраудың моральдік - дидактикалық шығармаларында молынан ұшыраса бастады.

Осылайша, ақын-жыраулар шығармашылығы, негізінен, діни сипатта, оны рационалдандыру жолымен, моральдық – этикалық бағытта уағыздау мен насихаттау сипатында дамыды. Демек, қазақ ақын - жырауларының адамгершілік идеяларының және философиялық-этикалық теориялардың арасы алшақ емес және қазақ халқы өмірінің тарихи жағдайларына сай келетіндей жоғарыдағы идеялардың заңды жалғасы мен қорытындысын білдіреді. Ақын-жыраулардың этикалық ойы қалыптасуының ең маңызды бастауларының бірі білім мен тәрбиенің, оның ішінде адамгершіліктің де қазынасы мен энциклопедиясына айналған мақал-мәтелдер түріндегі фольклор болып табылады. Бірнеше ғасырлар бұрын пайда болған, данышпандық сүзгісінен өткен, мәңгілік өмір сүруге құқылы, біздің заманымызға дейін жеткен қазақтың мақал-мәтелдері, ертегілері бүгін де маңызын жоғалтпай, өзінің жарқын бейнесімен халықтың адамгершілік-психологиялық дамуының тарихи жолын нұрға бөлеп тұр. Қанатты сөздер, мақалдар мен мәтелдер, аңыздар мен өлеңдерге, айтыс пен толғауларға еніп кеткен. Мақалдар халықтың қуанышы мен қайғысын, даналығы мен өмірлік тәжірибесін білдіретін ең кеңінен таралған формасы ғана емес, моральдық нормалардың өзіндік кодексі де болып табылады. Мақалдардан көрінетін моральдық кодекс

балалық шақтан кәрілікке дейінгі тәрбиеде маңызды рөл атқарады. Қазақ мақалдарының тақырыбы әлеуметтік өмірдің барлық салаларын қамтиды. Ол өмірдің барлық қырын құрамына енгізеді: күнделікті тұрмыстан тарихқа, өмірге дейін, халықтық этика нормаларының кең кодексін қамтиды. Көшпелі өмір тәртібіне сай қазақ халқының өз еңбек әрекетіне деген көзқарасы мақалдарда бейнеленді. Бақыттың көзі ретіндегі еңбекке деген көзқарас көп мақалдарда кездеседі. Мысалы, «таяқпен құлын табасың, құлынмен тұлпар табасың, тұлпармен бақытыңды табасың». Патриархалды-феодалдық өмір тәртібін бейнелейтін қазақ мақалдарын зерттеу олардың идеялық мазмұнының өзегі «жаман адам» мен «жақсы адам» түсініктерінен құралатынын көрсетеді. Қолдаушы формула « жақсы адам» мен кінәлаушы «жаман адам» отбасылық өмірде де, қоғамдық өмірде де моральдық нормалардың бүтін жиынтығын білдіретін қорытындылаушы түсініктер болды. «Жақсы» мен «жаман» халықтық мораль тұрғысында былайша бағаланады немесе сыналады: «Жақсы - іске келеді, жаман - асқа келеді», «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа». Қазақ мақалдарында қайырымдылықтың зұлымдықпен күресі мәселесі үлкен орын алады. Халықтың қолдайтын барлық жүріс-тұрыс нормалары мен принциптері, жағымды бағаланатын адамгершілік әрекеттердің барлығы қайырымдылық болып табылады. Ал халықтың кінәлайтын әрекеттері мен қылықтарының, адамның қоғамдық және жеке өміріне зиян келтіретін нәрсенің бәрі зұлымдық болып табылады. Сонымен қатар, қайырымдылық ақылмен және біліммен байланыстырылады, адамгершілік өмірде үлкен мәнге ие болып, зұлымдыққа қарсы күресте маңызды құрал ретінде бағаланады. Қазақтың халық даналығы адам абыройын түсіретін моральдық принциптерді қатал айыптайды. Сонымен қатар керісінше, батырлық, патриотизм, төзімділік сияқты жағымды адамгершілік қасиеттер бағаланады. «Ер» түсінігі туралы мақалдар өте көп. Мысалы, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Кездескен адамыңды сыйла, мүмкін оны соңғы рет кездестірген шығарсың». Қазақтың ақын-жыраулары ойдың асыл інжу - маржандарын осы мақал-мәтелдерден алып отырды. Көп ғасырлық халық даналығы адамгершілік-этикалық идеяларға толы. Тарихтың бүкіл өн бойындағы өзара қатынастарды реттеп отыратын адамгершіліктің қарапайым нормалары бүкіл халық жинақтаған тәжірибенің нәтижесі мен қорытындысы болып табылады.

**Өзін тексеру сұрақтары:**

- Қорқыт философиясындағы өмір мен өлім мәселесін сипаттаңыз
- Қорқыт ата кітабының тарихи философиялық маңызын айқындаңыз
- Қорқыт дүниетанымындағы «ажалмен күресу» идеясын талдаңыз
- Ақын-жыраулар шығармашылығындағы философиялық ой-пікірлерді сараптаңыз

**Өзіндік жұмыс тақырыптар:**

- Ақын-жыраулардың дүниетанымдық көзқарастарын түсіндіріңіз
- Ақын-жыраулардың дінге деген ойларын қалай түсіндіресіз
- Ақын-жыраулардың философиялық көзқарастарының қалыптасуына арқау болған жағдайларды көрсетіңіз
- Ақын-жыраулардың діни этикалық концепциясын нақтылаңыз

---

### 4.3. Бәйдібек би - ұрпақ ұлағаты



**Бәйдібек би (1356-1419 жж.)** қарт Қартаудың күншығыс тарабында, Көк жоннан ылдилай ағатын Балабөген өзенінің биік жағасында ежелден сақталған көне мазар, күмбез тұр. Бұл Бәйдібек мазары. Сан ғасырдан сыр тартқан бұл мазар заман толқынында қаншама жер-жексен болып, қаншама рет еңсесін қайта көтерді. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, бұл мазардың әйдік, биік нұсқасы осынау сұрапыл-сұмдық «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» тұсында қирап, екі ғасырдан астам төбе үстіндегі төбешікке айналып, тамтығы ғана жатқан. Тек ғасырымыздың орташенинде ел ықыласы, ұрпақ ілтипатымен еңсесін қайта көтерген.

Бәйдік кім? Оның қазақ елі тарихында алатын орны қандай? Бұл жөнінде бүгінгі ұрпақтың аз да болса мағұлмат алғаны орынды.

Бәйдібек және оның заманы, замандастары, ол тұстағы оқиғалар жайлы күні бүгінге дейін ғылым мен әдебиетіміздегі деректің, дені қазақтың көне ру, тайпаларының шежіресі мен ел ішіндегі сақталған әр алуан аңыздарына келіп саяды.

Сол шежіре дерегіне сүйенсек, Бәйдібек бүгіндері қиыр шеті Алтай, Шәуешек, көршілес Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесімен бірге, республикамыздың Алматы облысының бірқатар аудандарын, Жамбыл облысының түгелге дерлік, Шымкент өңірінің Төле би, Түлкібас, Сайрам, Алғабас, Бөген аудандарын мекендеген ежелгі Албан, Суан, Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты ру-тайпаларының түпкі атасы екенін білеміз.

Оның үлкен әйелі Сары бәйбішеден Сарыүйсін, екінші әйелі Сыландыдан Жалманбет, оның балалары Шапырашты, Ошақты, Ысты тарағаны айтылады.

Бәйдібек әулетінің көп тараған саласы — ол кіші әйелі Домалақ ене дейтін лақап атымен мәлім Нұриләнің (бір деректерде Бибімәрия, Бибіажар деп те айтылады) жалғыз ұлы Жарықшақтың үш баласы: Албан, Суан, Дулаттың ұрпақтары.

Албан, Суан, Дулаттың Жетісу өлкесін мекендеген көшпенді қазақ жұртында алатын үлкен орны жайында өткен ғасырдың екінші жартысында бұл өлкеге саяхат жасап, күрделі зерттеу жүргізген атақты

ғалым, этнограф Николай Александрович Аристов пен қазақ халқының кемеңгер ұлы Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері мен жолжазбаларынан кездестіреміз.

Шежіре деректемесіне қарағанда, Бәйдібек-көне тарихта түркі тілдес бауырлас, қанаттасы Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найманмен бірге бес бірлестіктің ұлы ұлысын құрған Қөшпенділердің мызғымас бір ұстанымы-Үйсіннің шөбересі, Ақсақалдың немересі, Қарашаның баласы.

Ал бұдан 784 жыл бұрын, яғни 1026-шы барыс жылының көктемінде Онон өзенінің жағасында өткен құрылтайда Тайшы тайпасының белгілі батыры Есугейдің үлкен ұлы Темуджинге әлемге аян Шыңғысхан атын беріп, ақ киізге салып хан көтеріп, жер-көктің арасында тежеусіз билік құруға бата берген әйгілі алты рудың алты биінің бірі Үйсіннің биі Бөрікпен шешен екенін еске алсақ, Үйсін тарихы ежелгі бір дүниеде Алтай тауларынан шығыстық шексіз теңізге дейінгі Хинган, Манжүр өлкесінде көшіп-қонған Керей, Найман, Қоңырат, Жалайырмен сабақтас және олармен бірге ұлы «Жібек жолы» үстінде сан-салалы салтанатты керуен түзеп, іргелес Таң империясымен мәртебелі сауда қатынасын жасаған ұлы тайпалардың бірі болғанын білеміз. Демек, Бәйдібек заманы, оның өмір сүрген мезгілі әркімдердің айтып жүргеніндей кешегі Жоңғар шапқыншылығы тұсында емес, одан көп заман ілгері, Шыңғысханның арғы атасы Құбұлханның тұсында өтті деген жорамалға әкеліп саяды.

Олай дейтініміз, Батыс елдерін жаулап, дүниенің тең жарымын моңғол атының тұяғына таптап өткен Шыңғысхан Алатау баурайы-Құланбасында құрылтай өткізген.

1224-шы жылдың жазында сол құрылтайға бара жатып ханның үлкен ұлы Жошы Қаратаудың Ордақонған деген жерінде Үйсін, Сіргелінің бір топ билерімен кездескені, ол кездесуге Бәйдібектің інісі Байтулының баласы әйгілі Айшыкел бимен бірге Бәйдібектің екінші әйелі Сыландыдан туған ортаншы ұлы Жалманбеттің болғаны жайлы ел ішінде сақталып қалған аңыз бар.

Бұдан Бәйдібек дәуірдің он-он бірінші ғасырлары шамасында, бұдан тоғыз жүз жылдай бұрын өмір сүрген ірі тұлға екені көрінеді. Ал оның түпкі аталары — Үйсіннің ұрпақтары өзімен қоян-қолтық араласқан Қоңырат, Найман тайпаларымен бірге ежелгі бір заманда Қиыр Шығыстан Жетісу, Талас, Қаратау атырабына қоныс аударғаны байқалады.

Біз алыстағы ата заман тарихынан бұдан аз-кемі жоқ екі жүз жетпіс жеті жыл бұрын, 1723 жылдың ала көктемінде осынау қиырдағы Алтай, Тарбағатай тауларын асып, Жетісудің жайсаң жерін баса-көктеп, қазақ елін жойқын жорықпен қырғынға салған жоңғар шанқыншыларын алғаш қансыратқан қалын, шайқастар осы Қаратау асуларында, оның қойнауларында болғанын білеміз. Бөген, Шаян, Қошқарата, Боралдай өзенінің тау шатқалдарынан басталар жоғарғы ағысында "Қалмақ қырылған", "Тарақты қамал", "Садыр қамал" атты тау қамалдары мен Шыбықбел, Сарыоба, Сарытау, Хорен, Байқалмақ сияқты көптеген тау биігіндегі оба-қорымдар сол заманда өткен қанды қырғындардан қалған белгі.

Елдің елдігін сақтап, қалың қазақтың қара шаңырағына қайыспас тірегі болған Албан, Суан, Дулаттың тобы бұзылмай, іргесі сөгілмей, ұлы дәуірдің шоқысында шоқтығы биік тұруына, бір жағынан, ежелден жауынгерлік жорықтарды көп көрген жұрттың «Бөлінген бөрінің жемі», «Бірлік түбі-береке» тағылымын ұстанған ежелгі ата дәстүрінің беріктігі болса, екінші жағы, қашанғы өткен дүниеден көшпенді елдің қиналғанда панасы, жаз жайлау, қыс қонысы болған Қаратау өлкесінің бай қастер-қасиеттерінде болса керек.

Сол көне дүниеден аңыз боп атадан балаға жалғасқан хикаяда: Бәйдібек шапқыншы жауға қарсы елді көтеріп бастаған ел қорғаны ретінде көрінеді. Бір жаугершілік заманда, дейді өткендер, — Алатау асып келген қалың ел осы Қаратау жанын жайлап бейбіт жатқан Бәйдібектің ауылдарын шауыпты. Сан мың жылқысын топтап әкетіпті. Сонда ел жастарын көтеріп "аттан!" салған. Атқа мінген Бәйдібек жасақтарының алдын бастап өзінің әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлы жүріпті.

Жасақтар Жон өлкесімен аттанып бара жатқанда... Жон жайлауында кішкене кәусар бұлақтың жағасында қараша үйде жалғыз ұлы жас Жарықшақпен бірге тұратын кіші әйелі Нүрилә (Домалақ ене) байға тілек айтып: -Байеке, жаудан қайыраңыз мал болса, әуре болма. Кұла... қолда қалды. Қалың жылқы алты күнде жауға айдау бермей, өзі оралады, -деп қара отау белдеуіне мата белбеумен байлаулы тұрған, жүген-құрық көрмеген шуасау айғырды нұсқапты.

- Бұл айғырды қалайша ұстап тұрсың? - депті бай.

- Жау батырлары бұлақ басында ат үстінен сусын сұрады. Сұраған сусынын әпердім.

-Не қалайсың, тілегіңді айт,- деді жау батыры.

- Қалаған бір жылқыны өзім ұстап алайын.

- Е-е. Ендеше, айтқаның болсын, - депті батыр.

Нүрилә белбеуін шешіп, айдаудағы қалың жылқыға барып, "моһ-моһ, жануарым, кел" дегенде, әлгі құлан асау, қасиетті құла айғыр мекірене оқырып, Нүриләнің алдына келіп, мойнын ұсынып тұра қалған екен.

—Жауды қуып әуре болма, Байеке, - деп жалыныпты Нүрилә. -Айтқан тілді алыңыз, мал да, ел де аман болсын десеңіз, осы тілегімді беріңіз, - депті.

Сонда көкіректе кек қайнап, қызынып алған Бәйдібек: "Жолдан қайтар қатын емес Бәйдібектің жасағы",- деп топ басын бастап тарта беріпті. Бәйдібек жасақтары шапқыншыларға Күйік асуында жетіпті. Сол манда қырғын соғыс болып, Бәйдібектің алты бірдей ұлы қаза тауыпты. Қапалы, қаралы Бәйдібек алты ұлын Үшқарасай жазығында Молалы деген жерде жерлеп, кері қайтыпты. Әйгілі "Алты сары" дейтін обалы биік соның белгісі.

Арада алты күн өткенде қараша отау іргесінде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіренге кісінеген екен. Сол күні намаздігер шағында шығыс жақтан тұтас, қаптап шұбырған жылқы көрініпті. Бұл жаудан қайтқан Бәйдібектің жылқысы екен. Қанды жорықта қайтпаған елдің кегін осылай Домалақ ененің, кереметі қайтарған деп бітер еді ел хикаясының соңы.

Бәйдібек есімі, Бәйдібек заманымен бірге жасап ел аузында қастерленіп келе

жатқан киелі есімнің бірі — Домалақ ене.

Түркістандық Шайқы Мизамбектің қызы Нүрилә ұлы бабамыз Бәйдібекке қалай кездесті, қалай бас қосты? Не қасиет, нендей мұратпен ғұмыр кешті? Не себепті Домалақ ене атанды? Бұл тұрғыда ел ішінде кең тараған әрқилы аңыз, әңгімелер жетерлік. Соның көбі шындыққа жақын, өмірге жанасымды.

Бәйдібек ол ауыл-аймақтың ғана емес, тұтас бір ұлыстың, ұлан өлкенің қадірлі басшысы болғанын айттық. Олай болса, бас аяғы күндік жер, ұлы жол үстіндегі қастерлі шаһар Түркістанға баруы, ол кезде бүгінгі ұлы ғимараттан бұрынғы, көне мазардағы Иасауи әруағына тағзым етуі әбден мүмкін. Меккеге барар ұлы жол сол кезде де осы Түркістан арқылы өткен ғой. Сол бір сапарында Бәйдібек Иасауи шырақшыларының бірі, Шайхы Мизамбектің үйіне түскен дейді. Сонда қонақжай үйдің жайнап тұрған жас қызы Нүрилә ер тұлғалы азамат Бәйдібекке өз қолымен шай беріп қызмет қылған. Ілтипатты-ізетшіл үйдің ақылды қызы Бәйдібекке тек қарақаттай жайнаған мөлдір көзімен емес, мәнерлі сөзімен, ақылды тапқыр-даналығымен ерекше ұнаған дейді.

Бәйдібек пен Нүриләнің бұл кездесуінің соңы Бәйдібектің Мизамбекке үйірлеп жылқы, қоралап қой айдатып, Нүриләнің Бәйдібек, Байтұрлыдай қос ұлы көзінің тірісінде өлкенің қос ұстынындай шалқар ғұмыр кешіп жатқан атақты Қараша бидің үлкен қара шаңырағы жанына тігілген үшінші отауға келін боп түсуіне ұласқан.

Нүрилә өзі болмысында шағын денелі, бәкене, қимылы жіті, барынша кішіпейіл, тапқыр сөзді, майда тілді жан еді. Өзі болжампаз, алдағы күннің жайын ойлап айтар сөзі ақиқатқа ұласып жататын, көрегенді қасиеттің иесі еді деседі. Сол қасиетін ерге таныған оның үлкен Сарыбәйбіше мен Сыландыдан өрбіген келіндері оны көзі тірі кезінде-ақ көрегенді әулие ретінде танып, Домалақ ене атаған.

Домалақ ененің қадір-қасиетін ерте танып, оны ерекше сыйлаған жан өзінен азғана үлкендігі бар күндесі Сыланды деседі. Адуынды әйелі Сарыбәйбішенің күндестікпен етек күншіл ызғарынан көбіне жас Нүриләні қорғайтын да, оңаша сәттерін онымен бірге өткізетін, өзімен абысындай сырлас-мұңдасы да осы Сыланды деседі.

Сыландыдан жанашыр-жақсылықты көп көрген Нүрилә күндердің бір күнінде жалғыз Жарықшағы өсіп, ат жалын тартып мінер жаска жеткенде, сонау Жондағы Бәйдібек жайлауында Қараша отауында отырып, Сыландыға қол жайғызып: "Ағарып алдыма түспесең де, қарайып соңымнан қалмағын", - деп батасын берген екен.

Ықыласы түскенде шарапаты мол жарықтық анамыздың тілегі қабыл болған. Сыландыдан туған жалғыз ұл - Жалманбеттен тараған үш тайпа ел - Шапырашты, Ысты, Ошақты Жарықшақ ұрпағынан озып кетпесе де, тым ұзап алыстап соңында қалған емес. Ара қарайлас өсіп-өніп келеді деп отырар еді бұрынғы өткен көргені көп адамдар.

Сол Домалақ ене, Жон өлкесіндегі жайлауда дүниеден өтер алдында, қасына жақындарын шақырып: "Мен өлгесін, батырдың жанына қоямыз деп

әуре болмаңдар. Ақбоз атан үй іргесіне келіп шөгер. Сол атанға сүйегімді артып, соңына ілесе беріңдер. Сол атан қайда шөксе, бұйырғаны сол жердің топырағы болар”, - депті. Анығы да солай болған екен. Ғайыптан пайда болған ақбоз атан, ақ киізге оралған Домалақ ененің мәйітін қос Бөгеннің сағасына жеткізіп, елеусіз бір жазыққа шеккен. Ел-жұрты қасиетті анасын сол жердің топырағына тапсырған. Сонау жазықта, айнала көгілдір таулар қоршаған ұлан өлкеде, боз мұнар ішінде алыстан бозарып көрінген шағын күмбез сол қастерлі ел анасы — Домалақ ене (Нұриләнің) мазары.

Сол шағын мазардың атар таңды күзетіп таусылмас сыр төгіп тұрғалы бері не дәуір, қаншама қилы заман өтті. Әулие ененің қадір-қасиетін қастерлеген ұрпақтың ана бейітіне ағылған ізі, салған жолы ескіріп көрген емес. Мұның баршасында Бәйдібек есіміне, оның ұлы әруағына, өзімен бірге ғұмыр кешкен Сыланды, Нұрилә сынды ел анасы-дана әйелдеріне, Бәйдібек заманының даңқын жалғастырған оның өрелі ұрпағына деген ел құрметі, ыстық ықыласы, мәңгі жасайтын сүйіспендігі жатыр.

Сан ғасырлар асқарын асып ел жадынан өшпеген, ұрпақпен үндес Бәйдібек есімі биік азаматтық, ізгіліктің, көрінісі, ұрпақ ілтипатына бөленген, ел қастерлеген ұлы бабамыздың орны, есімі ешқашан өшпек емес.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Бәйдібек бидің қазақ елінің қалпытасуында алатын орнын айқындаңыз
- Бәйдібек бидің шешендік сөз өнерінің ерекшеліктерін сипаттаңыз
- Бәйдібек би дүниетанымындағы философиялық ойларн көрсетіңіз
- Бәйдібек бидің рационалдық көзқарастарының қалыптасуын талдаңыз
- Бәйдібек би туралы аңыз әңгімелер мен ғылыми зерттеулердің мәнін ашып беріңіз

#### **Өзіндік жұмыс сұрақтары:**

- Бәйдібек би заманындағы саяси-әлеуметтік мәселелерді талдаңыз
- Бәйдібек бидің дау жан жалдарды шешудегі тапқырлығын сипаттаңыз
- Домалақ ананың көрегендігін нақтылаңыз
- Бәйдібек би мазарының салыну тарихын сараптаңыз
- Бәйдібек бидің философиялық мұрасын зерделеңіз



---

#### 4.4. Үш жүздің басын қосқан ойшыл



**Төле би Әлібекұлы (1663-1756жж.)** Қазақ халқының бір орталыққа бағынған мемлекеттік қуатты Тәуке ханның хандық құрған тұсында едәуір анық көзге түседі: хан маңында өзінің қазақтары ғана емес, қырғыздар мен қарақалпақтар да үйірілсе керек. С.Сейфуллин «Билер дәуірінің әдебиеті» атты еңбегінде бұл жөнінде былай деп жазады: «Бірігіп өмір сүрген қазақ, қырғыз, қарақалпақтың ірі руларында билік жүргізген 6 ірі бидің аты аталады. Ұлы жүзде – Төле би (Дулат Әлібек баласы). Орта жүзде – Қаз дауысты Қазыбек би. Кіші жүзде – Әлім руынан Әйтеке би. Қырғызда – Көкім би. Қарақалпақта Сасық би, Қатаған, жайма басқа ұсақ руда тағы да бір би» (С.Сейфуллин).

Қазақ, қырғыз, қарақалпақ – үш елді айналасына үйіріп, күшпен емес, ақылмен ұстап, елінің күш-қуатын арттырғанда, Тәуке хан батырларға да емес, сұлтандарға да емес, жоғарыда аталған билерге сүйенеді.

Тәуке ханның мемлекеттік саясатын жүзеге асыруда өлшеусіз еңбек сіңірген билер тобының басында Төле би тұрды. Мемлекеттік ішкі-сыртқы маңызды істерін хан осы билер кеңесі арқылы шешкен. Елді басқарудың жеті сала әдет заңын – «Жеті Жарғыны» де Тәуке хан Төле би бастаған ел ағаларымен бірлесе отырып жасап, бекіткен.

Төле би Әлібекұлының туған, өлген жылдары (1663-1756), ата-тегі туралы әдебиеттерде едәуір мағлұматтар бар. Солардың көпшілігінде Төле би қарашоғыр, қара шаруа әулетінен шыққан делінеді. Тек С.Дәуітовтің еңбегінде Төле би әкесі Әлібектің де би болғаны туралы айтылады. Біздіңше, Әлібектің би болғаны туралы пікірдің жаны бар. Бұл орайда күдікті, көмескі ойлардың сейілуіне Шоқан Уалихановтың жазып қалдырған дерегі көмектеседі. Ш.Уалиханов қызыл тулы сұлтандар тарихы туралы ел аузындағы аңызға сүйене отырып, Ұзын оқты Ондан сұлтанның жас кезінде істі болып, әкесінің досы Әлібекке ақыл сұрай келгенін жазады, Әлібектің кеңесімен Ондан сұлтан басына төнген қатерден құтылады. Төле бидің әкесі – Ондан сұлтанға қысылғанда ақыл беріп, жөн көрсеткен осы Әлібек.

Тәуке ханның тұсында (1680-1715) өзінің күш-қуатын сезіне бастаған Қазақ елі жоңғарларға ауық-ауық күш көрсетіп, өздері де олардың соққысына ұшырап отырған. Билердің кеңесімен Тәуке 1691-1694 жылдары орыс

патшасына өзара достық қарым-қатынас туралы хат жолдайды, елші жібереді. Бірақ орыс пен қазақ елі арасындағы бейбіт қарым-қатынас орнату жөніндегі келіссөз айтарлықтай нәтиже бермейді. 1698 жылы жоңғарлар Шу, Талас бойындағы қазақтарға елеулі соққы берді. Қазақ-жоңғар арасындағы соғыс үздік-создық созылмалы сипат алады. 1708 жылы жоңғарлар қазақтар мен қарақалпақтарды тағы шабады. Тәуке де, билер де жауға қарсы қол бастар батырларға сөз салады. Осы тұста Төле би жауға тойтарыс берудің жайын талқылаған барша қазақ батырлары мен билерінің, сұлтандарының кеңесін өткізуге араласады.

1715 жылы Тәуке ханның қайтыс болуы бір орталыққа бағынып, нығайып келе жатқан Қазақ хандығының әлсіреуіне алып келді. Хандыққа таласқан сұлтандар өзгенің өздеріне билік, басшылық жасауын мойынсұнбай, әрқайсысы өз ұлысына бас-басына хан болуға ұмтылды. Батырлардың көпшілігі тұмсығының астындағыдан арғыны көрмейтін сұлтандардың, рубасылардың ықпалында қалып қояды. Төле бидің: «Елге бай құт емес, би құт», «Батыр деген барақ ит – екі қатынның бірі табады, Би деген бір бұлақ - қатынның ілеуде біреуі табады», - деген даналық сөздері жай ұғар, жөн билер билердің аздығы, билігі жоқ, білегі тоқ, жөн білмес, сыңар ру сұлтандар мен батырлардың көптігі ел тағдырын қиын жағдайға душар еткен осындай ащы шындықты жете сезініп, шамырқанған жаннан шыққан.

1716,1717 жылдары қазақ қолы жоңғарлардан бір емес, бірнеше жеңіліс табады. Жекелеген батырлардың қайсыбірде жаудың шағын топтарымен шайқасқа түсіп, жеңіске жетіп отыруы соғыс барысына айтарлықтай өзгеріс енгізе алған жоқ. 1722 жылы Цин мемлекетімен өзара тыныштық туралы келісімге келген жоңғардың жер қайысқан қалың қолы Шона Лаузаның бастауымен қазақ даласына лап қойды. Балқаштан Сарысуға дейінгі аралық: Түркістан, Сайрам, Ташкент қалалары жау қолында қалды. Жау жағадан, бөрі етекпен алған осындай алмағайып қиын шақта Төле би қайткенде өз ұлысын аман сақтап қалу жолын ойлайды. Қойгелді, Бөлек, Тайлақ секілді өз маңындағы батырлардың басқыншыларға қарсы күрестердің қолдап, бағыттап отырады. Жауға қарсы қол бастауға қабілетті бар батыр ұландарды бауырына тартады. Олардың қатарына күші асқаннан сасып, бас сауғалап келген хан тұқымдары да, ақылы мен батырлығы сай түсіп, қарадан қара үзіп шыққан, ханға бергісіз ержүрек ел ұлдары да болған. Әйгілі Абылай батырдың Төле бидің қолында бой жасырып, тәрбие алуында осындай мән бар еді.

Жау соққысынан ес жия алмаған қазақтардың бір тобы Бұхар мен Самарқанға, бір тобы Шыршық өзеніне асты, бір тобы Сауран айналып, Хиуаға ауды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Сауран айналған», «Қайың сауған» деген атаулар қазақ халқының тағдырындағы осындай ең бір ауыр, трагедиялы кезеңнің шындығынан туған.

Босқан, болдырған халық Орта Азия хандықтары тарапынан да қысым көрді:

*Былай барсаң, қоқан бар,  
Қоқаңдаған әкең бар.*

*Былай барсаң, қалмақ бар,  
Күшіңді ептеп алмақ бар,*

-деген өлең жолдары қазақтардың ауыр жағдайынан, басар тау, барар жер таппай қиналған, ширыққан шағынан хабар береді. Тұйықтан шығар жол іздеген ел басындағы қолында билігі бар азаматтар орыс патшасынан қолдау күтеді. Кіші жүздің Қайырлы деген бір ақыны сол патшаға бағынған дәуірдің күйін жырлап келіп, былай бітіреді:

*Айқайдан ыққан ақ бөкен  
Қашып қайда құтылар –  
Құрулы қақпан жатқан соң?..  
Жылқыдан шыққан қашаған  
Қашып қайда құтылар –  
Мойына бұғау атқан соң?!...»*

Осындай қиын шақта Төле би 1733 жылы орыс патшасына хат жазып, өз ұлысы ғана емес, тұтас ел болып оның қоластына еруге даярлығын білдіреді. Хат та Қодар би, Сатай батыр, Хангелді батыр, Бөлек батырмен қатар, Төле би Бөлек батырды жоңғар қонтайшысына елшілікке жібергенін жазады. Аталған құжат Төле бидің елдің сыртқы да, ішкі де саясатына батыл, белсенді араласа бастағанын көрсетеді. Осыдан бастап Төле би сыртқы саясат саласында өз қызметін өле-өлгенше саябырсытқан емес. 1734жылы Анна Ивановна Төле бидің хатына жауап қайтарып, онда Ұлы жүз қазақтарын өз қоластына алғаны туралы жазады. Бірақ бұл хат Орынборда жатып қалады да, Төле биге жетпейді. 1738 жылы осындай тілекпен патшаға енді Жолбарыс хан өзі хат жолдайды. Ханның бұл хатының жазылуына Төле би ықпал етті деп болжауға болады. 1743 жылы Түркістанды Сейіт хан басқарады. Бұл кезде Төле би бас би дәрежесінде болған.

Жоңғар қонтайшысы Түркістан мен Ташкент қалаларын қазақ сұлтандарына кезек-кезек ұсынып, олардың арасында тартыс туғызуға күш салады. Әдепкіде Түркістанды, Ташкентті билеуге олардың қай-қайсысы да қызығады. Алайда Төле би билік үшін жоңғар қонтайшысына кіріптар болуды мақұл көрген Әбілмәнбет ханның ісін құптамайтын сыңай танытады да, Қоқан ханы Әбділ-Керімнің Ташкентті жоңғардан қайтарып алуына жағдай жасайды. 1744 жылдың күзінде Әбділ-Керім би Ташкентті алады. Қонтайшысы таққа отырғызған Айбек қашады, қасындағы ат төбеліндей жоңғар шеріктері онымен қоса кетеді. Әбділ-Керім би Ташкентке өз адамын қалдырып, Төле биді де сонда шақырып, бас билікті береді. Бірақ Төле би қалада емес, көшпелі тұрмыстағы өз ұлысында болғанды дұрыс көреді.

1745 жылдың көктемінде Төле биге жоңғардың Сары Манджа нойаны қонаққа келеді. Сол жерде Сары Манджа өледі. Сары Манджа өлгеннен кейін де Төле би өз ұлысында тұра береді. Елшілері арқылы Әбділ-Керім би Төле биді ұлысымен өзінің аймағына келуді, болмаған күнде не Орта жүзге, не Кіші жүзге көшіп кетуін талап етеді. Төле би Әбділ-Керімнің алғашқы ұсынысын қабыл алады.

Айтылған жайларға қарағанда, сары Манджа нойанды өлтіру Төле би мен Әбділ-Керім бидің өзара ұйғарымы бойынша жасалған іс деуге болады.

Төле би Қоқан билеушісі Әбділ-Керім бимен келісіп, жоңғар басқыншыларына қарсы осындай қиын күрес жүргізіп жатқанда, Әбілқайыр хан мен Барақ сұлтан арасындағы тартыс шиелене түседі. Тартыс 1748 жылы Әбілқайырдың өліміне әкеліп соғады...

Елдің елдігін бұзбауды, әлі келгенше халықтың бейбіт, тыныш жағдайын, тұтастығын қалпына келтіруді, сақтауды көздеген бидің еларалық сипаттағы билігімен қатар, ұлыс ішіндегі дауларды шешкен билігінен де оның мемлекеттік деңгейдегі парасаттылығы, ойының саралығы мен ниеттілегінің әулиедей тазалығы танылады. Соның бір мысалын қазақтың әдет-заңын зерттеуші П.Е.Маковецкий атап өтеді. П.Е.Маковецкийдің келтірген дерегінде Төле би суыққа тоңып өлген бір адамға байланысты билер жиынында билік айтады. Билік бойынша, боранда, суықта тоңып өлуге айналған адамға жанындағы немесе оған ұшырасқан кісі қасқыр ішігі бола тұра қайрылмай кетер болса, онда ол суықтан өлген адам үшін жарты күн төлеуге тиіс болады. Егер оның кигені қасқыр ішік емес, жай тон болса, ол суықтан өлген адам үшін айыпсыз деп танылған.

Бидің шешіміне адамға, адамның өміріне деген құрмет те, адамгершілік ұлы сезім де, жұртты кісілікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеуді мұрат тұтқан аталық даналығы да бар десек, оның ешқандай да артықшылығы жоқ.

Л.Баллюзек қазақ биінің бір билігіне таңқала отырып, әділ шешімнің жаугершілік жағдайындағы қазақтар үшін мейлінше тиімді екендігіне назар аударады. Аңдап қарағанда, Төле бидің бұл билігінің де мемлекеттік, бүкіл халықтық мүддеге негізделгені көзге түседі. Оның үстіне, бидің ойы дара, биліктің мазмұны сара: елдің де, ердің де көкейіне қона кетеді. Дара ой мен сара мазмұнның түрі де сыңғыр қағып, бірыңғай келісіммен жарасып тұр. Расында да, «Шідер – қос, арқан – дос, тұсау – бос» деген қанатты сөздер терең мазмұнымен ғана емес, бірін бірі қуалай, бірімен бірі жарыса үйлескен әсем ырғағымен де ерекше назар аудартады.

Төле бидің беделінің, ел ішіндегі орнының жоғарғы екендігін байқаған жоңғар қонтайшысы Лама Доржы оны кеңесу үшін Жоңғарияға шақырады. Қауіп-қатер сезінгенмен, Төле би шақырған қонтайшысына баруға бекінеді. Қонтайшы қазақ биін жылы қабылдайды. Еліне оралған Төле би Лама Доржының өз күйінен байқағандарын Абылай ханға жеткізеді. Лама Доржының қонтайшы тағына үміткер болып, қарсылық жасап, ақыр қазақ жеріне қашып Дваци, Әмірсана нойандарды Жоңғарияға қайтару туралы сұранысын қанағаттандырмау туралы хат жолдайды. Хатта Төле би Давацидің бүкіл Жоңғария аймағына беделді нойан екенін, ол үшін жоңғарлардың өз арасында қақтығыс болып жатқанын, оны Лама Доржыға ұстап бермеуден қырғыз бен қазаққа келетін зиян жоқтығын жазады.

Төле би жоңғар билеушілерінің арасындағы тақ үшін болған күресті демеп, қолдап, ежелгі жауын іштен әлсіретуді дұрыс көріп қана қоймай, бұл секілді үлкен істі Абылай ханға тапсыруды мақұл көреді. Абылай Төле бидің бұл ұсынысын толық қабыл алады. Әмірсана, Банчжур нойандарды жоңғар қонтайшысына бермеу туралы шешімге келеді. Хан шешімін Бөгенбай, Жапақ секілді елдің беделді батырлары да қолдайды. Осыған келіскен

қазақтар жоңғар қонтайшысының тағына Давақи нойанының отыруына көмектеседі. Давақимен тіл табыса ламай келген Әмірсана нойанды да қолдайды.

Абылай хан мен Төле би таққа таласқан жоңғар нойандарын алма кезек қолдай отырып, ақырында Жоңғарияның сілесі қатып, қатты қалжырауына қол жеткізді. Бұл Төле бидің Абылай ханмен бірлесіп жүргізген саясатының ірі нәтижесі еді.

1755 жылы ерте көктемде Цин мемлекетінің Әмірсана бастаған 20 мың қарулы қолы Жоңғария жеріне келіп кіреді. Бұл Жоңғарияның хандық ретінде жойылуының басы еді. Елі мен жұртына жүздеген жылдар бойы тыныштық бермей, малын да, жанын да аяусыз тонап, талаған жоңғарлардың енді бас көтермесіне көз жеткізген қарт би 1756 жылы дүниеден қайтады. Бидің артында даналығына куә болып билік шешімі, дара сөзі мен сара сөзі, сондай-ақ ел-жұртын басы біріккен іргелі, егеменді ел етсем деген асыл арманы қалды.

Арманы мен тілегі асыл, билігі мен білігі асыл бидің өзі де асыл екендігін білдіреді.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Төле би дүниетанымындағы билік философиясын талдаңыз
- Төле би мен Тәуке хан арасындағы рухани сабақтастықты қалай түсіндіресіз
- Төле би және конфликтологияны сараптаңыз
- Қазақ қоғамындағы билер дәуірінің ерекшеліктерін айқындаңыз
- Төле би қазақ халқының рухани идеологы ретінде не айтасыз

#### **Өзіндік жұмыс сұрақтары:**

- Төле бидің ел басқару ісінде қолданған саясатын талдаңыз
- Төле бидің қазақтың әдет-ғұрып заңдарын құрастырудағы рөлін көрсетіңіз
- Төле бидің даналық сөздерінің қазақ қоғамы үшін маңыздылығын нақтылаңыз
- Төле бидің Жоңғар хандығын құлату үшін ұстанған саясатын түсіндіріңіз
- Орыс зерттеушілерінің қазақ заңдары мен әдет-ғұрыптары жайлы пікірлерін ашып беріңіз

---

#### 4.5. Казыбек би-төбедегіні келтірген төрелік



**Казыбек би Келдібекұлы (1667-1764 жж.)** Тұран жұртының кілең қасқасы мен жайсаңдары 1680 жылы көктемде Тәуке Жәңгірұлын түп бабасы Шыңғысхандай қаһарлы, Әмір Темірдей әділетті, Аяз бидей ақыл ды да көреген, дұшпанына мейірімсіз, халыққа қамқор, ақиқаттың ақ жолынан ауытқымайтын ұлы парасат иесі деп бірауыздан ұйғарып, ақкиізге отырғызып, хан көтерген. Алты би ( Төле, Қазыбек, Әйтеке, қарақалпақ Сасық би, Мұхаммед би, қырғыз Қоқым би) үлкен үміт артып, Әз Тәуке хан деп айтуды ұйғарған. Әз Тәуке қазақтың үш асылын айнымас ақылшы етіп, ел билігінің тізгінің бір қолда ұстап, асқан кеменгерлік, тапқырлық көрсетіп, ел үмітін, билер сенімін ақтап шықты. Сол кездегі даналар "Бөлінгенді бөрі жейді, жарылғанды жау алады" деп білген. Ата-бабамыздың сара жолынан айнымаған, біріне бірі сай әрі адал болған. Сөз — ақылдың өлшемі деп, жүйелі сөзге жығылған. Түн ұйқысын төрт бөліп, тыным көрмей, ел үшін ерінбей еңбек еткен.

Он жетінші ғасырда жоңғар шапқыншылығынан шарасыз қазақтар Арқа мен Алтайды, Жетісуды жау қолына қалдырып, босып, жосып, қасиетті Қаратау мен Сыр бойына ығысқан, сонда паналаған. "Ат басына күн туып, ауыздықпен су ішкен, ер басына күн туып, етігімен су кешкен" қилы заманда, қиын- қыстау қысылшаң шақта 1667 жылы (Ахмет Байтұрсыновтың "23 жоқтауында" 1661 жылы туған. Өлген жылы 1758 делінген. - Құраст.) Қазыбектей ел қамын жеген ер дүниеге келіпті. Қазыбек ес біле анасы Тоқмейілден ұтымды да тапқыр сөз жаттап өседі. Қазекең о дүниеге көз жұмып кеткенше "батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай, ақылымен жол тауып отырған". Осы өнерімен данышпан бабамыз "Қара қылды қақ жарған Каз дауысты Қазыбек, алты алаштың ардағы" деген атаққа ие болған. Қазекең аяғы жеткенше жүріп, қолы жеткенше сермеп, тілі жеткенше бұлбұлша сайрап, мазасыз өмір кешкен. Қылышынан қан тамған кеңес дәуірінде де Қазекеңнің ардақты есімін ел азаматтары есінен еш шығармаған, қайта, осы кісінің аруағына бас иіп, табынған, сыйынған.

Қадірмен қария шағында Қарқаралы өңірінде дүние салған. Үлкен баласы Бекболат қыс ішінде киіз үй тіктіріп, денесін жер жібiгенше сонда сақтап, көктем шыға Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи сағанасына апарып,

басына құлпытас орнатқан. Қазекеннің Бекболат, Қазымбет, Сырымбет, Базаргелді, Ырқы деген бес ұлы, Қамқа атты жалғыз қызы болған. Қаракесек ішіндегі Шаншар әулетінен от ауызды, орақ тілді шешендер, қол бастаған айбынды батырлар, күйіші, әнші, ақын адамдар, дәулеттілер көп шыққан. Шетінен сөз өнерін қуып, ел билеп, өзгелерге үлгі-өнеге шашқан, артына өлмес мұра, асыл сөз қалдырған. Шаншардың ел билеген ерлері ғана емес, кейінгі бала шағасына дейін "жатып атар" "қу тілділігі" бар. Олар күтпеген жердеп оқыс сөйлеп, сөзбен түйреп, сынап-мінеп, күлкіге бөлеуге шебер екендігі әмбеге аян.

Бір кездескенде Қазыбек биден жоңғар қонтайшысы: "Неше ұлың бар?" — деп сұрағанда, Қазекен: "Бір жарым ұлым бар", — деп жауап береді. Қонтайшы оған таңырқап: "Бір жарымың қалай? Мен бес ұлы бар деп естуші едім", - дейді. Сонда Қазыбек: "Менің елге ие болатын ұлым біреу-ақ. Аты — Бекболат. Соны бүтінге санадым. Ал мал мен қатыңға ғана ие болатындарын есепке алғаным жоқ", — деген екен.

Қаз дауысты Қазыбек айтты деген өткір сөздер көп-ақ. Олардың әлі күнге хатқа түспегендері аз емес. Солардың көпшілігі аңызға айналып кеткен, қоспа да қосылған. Біз солардың ішінен іріктен алып, кейбіреуін қалың оқырманға ұсынып отырмыз.

Басы жұмыр пенденің бәрінде де балалықтың бал дәурені өтеді, орынды-орынсыз қылықтары да болады. Сондай бір әңгіме мынау.

Қазыбек жастау кезінде жер шоқтығы Көкшетаудағы Қарауыл елін аралап жүргенде, Бейғұл деген бір байдың сұлу қызына көзі түсіп, ғашық боп қалады. Сол қызды жар етейін десе, қалың төлеуге малы болмай, қапысын тауып, қалайда қолға түсірмек боп, байға жалданып, жылқысын бағады. Шілденің бір күнінде жеміс-жидек теруге тоғайға топталып кетіп бара жатқан бір топ қызды Қазыбектің көзі шалып қалады. Қараса, солардың ортасында нақсүйер қызы да бар екен. Қазыбек те жалма-жан белдеудегі біреуге міне салып, құрығын қарнына іле сап, әлгі қыздардың соңына түсіп береді. Жеміс жидектің қызығына батқан қыздардың ішінен бір қалт еткенде ғашық қызын оңашасын тауып, қапыда қолға түсіреді... Қазыбектің бұл жөнсіз қылығына қорланған қыз ашуға булығып, сол бетінде Тәуке ханға барып, былай деп өлеңмен шағым айтыпты:

Біздер жеті қыз едік  
Жиделінің бойында  
Жидек теріп жүр едік.  
Асау кара үйреткен,  
Талдан құрық сүйреткен  
Біреу келді қасыма,  
Қайғы салды басыма,  
Құрығын салды мойныма,  
Колын салды қойныма.  
Бір білезігім бар еді,  
Бар да болса, тар еді,  
Тар білезігімді кеңейтті,

Жеңгемменен тең етті, — депті.

Тәуке хан қолма-қол жендеттерге Қазыбекті әкелуге әмір етеді. Қазыбекті пенде қылып алдына салып алып келген соң, қызға жаңағы айтқан арызын қайталатады да, хан:

"Бұған не дейсің, қарабетім?" - дегенде, Қазыбектің хан алдында қасқиып тұрып берген жауабы мынау екен:

Жаздыгүні болғанда,

Айғыр менен бұтқа мас.

Күздігүні болғанда,

Кошқар менен теке мас.

Жиырма бесінде жігіт мас,

Жиырмасында қыздар мас.

Сол мастыққа тап болды

Алма мойын, қиғаш қас.

Алсаңыз, тақсыр, міне, бас,

Алмасаңыз, алдияр бас, — деген екен.

Сөзден тосылып, үндемей біраз оғырған хан: "Иілген басты қылыш кеспес деуші еді. Бірақ жазасыз кетпесін. Қара сиырға ашамай салып, теріс қаратып мінгізіп, мойнына құрым іліп, ауылды айналдыра жүргізіп, таңертеңнен кешке дейін масқаралау керек", — деп жарлық беріпті. Жарлық орындалып жатқанда, Қазыбек қорланудың орнына қайратына мініп:

-Қара сиырға мінгенбіз, мойынға құрым ілгенбіз. Аллам жолды оңғарса, беттің арын белбеуге түйгенбіз, ах-аху, eh-ehy! — деп өлеңдетіп жүре берген екен. Әз Тәуке хан бір жұма өткен соң қыз бен жігітті шақырып алып:

Екеуің бір-біріңе тең екенсіңдер. "Теңін тапса, тегін бер" деген, екеуіңді қостым", — деп ақ батасын беріпті. Осылайша жас Қазыбек үйлі-баранды болып, ұзақ бақытты өмір сүрген екен.

Жастау кездерінде Төле мен Әйтеке Қазыбекті сынамақ боп, бір ерге өтірік таласып, алдына жүгініпті. Ер иесі Әйтеке, даулаушы Төле болса керек. "Қапталың қайың, қасың тал, Қазыбек қосқан ерімсің? — депті Әйтеке. Ал Төле болса, ер өзінікі екендігін, одан ешбір айрылмайтындығын айтып тұрып алады. Сонда Қазыбек Төлеге: "Сен қараның ұлы Төлесің, адам болайын деп жүрген немесің, қу ағаш үшін жан берме, жан берсең, ажалыңнан бұрын өлесің! Сен екі шіркін мені сынамай-ақ қойыңдар. Орталарыңда бір кісінің жауырыны жерге тимей-ақ жүрсе қайтеді?" — деген екен. Қазекен оза шауып, тон жарып алға түспеген. Әрдайым бас бағып, сөз тындап, соңынан сөйлеуге дағдыланған. Айтса — бітіріп, кетсе — үздіріп, сөзін өткізе білгендігін көреміз.

Қазақ пен қалмақ тығырыққа тіреліп, таразыға түскен сын сағатта уыздай жас Қазыбек тыңнан жол салып, қиыннан қиыстырып:

Ерден ердің несі артық,

Ептестірген сөзі артық.

Малдан малдың несі артық,

Бір-ақ асым еті артық.



Жерден жердің несі артық,  
Бір-ақ уыс шөбі артық.  
Міндетіне алған сөзден  
Шегінген жігіттен

Аштан өлген аюдың еті артық,

- деп Тайкелтір би мен хан Бертiстi тыйып тастап, бүркітше шүйіліп, Қонтажыға: "Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат!" — дегенде, хан: "Өй, өзің жөніңді айтшы, аты-жөнің кім?" — дегенде: "Руым Қаракесек, әкем Келдібек, атым Қазыбек", — деп саңқ етіп берген жауабы, әсіресе оның: "Біз — қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан ала жібімізді аттап, басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз — қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз — көмір, еріткелі келгенбіз, екі еліктің баласын теліткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға келмесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылаң болсаң, мен — арыстан, алысқалы келгенбіз, жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желімдей жабысқалы келгенбіз, берсең, жөндеп бітіміңді айт, бермесең, жөніңді айт не тұрысатын жеріңді айт", — деп жөн айтуы қазақ тарихында алтын әріппен жазылған тарихи құжат. Мұны мұражайға жарқыратып жазып қойса да болғандай.

"Төле би дүниеден өтті" деген суық хабарды естігенде, Қазекең "Төле өлді дегенше, дүниедегі әділет өлді десеңші. Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім хан жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?" — деп жер таянып, көзше жас алыпты. "Қара қылды қақ жарған әділдік, төрелік" дегендер осы болса керек.

Өз Тәуке "Жеті Жарғыны" қабылдап, көңілі жай тапқан соң, үш биді сынамақ боп:

-Дауға билік айтқанда жасы мен жолы үлкеннің бастауы, жасы кішілердің қостауы жөн бе әлде жасы кіші бастап, жасы үлкендер қоштауы жөн бе? — десе керек. Сонда Төле:

-Төбеде тұрған төрт жағын түгел көреді, ал төменде тұрғандар біреуі екі жағын, беткейде тұрғаны тіптен бір жағын әрең көреді. Сондықтан жасы үлкеннің алдымен сөз алғаны дұрыс, - депті.

Бірде елшілікке келген көрші елдің бір адамын өлтіру жайында сөз болыпты. Үш би оңаша шығып әңгімелесіп тұрғанда, Төле көлге қарап тұрып:

-Алар ма еді мына көлдің қуын атып? — дейді. Әйтеке:

-Оғың шығын болмасын суын атып, - дейді. Сонда Қазыбек:

-Құтыла алмас бәлеге қалып жүрмейік, Құс екен деп перінің қызын атып. — деп сөзді бітіріпті.

"Қаһарлы сөз қамал бұзады" деген, осы сөзден кейін-ақ «Қаз дауысты Қазыбек» атанып, алағашқы даңқы кең жайылған, аты ауыздан еш түспеген.

Қазекен тек Өз Тәуке тұсында ғана емес, Сәмеке хан мен Абылай заманында да әділет туын желбіретіп өткен. Ата жауы жоңғар, қалмақтармен ғана емес, Ресей, Қытай, Бұхар, Хиуа араларындағы шиеленіскен дау-жанжалдарға белсене араласқан, бейбітшілік пен достықты дәріптеуші мәмілегер болған. Әрдайым аразды татуластырып, алысты жақындата білген. "Елдестіркемек — елшіден, жауластырмақ — жаушыдан" деп, елшілікті де мінсіз атқарған тұңғыш дипломат, данагөй Қазыбек Неплюев пен Гладышевтар арқылы І Петр патшамен де қарым-қатынаста болғандығы белгілі. Қазекен үш жүздің ішіндегі шешуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы-қасында болған, хандар мен сұлтандардың оң көзі мен оң қолы, сенімді ақылшысы, ханға бергісіз бий болған. Әбілқайыр ханды өлтіріп, азуын айға білеген Барақ сұлтанға: "Сылтауратып сытыла алмайсың, не өліп тынасың, не жөніңмен жеңіп құтыласың, екінің бірі, егіздің сыңары, Барақ", — деуі, ақыр соңында ол еріксіз мойындап: "Уа, би аға! Айттың сен, көндім кебіңе!" — деуге мәжбүр етуі тек айбыны ай жасырған сұсты тура би Қазекеннің қолынан келетін іс. Қаз дауысты Қазыбек — бойына біткен ерекше дарынымен тай бәйгесінен озып шығып, ат бәйгесіне қосылған, тұңғыш рет елшілікке атшы болып барып, басшы болып қайтқан, бала биден дана би атанған қазақ тарихындағы ғайталанбас ерекше тұлға.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Қазыбек бидің халықты біріктіру идеясы.сипаттаңыз
- Қазыбек бидің саяси-әлеуметтік сыни көзқарастары айқындаңыз
- Қазыбек бидің қанатты сөздері.ашып беріңіз
- Қазыбек би қазақ шешендік сөз өнерінің бастауы ретінде. көрсетіңіз
- Қазыбек би шығармашылығындағы билік мәселесін талдаңыз

#### **Өзіндік жұмыс сұрақтары:**

- Жеті жарғы заңы қазақ халқының рухани қазынасын қалай түсінесіз
- Қазыбек бидің Жеті жарғы заңын құрастыруға қосқан үлесін нақтылаңыз
- Ел басқару ісінде билердің ақын-жыраулардың орнын салыстырмалы түрде сипаттаңыз
- Қазыбек бидің рухани мұрасын сараптаңыз  
Қазақ халқындағы билік философиясының мәнін талдаңыз

---

#### 4.6. Әйтеке би - қара қылды қақ жарған шешен



**Әйтеке би Байбекұлы (1644-1700 жж.)** Қазақ сахарасының қай тарабынан көз салсаң да жанарыңа әуелі үшеуі ілігетін. Иә, ол да үш арыстың тірегі, үш асылдың бірі еді. Дүние жалған десейші!

Мәртөбе мен Күлтөбе күнде жиын кезеңде алты алашты аузына қаратқан сол үшеуінде күндердің күнінде біреу білсе, біреу білмейтін болады деген кімнің ойына кіріп шықты дейсің?! Өздері түгілі, астарындағы аттарының мінезін, қолдарындағы қамшыларының сыр сипатын әркім ақ жазбай танымас па еді?! Ал енді сол үш бәйтеректің өзін бірден шалса, бірде шалмайтын, бірде таныса, бірде танымайтын көз қанша?! Үшеуінің жұбын жазбай танитын жанар, үшеуінің қасиетін айтпай ұғынатын көкірек жылдан жылға азайып, есін енді жиған ел жұрт үшін тайға басқан таңбадай дәл мағлұмат беретін көре қалған, ести қалғандардың өзі таусылып бітуге айналған.

Бір ғасырда, бір кезеңде, бір мақсат жолында тізе ажыратпай бірге күрескен үш сабаздың тағдыры үш қилы болғанға ұқсайды.

Біреуі асарын асап, жасарын жасап, ағайын ортасында, сонау пейіштей әсем Баянауыл аймағында дүние салып, әуелі аманат ретінде сол араға қойылып, артынан Түркістандағы Әзірет Сұлтанның киелі қорымына әкеліп жерленеді.

Біреуі төбе би болып қана қоймай, өле өлгенше бір ұлыстың төре билеушісі бола жүріп, қастандыққа ұшырап, шәйіт кетеді де, исі түркі байтағы Шаш шаһарының қақ ортасынан топырақ бұйырып, үлкен кіші бірдей тәуіп етер әулие атанады.

Ал үшіншісі... Туған жылы белгісіз. Өлген жылы белгісіз. Жатқан жері белгісіз.

Белгілісі: алаш ішінде Алшыннан. Алшын ішінде Әлімнен. Әлім ішінде Төртқарадан. Төртқараның Қарашы. Қараштың Сейітқұлы.

Сейітқұл болғанда, кәдімгі Әз Тәукенің төртінші атасы, атақты Қасым хан өлген соң біраз уақ қазақ билігін қолына алған Шығай Жәдікұлы 1581 жылы күллі ұлысымен Сырдарияның сағасындағы қонысын тастап, Самарқанның теріскейіндегі Нұрата тауына көшкенде, қасына төртқара Сейітқұл дегенді ерте кетпейтін бе еді,- сол Сейітқұлдың дәл өзі. Сейітқұлдың сегіз баласының аты жер жарған. Ең атақтысы Жалаңтөс сол

кезде бар болғаны бес жаста екен. Сол жалаңтөс Нұратада жүріп, Бұқар мен Тамды маңындағы қазақ ұлыстарын билеп отырған Ақназарұлы Дінмұхаммедтің көзіне түседі. Ол кәдімгі - Хафиз Таныштың Абдулла нәмесіндегі Дінмұхаммед. Қасым өлгесін, шырқы бұзылған Қазақ хандығының еңсесін қайтадан тіктеп берген әкесі Ақназардың саясатын одан әрі жалғастырып, Абдолла әулетінен өрбитін билеушілермен батыл тайталасқа шығып, қазіргі Орта Азияның кейбір шаһар мемлекеттерінің тізгінін өз қолына ала білген қазақ ханы. Жалаңтөс те Дінмұхаммедтің сол күресі үстінде көзге түссе керек. Оның Бұқар, Самарқан, Гератта бас қолбасшылық, тіпті билеушілік дәрежеге жетуінің де арғы астары осында жатса керек. Не де болса, Жалаңтөстің дәулеті мен беделінің асқандығы сонша, Самарқандағы әлі күнге дейін көздің жауын алар Шердор, Тілләқараны салдырады. Өз Тәукенің әкесі Салқам Жәңгір жоңғар шапқыншылығын тойтармақ боп, қиын шатқалда шайқас салғанда, артынан жиырма мың қол бастап келіп, жеңіске жеткізеді. Тәуке тұсындағы Кіші жүздің ұлысбегі Әйтеке, міне, осындай ықпалды әулеттен шыққан.

Ол Жалаңтөстің әкесі бір, анасы бөлек бауыры Ақшаның үшінші баласы Байбектен туады. Бір ғажабы, осындай атақты тұқымнан өрбіген атақты бидің қай жерде жерленгені беймағлұм. Туған, өлген жылының белгісіз болуы да соған байланысты секілді. Оны анықтау үшін не зиратын, не сол кезеңнің археографиялық ескерткіштерінен жазбаша дерек табу керек. Өйткені оның тізелестері Төле мен Қазыбек билердің “Ақтабан” оқиғасынан кейінгі өмірінің негізгі сипатын сол кездегі орыс қазақ қатынастары құжаттарынан ұшырастыруға болады. Олардың қай жылы туып, қай жылы өлгені де сол деректер бойынша айқындалып отыр. Ал аталмыш кезеңдегі орыс қазақ қатынастары жайындағы деректерде Әйтекенің аты ұшыраспайды. Рас, кейінгі жылдарғы кейбір тарихи зерттеулерде, мәселен, В. А. Моисеевтің “Джунгарское ханство и казахи XVII – XVIII вв.” деген еңбегінде Нұралы сұлтан әкесі Әбілқайырды өлтірген Барақты құрамында Ұлы жүз Төле би, Кіші жүз Әйтеке би, Шөмекейден - Жалған би, Шектілерден - Сырлыбай мен Баба би, Ысықтан - Кебек мырза кірген билер сотына тартты, сот Барақты ақтады дейтін дерек кездеседі. Оны дәлелдеу үшін Ш. Уәлихановтың 1985 жылы шыққан бес томдығының төртінші томының 88 –бетіндегі деректерге сілтеме жасайды. Ал ол деректі сөзбе сөз аударсақ: “Мәселен, Орта жүздің аса күшті билеушілерінің бірі Барақ сұлтан 1758 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіріп, өзін тергеу үшін барлық қазақ билерінің ішінен төртеуін таңдап ап, сот құрады. Олардың қатарына Үлкен Ордадан Төле би, Кіші Ордадан Әйтеке би кіреді”, - делінген.

Ш. Уәлиханов бұл арада қандай дерекке сүйенгенін айтпайды. Істің келісіне қарасақ, Кіші жүз ханының өлімін тексеретін дауға Кіші жүздің бас биі Әйтекенің кіруі әбден заңды. Бірақ орыс қазақ қатынастарының Әбілқайыр өліміне байланысты ақпарларында Әйтеке есімі атымен ұшыраспайды. Оның үстіне, Барақ Әбілқайырды 1758 жылы емес, 1748 жылы күзде өлтірді. Екіншіден, 1758 жылы Барақтың ешқандай билер сотына жүгінуі мүмкін емес. Өйткені ол 1750 жылы Қарнақ деген жерде бір қожаның

үйінде қонақасы үстінде уланып өлген. Ендеше, әңгіме 1748 жылдың күзіндегі оқиғалар турасында болса керек. Ал олар сол кезде Бопай Ордасы мен қазақтар арасында болып қайтқан тілмаш Ю. Гуляевтің, казак атаманы С. Абдрезяковтың күнделіктерінде егжей тегжей жазылған. Қыркүйектің 23 – і күні Бопай ханшаға Әбілқайырдың бұрынғы әйелінен қалған қызына үйленген күйеу баласы Жәнібек сұлтан ( кейбір авторлар Шақшақ Жәнібек батырды сұлтан Жәнібекпен шатастырып, ханға күйеу бала қылып қоятыны бар) келіп: “Барақ сұлтан туралы хабар келді. Оны Орта жүздің Қаракесек руының Қызыбек би бастаған игі жақсылары Ұлы жүз бен жоңғар қалмақтарына асып кетуіне жол бермей, тоқтатып қойыпты.

Соның қырсығынан күллі Орта жүз қазақтарына пәле келеді депті. Күллі Ордамыздың көші қонын кеңейтіп берген атақты ханды өлтірдің екен, енді өзің бас хан болып, Айшуақ сұлтанның орнына балаңды аманатқа жіберіп, ұлы ағзамның пәрменінен бізге берілген кең өрістің қауіпсіз болуын қамтамасыз ет. Олай ете алмайды екенсің, сен үшін, сенің серіктерің үшін Кіші жүзбен жаманатты болар жайымыз жоқ. Әбілқайыр балаларына ұстап береміз, не істегілері келсе,соны істесін”,- депті. Оларға Барақ:”Мен Әбілқайырды өлтірсем, суайттығы үшін өлтірдім.Ол суайт еді. Аз суайттық жасаған жоқ. Маған да көрсетпегені жоқ. Күйеу баламның Хиуадан жіберген үш түйе затын жол жөнекей тонап алды. Бұл сендер секілді қарашының араласар шаруасы емес. Ол билеуші болса. Мен де билеушімін. Бір бірімізге не істеп, не қоятынымызды өзіміз білеміз. Ол Бөлекей ноян тұқымы болса, мен Шығай тұқымымын. Оның бізбен таласар не жөні бар? Біздің әулеттің олардан абыройы кем бе? Атағы кем бе?”- деп жауап беріпті.

Сөйтіпті де, төрт биге, атап айтқанда, Кіші Орданың Алшын Төртқарасының Қаратоқасына, Орта жүздің Қаракесегінен Қожанайдың Мәмбет аталығына, Бағаналы Найманның Өтебайына өз атынан сәлем жолдап, “егер солар Әбілқайырды өлтіргенің теріс болды десе, басымның еркін соларға беремін”,- депті. Көріп тұрмыз, бұлардың арасында Төленің де, Әйтекенің де аты жоқ. Ю. Гуляевтің күнделігінде келтірілген бұл деректі С. Абдрезяков қуаттайды. Оның айтуынша, Барақ Наймандағы Өтебай Шүрек биге, Қабанбай батырға, Қаракесектегі Қазыбек биге үш кісі жіберіп:” Әбілқайырды өлтірдім. Қазақтар оның орнына мені хан қояйын деп жатыр”,- деп хабарлаған. Оған жоғарыда аты аталған игі жақсылар қатты наразы болған. “Әбілқайыр баласын аманатқа берсе, өз пайдасымен қоса, ел пайдасын да ойлады; сол арқылы еліміздің жайлайтын жерін кеңейтті: сауда саттықты жақсартып, халқымыздың мұқтаж нәрселерін тауып берді. Сондықтан да оны атақты әрі бас ханымыз деп білдік. Оны өлтіріп, өз басыңа өзің қауіп тілеп алдың. Барақ, сен ел көңілін тапқан кезде, хан болмасаң да, ханнан кем болған жоқсың. Бірақ бұл жолы сені хан деп мойындай алмаймыз”,- деп, Барақтың жаушыларын құр қол қайырыпты.

Сұлтан Төле биге хабаршы жіберген екен. Одан да сондай жауап алыпты. Амалсыз Сарысудың жоңғар жағына көшіп қоныпты. Қасында бес жүз шаңырақтай ғана ел қалыпты.

Осылай жан жақтан дүңк - дүңк хабар жетіп жатқан кезде, Әйтеке

жайында ләм - мим сөз жоқ. Қазанның 2 – і күні Бопай бәйбішенің ауылында Нұралы ақ киізге көтеріліп, хан сайланды. Оған қатысқан игі жақсылардың арасында Әйтекенің аты аталмайды. Араға аз күн түскесін, Нұралыны хан сайлағандар жан жаққа аттанып кеткесін, қазанның 15 – күні Батыр сұлтан хан сайланады. Оны сайлағандардың арасында Әйтекенің аты жоқ. Ал Моисеев кітабында айтылатын Шөмекей Жалған, Шекті Сырлыбай, Бәби Мөңке, Ысық Кебек билерге келетін болсақ, 1748 жылдың 27 қыркүйегінде Бопай үйінде Шақшақ Жәнібек батыр қатысқан Орта, Кіші жүз рубасыларының кеңесіне Барақтың одақтасы Батыр сұлтанды да шақырып келу үшін әлгі төрт би жұмсалады. Олар барса, Батыр сұлтанның үйінде Әйтеке бидің балалары Жалтыр мен Қонысбай, Шекті Тілеміс билер бастаған игі жақсылар отыр екен. Олар Бопай үйіндегі мәслихатқа барудан бас тартқан. Жалтыр мен Қонысбайдың Әбілқайырды емес, Батырды жақтайтындығы 1731 – 1733 жылдардағы Тевкелев күнделігінен де белгілі болатын. Бірақ сол 1723 жылдан былайғы Қазақ даласындағы аласапыран жағдай туралы Ресей әкімшілігіне түсіп жататын әртүрлі ақпарларда Әйтеке аты бірде бір рет ұшыраспайды. Неге олай? Бәлкім, Әйтекенің орыс қазақ қатынасына байланысты ұстанған саяси бағытынан болар?

Олай дейін десең, Әбілқайырмен бірге 1731 жылдың қысында Тевкелев шатырына оңаша кеп ант беретін Батыр сұлтан, патшаға Кіші жүз елшілігі кеткенін естіп, 1733 жылы Уфаға өз елшілігін аттандыратын Сәмеке хан, 1734 жылы Ұлы жүз елшілігін Петерборға жіберген Қодар, Төле, Сатай, Ханкелді, 1738 жылы Әбілқайырмен бірге Татищевке барып ант беруден тартынып, 1740 жылы Урусовқа барып ант беретін Әбілмәмбет, Абылай, 1735 жылдың 20 желтоқсанында қарауларындағы Керей сұлтан, Дәулен, Тілеуімбет, Шорабай, Шүрек, Тәнеке, Боқай, Қалқаман, Шұбар, Ерназар, Сүйіндік, Қабанбай, Жарасбай, Елқонды, Жекеман, Жарылқап, Өтебай, Балтемір, Тоқаш, Тоғын, Сатыпалды, Қонақбай сынды рубасыларымен бірге,” Әбілқайыр қалай мойынұсынса, біз де дәл солай мойынсұнамыз”, - деп, бодандыққа алуды өтініп хат жазып, қарауындағы қырық мың үйімен 1742 жылы қарашада бодандықты қабылдап, ант беріп, патшаға Сырымбет Бекбасұлын елшілікке жіберетін Барақ сұлтан, 1745 жылдың қазанында қарауындағы он мың үйімен бодандықты қабылдап, рахманқұл биді елшілікке жіберетін Күшік, ұзақ уақыт үн - түнсіз жатып алған Қазыбек пен Бұқар жайындағы деректердің ешқайсысын қағыс қалдырмай, бәрін қағазға тіркеп баққан орыс әкімшілігі дәл солар тұрғылас Әйтекеден мұнша нағып көз жазып қалған? Ол кездегі деректерден Қазақ арасындағы саяси ахуалдың біркелкі, бірыңғай емес екенін айыру онша қиын емес.

Мәселен, Әбілқайырдың бос тұрған бас тақты иемденіп қалу үшін сонау Тәуекел, Тәуке заманынан бері айтылып келе жатқан әңгімені қозғап, патша ықпалын пайдаланғысы келгені, онысынан ештеңе шықпасын байқап, көрші Иран, Түркия, тіпті жоңғар қонтайшысымен астыртын байланыс жүргізе бастағаны, бас тақты Өсеке әулетіне беріп қоймас үшін, олардың жолын бөгеу мақсатында өздері де ақ патшаға үсті - үстіне елші аттандырып, бодандық сұраған Жәдік әулетінің әрқилы өкілдері Сәмеке, Әбілмәмбет,

Абылай, Батыр, Барақ, Күшік басындағы бірде олай, бірде былай аумалы - төкпелі ахуалдар, қол астында амалсыз отырған жоңғар қонтайшысына бір жақты кіріптар болып қалмас үшін, оқтын - оқтын орыс әкімшілігіне де елші аттандырып отырған Жолбарыс хан мен Төле би саясаты, бодандыққа ант бердік екен деп, орыс патшасының ғана иегінің астында кетіп, екінші жақтан қауіп шақырып алмау үшін, Цинь билеушілерінің де қас қабағын аңдыған Абылай дипломатиясы, екі жақтан бірдей кезенген екі күштінің екеуін де емексіткенімен, екеуіне де түбегейлі ыңғай танытпауды көздеген Қазыбек пәтуасы, бір жағынан Қызылтау мен Ертіске қол сала бастаған патшадан, екінші жағынан шапанының шығыс жақ шалғайына шап бергелі отырған шүршіттен бірдей қауіптенген Бұқар уайымы жүйе - жүйесімен тайға басқан таңбадай сайрап тұр. Осындай дәндаланадай кезеңде заманында бір арыстың ұлысбегі болған, ата - тегі сонау Шығай, Ақназар, Салқам Жәңгір, Тәуке замандарынан бермен қарай қазақ саясатына белсене араласып келе жатқан, үш жүзге сөзі бірдей өтімді Әйтекенің әлгі ағымдардың ешқайсысына қосылмай, тым тырыс жатып алуы мүмкін бе, сірә?

Атақты үш бидің- Төле, Қазыбек, Әйтекенің бір ананың тетелес үш қылындай қатар аталып, қатар қадірленуі де, ел жадында бірдей қалуының басты сыры да осында: киелі үштік санында. Бұл алуандас болжамды кейінгі жылдары ғана қолымызға тиіп отырған Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Даналар» атты өлеңінде де табамыз. Онда : «Қазыбек Әйтекеден көсем өткен, Әлдибек, Айтпай, Майлы шешен өткен. Жолы үлкен жасы кіші Төле бидің Әйтеке, Қаз дауысты қазыбектен ,» делінген. Ол мұны неге сүйеніп айтып отыр? Оның жауабы әлгі өлеңнің өзінде тұр: « Өнерге құлаш ұрып бала жастан, тарихын бұл үш жүздің етіп дастан, Баласы Толыбай сыншы Қожаберген Бой ұрған ерен іске әкел бастан». Демек, ақынның тілге тиек етіп отырғаны XVIII ғасырда өмір сүрген Қожабергеннің «Елім ай» дастаны. Әнші, күйші, ақын, елшілікті де жүріп көрген көзқарасты кісі Қожабергеннің айтуы бойынша, Әйтеке елу дастанның композициялық құрылымына , сөз болып отырған оқиғалардың баяндалу ретінде қарап топшылауға болатын сияқты. Дасиан: «Баласы Халдан Бошақтың Сыбан Раптан, көрші елді жауламақ болып көз алартқандығынан » басталды да ,« Ызғарлы күн шығыстан жел келеді, Шұбырған Алтай жақтан ел келеді, Еділден ұбашы қалмақ тағы шапты, Зор бөгет тас маңдайға кез келеді » , дейтін замандағы қазақтың басына түскен қиын жағдайды түгел баяндайды.

Сонда Әйтеке екі жақтан жау қалмаған қазақтың бас көтерерлерінің басқыншыға қарсы шыға алар қару іздеп, орыс, қытай тараптарына елші жүгіртіп одан ештеңе шықпай, дағдарған тұсында айтылады: « Қаруын орыс пен қытай сатпаған соң, қатынас арадағы тоқтаған соң, Сенделді хандар, билер ақыл таппай, кенеттен қалмақ елді таптаған соң; Өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті, келгенде елу алты жасқа ажал жетті, « Бағыну бір көсемге дұрыс қой! » - деп Боларын осы апатты болжап кетті. Төреден Әйтеке би безін деді, келді ғой көсем сайлар кезің деді, қазақты батыр көсем басқармаса, быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді; хан, сұлтан, төре

күні өткен деді, олардан ақыл айла кеткен деді,; қазағым, өзіңді өзің тұтас ел қып, басқарар енді уақыт жетті деді; ақылды болсын батыр көсем деді; басқарса қазақ баолар есен деді; көрші елмен татуласып, тіл табысар, тағы да болсын өзі шешен деді; осындай көптен көсем ізде деді; хандарды шеттетуді көзде деді; өзақты төре бастап, көгертер деп, малтаңды, би мен бектер , езде деді; үш жүзден үш ақылшы болсын деді, қазаққа бақ пен дәулет қонсын деді, сайлаған көсемдерің кемеңгер боп, халықтың болашағын шолмсын деді; бұл сөзді би мен бектер ұға алмады, бас қосып, дұрыс кеңес құра алмады; үш жүздің шонжарлары төре жақ боп, ортадан батыр көсем шыға алмады, өткен күн, ойлағанмен , қайта оралмас, бақыт құс ұшын кетсе, қайта қонбас; өсиетін Әйтекенің естеріне ап, Қазыбек, төле, Ақсуат шешен жорға, қиналды ақыл таппай осы жолда; сайланды Әбілқайыр әскербасы, өзінше ел билігін алып қолға; жас биі Кіші жүздің Малайсары, ол дағы ақыл айла таба алмады; бас қосып, Күлтебеде кеңес құрып, жөн көрді, қоршау бұзып құтылғанды. » Бағзы дастанның суреттеп отырған кезеңін тарихи деректер де тап осылай сипаттайды.

Расына келсек, қазіргі біз біліетін алауыздық пен әкімшілік ол заманнан көп кейін, ол заманда қалыптасқан ел билеу жүйесі әдейі аяққа басылған кезде шықты. 1824 жыл хан билігі, 1868 жылы сұлтан билігі жойылды. Сол арқылы қазақ даласы дәстүрлі мемлекеттік сипатынан айырылды. Оған басқа топырақта қалыптасқан бюрократтық билеу жүйесі күшпен тиелінді. Елден гөрі өз басын, ұлттан гөрі ағайынын көбірек қамтып, ақылдан гөрі айла-шарғыны көбірек малданатын пысықайлардың «партияшыл», «топшыл» күресі етек жайды. Ру – ру болып, ата-ата болып, билікке таласу да содан шықты. Сондай кикілжінді тілге тиек ету үшін, «анау ауылдан шыққандар шетінен сұңғыла, мынау ауылдан шыққан шетінен миғұла» деп, бірін бір көзге шұқитын әдет пайда болды. Көзі тірі жүргенімізді жбылай қойып, баяғыда сүйегі қурап қалған бабаларымызды әрі итеріп, бері жығатын болып бара жатырмыз. Бүгінгі ұсақтығымызды соларға теліп, адамды қойып, рулы елді жөргектен қағынған қып көрсетуге машықтана бастадық.

Бір заманда бірдей әрекет қалғандардың біреуін ақтап, біреуін қаралау үрдіске айналды. Бүкіл елдің басына келген зауалды біреулердің басына тели салу, тарих берген талайды өзіміздей екінші біреуден көру етек жайды. Тіпті, басқаны қойыпбаршамызыдың басымызға түсіп, баршамыз болып әлі арылып болмаған отаршылдық зауалының өзін бір-біріміздің бетімізге шіркеу салу үшін тілге тиек ететіндер де табылмай қалып жатқан жоқ. Отаршылдық – тек біздің ғана емес, адамзаттың басым көпшілігінің басына тұскен тақсырет. Одан құтылу үшін бір-бірін әрі итеріп, бері жығатын әуре-сарсаң емес, ортақ мақсат жолындағы ынтымақ керек. Ондай ынтымақ бір-бірімізден мін іздеу жолымен емес, әрқайсымыздың көкейкесті мүддемізді бірдей елеп, бірдей ескеру жолымен орнайды. Төле, Қазыбек, Әйтеке есімдернің әлі күнге аузымыздан түспейтіндігі де сондықтан. Замандастарына сүйек сындырысып, жаға жырттысуды емес, бірі жең, бірі жаға, бірі іні, бірі аға болуды, өзара теңдік арқылы елдікке, елдік арқылы



өзгелермен теңдікке жетуді үйреткіндіктерінде.

Шымкент қаласының ортасында Ордабасы деп аталатын алаң бар. Оған бір тараптан Төле би, екінші тараптан Қазыбек би, үшінші тараптын Әйтеке би көшелері келіп тоғысады. Үш сала – бар арна. Қай істе де, қай тұста да осыны ұмытпасақ талай кемісіміз түзеліп, талай ортамыз толар еді-ау...

**Өзін тексеру сұрақтары:**

- Әйтеке бидің дүниетанымының қалыптасуының алғышарттарын сипаттаңыз
- Әйтеке бидің қазақ елінің рухани өміріндегі алатын орнын айқындаңыз
- Әйтеке бидің қазақ халқының саяси тәуелсіздігі үшін күресі қандай болды ашып беріңіз
- Әйтеке бидің саяси мәмлегерлік қызметін көрсетіңіз
- Қазақ қоғамындағы билер институтының қызметін тақтылаңыз

**Өзіндік жұмыс сұрақтары:**

- Әйтеке би шығармашылығындағы бостандық идеясын талдаңыз
- Ұлттық идеология қалыптастыру жолында қазақ билерінің алатын орнын анықтаңыз
- Әйтеке бидің дау шешу өнерінің ерекшеліктерін сипаттаңыз
- Қазақ қоғамындағы билер институтының саяси әлеуметтік қызметін көрсетіңіз
- Әйтеке бидің қазақ философиясының дамуына қосқан үлесін дәлелденіз

---

#### 4.7. Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымындағы еркіндік, бостандық, және отан сүю идеясы

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы, философиялық даналық ойлары төл философиямыздың қалыптасуына рухани негіз бола алады. Белгілі бір тарих кезеңінде өмір кешкен әрбір тұлға, ақын өз заманының перзенті. Сондықтан да ол өз заманының әлеуметтік күйін, тұрмыс - тіршілігін толғайды. Сол өмір сүрген кезеңіне, зердесіне қарай өз көзқарасы тұрғысынан қарайды. Олардың шығармаларынан дәстүрлі дүниетаным тарихи сабақтастық принциптері анық байқалады. Әсіресе қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салушылардың бірі **Шалкиіз жырау Тіленішұлының** (1465-1560) шығармашылығы, философиялық ой кешу, жыр толғау әдістері ерекше. Ел аузынан жазылып алынған тарихи әңгімелерге қарағанда, Шалкиіз Батыс Қазақстанда, Ноғайлының ұлы биі Мұсаның қызынан туыпты. Әкесі Тіленшігіш - қазақ арасындағы көп шонжарлардың бірі болса керек.

Шалкиіз шығармаларының өзіндік ерекшелігі - ондағы дүниетаным толғаныстардың молдығы. Көркем шығарма қашан да сол заманның, сол кездің ой-өресімен салыстырыла бағаланбақ. Шалкиіздің философиялық ойлары ұзақ толғанып, өз заманын нәзік түсіне білуінің жемісі. Бұл ерекшеліктер жыраудың шалқар даналықтың, терең ақылдың иесі болғандығын көрсетеді. Осыдан келіп біздер Шалкиіз ойларының, шығармаларының өміршеңдігін, арада төрт жарым ғасырдай уақыт өтсе де ұрпақ жадында сақталуының сырын ұғамыз.

Белгілі ғалым әрі жазушы М. Мағауин: «Шалкиіз - новатор еді», - дейді. Ол- қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Бұл тұрғыдан алғанда Шалкиізді қазақтың барлық жырауының атасы деуге болады. Өзінің философиялық афористік поэзиясы - толғауларында Шалкиіз ойлылықтың, көркемдіктің шыңына шықты. Қиыннан қиыстыру, нақтылық, ықшымдылық, ойнақылық, сонымен қатар тереңдік Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі. Бұл жағынан алғанда қазақ жырауларының ешқайсысы да онымен белдесе алмайды.

Қазақ ақын - жырауларының шығармалары, негізінен, көшпелілер болмысы, ата-қоныс, адам, қоғам, сол кездегі әлеуметтік жағдайларға, батырлық, көркемдік, адамгершілік өмір мәселелеріне байланысты болып келді. Осы тұрғыдан алғанда Шалкиіз шығармашылығында бір қалыпқа түскен философиялық көзқарас жоқ. Дүниеде тұрақты, мәңгілік ештеңе де жоқ дейді жырау. Өмір қысқа екен, бұл жалған басы жұмыр пенденің бәрінен де өтеді екен, демек, осы аз ғұмырды дүниедегі бар қызықты тегіс көріп, думандатып өткізу керек деп, жырау өмір мен өлім мәселесі жайында философиялық толғаныстар жасайды. Жырау өмірдің бар қызығы, бақыты, қуанышы о дүниеде емес, адамның бар бақыты бұл дүниеде екендігін айтып өтеді. Шалкиіз жырау «көп түкірс - көл» деп елді ұйымшылдыққа, бірлікке шақырады. Оның пікірінше, көптің, елдің қолынан бәрі келеді. Ол жауға

айбар, елге қорған дейді. Сондықтан да Шалкиіз жырау: «Жалғыздың жоғы жоғалса табылмас, рулының оғы қалса табылар», «Жағаға дұшпан қолы тимеске, артында туысқанның көбі игі», «Белуардан саз кешсең тобығыңнан келтірмейтін-қаумалаған қалың туғанның арқасы»-деп ағайынның, туғанның көп болғанын қалайды.

Шалкиіз жырау жамандық пен жақсылық жөнінде де айта келіп, «көрінгеннің бәрі бірдей емес», «қырға шықпас жаманның барынан да жоғы жақсы» деп, адам бойынан үлкен адамгершілік, игілік, тереңдік іздейді.

Жауынды күні көп жүрме  
Жар жағасы тайғақ-ты,  
Жаманға жақыным деп сыр айтпа,  
Күндердің күні болғанда,  
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты!

В. Радловтың жазуы бойынша нәзік жанды ақындығымен қатар Шалкиіз-батыр, жауынгер де болған көрінеді. Мүнің дәлелін мына бір жыр жолдары көрсетеді:

Қатты бір тартып бек атсаң,  
Қайырылып барып тез сынар  
Қайың оқтың жаңқасы,  
Көктеп мінген еріңнің  
Астында көп жүгірер көлік бар,  
Көп садақтың ішінде  
Көбе бұзар жебе бар,-

деген сияқты жолдар өте көп кездеседі. Бұдан біздің байқағанымыз, Шалкиіз толғауларының рухы - батырлық, ерлік, өз отанын сүю, оған қызмет ету.

Шалкиіз мұралары бізге әлі толық жетпегенмен, оның рухани мұрасы өте бай. Оның сөз өнері, дүниеге деген көзқарасы төл ойлау мәдениетіміздің қалыптасуына, сөз жоқ, айтарлықтай ықпал етті.

Шалкиізден кейінгі алып жыраулардың бірі - **Ақтамберді жырау Сарыұлы (1675-1768)**. Халидидің айтуынша, Ақтамберді – Ойраттармен күрес кезінде қазақ қолының басында жүрген аруақты ерлердің бірі. Ақтамберді шығармалары нақыл сөздерге, афоризмдік толғауларға толы. Қазақ халқының болмысы, тіршілік тынысы, ерекшеліктері, сол кездегі тарихи оқиғалар оның толғауларынан ерекше айқын көрінеді.

Ақтамберді бүкіл ел мүддесін ру, ата намысы емес, иісі қазақтың намысын қуады, елді ерлікке, бірлікке шақырады.

Дұшпаннан көрген, қорлығым  
Сары су болды жүрекке,  
Он жетіде құрсанып,  
Қылыш ілдім білекке,  
Жауға қарай аттандым,  
Жеткіз деп, Құдай тілекке!

Ақтамберді өзінен бұрын өткен Доспамбет, Шалкиіз дәстүрлерін әрі қарай жалғастырушы болып табылады.

Ақтамберді жырларында көшпелі қазақтардың ой–арманы, мақсат-

мүдделері, олардың бар болмысы, ерекшеліктері, дүниеге өзіндік көзқарасы аңғарылады. Бұған жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ толғауы дәлел бола алады.

Ақтамберді жыраудың айтуынша, қазақ үшін байлық - малда. Ол «алғайдың құба жонына сыймас» ақтылы қой, «көлге түссе көз жетпес» көк алалы көп жылқы, боздаған даусы күй болып төгілетін сансыз түйе жайлы армандайды, елдің төрт құбыласы тең, үлкен байлыққа кенелуін қалайды. Қазақтар үшін мал асылы - жылқы екені белгілі. Жылқының көшпелілер өміріндегі алатын орны жайлы Ақтамберді жыраудай толғаған қазақ ақыны жоқ. Ол - еліміздің ұлттық қасиеттерін, қонақжайлылығын, үлкенді құрметтеу, кішіні сыйлау, әсіресе отбасының сыйлығын, берекесін дәріптеп өткен ақын. Ақтамберді жырау 93 жасында дүние салыпты. Туған жердің топырағын жастанар алдында айтқан толғауында жырау өзінің өмірлік мақсаты орындалғанына ризашылығын білдіре келіп, «батырларша оққа ұшпай, төсекте жатып тек өлгендігіне» өкінеді.

Қазақ тарихындағы келесі алып тұлғалардың бірі - **Бұқар жырау** (XVII-XVIII ғ.ғ.). XVIII ғ. жыраулары ішіндегі ең көрнекті ірі тұлға Бұқар жырау Қалқаманұлы шамамен (1668-1781)ж өмір сүрген.

«Заманының бізге бір табан жақын тұрғанына, өмір сүрген дәуіріндегі көптеген тарихи оқиғалар халық жадында жақсы сақталғандығына қарамастан, қазақтың ескіде өткен басқа ақын-жыраулары сияқты, Бұқар өмірі қақында білеріміз тым аз. Ол тым ерте көтеріліп, Тәуке хан тұсында-ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болғандығын білеміз. Алайда Бұқардың Тәукеден соңғы әміршілерімен тіл табыса алмағандығы аңғарылады».

Бұқар өмірін тұңғыш зерттеуші Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда және өз шығармаларынан да көрінетіндей, Бұқардың тіпті сауып-ішер малы, мініп-түсер аты да болмаған. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы, кембағал халде күн кешеді. Алайда өмірінің соңғы кезінде Бұқар жай ғана арқалы жырау, ақылшы аға емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп, қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналды. Жырау бір ғасырдан астам жасап, 1781 ж. шамасында қайтыс болады. Сүйегі Баянауылда, Далба тауының етегінде. М. Жүсіптің айтуынша, Бұқар жырау атанған қария 93 жасында Абылай ханның алдында жыр толғаған. Сонда Абылай ханға: «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім. Еңсегей бойлы Ер Есім ханға да жолдас болдым. Сен оның түстігіне де жарамайсың», - деген екен. Абылай хан жорыққа аттанбақшы болса Бұқар жырауды алдырып, «жұлдызым оң ба?» деп айдың, күннің сәтін сұрайды екен. «Сары бура келіп, сенің туыңның түбінде тұрып пәлен жаққа қарай шабынды» десе, сол айтқан жағына бет алып аттанса жауын шауып, жаншып келеді екен. «Сары бура келген туыңның түбінде шөгіп, мойнын жерге жабыстырып, жатып алды» десе, аттанбайды екен деп Мәшһүр Жүсіп Бұқарды әрі жырау, әрі көріпкел әулие етіп суреттейді. Халық: «Өнер алды-қызыл тіл», - десе, Бұқар бұл мақалдың даналығын әбден түсінген адам. Ол сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де білген. Сондықтан да жырау:

«Ел бастау қиын емес, қонатын жерден көл табылады,  
Қол бастау қиын емес, шабатын жерден ел табылады.  
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ», - деген екен.

Бірде Абылай: «Қазына қайда?», - деп сұрағанда жырау: «Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына: бір езуі - алтын, бір езуі - күміс», - депті.

Бұқардың өзі осы қазынаны - сөз өнерін жеріне жете меңгерген еді. «Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие деседі екен,-деп жазады Мәшһүр Жүсіп - қар сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен». Бұқар мұрасынан біздің заманымызға жеткені 1100 жол шамасында. Бұл сөз жоқ, жырау туғызған көл-көсі жырлардың бір бөлігі ғана. «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Аюбтың сабыры..., Афлотонның ақылы керек», - деген еді Мәшһүр.

Шоқан Уәлиханов өзінің «XVIII ғ. батырлары жайында тарихи әңгімелер» деген мақаласында Бұқарға қатысты біраз мәліметтер береді. Соның бірі - жыраудың Абылай алдында айтылған екі өлеңі. Шоқан бұл өлеңдердің жолма-жол тәржімасын жасайды.

Абылай ажал жастығына бас қойғанда:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан жаным-ай,  
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай.  
Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,  
Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам,  
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай,-

деп зар айтқан Бұқар әміршісі дүниеден кеткен соң оның басында отырып жас төгеді, шын көңілімен жоқтайды. Жырау осы ретпен Абылайдың тіршілігі кезіндегі істерін мадақтай келе, оның ерлігін, салтанатын, батырлығын, байлығын сөз етеді. Бұқар шығармашылығында өзі өмір сүрген заман келбеті, тарихи оқиғалар бар шындығымен дәл түсірілген. Оның жырларынан нақыл сөздерге, философиялық ойлы тебіреністерге толы, өз заманының көкейкесті мәселелерін көтеріп отырған азамат ақын болғандығын көреміз.

Бұқар өз заманына оншама ризашылығын білдіре қойған жоқ. Ол өз заманы туралы:

Ай, заман-ай, заман-ай,  
Түсті мынау тұман-ай,  
Істің бәрі күмән-ай,  
Баспақ, тана жиылып  
Фана болған заман-ай!  
Құл-құтандар жиылып,  
Құда болған заман-ай!  
Арғымағын жоғалтып,  
Тай жүгірткен заман-ай!  
Азаматын құлатып  
Жұрт толық болған заман-ай!  
Арғымақтың жалы жоқ-  
Жабылар жалыменен теңелер,

Жақсылардың малы жоқ-  
Жамандар малыменен теңелер!-

деп өзінің өмір сүрген заманына наразылығын білдіреді. Заманның мұндай аумалы-төкпелі болуын, саналы ой емес, санасыздықтың бел алып, адам болмысының азып, танымының таусылып бара жатқандығын, біріншіден, қынжылып, наразылықпен жырласа, екіншіден, өткенге өксіп қарамай, ескіні аңсамай, болашаққа да назар салмай, өз тұсындағы заманның мән-мағынасын түсінуге ғана тырысып, өзіндік танымы жеткен құбылысты жалпы халыққа да таныту бар. Жырау дүниеде ештеңе мәңгі емес екендігін, күнделікті өзгерістерге ұшырап отыратынын атап көрсетеді. Бұқар жыраудың философиялық көзқарасы-білімнің толықтырылған, қорытылған күнделікті өмірді байқаудан, өткенді талдаудан келешекті болжаудан туындайды.

**Асан қайғы Сәбитұлы** (XIV-XV ғ.ғ. ақыны) - мемлекет қайраткері, ақын-жырау, философ. Кейінгі ұрпаққа әулие танылып, «көшпелілер философы» атанған Асан қайғы өзінен қалған қысқа сын-болжаулары, өсиеті арқылы өзі жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс білік-дерек береді. Асан қайғы 1361-1370 ж.ж. арлығында Еділ бойында туылған. 1456 ж. Шу алқабында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды.

Асан қайғы ол жыртолғауларында, шешендік сөздерінде хандық мемлекетті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажеттігін насихаттайды. Сол кездегі қоғамның әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін көтерді. Өзінің ғұмырын туыстас руларды бір орталықты, қуатты мемлекет етіп ұйымдастыру жолына арнайды. Біздің заманымызға жеткен толғауларынан Асанның қилы кезең табиғатын жыға таныған, тіпті Алтын Орданың орнына пайда болған хандықтардың бәрінің құрып бітетініне дейін болжай алғаны көрінеді. Асан қайғы жырларының заман жүгін көтерер мәселелердің бірі - ар, адамгершілік туралы ой-толғаулары. Жыр құрылысына қарап, терме түрінде айтылғанын байқаймыз. Бұл жырлардың Асан қайғы мораль философиясының қазығы екендігі даусыз.

Еділ бол да, Жайық бол.

Ешкімменен ұрыспа,

Жолдасыңа жау тисе,

Жаныңды аяп тұрыспа.

Ердің құны болса да,

Алдыңа келіп қалған соң,

Қол қусырып барған соң,

Аса кеш те қоя бер,

Бұрынғыны қуыспа.

Ақың болса біреуде

Айыбын тап та ала бер,

Ерегісіп ұрыспа.

Асан қайғының халық жадында сақталып, айтылып келе жатқан

«Жерұйықты іздеуі», белгілі ғалымдарымыздың айтқанындай, «утопиялық шығарма» емес. Қазақ мемлекетінің тұңғыш рет тарих сахнасына шығуымен тікелей байланысты туған шығарма.

Алғашында Қазақ хандығының аумағы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алқабы еді. «Қазақстан» деген атау тұңғыш рет нақ осы аумаққа қолданылды. Ежелден осы алқапты мекендеген қазақтың Ұлы жүз тайпалары Дешті-Қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етене араласып кетті. Әбілқайыр хандығындағы аласапыран соғыс салдарынан қанжілік болған қазақ халқы Әбілқайыр хан қол астынан шығып, Қазақ хандығына келіп жатты. XV ғ. 50 ж. ортасынан 70 ж. басына дейін Жетісуға 200 мың адам көшіп барды. Он шақты жыл айналасында батыс Жетісу өңіріне осынша адамның жиналуы кең өріс, қоныс керек етті. Қазақ хандығының алдында үш үлкен тарихи міндеттер қойылды. Асан қайғының «Жерұйықты іздеу немесе жер-суларға берген сындарында» осы орайдағы негізгі идеялар көрініс тапқан. Жерге қауымдық меншіктің нысаны қазақ халқының тек төрт түлікті ғана танып-білумен шектелмей, жер, суды тануға мәжбүр етті. Сондықтан қазақ халқы өзі көшіп-қонып жүрген ой-қырдың бәрін бес саусағындай білген. Жаңадан шаңырақ көтерген Қазақ хандығын нығайту рухында Асан қайғының жерге айтқан (Сахараны дана қария бір мәліметте 6 жыл, енді бірінде - 12 жыл, үшіншісінде - 17 жыл аралаған дейді) сындарынан үзінділер келтірейік:

«Асан қайғы ұзын аққан Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», - депті.

Шідерлі деген өзенді көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шідірлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының өрісі екен», - депті.

...Ұзын аққан Сыр бойын көргенде: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен. Қара тауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда дұрыс екен ...», - депті. Асан қайғы бүкіл алты алаштың (қазақтың) жер-суын, қонысын көрсем, бұларға жағдай туғызсам деп көп заман өмірін далада өткізіпті. Жүрген жерінде жақсы қонысқа да баға беріпті. Қорыта айтар болсақ, қазақ ақын-жырауларының шығармалары, шындығында да, терең мағыналы философиялық ойларға толы. Жалпы, қазақ ақын-жырауларының шығармалары төл рухани мұраларымыздың бай қазынасы болып, зар заман ақындарының поэзиясы мен әлеуметтік философиясында ақындар өз рухани үндестігін тапты. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінде, тарихы мен өнерінде «ақтаңдақ» тұстар өте көп. Соның бірі - зар заман поэзиясы, оның өкілдерінің әлеуметтік- дүниетанымдық көзқарастары. «Зар заман» деген патшалық отарлау саясатының ең күшіне енген кезеңі. Қазақстанның Ресей құрамына енуі қазақ халқының тәуелсіздігінен айырылып, қазақ жерінің нағыз талауға түскен шағы еді. Осыған орай кәсіби шаруашылықтың ыдырау халық арасында сары уайымшылдық пен болашақтан күдер үзушілік пиғылдарын тудырды. Жүз жылға созылған зар заман дәуірінің ақындары халықтың басына төнген қайғы-қасіретті сары уайымға салыну, торығу

сарынымен жырлады. Отаршылдық саясаттың күшейе беруі халықты ұлттық рухани мәдениетінен де, дінінен де айыру қаупін туғызды.

Осы орайда М. Әуезовтің: «Сыртқы өмірдің осы сияқты салдарынан қазақтың ойына уайым араласқан, көңілі жабығып, сөзінен, өлеңінен, әнінен еркелік, еркіндіктің бәрі де арыла бастап, оның орнына арман, зар-шер, қайғы басқан», - деп жазған сөздерін атап өтпеуге болмайды.

Бұл тарихи кезең туралы С. Мұқанов та: «Жер отарлаудың мәнісі: қазақ даласына ішкі Россиядан переселендерді қаптатып, жиілетіп, орыс шаруа поселкаларын орнату, қазақтың бар құнарлы жерлерінен переселендерге беру, сөйтіп, жерге мал бағумен ғана кәсіп еткен қазақ халқын мал отынан айырып, қазақты кедейлендіру, содан кейін аздырып, тоздырып, ұлттығын, елдігін жою», - деп жазған еді.

Зар заман ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі - **Дулат Бабатайұлы**. Ол өз шығармаларында қайырымдылық пен зұлымдық, мырзалық пен сараңдық, білім мен надандық мәселерін талдап, шығармаларына негізгі арқау етеді. Дулат отарлау саясатының қазақ халқының болмыс тіршілігіне кері әсер еткеніне, көптеген қайшылықтарды алып келгеніне, заманның «бұзылғандығына» қатты қынжылады. Әрине, қаймағы бұзылмай тыныш жатқан қазақ жеріне патша өкіметінің реформасына сәйкес орыс шаруаларының көптеп қоныс аудара бастауы Дулаттың да әлеуметтік дүниетанымына үлкен әсер етіп, болашаққа қазақ қоғамы үшін қатты қобалжып, халық өміріндегі болып жатқан өзгерістерге үлкен сезімталдықпен, өз көзқарасы тұрғысынан қарап, халқы үшін қабырғасы қайысып, өз заманының күйін толғайды. Дулаттың пайымдауынша, өткен өмір бостандық пен молшылыққа толы өмір еді, ру мен тайпа мүшелері тең құқылы болды. Ол патриархалдық, хандық заманды көкседі.

Бұл ақынның «Ата қоныс Арқадан» деген толғауынан байқалады. Дулат ақынның пікірінше, заман өзгерді, халыққа басшы болып ел билейтін хандар, ел қорғайтын батырлар келмеске кетті. Өмір тұйыққа тірелді, жердің қадірі кетті, адамдарда береке қалмады деп, халықтың басына төнген қайғы-қасіретті сары уайымға салыну, торығу сарынымен жырлады. Оның «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» еске алуы кездейсоқ емес еді. Мұнда халық басына төнген ауыр сынды жоңғарлар жорығын еске салады. Дулат тіпті сол заманның өзінде-ақ ел тоналып, жұрт өзінің тұрған жерінен безгенде, халық күш жинап, ата-баба қонысы Сарыарқаға қайта оралды дейді.

Дулат Абылай хан басқарған дәуірді жоғары көтеріп, оның ел билеген заманын қазақ халқының басына қонған «алтын заман» еді деп аңсайды. Сол сияқты ел басын біріктіретін, қиын сәтте елдің намысын қорғайтын ер-азаматтардың қашан да болғанын аңсайды.

Әлеуметтік теңсіздік, зорлық пен зомбылық және қанаушылық жаңа заман жемісі: бұл ата-бабаның бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрін, шарифат заңын бұзғандығынан дейді ақын. Оның пікірінше, мұндай салт-дәстүрдің күйреуін, мұсылмандық адамгершілік ережелерінің бұзыла бастауын Дулат қазақ даласына басқа пиғылмен басқа дін өкілдерінің келуінен дейді.



Дулат қазақ халқының қалыптасып қалған көшпелі болмыс тіршілігін жырлай отырып, жаңадан ене бастаған тұрмыс-салтына, оны бұзатын құбылыстарға қарсы шығады. Сонымен қатар оның қоғам өміріндегі болып отырған өзгеріс, кейбір әлеуметтік мәселелерді шешу алдындағы дәрменсіздігін «Бағасы кеткен жігіттің» деген толғауынан байқап көруге болады. Ол адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынастың бұзыла бастағанын айта келіп, адамдар азды, балалар ата-анасын сыйлаудан қалып барады деп қынжылады. Дулаттың кейбір шығармалары өмір шындығымен тікелей ұштасып жатыр. Ол сол кезеңдегі әділетсіздікке, надан ел билеушілерге қарсы шығып, оларды қатты сынауға алды. Дулаттың әлеуметтік философиясы жер, суды, елдің бірлігін сақтап қалу идеясы, басқа жұртқа күш көрсетпеу философиясы.

Дулат ақыннан кейінгі, онымен қатар өмір сүрген зар заман ақындарының ішіндегі ең көрнектілерінің бірі - **Шортанбай Қанайұлы**. Ақынның философиялық толғауларының бірі «Зар заман» деп аталады.

«Мынау ақыр заманда  
Алуан-алуан жан шықты,  
Адам, араз хан шықты  
Сауып ішер сүті жоқ  
Мініп көрер күші жоқ

Ақша деген мал шықты», дейді. «Қарағай басын шортан шалған» заманның келгенін, адамдар арасындағы қадір сыйлаушылық кете бастап, заманның азғанын, бай мен төренің дүниеге құнығып, бір-біріне қайырсыз болғанын, малды айырбас сауданың орнына ақшаның дүниеге келуі адамдардың қадір-қасиетін кетіріп, пиғылын өзгертті. Көшпелі мал шаруашылығына бейімделген қазақ тұрмыс-салтының күйреуі қоғамдағы адамгершілік ережелерін бұзды. Ол ақыр заманның, жақындауының белгісі деп ұқты. «Қайырымды» байлар сараң, дүниеқор болды, кедейлерге, әлсіздерге «көмек» беруді қойды. Екі жүзділік, зұлымдық тұрмыс салтына айналды деп қынжылады.

«Мұның өзі зар заман,  
Зарлығының белгісі,  
Ұлы сыйламас атасын.  
Арам сідік болған соң,  
Атасы бермес батасын.  
Қазы, болыс хан қойды,  
Некесіз туған шатасын....  
Қызың киді биқасап,  
Тергеп кимей байқастап,  
Кешкі тұрым болғанда  
Құлан менен бұландай

Үйге тұрмас ойқастап...» деп, ата мен баланың арасында сыйластық кетті, көрінген адам хан қойылып, билікке таласты, яғни қалыпты өмірдің сеңдей бұзылып, болашағы бұлдыр қияметке айналғандығынаң нақты көрінісі деп бағалап, Шортанбай ақын үлкен адамгершілік мәселесін де

жоғары бағалап, оның осындай қиын жағдайларға түскеніне қарамастан өзіміздің тұрмыс-салтымыздағы төл ерекшеліктерімізді сақтап қалуға, оны бұзбауға әрекет жасайды. Шортанбай ақынның Ресей патшалығының отарлау саясатына түбегейлі қарсы шығуы оның әлеуметтік-философиялық дүниетанымының бір қырын көрсетеді:

Қыс көбейді жаз аз боп,

Бай таусылды, мал аз боп

Ағаны іні көрмеді, атаға бала араз боп.

Әр нәрсенің болжамы, келе жатыр жақындап

Орыстар бүркіт, ал біз, түлкі

Аламын деп талпынды,

Орыстан қорлық көрген соң,

Отырып билер алқынды...

Осы қайшылықтарды шешу, одан құтылу жолын Шортанбай өткен өмірге, ескі тәртіпке қайта оралудан көрді. Әрине, бұл түсінікті де, жүздеген жылдар бойы халық санасына, тұрмысына сіңіп қалған ұлттық салт-дәстүрді, оның болмысын, психологиясын бірден күштеу арқылы күрт өзгерту кімдерді болса да үлкен түсініксіздікке, торығуға, сары уайымға салынуға алып келері сөзсіз еді. Бұл кезеңді қазақ халқының басына төнген үлкен қайғы-қасірет деп түсінді зар заман ақындары. Бұл кезең олардың санасын пессимизмге берілуге алып келді. Шортанбай ақын қоғамдық санада болып жатқан өзгерістерді, қазақ даласына енген жаңалықтарды қазақ қауымының жаңа тұрмыс-салтына ұмтылуын өз көзімен көрді, солардың куәсі болды. Ол өмірдің осы жағын жырлай отырып, қазақ халқының болашақ мақсат-мүддесін қорғады.

Зар заман ақындарының беделді өкілдерінің бірі **Мұрат Мөңкеұлы**. М. Мөңкеұлы қазақ жері талқыға түсіп, отаршылардың ойранына айналған жылдарда халқына ұран тастап, қарсы күреске шақырды. Ақын «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған», «Өттең бір қапы дүние-ай» сияқты толғау-дастандары арқылы қазақ жерін отарлаушыларды батыл әшкерелеп озбыр саясатқа қаймықпай қарсы тұрды. Ата-бабаларының қасық қаны қалғанша қорғаған жерін отарлаушылардың табанының астына таптатқысы келмеді. Ұлан ғайыр далаға патша үкіметінің өктемдікпен тап беруі Мұраттың ыза-кегін оятты. Патша жендеттеріне деген өшпенділігі кеудесіне сыймай жыр болып құйылды. Бұған дәлел ретінде ақынның «Үш қиян» толғауында:

Еділді тартып алғаны

Етекке қол салғаны,

Жайықта тартып алғаны

Жағаға қолды салғаны.

Ойылды тартып алғаны

Ойдағысы болғаны, деп күйінсе, «Сарыарқада»:

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,

Сарытау, Аштарханның жерін де алды.

Артынан Еділден соң Нарынды алды,

Аржақтан Қайып алды Науша қашып,

Тарлықтың содан бері қаптағаны.  
Тамаша, су мен нуды орыс ұстап,  
Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны.  
Қуалап Исатайды өлтірген соң

Заманның содан бері тарылғаны, - деп ашына жырлайды.

Мұрат шығармаларындағы басты сарын жер мәселесі, атақоныс, бас бостандығынан айырылған тұтас елдің мұң-зары ақынның бұл толғауларында да айқын көрінеді. Сонымен бірге ортамыздан «жік шығып», қазақтың қалған жеріне біреулер көз алартып, бөлшектеуді армандаған бүгінгі таңда бұл жырлар халықтың өткені мен өксігінен хабар берер тарихи дерек те. Мұрат ақын патшалық отарлау саясатының нәтижесінде қазақ халқының өзінің асыл қасиеттерінен, салт-дәстүрлерінен айырылып, болашақ ұрпақ, ел, жер қандай халге душар болар екен деп қауіптенді. Жаңа заманның қазақ қоғамына енген жаңалықтары, өзгерістері халықтық сана-сезімге кері әсер етіп, рухани мәдениеттің дамуына нұқсан келтіріп, салт-санамыз бен ұлттық дәстүрлерімізден ажырап қаламыз ба деген күдіктер туғызды. Сол себептен болса керек, өткен өмірді көксеу, торығу, аңсау сарынымен жырлады. Мұрат өз заманын адамгершілік жағынан азған, отбасы қатынастарының бұзылған заманы дейді. Ол заманның бұзылуының, қайғы-қасіреттің үйірілуінің себептерін іздеп, өз заманының күйіне пайымдаулар жасайды. Биліктің құны кетті, батырлық бодалды, сопылық жерде қалды, замана бұзылып, қатыны қойнында жатқан еріне зәкүн айтатын болды, бұрынғы етек-жеңі мол, қазақы мінез ел басшысын алмастырды. Мұрат ақын олардың атын атап, түрін түстеп те береді:

Мен қауіп еткеннен айтамын:

Ақ борықтай иілген,  
Кейінгі туған баланың  
Ұстай ма деп білегін,  
Шая ма деп жүрегін,  
Шашын, мұртын қайырып,  
Ащы суға тойдырып,  
Бұза ма деп реңін,  
Адыра қалғыр заманның

Мен жаратпаймын сүреңін!... зар заман ақындары, олардың әлеуметтік-философиялық дүниетанымы, ойлары қазақ халқының қоғамдық сана-сезімінің қалыптасуына, қоғамдық ойдың дамуына, кейінгі ұрпақты гуманистік, патриоттық ұлтжанды рухта тәрбиелеуге үлкен әсерін тигізді. Бұл ақындар заманның адал перзенттері, халықтың тілеуін тілеген, ел іргесінің шайқалмай, бірлікке ұюын, рухани қазынасын көздің қарашығындай сақтауды үндеген, қарапайым бұқараның мұңын мұңдаған, жоғын жоқтаған көкірегі шерлі азаматтар еді. Олар ел басына күн туған тар заманда отты жырларымен ой тастап, өз үнін танытқандығымен, қазақ елінің жау жүрек, қайраткер ұлдары болғандығымен қымбат. Айтар болсақ, қазақ ақын-жыраулар шығармалары терең мағыналы философиялық ойларға толы. Жоғарыда атап өтілген жыраулармен қатар Доспамбет,

Марқасқа, Үмбетай, Сыпыра, т.б. жыраулардың көзқарастарын атап өтуге болады. Жалпы, қазақ ақын-жыраулар шығармалары философия тарихында рухани мұраларымыздың бай қазынасы болып табылатыны сөзсіз. Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы, философиялық даналық ойлары төл философиямыздың қалыптасуына рухани негіз бола алады. Олардың айтқан жыр-толғауларында тарих шындығы, адам, қоғам, табиғат мәселелері негізгі өзекті орын алады. Қазақ ақын-жырауларының шығармалары халық ауыз әдебиетімен, әдет-ғұрып, салт-санасымен тығыз байланыста болып, бар болмысында ойлы философиялық, тарихи сабақтастық принциптері қатар жүріп отырады.

**Өзін тексеру сұрақтары:**

- Ақын-жыраулар шығармашылығындағы философиялық ой-пікірлер нақтылаңыз
- Шалкиіз дүниетанымындағы адам мәселесін айқындаңыз
- XV-XVII ғасырлардағы жыраулар шығармашылығындағы дүниетаным сипаттаңыз
- Бұқар жыраудың әлеуметтік философиялық көзқарасын қалай түсінесіз
- Ақын-жыраулар шығармашылығындағы моральдық этикалық философиясыны көрсетіңіз

**Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Зар заман ақындарының әлеуметтік идеяларын талдаңыз
- Ақын-жыраулардың дінге деген ойларын ашып беріңіз
- Асан қайғы шығармашылығындағы экзистенциалдық сарын, «Бақыт мәселесі» және «Жерұйықты іздеу» түсіндіріңіз
- Шортанбай Қанайұлының саяси-әлеуметтік көзқарасын сипаттаңыз
- Дулат Бабатайұлының дүниетанымындағы қайырымдылық пен зұлымдық идеясын анықтаңыз
- Қазақ ақын-жырауларының философия тарихында алатын орнын көрсетіңіз

---

## IV. ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫ



### 5.1 Ойшыл ғалым Ш. Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарасы

Қазақ ағартушылығының негізін салушы **Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865)** демократиялық ұлттық мәдениетіміздің көрнекті өкілі болып табылады. Шоқанның туған атасы Уәли хан Абылай ханның үлкен баласы. Шоқанның әкесі Шыңғыс Құсмұрында (қазіргі Көкшетау облысының Володар ауданы) аға сұлтан болған. Шоқан сол жерде дүниеге келген. Шоқан Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарасына тоқтайтын болсақ, ол самодержавиелік-басыбайлылық, патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шыққан Ресей прогресшіл-демократтар тобына жақындығын дәлелдеді. Ол қазақ қауымын демократиялық жолмен өзгертуді көкседі. Оның көзқарасына қазақ даласына айдалып келген демократ петрашевскийшілер сияқты озат ойшыл адамдар игі ықпал жасады. Ф.М. Достоевский, Г.Н. Потанин, Я.И. Полонский, К.К. Гутковский, С.Ф. Дуров, т.б, оның достары болды. Шоқан алдымен елжанды, адамгершілігі мол, интернационалист жан еді. «Ең алдымен өзімнің туған халқымды, сосын Сібірді, сосын бүкіл Ресейді, содан кейін барлық әлемді сүйемін», - деп жазды Шоқан. Сөйткен есіл ер әкесінен де, патшалық Ресей әкімшілігінен де түсіністік таппады. Энциклопедист-ғалым, шығыстанушы, саяхатшы, публицист және қоғамдық қайраткер Шоқан Уәлиханов өз бойында шын мәнінде еуропалық білімділік пен Шығыс халықтарының мәдениеті жайлы түсінікті үйлестірді және қысқа ғұмырында мол да жан-жақты творчестволық мұра қалдырды. Уәлихановтың азамат, ғалым және ойшылдық қалыптасуында орыстың озық мәдениеті мен ғылыми қайраткерлерінің маңызды рөл атқарғанын атап өтуіміз қажет. Шоқан В.Г. Белинскийдің, Н.Г. Чернишевскийдің, А.И. Герценнің, Н.А.Добролюбовтың еңбектерін оқып үйренді, олардың көзқарастары мен идеяларын қуаттады. Уәлиханов творчествосын 1) қалыптасу кезеңі (Петерборға барғанға дейінгі уақыт, яғни 1855-1859) және 2) кемелдену кезеңі (1859-1865) деп екіге бөлуге болады. Петербордан басталатын қызықты да мазмұнды соңғысы Шоқанның туған жерге қайтып оралғанын өмірінің соңына дейінгі жылдарды қамтиды. Омскіде Кадет корпусын бітірген Шоқан өзінің 30 жылдық аз өмірінің ішінде

этнография, Қазақстан және Орта Азия тарихы мен мәдениеті саласында еңбектер қалдырған ғалым, ағартушы демократ.

Дүниетанымдық көзқарасында Шоқан жалпы идеализм шеңберінен шыға алмағанымен, көп жағдайда материалистік көзқарасқа жақындады. Оның діни ұғымның тууы жөніндегі пікірі өте құнды. Қазақ жерінде ол ислам дінімен қатар шамандық дін кең орын алып отырғанын талдап көрсетті. Діннің гносеологиялық тамырын ашты. «Ислам діні қазақ халқының ойы мен сезіміне кедергі жасап, ортағасырлық қараңғылықты уағыздайды, қазақ халқын орыс мәдениетінен бездіреді», - деп жазды. Ислам дінін таратушы татар молдаларын сынады. Қазақ халқының тез дамуы үшін қазақ жерінде орыс мектептерін ашып, ислам діні ықпалынан босату қажет деп көрсетті. Шоқан Орта Азия, Шығыс Түркістан елдерінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін зерттеді. Қырғыздардың «Манас» эпосын зерттеп, ол туралы ғылыми пікір айтты. «Жоңғария очерктерінде» Шоқан ең бай мәдени ошақтары болған Самарқан, Хиуа, Тәшкен, Ферғана, Бұхара кітапханалары мен обсерваториясы XIII-XIV ғасырларда қирағанын өкінішпен айтады. Ол көшпелілер варвар (тағы) деген еуропацентристік пікірге үзілді-кесілді қарсы шықты. Мәселен, қазақтардың тілі, ауыз әдебиеті бай, қолөнері дамыған, олай болса, ол халықты қалайша тағы деуге болады деп, ғылыми әдіспен тойтарыс берді. Шоқан еңбектерінің бес томдық жинағы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектерінің ішінде Жетісу, Ыстықкөл, Тянь-Шань, Шығыс Түркістанға арналған тарихи-географиялық шолуларының маңызы ерекше («Жоңғар очерктерін», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Алтышаһар немесе Қытайдың Нан Лу провинциясының хал-жайы туралы»).

Уәлихановтың қазақ халқының тарихы мен этнографиясы туралы зерттеулері, сондай-ақ қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси қарым-қатынастарға байланысты мақалаларының ғылыми маңызы зор. Айталық, «Абылай», «Қырғыздың ата-тегі», «Көне дәуірдегі қырғыздардың қару-жарағы және әскери жабдықтары», «Далалы жердегі мұсылмандық туралы», «Қырғыздардағы шамандықтың нышаны», «Қырғыздардың көші-қоны туралы», т.б. Біраз еңбектерінде Ш. Уәлиханов тарихшы, этнограф қана емес, әдебиетші, публицист, тамаша сөз зергері екенін де танытады. Қазақтың халық поэзиясының теориясы және қырғыздың «Манасы» туралы аяқталмаған зерттеулері де ерекше назар аударады. Уәлихановтың орыстың көрнекті жазушыларымен, ғалымдарымен жазысқан хаттары қазақ әдебиетінің тарихы үшін ерекше маңызды. Ш. Уәлихановтың хаттары мен күнделіктерінен оның публицистикалық дарыны айқын аңғарылады. «Егер қырғыз халқының арасында Шоқанды оқи алатын орта болса, ол данышпан болып, өз елі әдебиетінің жаңара тууының басы болған болар еді», - деп жазды Г.Н. Потанин. Ш. Уәлиханов күнделікті көркем очерк мәнерінде жазған, кейде тіпті лирикалық шегіністермен келіп отырады («Құлжа сапарының күнделігі», «Қашқария сапарының күнделігі»). Бұл күнделіктерден бір байқалатыны – табиғатты көз алдыға әкеліп, қызықты етіп бейнелей жазуы және оны халық өмірімен тығыз байланыстыра білуі;

Құлжа күнделігінде Батыс Қытай халықтарының бастан өткізген тарихи кезеңдері мен тұрмысы және мәдениеті, көне дәуірден ХІХ ғасырға дейінгі үзілмей келген байланысы тап басып айтылған. Мұны Шоқан Тянь-Шань мен шекаралық Жоңғария халықтарының тұрмысы мен тіршілігі жөнінде байқампаздықпен жазған.

Шоқан Уәлиханов тікелей философиялық мәселелер жөнінде еңбектер жазбаған, алайда көптеген шығармаларынан философиялық пікірлері мен тұжырымдарын байқауға болады. Ол «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Даладағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңір (құдай)» деген еңбектерінде философияның негізгі мәселесіне қатысты пікірлер айтады. Ең алдымен Шоқан Уәлихановтың сыртқы дүниенің адам санасынан тыс өмір сүретіндігіне шек келтірмейтіндігін айту керек. Қазақ жерінде шамандықтың орын алу себебін түсіндіргенде «сыртқы дүние – күн, ай, жұлдыздар және жер – алғашқы құдірет болып табылады», - деп көрсетеді. Сонымен бірге шамандықтың шығу тегін мұқият зерттеуінен және басқа да еңбектерінен Шоқанның себептілік заңдылығын құптайтындығы, себепсіз құбылыс болмайтындығына кәміл сенетіндігі байқалынады. Мысалы, «Тәңір (құдай)» атты мақаласында қазақтардың малды қасиет тұтатын ырымдарының себебін халықтың күнкөрісі малға байланысты екендігімен түсіндіріледі.

Сонымен, Шоқан сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін, оның объективтік заңдылықтарға бағынатындығын мойындайтын философиялық көзқараста болғанын көреміз. Қазіргі кезде философияның негізгі мәселесінің маңыздысы есебінде адам, оның қоршаған дүниеге қарым-қатынасы аталынады. Уәлиханов бұл мәселенің маңызды екенін сонау ХІХ ғасырдың орта кезінде-ақ айтып кеткен. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегінде табиғат пен адам, өмір мен өлім әрқашанда түпсіз сырға толы ғажайып таңданудың пәні болды деп көрсетеді. Ғажайып әлемді, өмір мен өлім мәселесін, адамның табиғатқа қатынасын танып-білу қажеттігінен шамандық туды деп тұжырымдайды. Бұдан Шоқан Уәлихановтың адам мәселесіне, оның фәни дүниедегі орнына, өлім мен өмір мәселесіне ерекше мән бергендігі көрініп тұр. Шамандықтың шығуының бір себебі - табиғатқа құштар болу дейді. Екінші ғажайып нәрсе - адам, адамның терең ойға және танып-білуге ұмтылған рухы деп көрсетеді. Яғни, адамның ішкі дүниесі, оның қоршаған дүниеге қатынасы зерттеуді қажет ететін мәселе есебінде қаралды. Қазақтар туралы барлық зерттеушілердің айтуынша да, барлық географиялық нұсқауларда да; қазақтар - мұсылмандар, бірақ шамандық ырым, сенімді де ұстанды. Олар мұсылман дінінде табынумен қоса шамандық нанымдарға да иланады. Бұл пікірлер шындыққа да келеді, дегенмен олардың шамандығы неден тұрады? Бірақ, өкінішке орай, қазақ арасындағы шамандық, бақсылық жөнінде әртүрлі мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көргенімен, осы жай туралы әлі күнге дейін ешкім егжей-тегжейлі жетік жазған емес.

Жалпы, шамандық дін ретінде, дін ілімі тарихында, әлі толықтай арнайы зерттелмеген тақырып болып саналады. Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің

рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Ертедегі адамдардың нәресте – пәк көңіл-санасы күнді, айды, жұлдыздарды, мәңгілік өзгерістегі бүкіл жарық дүниені құрмет тұтты, осыларды біз табиғат немесе әлем дүниесі деп атадық. Шамандық діндегі адам құдіретті күн нұрына қарап танданды, осыншама жарықтың құпиясына түйсігі жетпей табынды, қара аспанға нұр сепкен айды көріп те табынды. Ертедегі адам табиғаттың барлық құбылысына мінажат етті, өзінің ұғымы жетпейтін, уақыт сияқты мәңгі, түсініксіз күштердің бәріне бас иді, көк аспанды – көк тәңірі, деп атады. Шамандық сенімнің дүниеге келуі – жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып саналады.

Табиғаттың енді бір ғажабы – адамның өзі. Сол қабілетті тірі жан, ол ойлай алатын, жан-жағына бағдарлай, сынай қарайтын жаратылыс кереметі. Аңғаруға, түйсінуге келмейтін табиғат күштері болмысының өзі құдай деген құдіреттің дүниеде барлығы емес пе? Адам шаман бейнесіндегі тірі рухқа және әруаққа табынды. Күнделікті өмірде, табиғаттың адамға әсері, әсіресе адамның алғашқы пәк-көңіл, нәресте кезінде қатты ықпал етті. Сондықтан да адам өзін қоршаған жаратылыстың түсініксіз құбылыстарына арналған –өмір сүру ережелерін ойлап табуға мәжбүр болды. Табиғаттың түсініксіз құбылыстары кезінде сол ереже-заңдарды басшылыққа ала отырып, әртүрлі тосын жағдайларда қалай әрекет етудің құралы есебінде қолданды. Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың қайнар көзі, қазір біз шамандық – ескі наным деп атап жүрген кезінде, бүкіл халық табынған нағыз дін еді.

Сонымен, шамандық сенім о баста жалпы – ортақ көк аспан идеясына, ал жекелей күн, ай, өзен-су, т.б. жаратылыс таңғажайыптарына негізделді, демек, табиғатқа бас иді. Кейбір жақтары фетишизмге де ұқсайды, бірақ бақсылық өзінің негізгі идеясы, мазмұны жағынан, дөрекі, ұсақ адорациялық – бас ию ағымынан алыс жатыр. Алғашқыда табиғаттың құдіретті күшіне теңеу арқылы сол құдіретті бейнелеу, әрине, адам санасында тәңірі кейінірек дүниеге келді, оның айғағы тәңірі сөзінің өзі бағзы замандарда көк-аспан деген сөздің баламасы екені белгілі. Хормуздағы о бастағы көкке мінажат қып, отқа табыну да ертеден шамандықта болуы мүмкін еді, бірақ бұрынғы оңтүстік иран мен солтүстік арабиядағыға қарағанда, анағұрлым ырым-жораға бай салт-сана негізінде құрылды. Аспан-көкте мекен еткен құдіретті күштің адамға әсері туралы шамандық қандай түсінікте еді? Шаман дінінде өлген адамның аруағы тәңірге тәуелсіз құдіретке ие болады, сол себепті көк-әлем билеушісінің қуаты күшті тек тірі адамдарға ғана әсер етеді. Сондықтан оларда христиандардағы күнә идеясы болмаған; жер бетіндегі жақсылық пен жамандық, бақыт пен бақытсыздық тәңірінің құдіретінен, ал рахат пен жаза күнәнің артын ала жүреді – бұл шамандық нанымдағы түсінік.

Сыртқы әлем – күн, ай, жұлдыздар мен жер алғашқы нанымның құдіретті күштері деп саналса: осындай негізгі нанымдарға қоса жанама – көмекші нанымдар да: тау, өзен-су, т.б. болды. Сонымен шамандық жаратылысты құдіретті күш деп таныды. Аспан – көк тәңірі құдіреті деп бейнеленгенімен, құдай – Алла дәрежесінде емес еді. Адам көкке, күн мен айға өзінің үстінен басқарып тұрған күш есебінде табынғанымен, оның әсерін



мойындамауға болмайды, жарық дүниедегі олардың үстемдігі адам баласы туғанан өлгенге дейін-ақ деп түсінді. Адам табиғаттың аясында ғана дүниеге келіп – туып, соның ғажап, тосын қараһарынан өледі. Өлген сәттен бастап жаратылыс пен табиғаттың үстемдігі кілт үзіліп, оның өзі аруақ қонғонға, барлық күдіретті күштерден тәуелсіз кейіпке айналады. Өлген адамның о дүниедегі хал-ахуалы жерлегендегі, жерлегеннен соңғы ырым-жораларын салт-санаға тән, бұзылмай орындалуына байланысты еді. Егер өлгеннен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, онда өлген адамның рухы жайбарақат рахат күйге түсіп, өз үрім-бұтақтары мен туған-туысқандарына шапағатын тигізіп, жебеп жүреді, ал олай болмаған жағдайда жауығып, аруағы қарғап-сілейді. Сондықтан осы салт-санаға, тірілердің түсінігінше, аспан-көк күдіреті аламайтындай, қызғанышсыз кеңпейілділікпен қарайды. Шамандық діндегі халықтарда, христиан дініндегілерге қарағанда күнә болмайды, себебі адам күнә жасаудан қорқады, күнәхар болса малы азаяды, ал ауруға шалдықса, абайсызда отты басып кеткендіктен. Бір сөзбен айтқанда, шамандық діндарлық кесірге жеткізеді: кесір дегеніміз - мал-жанның құрып кетуі, ауру -індеттің жағалауы, ұзын сөздің қысқасы, бақытсыздық жайлайды. Өлгенді шығарып салудағы ырым-жораның бұзылуы, артынша бақытсыздық әкеледі, ал өлген адам болса, барлық жаза бақытсыздықта, азат рухы еркіндікте деп есептелінеді.

Ұлылар мен мықтылар өлгеннен соң да күдіретті, аруақты, ал ұсақ-түйек күйкі тіршіліктің сүйе де, күйе де білмейтін пенделері өлгеннен соң да рухсыз, әрекетсіз қалады-мыс. Шыңғыс хан өлгеннен соң да, құдайды күдіретті, ел табынатын аруақты болған десе ді. Қазақтарда аруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде, мұсылмандардың әулие-әмбиелеріне сиынатын аруағын көмекке шақырады. Өмірдегі барлық сәттілікті аруақтардың көмегі жебеді деп түсінеді.

Қазақтар аруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын құрбандыққа шала береді. Мінажат етіп, аруақтардың басына барып түнейді, сол жерде құрбандық шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейкесті арманын өтеуді тілейді, мысалы, баласы жоқтар бала сұрайды. Ерте замандарда белгілі ұлы адамдардың моласы қол-көзден жасырылатын, дұшпандары арамдап, қорламауы үшін немесе адам аяғы баспайтындай қастерленіп, қорық ұйымдастырылады, бағып-қағылады. Қазіргі қазақтарда өлгендерге күмбезді мазар орнату - балаларының қасиетті борышы. Бұрынғы обаларды қазір күмбезді мазарлар алмастырған. Ескі обалар мен күмбезді мазарлар - қазақтардың ең қасиетті, бас иіп аруаққа құлшылық ететін орындары. Хун және қидан, т.б. шамандық діндегі көшпелілердің өз патшаларын жерлеудегі салты жайлы қытай жазбаларындағы деректер бізге дейін сақталып жетті. Монғолдарға барған Еуропа саяхатшылары жерлеудің сондай салттары қыпшақтар мен монғолдарда да сақталғанын айтады. Егер сол көне салтты қазақтардың салтымен салыстырсақ, олардан тамаша ортақ идеяны, тіпті ортақ салт-сананы табамыз.

Шамандар аспан тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары есебінде саналды. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты,

басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Қазақтар шаманды бақсы дейді, ол сөз монғолша оқытушы, ұйғырлар бахшы десе, түркімендер осы атаумен өздерінің ақындарын атайды. Қыпшақтар шаманды «кам» деген, сібір татарлары да дәл солай деп атайды.

Аурулар, шамандардың пікірінше, дене қимылы салдарынан емес, тәңірінің құдіретінен, жын-ібілістерге дұға оқып таза жүрмегендіктен киелі ауруларға шалдығады. Ондай киелі ауруларды: әдет-ғұрыпты, ырым-жораны және ем жасауды жақсы білетін жоталы аруақты адамдар ған, тек шамандар ғана емдейтін болған. Кейбір аурулардың иесі болады.

Шоқан діннің, әсіресе қазақ даласында татар және Бұқара молдаларының таратып жүрген діни қағидаларының халыққа тигізіп жүрген зияндығын баса айтады. Қазақ жұртына бұл молдалардың айтып жүрген уағыздары «ой мен сезімнің дамуын тежейтін өлі схоластикадан басқа ештеңе әкелмейді» деп көрсетеді. Кейбір ислам дінін жақтаушылардың Мұхаммед ілімін тазартуға болады деген пікірлеріне қарсы шығып, онда ешқандай реформа болуы мүмкін емес дейді.

Ш. Уәлиханов мәңгілік, шексіздік идеяларын негіздеді, дамытты. Дін түрлерінің ішінде Уәлиханов ислам мен христиандыққа қарағанда буддизмді «гуманды ілімді» деп бағалады. Жалпы алғанда Уәлиханов дүниетанымы, оның шығармашылық мұрасы мен практикалық іс-әрекеті Орта Азия мен Қазақстанның рухани қалыптасуы жолындағы үлкен белес болып табылады.

Шоқанның прогресті халықтың материалдық тұрмыс жағдайының жақсаруының тікелей байланыстыруы қоғамды дұрыс философиялық тұрғыдан түсінудің бірден-бір белгісі деуімізге болады. Сонымен бірге Шоқан Уәлиханов қоғамның топқа, жікке бөлінетіндігін, үстеп таптың мүддесі қалың бұқараның мұң-мұқтажына қайшы келетіндігін атап көрсетеді.

Ерекше назар аударарлық нәрсе, Шоқанның демократиялық көзқарастары мысалы, «Сот реформалары жөніндегі жазбалар» атты еңбегінде патша өкіметі тағайындаған соттан қазақ даласында әзірше табиғи түрде сұрыпталатын билер артық деген қорытындыға келеді. Себебі би болу үшін ол адам әділдігімен, шешендігімен көзге түсуі керек. Егер әділ болмаса оған ешкім билік айтқызуға келмей қояды, ал патша өкіметі сайлаған сот белгілі уақытқа дейін сот міндетін атқаратын болады; оның іс-әрекетінде немкөтерлік пен мансапқорлық жайлап, әділетсіз, парақор болатынын дәлелдейді. Халық дұрыс даму үшін, алдымен оған қажет нәрселер – өзіндік даму, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі басқару және өз соты болуы шарт. Осы өзгерістер енгізіліп және сақталып қалу үшін реформалар халықтың материалдық мұқтажына сәйкес және ұлттық характеріне бейім болуы да керек деген пікір айтады. Уәлихановтың ойынша, дерексіз теорияларға негізделген немесе басқа елдің өмірінен алынған реформалар күшпен енгізілсе, халыққа орасан зиянын тигізеді. Сонымен бірге Шоқан халық өзімен ғана тұйықталып, жекеленіп өмір сүруі керек деген ойдан аулақ. Керісінше, еуропалық, жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеру қай елдің болмасын алдына қоятын мақсаты болу керек деген ойды қолдайды. Әрине,

еуропалық мәдениетті меңгеру үшін қазақ халқы ағарту мәселесін іске асыру қажет. Бұл ретте қазақ жұрты үшін орыс мәдениетінің маңызын Шоқан ерекше жоғары бағалады. Осы себепті көптеген мақалаларында қазақ даласында орыс мектептерін ашуды, басқа да білім ошақтарын көбейтуді кеңес етеді. Қазақ жерінде дәрігерлік жағдай мен жәрдемнің төзімсіз екендігіне қинала көңіл аударады. Алғашқы кезде осы қиыншылықтардың бәрін патша өкіметі шеше алады деп сенді. Ресейдің мәдениетті көтермелемек тәсіліне үлкен үміт артады. Шоқан Ресейдің оқу орнын бітіріп, Еуропадағы ғылыми жетістіктерді жақсы меңгерсе де өз халқынан ажырамады, халқының мұнын, әсіресе қалың бұқараның жоғын жоқтатады. Г.Н. Потанин Еуропаға құштарлық Шоқанды өз халқынан ажырата алмады, керісінше, ол тәрбиеленген еуропалық рух өз елінің қызметшісі болуын міндеттеді деп жазды.

Ресей үкіметінен нәтижелі істер күткен Шоқан бірте-бірте үмітін үзе бастайды. Әсіресе генерал Черняевтің жорығына қатысқан ол орыс әскерінің отаршылдық озбыр істеріне наразылық білдіріп, қызметтен отставкаға шығып ел ішіне кетеді. Н.М. Ядринский Шоқан туралы естелігінде: бұратана халықтың өкілі цивилизация нәрін татып, білім алса да, бөтен мәдениет халқының ырқын ығыстырғанын көзімен көргенде, біржақты ықпалдың болашағына сенбей, өз жұртына оралуды жөн көрді дейді.

Қоғамды ығыстырудың жолдары мен әдістерінде Уәлиханов әкімшілік жолымен жасалатын реформаға шешуші мәселе деп қарады. Сондықтан колониалды өкімет орындарына бірнеше рет өз проектісімен және ұсыныстарымен барып жүрді.

Н.Г. Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» атты Батыс Еуропа экономистерінің, оның ішінде Ст. Милльдің идеяларын қарастыратын еңбегіндегі автордың реформа мәселелеріне көзқарастарын қолдауы көңіл аударарлық нәрсе. Уәлиханов соңғысының жұмыстарымен де жақсы таныс болған. Чернышевскийдің ойын дамыта отырып, реформа қарастырылып отырған әлеуметтік қауымдастықтың тұрмыстық, ұлттық, сословиелік, психологиялық және салт-дәстүр ерекшеліктері ескерілуге тиіс еді. Революциялық демократтар реформа мәнін теріске шығармағанмен, алдыңғы қатарға революциялық күрес жолын қойса, Уәлиханов типтік ағартушылықты ұстанып, халық бұқарасының өмірін материалды және рухани жағынан жақсарту көзі – реформа деп білді. Қоғамдық прогрестің бірінші шарты ағарту мен ғылым білімді таратуда, содан соң реформа жүргізуде деп түсінді. Уәлиханов жалпы әлеуметтік бақытсыздықтың себебін жаппай сауатсыздықтан іздеді. «Әділетті басшы» идеясын жақтады. Мәдениет дәрежесінің экономикаға шарттылығы жайлы айтылған жеке ойлары болғанмен жалпы алғанда ағартушылық позицияны ұстанды. Бірінші кезекте қалың бұқараның надандығы мен қараңғылығын жою қажет. Олай болмаған жағдайда жүргізіліп жатқан экономикалық, әкімшілік және сот реформаларының мәнін бұқара түсінбеуі мүмкін. Ал түпкі мақсат – әлеуметтік теңсіздікпен ұлттық қанаудан арылған еркін, тәуелсіз қоғам құру.

Шоқан Уәлиханов Сот реформасы туралы былай деді «Сот ісін қайта құру, әрине, біздің облыстағы бұрынғы әкімшілік құрылымды да өзгеріске түсіруі мүмкін және орыс үкіметіне де, сол сияқты қазақ халқына да ауыртпалық келтіріп отырған күрделі де бюрократтық шытырман былық орнына қазірде орыстың қалалық, селолық қауымдарында жүзеге асырыла басталған өзін-өзі басқару бастамасы және округтарда тиімді, ұтымды бастамалардың болатыны күмәнсіз. Отаным үшін осындай маңызды өзгерістер жасалып жатуына байланысты өзімнің кейбір ойларымды, сот, әкімшілік реформасымен халықты ағарту ісіне байланысты жазбаларымда қазақ халқының жоғарғы бастығы ретінде жоғары мәртебелі, Сіздің ғұзырыңызға ұсынуды өзімнің міндетім деп білемін». Ресей тумаларының ішінде байырғы орыс тұрғындарының өмір тірлігіне қарама-қарсы тіршілік ететін, әдет-ғұрпы, әрісі славян тайпасының әдет-ғұрпынан өзгеше, керағар келетін діні, тегі өзге халықтар аз емес. Бұл жайтқа жүгінгенде, жоғарыда келтірілген себептерді ескергенде христиандарға, отырықшы орыс тұрғындарына арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс, егер Ресейдің еуропалық, азиялық бөлігінде көші-қонып жүрген бұратана халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, онда мұндай өзгерістер ешқандай да пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді.

Облыстық басқарманың кеңесшісі Яценко осындай жағдайға байланысты, облыста сот ісін қайта құру ұсынысына заңнан және дағдылы сот ісін жіті білетін билер мен соттардан пікір жинау үшін жіберіліп отырған болар.

Бірақ халық пікірі, әсіресе білімсіз, мәдениетсіз, тұрлаусыз халықтың пікірі әрқашан да халықтың шынайы көкейкесті тілегінен шыға бермейді. Қоғамның пұрсатты, яғни мәртебелі тобының пікірін халықтың жоғын жоқтаушы деп қарауға болмайды, өйткені ақсүйектер мен ауқатты адамдардың, әуелі жоғары мәртебелі қауым адамдарының мүддесі көбінесе қауымның, көпшіліктің мүддесіне керағар, қарама-қайшы келеді. Халық тұрпайы да топас, соның салдарынан халық пікірінің сарыны, бағыты мыңдаған кездейсоқ жағдайларға, меніңше, ұсақ-түйек күйкі жағдайларға да байланысты.

Ой өрісі жетілмеген тұрлаусыз адам өзінің сыртқы сезіміне толық ие бола алмайтын бала мінезді келеді. Ол бала өзінің сыртқы сезімін іс-әрекетімен қауыштыра алмайды. Алайда өмірдің ішкі, сыртқы жағдайын жақсартуға тырысу адамға тән қасиет болса да, бұл қасиет адам баласының өсу дәуірінің бар кезеңіне, бар дәуіріне тән қасиет бола тұрса да, бұған адамның қолы түбінде бір жетеді. Адам баласы өзін-өзі ұғынбай, өзін қоршаған дүние жайында түсінігі кем болып, тіршілігін жақсартуға тәуекелге бел байлап, соқырша қарманып, әйтеуір ұмтылыс жасап тырбанады, сондықтан да жалғанды шындық, залалды пайда санап, көп қателікке ұрынуы ықтимал еді. Бұл жайында тарих бетінде үлгі болар мысалдар молшылық.

Сондықтан да қоғамдық мәселеде халық реформасынан аса қажет мәселе жоқ. Заң шығарушылар мен реформаторлар қоғам мүддесін көздеп келгені, соны көздейтіні жайында күдік болмаса керек. Бірақ қоғамның

дамуына не залал, не пайда екені жайындағы ұғым әр дәуірде әртүрлі болғанды, әлікүнге дейін де көптеген тағылық гипотеза, болжам орын алып отыр, ал ғылым мұның жаңсақтығын, ешқандай негізсіздігін толық дәлелдесе де керенаулықтан, ескінің аңызына шырмалған әдеттен, дағдыдан арыла алмағандықтан көптеген жұрт оны ақиқатты аксиома санап, сенім білдіреді, яғни діншілдік нанымға айналдырды. Біздің заманымызда халыққа етене жақын, ең маңызды, соның мұқтажына тікелей қатысты реформа – экономикалық және әлеуметтік реформа. Ал саяси реформалар экономикалық істерді жүзеге асыратын құрал ретінде көрінбек, өйткені әрбір жеке адам және бүкіл адам баласы қауымдасып өзінің түпкі мақсаты материалдық әл-ауқатын жақсартуға тырысады. Прогресс дегеніміз де осыған сай келеді. Осы ойға жүгінгенде, адамның тұрмыс қажетін өтейтін реформа ғана пайдалы да, ал бұл мақсатқа қандай да болса кедергі келтіретін реформа зиянды болып табылады. Қоғамдық тұрмыс мұқтажығын жақсартуға бағытталған қандай да болмасын реформа қоғамның мұқтажы мен қаражаты белгілі болғанда ғана кездейсоқтыққа ұшырамай, діндеген мақсатына жете алады. Джон Стюарт Милльдің қандай да болмасын қауымның адамдарына жаңа құқық берместен бұрын бұл қауым адамдарының ақылдық қабілетін, өнегелілігін және саяси сана сезімділігін ғылыми тұрғыда мұқият зерттеуі қажет деуі әбден орынды. Расында, дәрігер ауру адамның сырқатын ғана емес, оның себебін білгенде ғана емі қонып, жазылатынына сенімді болады емес пе. Қоғамдық мұқтажды білмегендіктен, гуманистік теорияға шамадан тыс қызғанышпен қараудың салдарынан, қазіргі белгілі жағдайда мүлдем қажеті жоқ жаңа өзгерістер, реформалар туындауда. Егер әртүрлі реформаны қабылдар алдында ауыл шаруашылығындағы өсімдікті егуге қолданылатын әдістерді пайдаланса, ондай қателіктен тез арылуға болады. Бұл әдіс бойынша әуелі өсімдіктің өзін толық зерттеп, содан кейін болар қандай топырақта өсетінін, оған күн көзі, жылу, т.б. жағдайлар қанша мөлшерде қажеттігін білуіміз қажеттігіміз білуіміз қажетті заттармен қамтамасыз етіп, оған залал келтіретін дүниелерді жою.

Тайпалық организм жағдайында оны қоршаған орта, ауа райы, жер жағдайы бірінші кезекке қойылуы керек, себебі адамның ояну сезімі, қаракеті физикалық құбылыс пен әлеуметтік жағдайдың біртұтас әсеріне байланысты емес пе. Реформа оңтайлы жасалғанда, яғни қоғамдық организм жан-жақты дами алатын мызғымас прогресс заңына негізделіп жасалғанда ғана ұтымды реформа болады. Мұндай реформаны ешқандай жағдайда да бөгемей, қайта қолдау керек.

1793 жылдан бастап Еуропада болған революцияның бәрі де үкіметтің бостандық үшін болған халық қозғалысының басталуынан туындайды. Қисынсыз теорияға немесе өзге халықтың өміріне негізделіп зорлықпен ырықсыз жасалған реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келеді. Бүгінгі тарихшыларымыз біздің қоғамдық дертімізді, аномальдық, яғни, ауытқушылық жағдайымызды Петр реформасының халыққа қарсы бағытталған қасіретті рухынан деп текке айтпаса керек. Уәлихановтың сот реформасы жайлы ойы - сот ісін қайта құруы, әкімшілік құрылымды

өзгеріске түсіруі мүмкін және орыс үкіметіне де, сол сияқты қазақ халқына да ауыртпалық келтіріп отырған бюрократтық шытырман былықтың орнына өзін-өзі басқару бастамасы және округтарда тиімді, ұтымды басқармалардың болатыны күмәнсіз. Қазақтарда құрметті би атағы сайлау жылы немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекінуімен емес, сот рәсімін терең білетін қазаққа берілуі керек деп айтады.

**Өзін тексеру сұрақтары:**

- Ш. Уәлихановтың дүниетанымынның қалыптасуын сипаттаңыз
- Ш. Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарасын нақтылаңыз
- Ш. Уәлиханов энциклопедист – ағартушы, ғалым дәлелдеңіз
- Ш. Уәлихановтың қазақ философиясында алатын орнын анықтаңыз
- Ш. Уәлихановтың сот, билер, билігін өзгерту туралы идеясын қалай түсінесіз

**Өзіндік жұмыс сұрақтары:**

- Ш. Уәлихановтың дінге байланысты пайымдауларын сипаттаңыз
- Ш. Уәлихановтың моральдық-этикалық көзқарасын айқындаңыз
- Ш. Уәлиханов ойшыл реформатор дәлелдеңіз
- Ш. Уәлихановтың «Шамандықтың қалдығы» еңбегін жазудың мақсатын түсіндіріңіз
- Ш. Уәлихановтың ғылымға қосқан үлесін көрсетіңіз

---

## 5.2 Ыбырай Алтынсариннің моральдық, этикалық, ағартушылық идеясы



**Ы. Алтынсарин (1841-1989 ж.)** 1841 жылы ескі стиль бойынша 20 октябрьде Торғай облысы, Николаевск уезінде (қазіргі Қостанай облысының Затабол ауданы) дүниеге келеді. Әкесі Алтынсары ауыл молдасын көргені болмаса, басқалай оқу қумаған, момын адам болғаны белгілі. Ыбырай тәлім тәрбиені атасы Балқожа биден алады. 1846 жылдың мамырында атасы Орынборға барып, шекара председателі, М.В. Ладыженскийге Ыбырайды жаңадан ашылуға тиісті қазақ балаларына арналған мектепке алуға арыз береді және ол арыз қанағаттандырылғаннан кейін, 1850 жылдан бастап мектепке барады. Жеті жылдан кейін мектепті Ыбырай үздік бітіріп, атасы Балқожа бидің қасында хатшы болып жұмыс істейді. Жеті жыл оқу, Орынбордағы орыс зиялыларынан тәлім тәрбие алу Ыбырай Алтынсариннің рухани өсуіне жол ашты. Ы. Алтынсариннің қоғамдық, педагогикалық, ғылыми көзқарастарының қалыптасуына В. Григорев, Н.И. Ильминский, Я.А. Яковлев сияқты орыс достарының ықпалы үлкен болды. Ы.Алтынсариннің адамгершілікке тәрбиелеу идеясы сол заманда ғылым мен білімнің ерекше рөлін исламның орта ғасырлық артта қалған идеологиясына қарсы күресте жастарды білімге, оқуға үйретуде орасан зор рөл атқарды

1860 жылы Орынбор өлкесінің басқару орны Торғай бекінісінен қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат алғаннан кейін осы мектептің оқытушысы болып тағайындалынады. Бірақ мектеп ашуға көптеген мүмкіндіктер жетпеген соң мектептің ашылуы кейінге қалдырылады. Алайда Ыбырай Алтынсарин қол қусырып қарап отырған жоқ, өз үйіне бірнеше оқушы қабылдап, оларды оқыта бастайды. 1861 - 1863 жылдар арасында Ыбырай Алтынсарин Торғай бекінісінен бір кластық мектеп ашу ісін мектептің қабырғасын тұрғызудан бастайды. Осы өңірге әскери комендант болып келген Яков Петрович Яковлев қазақ мұғалімінің оқу ағарту жөніндегі қолға алған ісін қолдайды. Ыбырай Торғай даласындағы ауылдарды аралап, мектеп құрылысына қаражат жинайды және Троицкідегі таныстарына хат жолдап, керекті

құрылыс материалдарын және оқу құрал жабдықтарын, кітаптарын алдырады. Кітаптардың ішінде Николай Ивановичтің «Самоучитель русского языка для киргизов» деп аталатын оқу құралыда болған.

1863 жылы Ы. Алтынсарин өзі жобалаған мектептің құрылысын бітіреді және 1864 жылы қаңтардың 8- жұлдызында көп халық жиналып салтанатты түрде мектеп ашылады. Бұл мерекеде 14 бала мектепке жазылады. Біраз уақыт өткен соң тағы да екі ауыл баласы қосылады. 1879 жылы Ыбырай Алтынсарин ресми түрде Торғай облысының инспекторы болып тағайындалады. Торғай облысы ол кезде Елек, Ырғыз, Торғай және Николаевск уездеріне бөлінетін еді. Орынбор губерниясына бағынатын Тройцк уезіндегі мектептерді де Ыбырай Алтынсарин басқарады.

Ы. Алтынсариннің тікелей өз инициативасымен қазақ жерінде жұртшылыққа арналған бүтін бір мектептер жүйесін құруы – оның теңдесі жоқ тарихи қызметі болып табылады. Бұл мектептерде ол қазақ тілі пәнін оқытуды алдына мақсат етіп қояды.

Ы. Алтынсарин инспекторлық қызметке тағайындалысымен бірден жаңа мектептерді ашу ісіне кіріседі. Ең алдымен, облыстағы барлық уездік қалаларда бір бірден училищелер ашуды ұйғарады. Осы мақсатпен ол ауыл ауылды аралап қаржы жинайды да, артынша Елек, Николаев, Торғай және Ырғыз уездерінде екі кластық орыс қазақ училищелерін ашып, оларды оқушылармен ұстаздармен қамтамасыз етеді. Осы жылы Ы. Алтынсарин орыс қазақ мектептеріне арналған Орынбор баспасынан екі оқу құралын - «Қазақ хрестоматиясын» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жарыққа шығарады. Бұл еңбектер ғылыми деңгейде жазылған асыл мұралар, қазіргі кезде де қадір–қасиетін жоймаған қымбат қазына. Қазақстанның экономикалық дамуы үшін аса қажет болып табылатын тұрғылықты халық өкілдерінен мамандар даярлау ісіне ерекше мән бере отырып, Ы. Алтынсарин қаржыны кәсіптік және ауыл шаруашылық училищелерін ашуға жұмсайды. Тек қана халықтан жиналған қаржы ұстап тұрған кәсіптік училищені Торғай қаласында ашудың сәті түседі.

Қазақ әйелдеріне білім беру ісі де Алтынсарин есімімен тығыз байланысты. Аса маңызды бұл бастамада ол патша үкіметі тарапынан кедергіге ұшырайды. В. В. Катаринскийге бір хатында былай деп хабарлайды: «Қазақ қыздарына арнап ашылмақ интернаттың табысты боларына губернатордың күдігі бар... ал мұндай маңызды істі бастамаса, ешқандай ештеңе де болмайды ғой. Ал істің Ырғызда оңға басатынына мен қазірдің өзінде кәміл сенемін...». Көп ұзамай бұл арманы жүзеге асады. Ырғыз қаласында қазақ қыздарына интернаты бар арнаулы мектеп ашылады. Шындығында, бұл қазақ халқының өмірінде болған аса үлкен оқиға еді. Аса маңызды бұл бастамасының сәтті болғанына Алтынсарин қуанады. Ол патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ашуға өтінеді. Өтініш бергеннен соң екі жылдан соң барып қана интернаты бар қыздар училищелерін 1891 жылы Торғай қаласында, 1893 жылы



Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақ поселкасында және 1896 жылы Ақтөбеде ашуға рұқсат етіледі. Алтынсариннің талап етуі бойынша ашылған бұл қыздар училищелерінде 1896 жылдың қарсаңында оқыған 211 қыздың 70 і қазақ, 149 ы қоныс аударушы орыс қыздары еді.

Ыбырай Алтынсарин қажымай, талмай жүріп 1883 жылдың 15 қарашасында Торғай қаласынан қолөнер мектебін ашады. Бұл қазақ даласындағы техникалық мәні бар алғашқы оқу орны болып табылады. «Қазақтардың, - деп жазды Алтынсарин, - тез қадаммен отырықшылық тұрмысқа көшіп жатқанын еске алып... қолөнер ашуды ұсынып едік. Міне, енді біздің бақытымызға бұл алғашқы тәжірибеміз сәтті жеміс беріп отыр». 1883 жылы уезд орталықтарында 4 мектеп, бір қолөнер мектебі ашылады. 1888 жылы Ы. Алтынсарин қолөнер училищесін бітіргендерді сынақтан өткізді, тиісті мамандықтарына байланысты куәлік қағаздарын қолдарына тапсырды. Алғашқы мамандардың ішінде Торғай уезінің Шұбалаң облысындағы №2 ауылдың азаматтары Мығымбай Көркембаев пен Бижан Айдарбеков ағаш шебері және токарь мамандықтарын алды.

Осы жылы уезд орталықтарындағы орыс қазақ училищелерінің жанынан кәсіптік мамандықтарға даярлайтын бөлімдер құрылды. Сөйтіп, Яковлевтің көмегімен қолөнер мектебіне қосымша тағы төрт жерден мамандар даярлайтын болды. Сол жылы ақ аталған мектептер қажетті құрал жабдықтармен, мұғалім кадрларымен толық қамтамасыз етілді. Торғай даласында ауыл шаруашылығына мамандар даярлау үшін басқа да арнаулы оқу орындарын ашуды мақсат тұтты.

1888 – 1889 жылдар аралығында Ы. Алтынсарин денсаулығы бірте бірте нашарлай берді. В. В. Катаринскийге хатында: «Сізге соңғы хатымды жазғаннан кейін мен тағы ауырып қалдым. Бұл жолы бұрынғыдан анағұрлым қатты ауырдым, жұрт мені жаны қалса тәуір болар еді деп қауіптенеді. Әлі де ауырамын, ұйқым жоқ десе де болады, тамақ ішпеймін. Жүрегімнің соғуы күшті, ентіге беремін» - деп жазған.

Ыбырай Алтынсарин ауруына қарамай Қостанай қаласына келіп, Торғай губернаторы Барабашпен кездесіп, мына мәселелерді шешуге келісімін алады: оқу ағарту ісіне халықтан қосымша қаражат жинау, қыз балалар оқитын училищелер ашу, ауыл шаруашылығы мектебін ұйымдастыру, Москвадағы Жер шаруашылығы академиясында оқитын қазақ балаларына стипендия төлеу, Красноуфимсктегі училище оқушыларына стипендиясын көбейту, тері өңдейтін және сабын қайнататын заводтар ұйымдастыру және т.б.

Оның ауруы күн өткен сайын асқына берді. Біраз күндер қоныс аударып, қымыз ішіп, таза ауа жұтып табиғат аясына шығып та көрді, бірақ көмек болмады. Ұлы педагогтың қатты науқас екені бүкіл Торғай даласына тарады. Онымен кездесуге көңіл білдіріп, денсаулық тілеуге жер жерден дос жарандары, ұстаздары, шәкірттері келіп жатты. 1889 жылғы шілде айының 17 күні, күндізгі сағат 11 де, 48 жасына үш ай қалғанда Ыбырай Алтынсарин Тобыл өзенінің жағасына жерленді.

Алтынсарин балаларға өнегелі тәрбие беру аса маңызды іс деп білді. Ол шәкірттерді адамгершілікке, адал еңбекке, Отанды сүйуге тәрбиелейтін. «Барлық күш – жігерімді олардың мінез – құлқына ықпал етуіне жұмсаймын, кейін паракор болып шықпауы үшін», - деп жазды.

Ыбырай Алтынсарин балаларды тәрбиелеу мен оқыту ісін заңды түрде алғаш бастаушы, революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ой пікірдің негізін қалаушысы болып табылады.

Қазақ халқының тарихына аса көрнекті ағартушы, жаңашыл, педагог, жазушы, қоғам қайраткері ретінде кіреді. Торғай жерінде дүниеге келген. Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашылған мектебінде 1850-1857 жылдары оқып, оны үздік бітіріп шықты. Жастайынан туған әкесінен жетім қалып, Ыбырай үлкен әкесі Балқожа бидің қолында тәрбиеленді, Орынборда оқып жүрген немересі Ыбырайға жазған сәлем хаттың үлкен тәрбиелік мәні болады: «Атамды сағындым деп асығарсың, сабаққа көңіл қойсаң басыларсың, ата-ананды өнер білсең асырарсың, Надан болып білмей қаларсың, аһ ұрарсың». Ыбырай Орынборда оқып жүрген кезден бастап, өлкеде айдауда жүрген әртекті орыс зиялыларымен араласты, белгілі шығысты зерттеуші В. Григорьевтен дәріс алды. Елге оралғаннан соң, халықтан қаржы жинап, мектеп үйін салуға кірісті. Мектеп 1864 жылдың қаңтарында ашылды. Ал мақсат-тілегін Ыбырай былай деп белгіледі: «Мен қазақ жастарының классикалық гимназияда, ауыл шаруашылық академияларда оқып, білім алуын, өз халқына қызмет етуін, жаңалықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін». Бала оқытып тәрбиелеу жұмысында ол дүние жүзі педагогика классиктерінің идеяларын басшылыққа ала білді. Оған басшылық еткен Қазан университетінің профессоры, миссионер Н.И. Ильминский болады. Ол Ыбырайға орыс алфавитімен жазылған оқу құралын жасауды ұсынады. 1879 жылы Ыбырай төрт тараудан тұратын әйгілі «Киргизская хрестоматия» («Қазақ хрестоматиясы») кітабын жазады. Сонымен қатар көптеген әңгімелер, өлеңдер жазып, балаларды оқуға, білімге шақырады. Олардың біразы сол хрестоматияға енгізілді. «Кел балалар, оқылық» деген өлеңінде ол:

Сиса көйлек үстінде, тоқуменен табылған,  
Сауысқанның тамағы шоқуменен табылған,  
Өнер-білім бәрі де оқумен табылған.  
Кел балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық,-деп жазды Ыбырай. «Қазақтарға орыс тілін үйренудің бастауыш құралы» атты 8 тараудан тұратын оқу кітабында «Зат есім», «Сан есім», «Сын есім», «Үстеу мен жалғау», «Етістік», т.б. ұғымдарын тұңғыш рет енгізіп, талдап көрсетті. Ыбырай өз халқын мәдениетті, өнерлі елдердің қатарына қосуды арман етті. «Өнер, білім бар жұрттар, Тастан сарай салғызды, Айшылық алыс жерлерден, Көзіңді ашып-жұмғанша, Жылдам хабар алғызды», - деп жазды.

Ыбырай оқытушылық жұмыспен қатар халық училищелерінің инспекторы, Торғайдың уездік судьясы да болады. Алтынсариннің тікелей араласуымен мектептер, интернаттар, училищелер ашылады, олардың

жанынан халық қаражатымен кітапханалар ұйымдастырады. Ыбырай надандыққа, сауатсыздыққа қарсы болып, халықты еңбекке, білімге шақырады. Оған «Надандық», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Лұқпан Хакім», «Қыпшам Сейітқұл» деген шығармалары дәлел болады. Мәселен, «Қыпшақ Сейітқұл» деген әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин ағайынды екі адамды мысалға келтіреді. Сейітқұл егіншілікпен егін егеді, саудамен тағы, басқамен шұғылданады. Сөйтіп басқаларға өнеге көрсетеді. Екіншісі ұрлықпен айналысады, ақыры өмірі қорлықпен өтеді. Өзін белгісіз біреулер Түркістан жақта өлтіріп кетеді. Ұрлығы жинаған дүниесі талан-таражға түседі. Сөйтіп, Ыбырай халықты адалдыққа, еңбекке, отырықшылыққа шақырады. Зиянды кертартпа әдеттерден безуді уағыздайды, адамдық жолдан сақтандырады. «Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен, Кете бар, кессе басың шындықпенен. Қорек тап бейнеттен де – Тәңірім жәрдем, Телмірме бір адамға мұндықпенен», - деп халқына ақыл-кеңес берді. «Таза бұлақ» әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин адамгершіліктің маңызында мәселелерін үш жолаушының бұлақ басында сусындап отырып, тастағы жазуды оқып, соны әрқайсысы қалай талдағаны арқылы халық санасына қозғау салады. Сондағы жазу былай екен. «Ей, жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол!».

Бұл мысал Ыбырайдың халқын адамгершілікке баулуда түрлі әдістер қолданғанын көрсетеді. Сонымен бірге патша үкіметінің қазақ балаларының ішінен тілмаш тәрбиелеп шығармақ болған әрекетін сынап, қазақ еліне тілмаштық емес, өнер керек, білім керек екенін орыс тілінде жазылған мақалаларында талай рет атап айтты. Қазақ халқының кішіпейіл, білімге құштар, достыққа адал екенін айтып отырды.

Бірақ Ыбырайдың бұл мақсат әрекеті патшалық Ресейдің жергілікті халық өкілдерінен тек тілмаштар дайындамақ болған саясатына қайшы келді, қолдау таппады. Ыбырай қазақ халқына көшпелілік тұрмыстың тұсау болып отырғанын да атап көрсетті. Ол халықтардың өмір бойы көшпелі тұрмыста қала беруін қуаттамауымен қатар: «Халық өзінің даму жолында көшпелілік өмірден отырықшылыққа ауыспай қоймайды», - деп қорытты. «Халыққа білім беру, көзін ашу ісінің өзі осы отырықшылықпен тығыз байланысты», - деді. «Қазақ халқы көп ұзамай орыс мемлекеттерімен қоян-қолтық араласып кететін болды. Бұл жақындықтан ол тек бақыт табу және ол малшы болып қалмайды, сонымен қатар диқаншы да, Ресейдің қасиетті туы астында да жауынгер бола алады», - деп жазды Ыбырай.

Бірақ Ыбырай Патша өкіметінің Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторларында дала облыстарын басқару жөніндегі 1868 жылы қабылданбақ болған уақытша ережесін сынға алды. Оның қазақ халқының тұрмыс-салты, көшпелі өмір сүрген әдет-ғұрпын, шаруашылығын есепке алмай, оны күшпен отаршылыққа айналдырмақшы болған, артық жерлерін тартып алып, Ресейдің орталық аудандарынан ауып келгендеріне бермекші болған әрекеттерін бүкпесіз ашық сынады. Ыбырай Алтынсарин былай деп жазды: «Даланы мекендеген халықтардың өміріне жасанды түрде төңкеріс жасауға шешім қабылдамас, бұрын алдымен осы халықтың және оның өмірін зерттеп білу ақылдырақ іс болмай ма? Бұл халықта отаршылдық үшін қандай

алдын-ала орындалған шарттар бар? Мұның өзі ағат қадам жасамау үшін керек. Өйткені керек халықтың өмір салтын күшпен өзгертіп кейде нағыз қабілетті халықтың өзін де енжар селқоз халыққа айналдырып жіберуі мүмкін. Башқұрт халқы осындай жағдайға душар болды деушілер көп. Шындығында табиғаттың заңында жас баланы естияр адамға айналдыруға болмайды ғой».

Ыбырайдың еңбектері, мақалалары, хаттары олардың дүниеге гуманистік көзқарас, тәжірибелі қиялды анықтаушы тұрғысынан жазылғанын байқатады. Мысалы, Ыбырайдың «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» атты еңбегі. Ол әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ, өйткені бұл мәселелер қазақ тұрмысына сай пайда болды, елдің қанына сіңіп, ерте замандардан келе жатқан дәстүр. Ыбырай осыны аңғартады: «Білім дегеніміз - өзімізді қоршаған шындықты танып білу», - деп түйіндеді Ыбырай. Ол мектептегі діни схоластикалық оқуға қарсы шықты. Өзі ашқан мектептерде оқу процесін осы тұрғыда жүргізді. Алтынсарин мектеп мен тәрбие өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынды. Сондай ақ, оның тамаша тарихи болашағына асқан сенімімен қарады. Ы.Алтынсариннің пікірі бойынша, ауыл мектептері болыс мектептерінің бірінші бөлімінің бағдарламасы бойынша жасауға тиіс.

Ы.Алтынсарин қазақ халқына білім беру тек бастауыш мектеппен шектеліп қана қоймай, ол мектептер құру туралы ойларын халқына жеткізді және қазақ балаларының университеттерде оқуын қалады. Алайда ол Россия патшаларының жағдайындағы осыған ұқсас жоспарлардың өмірге сәйкес келмейтінін ескере отырып, Оренбург және Троицк жанындағы гимназия мен Қазақ университеттерінде оқитын қазақ балалары мен жастарға стипендия тағайындады.

Ы.Алтынсариннің табандылығымен Орынборда 1886 жылы мұғалім даярлайтын қырғыз мектебі ашылды. Бұл кейіннен Орыс қазақ мектептеріне мұғалімдер дайындайтын орталыққа айналды. Сөйтіп, Алтынсарин қазақ халқының өмірі мен салтына сәйкес келетін қолтума қазақ мектептерін ашудың жолдарын көрсетіп берді. Бұл жүйенің ең басты құндылығы барлық мектеп типінің мирасқорлығы болып есептелінді.

Ыбырай Алтынсарин жастарды оқу білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, қайта өз ойын нақтылықпен дәлелдеуге ұмтылады. Айтпақ пікірді оқушы зердесіне еркін сіңіру үшін әр алуан ұстаздық амал тәсілді қолданылады. Бұл тұста ол, ең алдымен, шешендік қайталауларды ұтымды пайдаланады. Ақын әр шумақ сайын:

Бір құдайға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге

Ықылас пен тоқылық! - деген жолдарды әдейі қайталай отырып, оқу – білімнің пайдасын айтуда бала жүрегіне жол таба білген. Сол хрестоматияға сөз басы ретінде берілген «Бір құдайға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық» атты өлеңде ақын оқушы түсінігіне жеңіл қарама-қарсы ұғымдарды әдейі шендестіріп қолданады. Мәселен, ол білімділік пен надандылықтың аражігін ашып көрсету талабында жарық пен қараңғылықты қатар, жарыстыра алып сипаттайды. Осы орайда алдымен оқудың пайдасын жарыққа балап:

Оқысаңыз, балалар  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдынан  
Іздемей ақ табылар,-  
Десе, надандықтың мән жайын :  
Оқымаған жүреді,  
Қараңғыны қармалап, - дейді.

Автор өзі үндеп отырған оқу білімінің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына үлкен мән береді. Ол үшін инемен құдық қазғандай ыждаһат, сабырлық қажет екенін ескертеді. Сондай сарыла ізденудің арқасында қол жеткізген оқудың азбас, тозбас өнерге айналатынын айтады. Ақын ойынша: оқу білім мәңгілік, ол жұтамайды және таусылмайды. Ал бұған қарама-қайшы тұратын надандықты ақын:

Надандықтың белгісі –  
Еш ақылға жарамас.  
Жайылып жүрген айуандай  
Ақ, қараны танымас..  
Жөн білмеген наданға  
Қыдыр ата дарымас, -

деп бейнелейді. Сондықтан ол өз ойын қорытқанда да оқу білімнің өмірдегі орнын, қажеттілігін баса көтереді.

Әдебиетімізде бұған дейін оқу білім өнерге бірыңғай шақыратын мұндай жырлардың жоқ екенін ескерсек, осы «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің мән маңызы ашылып, өлеңің бастан аяқ тың мазмұнды, жаңа сипатты шығарма дей аламыз. Ыбырай мұнда қазақ балалары түгіл, ересектердің ұғымында жоқ техника тетіктері мен құрал жабдықтарының іс әрекет, қозғалысы мен адамға көрсетер қызметін суреттейді. Шынында, құлақ естіп, көз көрмен паровоз, пароход, телеграф, телефон, газ, электр, самолет, т.б. бұларды қазақ балаларына айтып түсіндіру талабында ол ел өмірінде бұрыннан бар жұмбақтау тәсілін ұстанады. Ыбырай сол таныс емес техника заттарының іс әрекеттерін алдымен өзімізде бар нәрселермен теңеу арқылы ұғындырмақ болды. Айталық, ол паровозды «аты жоқ құр арба» деп бейнелесе, ал суда жүзген кемені кәдімгі үлкен балыққа теңейді. Бұл, біріншіден, жұмбақ шешіп үйренген қазақ балаларының ойлау қабілеті мен соған деген ықылас ынтасын арттырса, екіншіден, жаңа заттың болмысы мен қызметінен хабардар болып, нақты түсінік алады. Осындай танымдық сипаты жағынан теңдесі жоқ бұл жырлардың бір үзіндісі төмендегіше болып келеді:

Өнер білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден  
Көзінді ашып жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге  
Күн жарымда барғызды.  
Адамды құстай ұшырды,  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді.  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді!...

Рас, еңбек пен өнерді игеруге шақыру халық ауыз әдебиеті үлгілерінде бұрыннан бар, алайда мұндағы негізгі мақсат көшпелі өмірдің талап тілектері төңірегінен аса қоймайтын.

Ы. Алтынсарин алғаш балаларға арнап жазған әңгімелерін өзінің төл өлеңдеріне қосып, хрестоматиясына енгізді. Осы қысқа әңгімелерінде ол жас шәкірттерді адамгершілікке, ізгілік пен бауырмалдыққа, адал еңбек пен әділдікке, әдептілік пен сабырлыққа, зейінділік пен білімді еркін игеруге шақырады. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі қазақ халқының мәдени әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың өсіп жетілуіне қажетті түзілім міндеті туралы Н. Н. Ильминскийге жазған хатында: «Қазақ балаларына, меніңше мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер керек. Өлең жағын мен мүмкін болғанынша қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын. Екінші кітабымды мен балаларға қызықты етіп, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарих және географиялық ғылыми әңгімелер келтірмекпін». Бұдан тұңғыш ұстаздың шәкірттерге ғылымның әр саласынан тыңғылықты білім беретін пәндік оқуды енгізуді ойластырғанын көреміз.

Ыбырай әңгімелерінің негізгі түйіні: жас буынды өнер білімге үндеу, адамгершілік мінез құлыққа тәрбиелеу болып табылады. Ол ел-жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы іске асады деп санады. Сондықтан ағартушы қазақ халқын егін егіп күн көретін отырықшылыққа шақырады. Өз әңгімелерінде отырықшылықтың артықшылығын дәлелдеуге ерекше зер салады. Ыбырайдың «Қыпшақ Сейіткұл», «Киіз үй мен ағаш үй» деген ықшам жазылған қысқа әңгімелерінде дәл осындай жағдайлар суреттеледі.

«Қыпшақ Сейіткұл» атты әңгімесінде Ыбырай мал баққан халықтың жұт пен барымтаға тәуелді екенін айта отырып, Сейіткұлдың ақылдылығы мен тапқырлығын жастарға үлгі етіп ұсынады. Сауда етуге малы жоқ, ұры қаралықпен күн көруге болмайды. «Жортуыл басы жолда қалады» деген халықтың даналық сөзі жаман іске аяқ бастырмайды. Ақырында Сейіткұл тұрақты мекен іздеп, Торғай төңіріндегі Қабырға деген өзен судың жағасын ұнатып, сол жерді мекен етеді. Жоқшылықтың зардабын көп көрген жалаңаш жалпы кедейлерді сол жерге көшіріп алып келеді де, отыз үйлі кедейге кетпен ұстатып,

егіншілік жұмысты кәсіп еткізеді.

Барымтаны әдет еткен Сейітқұлдың ағасы бұл ынтымаққа көнбей, Түркістан жаққа қалып қояды. Бір жерді мекен еткен Сейітқұл ауылы көтеріліп, шаруалары күйлене бастайды. Бес алты жылдың ішінде Сейітқұл ауылы дейтін іргелі елге айналады. Сөйтіп, адал еңбек, маңдай терімен байыған жұрт өзгелер батып келе алмайтын қорған тұрғызып, қалалардан киім кешек, азық түлік алдырып, мамыражай өмір кешеді. Бұларға кезінде қосылмаған Сейітқұлдың ағасы ұрлықпен жүріп қолға түсіп мерт болады. Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, көршілер (орыстар) мәдениетін қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады. Өзінің барлық сөздерінде еңбекші қазақ халқын, қарапайым халықтың бишаралық халге түскен балаларын ескеріп, сонымен бірге билеуші топтардың тұрмысы мен әдет-ғұрыптарының жарамсыз жақтарын көрсетті. Алтынсариннің тарих, этнография, өлкетанудағы бағытта да үлкен маңызды жұмыс атқарғанын да көруге болады. Алтынсариннің этика, педагогикалық тәрбие және мектеп жүйесі ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделген.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеясын көрсетіңіз
- Ы. Алтынсариннің тәрбие, педагогика, дін туралы ойларын талдаңыз
- Ы. Алтынсариннің моральдық этикалық көзқарасын сараптаңыз
- Ы. Алтынсариннің саяси әлеуметтік көзқарасының ерекшелігін айтыңыз
- Ы. Алтынсариннің жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу жайлы идеясын талдаңыз

#### **Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Ы. Алтынсариннің дінге көзқарасын айқындаңыз
- Ы. Алтынсариннің дүниетанымының қалыптасуын сипаттаңыз
- Ы. Алтынсариннің педагогика ғылымына қосқан үлесін көрсетіңіз
- Ы. Алтынсариннің әңгімелерінің тәрбиелік мәнін ашып беріңіз
- Ы. Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы» еңбегін жазудың негізгі мақсатын түсіндіріңіз

---

### 5.3 Ақын, философ Абай Құнанбаевтың дүниетанымдық көзқарасы



**А.Құнанбаев (1845-1904 ж.)** Семей облысы Абыралыда (кейіннен Абай ауданы) дүниеге келген. Абай - реалист ақын, философ. Абай қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализмнің негізін салушы. Дүниетанымдық мәселеде Абай Алтынсарин секілді деизмге жақын. Абайдың дүниетанымдық көзқарасына келер болсақ, ол сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін қуаттайды. Мысалы, 45-қара сөзінде адам «...көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстаған дүниеден хабар алады» дейді.

Ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Өз заманының ғұламасы болған Абай көптеген орыс жазушылары мен философтарының, әсіресе, А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, И.А. Крыловтың, В.Г. Белинскийдің, А.И. Герценнің, Н.Г.Чернышевскийдің, Н.А.Добролюбовтың шығармаларын оқып зерттеді, орыс революционер-демократтарының озық ойы, оның дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Ойшыл-ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель, сондай-ақ Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұраларымен де жақсы таныс болды; Батыс Европа философиясын, дәлірек айтқанда Р. Декарт, Б.Спиноза, Г. Спенсер, Л. Фейербах еңбектерін оқыды: «...өзінің рационалдық философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай мектептердің оқуынан өтіп алып, сөйтіп, бұларды өзінің творчестволық өңдеуінен өткізген соң ғана жасай алды». Ол Ч. Дарвиннің даму теориясы мен анатомиялық ілім негіздерін білді. Абайдың жаратылыстану ғылымындағы білімінің кеңіюіне орыстың материалистік психологиясы, нақтырақ айтқанда И.М. Сеченов пен К.Д. Ушинский еңбектері маңызды қызмет атқарды. Ақынның дүние-танымына сол кезеңде Семейде тұрған, саяси аударылған адамдарымен достығы игі әсерін тигізді. Олардың арасында Е.П. Михаэлис, Н.И. Долгополов, т.б. демократтардың идеясында тәрбиеленген алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері бар еді. Абайдың



көптеген өлеңдерінде терең философиялық ойлары, табиғат, таным, ақыл жайлы толғаныстары көрініс тапқан: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алдындағы келер заман», т. б., 45 «сөзден» тұратын қара сөзбен жазылған «Ғақлиялары» ақынның философиялық көзқарасының мәйегі, өзінің мәні мен тұжырымдарының тереңдігі жағынан ұлттық мәдениет шегінен әлдеқайда асып түсіп жатқан маңызды мұра.

Бұл «Сөздер» қазақ халқының сан ғасырғы тәжірибесінен (мәдениет, тарих, дәстүр, әдет-ғұрып, адамгершілік қасиеттер, т. б.), адам және адамзат туралы ойларынан сусындаған. Абайдың философиялық көзқарастарын оларды тек өзіне ғана тән ерекшеліктерімен, өзіндік белгілерімен және сонылығымен, басқаша айтқанда, белгілі бір дәуірмен байланысты және сол дәуірді танытатын нақты тарихи ережелер жүйесін қаз-қалпында қабылдаған күнде ғана дұрыс түсінуге болады. Абайдың дүниетанымындағы айналадағы қоршаған әлемнің объективті шындығы таным барысын құдайға сенумен және жанның өлмейтіндігімен ұштастыра қарастыратын көзқарасы қарама-қайшылықта және күрделі болып келеді. Солай бола тұрса да ақын құдайды табиғат-адамзаттың болмысының алғашқы себебі деп есептемейді, ол дүниені әлдеқандай күш жаратты дегенді теріске шығарады. М. Әуезов айтқандай, «... тіпті, оның ақынның діни нанымы мен сеніміне байланысты өлеңдерінің өзі ең басты мәселеде мұсылман дінінің кітаби қағидаларына қайшы келеді». Ол бүкіл табиғатта орталық тұлға етіп адамды қояды, философиялық ойларының көпшілігін де адам және адамгершілік мәселесіне баса көңіл бөледі. XVII-XIX ғасырлардағы антропологизм, тіпті, Фейербахтың өзі де адамды абстрактілі түрде, жай ғана биологиялық тіршілік иесі ретінде қарастырып, оның барлық қасиеттері мен ерекшеліктерін табиғи шығу тегімен түсіндіреді.

Адам мәселесін Абай әртүрлі: философиялық, биологиялық-психологиялық, эстетикалық және этикалық көзқарастан қарастырған. Абайдың адам туралы негізгі тұжырымдары Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» (1860) деген еңбегінде айтылатын ойлармен ұштасады. Чернышевскийдің түсіндіруінше болмыс бірыңғай болған жағдайда адам басынан екі түрлі: материалдық (адам тамақ ішеді, ұйықтайды, жүреді) және адамгершілік тұрғыдағы (адам ойлайды, сезеді, қалайды) құбылыстарды байқаймыз. Абай жетінші сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі білсем екен дейді. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды», - дейді ойшыл-ақын. Ақынның дүниетанымы шынайы заттарды тануға және адамдар бақытын о дүниеден емес, жарық дүниеден іздеуі керектігіне бағытталды. Ойшыл-ақын әсіресе ғылыми ақиқатты жоғары бағалады: «... әрбір ақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!». Ол діни қағидалардың мәнін аша келіп, Алланың «барлығының» өзіне, оның құдіретті күшіне деген сенімге күдік келтіреді: «Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден

болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Алла мен бүкіл басқа дүниенің арақатынасын бұлайша түсіндіру, күдіреттің ұйғарымынсыз ешнәрсе де жасалмайды деп пайымдайтын Құран қағидасынан тікелей бас тарту болып табылады. Абай дүниетанымы бұлжымайтын қағида мен нанымға негізделген тапжылмайтын дін сияқты емес, санаға сүйенеді. Ол өзінің бірқатар өлеңдерінде молдаларды, мұсылмандық қағидаларды уағыздаушы дін қайраткерлерін, ырымшылдық пен қараңғылықты қатал сынап, айыптайды.

Абай мұрасында таным мен логика мәселелері ерекше орын алады. XIX ғ-дың 2-жартысында Қазақстанның қоғамдық дамуына байланысты туған талаптар ойшыл-ақынды заңды түрде таным мәселелеріне көңіл бөлуге мәжбүр етіп, оған өзіндік көзқарасын айқындап берді. Қоғамдық өмірдегі ғылым мен білімнің маңызын жоғары бағалап, оларды әлеуметтік жаңалықтармен тығыз байланыстырған ақын таным қызметін қоғамның үздіксіз дамуындағы басты күш деп есептеді. Ол объективті әлемді тану мүмкіндігін және оның даму заңдылықтары мәселелерін дұрыс шешті. Оның ойынша қандай да болмасын білімнің, ақиқаттың қайнар көзі адам өзінің сезім мүшелері арқылы танитын объективті шындық. Біздің біліміміздің салыстырмалы шама екенін айта келіп, Абай: «... хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретімен көзге түседі. Ол көңілге түсіруші... бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемекке», - деп атап көрсетті. Ол таным мәселесін шешкенде ерікті адамның жеке басы мен оның белсенді күресіне деген сеніміне сүйенеді. Адамды дәрменсіз, әлсіз жан иесі деп қарайтын діни ілімдерге қарама-қарсы ойшыл-ақын адамды белсенді, саналы, жасампаздық қызмет атқара алатын қуатты күш деп санайды. Абай сананы, «өз рухын» адам надандыққа қарсы күресте, қажырлы еңбек арқылы үнемі нығайтып отыруы керек деп есептейді. Бір жағынан, «сана ерікпен бірігуі қажет», екінші жағынан, сана мен еңбек әрқашанда бір жерден көрінуі керек.

Ары таза, еңбекқор, білімді адамдар үшін табиғат құпияларын танудың шегі жоқ. Ақын білімді адам құбылыстар мен заттардың өзінен бұрынғы беймәлім жаңа қырлары мен қасиеттерін тануға кең мүмкіндік алатынын атап көрсетеді. Ол ғылымды: «Адамның білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпен болады», - деп қарады.

Әлемді тануға құштарлық адамның бойына біткен табиғи қасиеті деп есептеді ойшыл. Бірақ, оның бұл мүмкіншілігі үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Бала рухани қасиеттерін жетілдіру үшін оның өзін қоршаған ортамен, оның қасиеттерімен, адамдардың қызметімен танысуы керек. Адам табиғат құбылыстарының құпияларын ұғу немесе соған байланысты белгілі бір дәрежеде жорамал жасау арқылы өзінің қызметін нығайта түседі.

Дегенмен ол қоршаған ортаны тануға болатындығын мойындай отырып, сонымен қатар таным қызметінің мүмкіндіктері шектеулі екенін, барша танымның толық аяқталмайтындығын да ескертеді.

Ол мұның себебі материалдық әлемнің шексіздігі мен таусылмайтындығында, бітпейтіндігінде деп біледі: «Бұл ғаламды көрдің,

келісті керімдігіне және қандай лайықты жарастықты заңмен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтуғынын көресің. Бұлардың бәріне ғажайып ықыласың және ақылың жетпейді». Данышпан нұсқаған жолмен жүріп, оның өсиеттерін бұлжытпай орындаған адамның жан сарайы күннен-күнге тазарып, кемелденудің биік деңгейіне шыға алады.

Қазақ ағартушыларында, қазақ халқының бүкіл прогрессивті мәдениеті тарихында үлкен орын алған ұлы ақын, ойшыл демократ, сазгер - Абай Құнанбайұлы. Оның шығармашылық мұрасы өлең, поэма, философиялық проза, аудармалар мен әндерден тұрады. Ол «ақынның азаматтық парызы шындықты бейнелеуде, қоғамдық кесірді әділет пен ақылдың билігіне жүгіндіруде» деп білді. Құдай - өз заңдары бойынша дамып жататынын өлшемнің алғашқы себепшісі деп түсінді. Абай дінбасарлары мен діни надандықты, фатализм мен екіжүзділікті атеизм тұрғысынан емес, Қазақстан ағартушы демократтарының көбінде кездесетіндей, «нағыз» дін немесе рационалдырылған дін позициясынан сынады. Дінбасыларының насихаттап жүрген соқыр сеніміне Абай ақылмен тануды қарсы қойды. Немесе оның өз сөзімен айтқанда «алла табарака уатағаланың шексіз, ғайыпсыз, бірлігіне, барлығына... хақтығына бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел сипат қырларға керек».

Абай Құнанбаев өзінің аса дарындылығы, ой өрісінің тереңдігі, халқына деген қамқорлығымен әлемге танымал болды. Абайдың дүниеге көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Оны біржақты бағалауға, бір бояумен көрсету мүмкін емес. Дүние туралы пікіріне келсек, деизмге жақын деуге болады. Біріншіден, сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін қуаттайды.

Сонымен бірге көптеген өлеңдерінде, отыз сегізінші сөзінде жан жануарларды, адамды, алла жаратты деп тұжырым жасайды. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» - адам денесі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» өлсе өлсін, оған бекі» деп, дене өлгенімен жан өлмейді деген қорытындыға келеді. Абай таным туралы құнды пікірлер қалдырды. Түйсіктеріміз арқылы дүниеден хабар аламыз, пайда, залалды айыратын қуаттың аты – ақыл дейді. Көптеген өлеңдері мен қара сөздерінен диалектикалық тұжырымдарының бейнесін көруге болады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңінде:

Жас қартаймақ, жол тумас, туған өлмек,

Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек, -

деп, отыз екінші қара сөзінде:

Дүние – үлкен көл,

Заман – соққан жел,

Алдыңғы толқын – ағалар,

Артқы толқын – інілер, -

деп, дүниенің өзгерісте, дамуда екендігін болжайды. Мұнымен бірге әр нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуін білмек - бір үлкен керек іс деген пікір айтады. Өлеңдер мен қара сөздеріне зер салып қарасақ, көптеген философиялық мәселелерді қарастырып, өзіндік ой пікір, тұжырым жасағанын байқаймыз.

Шығармаларының басым көпшілігінде өмір, өмірдегі адамның орны, оның мақсаты, мұң мұқтажы туралы ой шертілді. Ендеше философияның негізгі мәселесі Абай шығармаларында кеңінен талқыланады деуге болады.

Ақынның эстетикалық және этикалық мәселелер жөніндегі ой пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен белесі болып табылады. Оның «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Құр айғай бақырған құлаққа ән бе екен» деген өлеңдерінде әннің, күйдің адам сезіміне әсер етер қуатты күдіреті, шипалы шапағаты көркем суреттеледі. Әсіресе жақсы ән мен тәтті күйдің ассоциативтік ой туғызып, адамның өткен өміріндегі ең бір тамаша кездерін еске түсіретіндігін шебер көрсетеді. «Жазғытұрым», «Жаз» деген өлеңдерінде табиғаттың көркем бейнесін ардақтап, оның адам ойы мен сезіміне шипалы әсер еткендігі баяндалады. Абай көркем сөздің эстетикалық маңызына ерекше көңіл бөлді.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп – тегіс жұмыр келсін айналасы», - деп, өлеңінің «іші алтын, сырты күміс» болуын, бөтен сөзбен сөз арасы былғанбауын, әркімді, мақтап қайыр тілеуге арналмай, адамгершілікті, инабаттылықты дәріптеу керектігін баса айтады.

Абай шығармаларындағы негізгі тақырып моральдық проблемалар десек қателеспейміз. Еңбекке, ғылымға мойын бұрмай, ауыл арасында бос қыдырумен күнін өткізген пысықсымақтар жөнінде:

Осындай сидаң жігіт елде мол ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,

Бар өнері қу борбай сымпас шолақ, - деп, өмірін бос өткізіп жүрген жастарды қатты сынады. Әсіресе пайдасы үшін арын сатқан, екіжүзді адамдарға жиіркенішпен қарайды. Жастарды азғырып, ру тартысы, болыс сайлауының партия таласына баурап жүрген ауыл атқамінерлеріне:

Ары кеткен алдамшы

Мені ақ алда, сөкпейін.

Балы тамған жас қамыс,

Ормасайшы көктейін, -

деп ренішін білдіреді. Жастарға ғылым таппай мақтанбауды, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сияқты мінездерден аулақ болуды кеңес етеді.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де – бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан!- деп, әр адам қоғамда өзінің орнын алуы керектігін, ол үшін өнер мен білімге ұмтылуы қажет екендігін айтады.

Қоғам өмірін түсінуде Абайдың көзқарасы, әрине, идеалистік тұрғыда болды. Ол кездегі қазақ халқының әлеуметтік даму деңгейі төмен болуының себебінен қоғамның объективтік заңдылықтарын дәл анықтау өте қиын еді. Дегенмен ақын алғашқы кезде әлеуметтік істерге біраз араласып, орта жүз руларының басы қосылған Қарамола съезінде 76 баптан тұратын жаңа заң

ережелерін ұсынды. Қазақ даласында реформалар енгізуге талпынады. Алайда ескі феодалдық тәртіпті берік сақтағысы келген бай манаптар және отаршыл саясатты қолдаған патша өкіметі бұл реформаларды аяқсыз қалдырды. Орыстың алдыңғы қатарлы демократтарымен таныс болып, пікірлескен Абай реформалық талпыныстарының жүзеге аспайтынына бірте - бірте көзі жетеді. Қазақ елінде бай, кедей болып бөлінген таптардың арасындағы тартысты Абай айқын көрді. Кедейлердің жоқшылық тұрмысын «Қараша, желтоқсан мен сол бір – екі ай», тағы басқа өлеңдерінде өмірді реалистік тұрғыдан суреттейді, қалың бұқараның ауыр тағдырына жаны ашиды, құтылар жол іздейді. Ұлы ақын да Шоқан, Ыбырай сияқты қазақ халқының шырғалаңнан құтылар жолы – білім игеру, кәсіпті дамыту, аянбай еңбек ету деп біледі. Әсіресе еңбекті дәріптейді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» немесе «Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық», «Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық», деген сөздерде қанша философиялық тұжырым, ой жатыр. Аянбай еңбек етудің арқасында ғана адам дұрыс тұрмыс құра алады, ағайын туысқа шапағаты тиіп, құрметке бөленеді деп тұжырымдайды. Абайша, сену үшін алдымен түсіну қажет. Бұл ойлары Пьер Абеляр, Фарабиге жақын. Абай адам мәселесін оның қайшылыққа толы қоғамдық болмысының аясында қарастырады.

Осыдан келіп адамның әлеуметтік белсенділігі, шығармашылық мүмкіндігінің шексіздігі туралы идея туады. Ал Адам - өз тағдырының қожасы және құрушысы. Адам тіршілігінің бірегейлігі, жердегі тіршілігінің құндылығы әр адам жанының қайталанбас сонылығы идеялары - Абай тұжырымдамасындағы негізгі идеялар. Өз шығармаларында ол адамға мейірбандық көрсету, сұлулыққа ұмтылу – жоғары имандылық қасиетінің белгісі, көрінісі деп айтудан жалықпайды.

Адамдардың әртүрлілігі жайлы айта келіп, Абай әр адамның өмірде өз орнын табуының маңыздылығын атап көрсетеді. Адамның өз орнын, өзін табуына жол сілтеу, бағыт беру – ағартушының, бұқараны тәрбиелеушінің бірінші міндеті осы деп біледі. Осыдан келіп «Адам бол!» деген Абай этикасының негізгі принципінің мағынасы мен мәні ашыла түседі: әр адам өзінің шығармашылық мүмкіндігін іске асырып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруі тиіс. Сонда ғана ол жаратылысынан өзіне белгіленген орынға сай келеді. Абай абстрактілі, утопиялық сарынды гуманист. Ол құдай идеясын адамнан жоғары сырт күш деп қабылдайды. Өлмес жан туралы, мәңгілік, шексіздік жайлы ой қозғағанмен, бұл ұғымдар діни мағынада емес, Фараби секілді игі істер мен ойдың әлеумет жолындағы мәңгілікті деген түсінікте келтіріледі. Абай әлемдік, «мен» және «менікі» деп метафизикалық түрде адамның рухани дүниесі мен тән тіршілігін, биологиялық болмысын қарама-қарсы қояды. Әйтсе де, бұл қарама қарсылықты жан мен тән дуализміне дейін өрбіте қоймайды. Осылайша, Абай адам мәселесін этикалық, қоғамдық – саяси, т.б. аспектілерде ғана қарастырып қоймай, толық философиялық дәрежеде ұғынуға ұмтылғанын атап өтуіміз қажет. Көрнекті мәдениет қайраткерлері мен жазушылар: М.О. Әуезов, С. Мұқанов, Қ.

Жұбанов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, І. Жансүгіров, т.б. Абайдың ақындық мұрасын арнайы социологиялық шабуылдан қорғап, мақалалар жазды. «Көзқарасының қарама-қайшылықтарына карамастан, - деп жазды Мұқанов, Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі» («Казахстанская правда», 30 көкек 1934ж.).

Ақын шығармалары XIX ғасырда да Қазақстанда демократиялық қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына негіз болған басты-басты идеялық үш қайнардан нәр алды:

- 1) қазақтың ауыз әдебиеті мен өткен замандардағы жазба ескерткіштерінен сусындаған алдыңғы қатарлы халықтық дәстүр;
- 2) ежелгі және орта ғасырдағы Шығыс ойшылдарының таңдаулы шығармалары;
- 3) орыстың материалистік философиясы мен демократиялық мәдениеті, сол арқылы дүниежүзілік (ең алдымен Батыс Еуропаның) философиялық ойдың жетістіктері.

М. Әуезов бұл идеялық бағыттарды бір-бірімен табиғи ұштасып, жалғасып кететіндігін айта келіп, Абай дәуірі үшін осылардың ішінде үшінші қайнармен, орыс классиктерінің шығармаларымен таныстықтың маңызы аса зор болғанын, Қазақстандағы қоғамдық ойдың болашақта жандана түсуіне ықпал еткенін атап көрсетті. Ғалым Абайдың орыс әдебиетімен және философиялық озық ойымен байланысын оның аударған шығармаларының санымен немесе оған революционер демократтар идеясы ықпал етті деген қарапайым түсініктерді еске алумен ғана дәлелдемек болған «жеңіл-желпі, кара дүрсін пікірлерге» қарсы шықты. Ол Абай шығармашылығының өткен заман ойшылдарының теориялық мұраларымен байланысын анықтайтын мәселелердің тым тапшы зерттелгеніне өкініш білдірді; Абайдың орыс әдебиетіне ғана емес, сонымен қатар адамзаттың бүкіл рухани мәдениетіне қатынасын тұтастай даму үстінде «орыс және қазақ халқының байланыстарын сол кезеңнің мазмұнын анықтайтын саяси оқиғалармен тығыз органикалық байланыста қарастыратынының» методологиялық маңызы аса зор. Бір ұлттың өз дініне сенуі, оны құрметтеп түсінуі сол ұлттың еркіндігі мен ұлттық рухының, дүние тануының қаншалық екенін өлшесе керек. Дегенмен дінге табынып, құлшылықтан көз жазбай, ғибадат орнынан шықпай қою еркіндік пен рухтың баянды жемісі бола ма, болмай ма? Бұл жағынан дінді насихаттау немесе оған табынудың өзіндік өлшемін жасау мәселесі көп адамдарды толғандырса керек. Діндік еркіндігіміз қалпына келген бүгінгі таңда әлі де баяғы коммунистік көзқарастан арыла алмай келе жатқан адамдар да аз емес. Ендеше не істеу керек? Бүкіл қоғам болып дінді өз мәнінде ислам қағидалары бойынша біржолата сіңіріп әкету, енді ғана ес жиған елге ауыр тиюі де мүмкін. Олай болса, жаны мен тәні үйірлесіп болмаған ұрпақты біртіндеп тәрбиелеу парызы баршамыздың мойнымыздағы ауыр жүк. Меніңше, ең әуелі Абайша діндік нанымда болу бұл мәселеге

толық жауап береді деп ойлаймын. Абай шығармаларын жалпақ қазақ елі біржолата қабылдап кеткен жоқ. Оның да өзіндік кедергісі болды. Бірақ уақыт бәрін көрсетті, Абай ұлы тұлғаға айналды. Абайдың дүниетанымына тоқталғанда кешегі Құнанбайдың «аузына сөз салғанымыз» сияқты, ол ешқашан дінсіз немесе орыс болып кеткен жоқ. Олай болса, Абай дін мәселесіне қалай қарады? Оның діндік нанымы мен танымы қандай болған? Абай жасаған ХҮІІІ ғасырдың соңғы жартысы қазақ даласына ислам дінінің біршама кең таралған мезгілі болып, әкесі Құнанбай Өскенбайұлы Мекке, Мединеге барып хажылық атақ алған, аса беделді аға сұлтан еді. Бұл дәуірде көшпелі қазақ сахарасындағы ақсүйек әулеттері түгелімен арнаулы ұстаз ұсыныс етіп, балаларына дін оқуын үйрететін. Оқу жасына жеткеннен бастап Абай да өз үйінде ауыл молдасынан осы дін оқуын оқыды. Сегіз жасар Абайдың оқуға деген зеректігін байқаған көреген әкесі оны Семей қаласына апарып, әуелі Ғабдулжаппар деген молданың тәрбиесіне береді. Бұл молданың қарамағында екі жылдай болып, мұсылманша бастауыштық білім алады. Бұдан кейін он жасар Абай бір басқыш жоғары дәрежедегі оқу орны — мешіт жанындағы діни медресеге түседі. Осы медресе имамы Ахмет Ризаның қарауында үш жылдай болады. Бұл медресе жүйеден дін жолын қуған оқу орны болатын. Абай бұл медресе оқуын да үздік меңгеріп, ерекше көзге түсті. Ислам дінінің ереже-заңдарын, иман шарттарын кезіндегі көп молдадан әрі терең, әрі көп игеріп жетті. Жасынан ұғымтал жас жеткіншек айналасындағы күллі тіршілікке сын көзбен қарап, өмірдің қатпарлы сырларын білумен бірге бос уақыттарында Низами, Науаи, Фирдауси секілді Орта Азия және Әзірбайжан халықтарының шығармаларын оқи жүріп ой елегінен өткізді. Абайдың ендігі өмірі өзінің жүрек қалауы бойынша қоғамдық ортада туылып жатқан алуан әлеуметтік жұмыстар мен адамдар арасындағы қарым-қатынас, қайшылық сынды күрделі дүниені тануға үңілді.

Сөйтіп, оның өмір тануымен өзіндік діндік идеясы да қалыптаса бастады. Мейлі қандай ақын, я жазушы болсын әрқашан өз шығармасына өз идеясын сіңіріп, өзінің сезінген, білген, қорытқан өмір логикасын, философиясын біртіндеп дәлелдеп отырады. Құдды сол секілді Абай Құнанбаев та өз шығармаларында өз танымын, идеясын, көзқарасын ашық немесе жасырын түрде ортаға қойып отырды. Абайдың дүниетанымы дегенде оның діндік нанымына көз жіберсек, оның өзіне ғана тән үнін байқау қиын емес. Мейлі әкесі Құнанбай қажының ықпалына ұшырасын, мейлі дін оқытқан молдалардың әсерін қабылдасын, Абай ең алдымен ислам дініне құрмет ете білген әрі өзі де "Жаратушы бір Аллаһтың" барлығына жүрегімен табынып келген. Оның: "Құдай тәбәрәкә уә Тағаланың барлығының үлкен дәлелі — неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уә һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі" (Абайдың қырық бесінші сөзі), — деуі мен оны өлеңінде бейнелеп: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас». Көп кітап келді Алладан, оның төртеуі, Алланы танытуға сөз айырмас», —

деуінің өзі осы ойымыздың шындығына көз жеткізеді. Бұл ғана емес, отыз шақты өлеңінде Алланы ауызға алады. Алайда Абайдың Аллаһқа мінәжат етіп, тануы мен табынуы сол тұстағы күллі қазақ баласынан әлдеқайда өзгеше әрі озық болған. Бұлай деудегі себебіміз, Абай бір жағынан қарасаңыз дінге табынады, Аллаһты құлай сүйеді. Енді бір қырынан қарасаңыз, діннің ғылым екенін ортаға қойып, өз мәнінде түсіну қажеттігін айтып, диалектикалық материализм көзқарасымен қарайды. Әсте өлі түрде құлшылық ету, жалған құдайшылдық көрсетудей көзқарастан көш құлаш аулақ. Сөзіміздің басындағы Абайша дінге табыну дегеніміздің өзі осы ойымыздың әділ өркені. Дін — адамзат қоғамына белгілі идеяны сіңдірудің құралы болғандықтан, Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с) өзінің данышпандығына сүйеніп, Аллаһтың ақ үнін жеткізіп, ислам дінін таратып, әлемдегі ең ықпалды адамға айналды (Американың физик ғалымы Мекхаттың; "Адамзат қоғамындағы әйгілі жүз адам" атты кітабында Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с) бірінші орынға қойған). Демек, ислам діні бір қарағанда бір Аллаһтан басқаны айтпайтын секілденгенмен, бір жағынан, шындығында үлкен ғылым. Бұл ғылым өзінің табынтушылық күдіреті арқылы үгіт-насихат айтады. Адамзатқа ары таза адамгершілік, өміршең үміт, жарқын болашақ бағыштайды. Осы орайда бүгінгі Исламды қаралаушылардың әртүрлі сандырақтарына батыл қарсы тұруымыздың да қажеттілігін айта кеткен жөн. Исламмен сусындап, мұсылманшылықтан есейген Абайдың діннен айырыла алмауы әбден орынды еді. Бұған бола Абайды кінәлау басы артық шаруа болар еді. Әрі солай делінген күннің өзінде біз оны жетпіс жылдық бодандық "жемісі" ретінде қарар едік. Өзінің "жартасқа барып күнде айғай салып, онан жаңғырық қайтып" жүрген тайталасты дәуіріндегі үнін, ұранын, жан ділі — өлеңін діндік түстен алып қашудың орнына қайта оны пайдалана отырып, халыққа айтудың қажеттілігін жақсы білді. Онсыз да "орыс, шолақ етек" деп кінәлай бастаған айналасындағылардың ендігі айтары — "дінсіз" деген қарғыстан бетер жаман сөз болар еді. Ал Абай шын мәнінде діннен бүкілдей бас тартса, халық оны және өлеңін қалай қабылдар еді?! Сол үшін де Абай: «Әуелі аят, хадис сөздің басы, қосарлы бәйіт, мысал келді арасы. Қисыны мен қызықты болмаса сөз, неге айтсын Пайғамбар меноны Алласы. Немесе: Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі, Өзіне құмар қылған оның әмірі», дейді. Сөйте тұра тағы да: "Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж ешбір ғибадат орнына бармайды" (Абайдың оныншы сөзінен), — деп діннің өзінің де белгілі ғылыми заңдылығы болатындығын, ғылымға бағынатындығын, ғылымсыз діннің де, дүниенің де қараңдығын уағыздайды. Осы тұрғыдан оның: Кітапты молда теріс оқыр, Дағарадай болып сәлдесі. Малқұмар көңілі бек соқыр, бүркіттен кем бе жем жесі, деп сықақтауы да әбден лайығында. Білім мен ғылымнан жұрдай, жалған бүркеніш жасаған молданың құлқы үшін "Құлқуалланы" қайырған ащы тілмен әжуалайды. Осымен қатар ұят пен иманды бір нәрсе деп қарап, қазақтың "ұят кімде болса, иман сонда" дегенін алға тартады. Әрі қандай іс ұятты болады? Ол адамгершілікке тән бола ма, ұятсыз болса



имансыз болғаны, имансыз болса құдайсыз болғаны деген мазмұндармен дін жолына қайшы нәрсенің адамдардың ортақ мүддесіне зияндығын көрегендікпен салыстыра көрсетеді. Абай "барлығы Жаратушының жазған жазу, сызған сызығында" дегенге құлай берілмейді. Дүниеге материалистерше қарайтын кездері де көп. Адам өз еркінен тыс тұрған сыртқы құбылыстарды, дүниені, затты белгілі жолдармен танып жете алады деп қарайды. Оның бұл ойлары: Алла мықты жаратқан сегіз батыр, баяғыдай соғысып әлі жатыр. Кезек-кезек жығысып жатып-тұрып, Кім жығары белгісіз түбінде ақыр, деп табиғат құбылысындағы қыс-жаз, күн-түн, тақ-жұп, жақсылық-жамандықты жұмбаққа айналдыруынан және қара жер адамзатқа болған мекен, қазына іші толған әртүрлі кен. Ішінде жүз мың түрлі асылы бар, солардың ең артығы немене екен? деп темірді жұмбақтауында көрініп, табиғат тылсымдарына үңілген білу құмарлығының дінді бөгет етпейтіндігін көрсетеді. "Жиырмамыншы сөзінде": "Дүние бір қалыпты тұрмайды, адамның қуаты, өмірі бір қалыпты тұрмайды", деген сөздер айтады. Бұл айтылғандардан Абайдың дінге жалаң қарамайтындығын, қайта оны дүниенің қозғалысты даму заңдылығымен қабыстыра түсінетіндігін көреміз. Осылайша, Абай дінді ғылымға, адамгершілікке, ахлақты мінез-құлыққа сыйдыра отырып, тірлік заңына, ақиқи өмірге ұштастырады. Оның дінді түсінуі, білуі, игеруі қаншалықты терең болса, дүниені, ғылымды, жалпы қоғамның алға басуын зерттеуі де соншалықты терең. Сол себепті де ол "құдай, құдай" деп құрғақ жылауға да, "барлығы Аллаһтан" деп мүлююшілікке де, "құдай деген құр қалмас" деп "алма піс, аузыма түс" деушілікке қарсы. Ол сонымен бірге дінде терістелетін "өтірік, өсек, арамдық, надандық, жауыздық" сияқты адамшылыққа жат алуан құбылыстарды (былайша айтқанда Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) хадисінің ізімен) шенеп, әшкерелеп, одан аулақ болуға үндейді. Оның орнына достыққа, береке-бірлікке, білім-ғылымға насихаттайды. Сөйтіп, Абай дінді түсінді, оған құрмет етті, ғылымды маңдай алды орынға қойды, адамдар арасындағы алуан қайшылықтың қатпарына үңілді, жат құбылысты сын тезіне алды. Осы арқылы Абайша дін тануды қалыптастырды. Осы орайда Бейбіт Сапарұлының "Құнанбай қажы" кітабынан мынадай үзінділер келтіргеніміз артық болмас: "Мұсылманшылдық дегенде, Абай бес уақыт намазға жығылып, хажыға баруды үзілді-кесілді мұрат тұтпаған. Ислам табиғатын кей мағынасында, рухани еркіндікпен қабылдаған. Абай әр аптаның жұма күндері оңашада ұзақ уақыт бойына Жаратушы күшке сыйынып, Аллаһ тағалаға құлшылық жасап, қасиетті Құран аяттарын нақышына келтіре үздіксіз оқумен болған..." Абайдың діндік наным мен танымы тек Абай сынды ұлы ойшылға ғана тән, Абай сынды ақынға тән, Абай сынды философқа тән. Ол Абайдың, Абай болғандығынан туған Абайдың дінтану ғылымы болмақ.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Абай дүниетанымын салыстырмалы түрде сипаттаңыз
- А. Құнанбаевтың моральдық этикалық көзқарасын нақтылаңыз

- А. Құнанбаевтың «Адам бол» принципін қалай түсіндіресіз
- Абайдың дінге көзқарасын айқындаңыз
- А. Құнанбаевтың 45 сөзден тұратын қара сөздерінің маңызы түсіндіріңіз

**Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- А. Құнанбаевтың қазақ философиясының қалыптасуындағы рөлі көрсетіңіз
- А. Құнанбаевтың қазақ қоғамы жайлы идеясын талдаңыз
- А. Құнанбаев ақын, ойшыл, демократ дәлелдеңіз
- А. Құнанбаевтың «Қара сөздеріндегі» дін философиясын анықтаңыз
- Абай өлеңдерінің әлеуметтік-философиялық мәнін ашып беріңіз

---

#### 5.4. Қазақ философиясында өшпес із қалдырған алып тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлы



**Ш. Құдайбердіұлы (1858-1931 ж.)** 1858 жылы 24 шілдеде Семей облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында туған. Ол – ақын, ойшыл, композитор, аудармашы, тарихшы. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнкеден туған, Абаймен әкесі бір, шешесі бөлек. Шәкәрім сонда Абайға немере іні болып келеді. Құдайберді отыз жеті жасында дүниеден өткенде, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған Шәкәрім жетімдік тауқыметін тарта қоймаған. Өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабақ ала бастағанын жазады. Атасы оның көңіліне қаяу түсірмей, бетінен қақпай, еркелетіп өсіреді. Ол жөнінде ақынның өзі: «Қажы марқұм мені «жетім» деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау етіп, ойыма не келсе, соны істеп ғылымсыз өстім», деп өкіне еске алады. Ұлы Абайдың ізбасары бола отырып, ұстазы жеткен деңгейде қалып қоймай өзгеше өрнек тауып, қайталанбас қолтаңба қалдыруының өзі – Шәкәрім ұлылығын айғақтайтын басты белгі. Бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі – дін тақырыбына қатысты ақынның тұжырым, түйіндерін танып-білудің маңыздылығы да дау тудырмайды. Себебі ғұлама суреткер дін мәселесін шын ақыл мен салқын сана арқылы сараптап, негізгі өзегін өмір игілігіне айналдыра білген. Жаратылысқа деген сенім мен сүйіспеншілікті махаббат пен мейірімнің, жақсылықтың көзі ретінде бағалау арқылы қалың жұртын өмірді сүйуге, адамды аялауға үндеген. Күрделі болмыс иесінің шығармашылық мұрасын әртүрлі аспектіде тереңдей, кешенді түрде қарастырудың қажеттілігі де осыдан туындайды.

Ұлы Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы ұлы ойшыл ақын Шәкәрім шығармашылығы өзінің кең тыныстылығымен, шыншыл да сыншыл әуенімен ерекшеленді. Оның әдеби мұрасы сан алуан: философия, этнография, әдет-ғұрып және дін тақырыбы. Шәкәрім ғұлама ғалым әрі композитор ретінде де танылды. Идеялық мақсат-мұраттары жағынан Шәкәрім үнемі демократтық, халықтық, гуманистік-ағартушылық бағытта болды. Бұл орайда ХХ ғасырдың басындағы озат ойлы қазақ

зиялыларымен үндес болды. Алашорда қайраткерлерінің еңбегін бағалай білді. Абайдың реалистік дәстүрлерін жалғастырып, эпикалық жанрдың дамуына үлкен үлес қосты. Шәкәрім шығармаларында демократиялық, халықтық және гуманистік көзқарастарды насихаттады. Таза да жарқын махаббатты жырлай отырып, бас бостандығы идеясын алға тартты, оның асыл мұраттары үшін күреске шақырды. Адамгершілік, ар-ұждан тақырыбына жазған ойшыл да парасатты туындылары баршамызға рухани азық. Мен осы жұмысымда Шәкәрімнің философиялық көзқарастарын, дінге деген көзқарасын, пайымдауларын қарастырамын және де «Үш анық» шығармасының философиялық мәніне тоқталып кетемін. Оның шығармашылығының негізгі тақырыбы мораль философиясы мен мәдениет ілімін қамтиды. Шәкәрім Абайдың немере інісі және ұлы ақынның мұрасына сүйенеді. Ол арнайы оқу орнында оқымаса да, араб, парсы, орыс, шағатай тілдерін өз бетімен үйреніп, сол тілдердегі шығармалардан дала ойшылы тұрғысында ой қорытқан. Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елін қалай өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынды. Оның ойынша, бұл азаматтық өтеудің шарты-туған елдің бүкіл тарихи, мәдени құндылықтарын жоғалтпай, оларды заман талабына сәйкес қолдану. Шәкәрімнің рухани ізденісінде ежелгі сақ-түрік заманынан қалыптасқан ғарыштық дүниетаным ерекше орын алады. Тәңірі, Нұр, Табиғат, Күн – ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар.

Қазақ мәдениетінде бұрыннан келе жатқан идея жанның мәңгілігі. Әл Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Абай мен Мағжан, жалпы Шығыс ғұламалары бойынша, адамның дүниедегі тіршілік ету мағынасы жанның мәңгілігімен анықталады. Әйтпесе, өмір мазмұны жануарлық күн көруден алыс кетпек емес. Әлем мен адамға бағыт беретін, жол көрсетуші, мәңгілік пен шексіздіктің кепілі Нұр. Оған адамның жай ақылы жетпейді, оны аңғару, түсіну, жан дүниесімен қабылдау қажет. Өтпелі өмірден мәңгілікке көшу, басқа сөзбен айтқанда, бұл дүниеден кету дегеніміз адам жанының Нұрға қосылуы. «Жан, - дейді Шәкәрім, - менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола шығып кетпейді. Құр ғана өзгертін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса, бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді». Осы негізгі шығармасын Шәкәрім ұзақ дайындықтан соң жазған және ол жаңа замандағы қазақ кәсіби философиясының алғашқы туындысы болып табылады. Бұл шығармада айтылған ойлардың сыры мен астарлы қатпарлары мол. Батыстағы материализм және идеализм тәрізді екі анықпен Шәкәрім шектелмей, өз жолы үшінші анықты ұсынады:

Еңбекпенен, өрнекпенен  
Өнер ойға тоқылса,  
Жайнар көңіл, қайнар өмір,  
Ар ілімі оқылса.

Демек, басты мәселе ар ілімі, мораль төңірегінде. Кәдімгі этиканы Шәкәрімнің «ар ілімі» деп атауында да үлкен мән бар. Себебі оның негізгі категориясы, мәдениеттіліктің тірегі - ұждан. Бұл категорияны түсіну үшін

Шәкәрімнен үзінді келтірейік: «Әрине, жаның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі өкініште болып, біржола жоғалдым-ау деп өлсе керек. Және ұждан, совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай нанбай, ұждан, совесть құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық кісіге жақсылық, қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек.

Ізін білдірмеудің айналасын тапса болғаны, себебі өлген соң соңғы жан өміріне нана алмай, ұждан, совесть, жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нана, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізілетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе, жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар. Жан екі өмірде де азығы ұждан, совесть деумен еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті, бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі үш анық дегенім осы». Шәкәрімнің "Үш анық" атты шығармасы негізінен философиялық шығармалардың бірі болып табылады. Мұнда философия тарихына байланысты көп мағлұматтар берілген. Бұл шығармадағы сөз болатын басты мәселе - ар ілімінің негізі болып табылатын адамдағы нәрсе: ынсап, әділет, мейірім, үшеуі қосылып "Ұждан" деген ұғым шығарады. Шәкәрімнің ұжданы біз жоғарыда айтқан ежелгі гректегі «каллокагатия», Канттың «кесімді императив» ұғымдарымен астас. Ұждан ынсап, әділет, мейірім. Шәкәрім өз халқының жанқияр ұлы ретінде туған мәдениетіне өлшеусіз қызмет етті. Шәкәрімнің «Үш анық» атты шығармасы негізгі философиялық шығармаларының бірі болып табылады. Мұнда философия тарихына байланысты көп мағлұматтар аламыз. Оның бұл шығармасындағы сөз болатын басты мәселе - бар ілімнің негізі болып табылатын нәрсе: «Адамдағы ынсап, әділет, мейірім- үшеуі қосылып ұждан деп шығады. Мұны орысша совесть деп атайды... бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды», - деп жазған философиялық толғау бүгінгі күн талабымен де үндесіп жатыр.

Шәкәрім «Үш анық» деп аталатын трактатын жазуға отыз жылдай уақыт сарп етіпті. Бұл ақынның ғылымға деген үлкен жауапкершілігі мен тазалығы болса керек. Ол мұнда Батыс пен Шығыс мәдениетінің рухани қазына көздеріне бас қойып, жаратылыстану ғылымдары салты бойынша да көптеген Еуропа ғалымдарының еңбектерімен таныс болғандығына көз жеткіземіз. Ол көп нәрсенің сырын ұғып, өз дүниетаным қорытындысында Шәкәрім, біріншіден, затшылдық ғылым жолындағы танымды және, екіншіден, дін жолындағы теологтардың дүниетанымын бірінші, екінші анық деп көрсетеді де:

Іздедім, таптым анығын,  
Тастадым ескі танығын,

деп, өзі ғұмыр бойы шарқ ұрып ізденіп тапқан жолы-үшінші анықты ұстанады. Ол үшінші анығы Абайда кеңінен сөз болған мораль философиясындағы жан ғұмырына барып ұштасатын ұждан туралы күрделі проблема. Мұнысы Шәкәрімнің ұзақ жылдарға созылған ғылыми шығармашылық ізденіс үстінде келіп туған ой қорытындысы іспетті.

Шәкәрім айтады: «Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі дене өлсе де, жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке тіпті ұқсамайтын біртүрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақырет өлгеннен кейін өмір жолы дейді. Енді «осы екі жодың қайсысы анық екенін табу арқылы сау адамға қатты міндет». Шәкәрім дүниенің түпнегізі деп төрт нәрсені – от, су, топырақ, ауаны айта отырып, грек философтарының бұл жөніндегі пікірлерімен таныс екендігін білдіреді. Сондай-ақ дүние бөлінбейтін түпнегіз атомдардан тұратындығын, оның арабша аты мадда немесе әсер екенін айтады.

Шәкәрім философиясының негізгі өзегі адам болып табылады. Адамның мәні оның дүниені танып-білуінде, ол тек адамға ғана, оның табиғатына тән нәрсе дейді. Ол «Үш анықта» «дүниенің жаратылуы, барлықтың бәрі өздігінен жаратылып жатыр, оны былай қылатын жаратқан ие жоқ» деген жол бұрыннан айтылып келе жатса да, бұл идея XVII-XIX ғасырларға дейінгі Еуропада кең таралып келгеніне тоқталады.

Осыған орай, Шәкәрім өз трактатында айтылып жүрген осы бес нақты дәлелдерді келтіреді. Олар мына төмендегідей:

**1-дәлел: қайта айналыс жолы.**

Барлық нәрсенің түп себебі бұрыннан бар қуатты дене (сила вещества) – атом. Әр нәрсені өсіріп-өндіретін дүниеде еш нәрсе жоғалмайды, бірақ өзгереді.

**2-дәлел: жаратылыс жолы.**

Мұқым барлықтың бәрін бар қылып тұрған жаратылыс жолы. Сондықтан біліп жаратушы ие деген бекер сөз (Бұл дәлел Дарвиннің табиғи эволюциялық сұрыпталу теориясымен тікелей сәйкес келіп тұрса да, бірақ оны Шәкәрім Литерие деген философтың атымен байланыстырады),

**3-дәлел: тұқымдастықтың жолы.**

Жоғарыда айтылғандай, бар нәрсе өздігінен жарылып жатқан соң, жаратушы деген жоқ. Құрғақтағы хайуандар, адамдар, өсімдіктер, құстар - бәрі теңізден туған.

**4-дәлел: дене сезімі.**

Біз әр нәрсені сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаратылыс жолымен еріксіз болып жатқанын көріп-біліп тұрмыз.

Егер біліп жаратушы ие бар болса, бұл жаратылыс себептерінің түк керегі жоқ болар еді. Неге десең, бір жаратушы білімді құдірет бар болған соң, бұл себептердің керегі не? Сонтықтан біліп жаратушы жоқ дейді. Бұл - Бюнхер сөзі.

**5 – дәлел: әртүрлілік.**

Барлық дүниеге қарасаң, тасы, ағашы, басқа өсімдіктер, хайуандар, адамдар,

су, от сияқты тіпті біріне бірі ұқсамайды. Бұл нені көрсетеді? Бұл нәрсе әр қалай болса, солай кезі келгендіктен, себебіне қарай жаралып жатыр. Оны бұлай болсын деп жаратушы жоқ екені осыдан мәлім дейді. Бұл Ғайсадан үш жүз жыл бұрынғы Демокрит сөзі».

Бұл дәлелдердің нақты дәлелдігіне қарамай, Шәкәрім оны қабылдап, философиялық материализм жағына шығаруға адам жанына, табиғатына аз мән беретін сияқты болып көрінеді. Оның пайымдауынша: «Дене әрқашан өзгеріп тұратын болғандықтан, жылдар, уақыттар өту себептері біржола өзге дене болып ауысады. Адамның әртүрлі сезімі әр тісті істеуі сол мидың өзіне ғана біткен сезу, ескертулер. Ол денеше әрқашан өзгеріп тұрмайды. Адам өлген соң, дененің құралдары шашылып, бытырап, басқа бір өсімдік, хайуандарға кіріп араласады. Сөйтіп, әркім өзіне арнаулы жаны болмай, біреуден біреуге көшіп жүретін болған соң, не дене, не жан қайта тірілу жоқ». Онда неге жан біржола жоғалуға тиіс? Міне, осы сұрақтарға Шәкәрім өмір бойы жауап іздеумен болды.

Шәкәрім өмір бойы өзін-өзі жетілдірумен өткен адам. Ол әдебиет, тарих, философия, жаратылыстану ғылымдарымен де өте көп ықыластана шұғылданды. Оккультизм, спиритуализм, магия мәселелеріне де қызықты. Ал философиялық дүниетанымында ежелгі антикалық классиктер: Пифагор, Демокрит, Эмпикур, Платон және Аристотель негізгі орын алды. Ол сондай-ақ ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы француз философы О.Конт, ағылшынның позитивист философы Г.Спенсер, Нелийдің идеалист, пессимист философы А.Шопенгауердің, т.б басқа еңбектерін өте жақсы білді. Бұдан біздің нақтылы айтарымыз, Шәкәрім өзіне дейінгі болған, өзінің рухани ұстаздары Шоқан, Ыбырай, Абайға қарағанда, Грекия, Еуропа кәсіби философиясының тарихымен тікелей шұғылданып, оларды тек біліп қана қоймай, өз пікірлерін, ойларын ортаға салып айта отырып, өмірде қазақ кәсіби философы атанды. Сөйтіп, қазақ философиясының деңгейін әлемдік философия қатарына қосуға жақындата түсті. Біздіңше, ұлттық философиялық тұғырнамамыздың басталуы, қалыптасуы осы кемеңгер ойшыл, ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлынан басталады деп батыл айта аламыз. Егер Шәкәрімнің «Үш анық» атты философиялық трактатына тереңірек үңілсек, байыптап қарасақ, мұнда спиритуализмнің, магнетизмнің, телепатияның кейде тікелей, кейде жанамалай, Шәкәрімнің ұждан туралы ой-толғауына игі қызмет етіп отырғанын көруге болады. Дегенмен, оның діни мистикалық ағымдарға да көңіл бөліп, жылы шырай танытқанын да байқап қаламыз. Бұл жөнінде философия ғылымының докторы, профессор О. Сегізбаев өзінің «Казахская философия XV-XX веков» атты ғылыми монографиясында Шәкәрімнің аталған пікірлеріндегі философиялық дүниетанымына, көзқарасына ешқандай да күмән келтіруге болмайтындығын баса айтып өтеді. Сондай-ақ философия ғылымдарының докторы Қ. Бейсеновтің: «Ол үшін әрине, Шәкәрімді айыптаудың еш жөні жоқ, өйткені өз көзқарасында үндес тарихында кездескен емес, мүмкін, енді кездеспейтін де шығар. Оны философтың саналы түрде мойындауы шарт емес. Ал Шәкәрімнің материалистік сарынға істеген сарандығының көрінісі –

оның жаратылыстану ғылымдарының қол жеткен табыстарымен етене таныс бола тұра, олардың диалектикалық материализмді жақтайтыны туралы мүлдем ләм-мим демеуі», - деп жазған пайымдаулары да көңілге қонарлық.

Шәкәрімнің асқан жоғары білімдарлығына, Батыс пен Шығыстың мәдениетін жетік білетіндігіне оның өзінен кейін қалдырған рухани мұрасы тікелей куә. Шәкәрім қазақтың тұңғыш кәсіби философы ретінде қазақ философиясының да деңгейін өз еңбектері арқылы кәсіби философия деңгейіне көтере білді. Айталық, Шәкәрімнің өлеңдерінде, поэмаларында, тарихи-философиялық трактаттарында Шығыс пен Батыс елдерінің талай ойшылдарының, ғалымдарының, ақын-жазушыларының еңбектері мен шығармаларының аты ғана аталып қоймайды, сонымен бірге мазмұн-мәні ашылып, кейде бірсыпыра пікір, ой жаратылып отырады. Бұл да Шәкәрім мұрасының айтарлықтай мәнді өзгешеліктерінің бірі.

Бұған дәлел – «Үш анықта» кездесетін ХХ ғасырдың екінші жартысындағы көптеген Еуропа және Шығыс спиритуалистерінің есімдерінің аталуы, аталып қана қоймай, олардың шығармаларын да үзінділер келтіріп, өз пікірлерін де үнемі жарастырып отырғаны. Олар: Жанна д'Арк, Колен Штобе Аланкар, Морс Лошпатый, Озен Носи, Хасан Марзух, америкалық спиритуалистер Однос Морфе, Руберт Ксер, ағылшындық профессор Корке және т.б.

Шәкәрімнің көп шығармалары терең философиялық, тарихи сипатта жазылған. Сол философиялық ғылыми мұралары зерттеу нысанына айналып отыр. Шәкәрім мұрасы ұлан-ғайыр. Оның қозғамаған тақырыбы, қалам тартпаған жанры жоқ деуге болады: поэзия, эссе, аударма, хроникалық шығармалар. Сондықтан Шәкәрім мұрасында эпостық жанрдың бір түрі – белгілі бір оқиғаны өлеңмен баяндайтын, сюжетке құрылатын шығармалар, поэмалар елеулі орын алған.

Адам мәселесі Шәкәрім философиясының орталық тақырыбы, яғни зерттеудің негізгі субъектісі болып табылады. Адам феноменін ол табиғат пен тарих мүмкіндіктерінің өзіндік өлшемі, жаратылыс дүниенің сыры ретінде қарастырады. Сонымен қатар Шәкәрімнің дүниенің «адами сипатына» жасаған анализі оптимистік тұжырымдар мен соны да бірегей концепцияға әкелді. Шәкәрім философиясының басты ерекшелігі – жалпы жаралыс, адам, қоғам туралы біртұтас көзқарас, яғни тұтас әлемдік сипатты (суретті) жасауында деп білеміз. Ойшыл дүниедегі адамның орны мен табиғатын сол әлемдік тұтастық тұрғысынан қарастырады. Демек, адам туралы ілімнің негізіне Шәкәрім белгілі онтологияны қояды. Ақын шығармашылығына ден қойсақ, оның дамудың көзі қозғалыста екендігін, яки материя құбылыстарына тән қарама қарсылықтардың бірлігі мен күресінде екендігін түсінгендігіне көз жеткіземіз. Бірақ Шәкәрім философиясының негізгі ерекшелігі бұл күресте антогонизм жоқ, жалпы үйлесім, гармония, келісім сипатында жүреді, сондықтан да Шәкәрімше: «Жаралыс жұмбағының ісі өлшеусіз, білдім деген білмедім дегенге есеп». Бұл ойын былайша жеткізеді:

...Әлемде жоғалатын ешбір зат жоқ,



Өзгеріп түрленеді ойла шырақ...  
...Көктен жаңбыр жауады, жерде бұлақ,  
Қанша ақса да, оларда бар таусылмау...,  
одан әрі қарай:  
Жан деген не,  
Мүлде өле ме,  
Шын жоғалып сөне ме?  
Дене жөндеп,  
Жоғары өрлеп,  
Жаның мен деп келе ме?

Табиғат құбылады, жаңбыр жауады, тау басын мұз шалады, көктемде еріп сай-сайдан, жылға-жылғадан бұлақтар сылдырлай ағады, бұлақтар жиналып, өзенге, өзендер жиналып, теңіз, мұхиттарға құяды. Ондағы су буланып, конденсация құбылысы негізінде қайтадан жауын-шашын, қар болып жерге, тауға түседі. Мұның бәрі – қозғалыс. Дүниедегі құбылыстардың қай-қайсысы да шексіз. Мәңгілік, тіпті бүкіл дамудың кілті болып табылатын қозғалыстың өзі уақыт пен кеңістік аясында болмақ. Бұл жерде Шәкәрім: «Барша әлем тапжылмай тұрып қалса, бола ма уақыт деген өлшеу салып», – дейді. Материяның немесе табиғаттың қозғалысы жоқ жерде уақыт, кеңістік ұғымы болмақ емес. Адамның өмірі де солай. Өмір бір орында тоқтап тұрмайды, өзгереді, дамиды, өледі. Уақыт алға жылжыған сайын жас келіп, адам қартайады, орнына жаңа ұрпақ дүниеге келеді. Осыдан барып ғұлама дүние құбылыстарының шексіздігі, қозғалыстың қайталанбайтындығы жайында философиялық тұжырымын негіздейді.

«Тұрақсыз шыр айналған дүние», «Дүние қу, бір ағын су», «Кетті-келді, толды, семді, өзгеленді бұл ғалам. Туды-өлді, жанды-сөнді, өршіп өнді қайтадан» - деген шумақтарында оның дүниедегі бүкіл жаратылыстың соңы бар, тұрақсыз, уақытша, оның ішінде адамның да бұл дүниеде туылып, өсіп, қартайып, соңында өлетінін аңғаруға болады.

Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,  
Ортасы - өмір, жоқтық қой екі басы.  
Сағымдай екі жоқтық арасында  
Тіршілік деп аталар біраз жасы.  
Жоқтық, барлық, жоғалмақ араласы,  
Үш еріксіз болады мағынасы.  
Найзағайдай жарқ етіп өшпек болса,  
Өмірдің он тиындық жоқ бағасы.

Мұндағы адамның тууы, өмір сүруі, өлуі еріксіз, адамның өзіне бағынбайтын құбылыстар. Оны реттеуші жоғарғы күштің, құдіреттің бар екендігін меңзейді. Адам бір жоқтықтан келіп, екінші жоқтыққа кететінін, осының ортасы өмір, яғни Құдайдың бізге берген сынақ әлемі, біз тіршілік етіп отырған «жалған дүниеде» мәңгі тұрақтамай, бакилық өмірге уақыт сағаты келгенде аттанатынымызды аңғаруға болады. Қазақ атам айтқандай, «Бұл дүние қарап тұрсаң, шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен», одан әрі қарай өмірдің лезде, көзді ашып-жұмғанша өтіп кететінін «өмірге есік

ашсаң таң алдында, сол есік кеш батқанда жабылғандай» деп сипаттайды. Міне, осыдан барып дүниенің өтпелі, жалған екендігіне толығымен көз жеткіземіз. Сол қамшының сабындай қысқа пәниде адамның өмірі мың құбылып, жүз түрленеді. Адам өзінің осы өмірге адам болып келгендігін және сол пәк қалпын өмірден өтер алдында сақтай алмай қалатын өкінішін Шәкәрім: «Адам болып туып ем, адам боп өту – арманым» деп ағынан жарылған. Шәкәрімше жан – денедегі қозғаушы күш. Тән – жанның өмір сүрер орны. Жан материалды емес, бірақ тек денеде өмір сүреді. Тән бүлініп бұзылуы мүмкін, ал жан өлмейді. Ал бұл денелер және жандар қайдан, неден таралып отыр?

Жаралыс басы – қозғалыс,  
Қозғауға керек қолғабыс.  
Жан де мейлің бір мән де,  
Сол қуатпен бол таныс,  
Әлемді сол мән жаратқан.  
Қозғалмаса көшпейді,  
Көшпеген нәрсе өспейді.  
Өспеген нәрсе өзгермес,  
Түрден ол түрге түспейді,  
Қозғалыс түрлеп таратқан.  
Қозғаған қуат – жан дейміз,  
Жан өсті жаннан сан дейміз.  
Сол жандар әсер берген соң,  
Жаралды сансыз тән дейміз,  
Жанына қарай тән солар.

Тіршіліктің пайда болуын бір қараған көзге материалистік атомистика және эволюционизм рухында бейнеленген болып көрінуі мүмкін. Бірақ оның негізгі түп-төркіні тіршіліктің ғажайып жолмен пайда болуы туралы ойлармен тұжырымдайды. Табиғат болмысының негіздерін түсіндіре отырып, Шәкәрім өз заманының ғылыми жетістіктерін, ХХ ғасырдың басындағы кванттық механика, физика салаларындағы Галилей, Ньютон, Коперниктің, сондай-ақ сол кездегі практикалық мәні бар атомистика, яғни әлемнің жаралуы кіші атомдардан деген ғылыми ойларына сүйене отырып, бүкіл тіршіліктің, оның ішінде адамның жаралысы да сол атомнан, «нұрдан» немесе «сансыз құрттардан», «қазақша аты жоқ болған соң оны атом, мадда деп атаймыз», дей келе, оған терең тоқталмаса да алғашқы себеп – жаратушының бар екендігіне дәлел ретінде материя сипатын анықтай түседі. Материяның бірінші қасиеті ретінде Шәкәрім оның заттар мен құбылыстардың субстанциясы болуы қасиетін алады. «Әр дененің көзге ілінбейтін кішкентай бөлшектерден қосылып жаралғанын тауып, ол кішкентайды қанша ұсақтаса да ақырында, тіпті, бөлуге келмейтін болады. Сол бөлінуге келмейтін түпнегіздердің атын еуропаша атом деп атап, арабша мадда немесе өсер деп атады». Барлық материалистік теориялардағыдай, Шәкәрімде материяның өмір сүру әдісі – қозғалыс. Негізгі айырмашылығы – бұл қасиеттің қозғалысқа қозғау беретін «Иені» анықтау, дәлелдеу

мақсатында айтатындығы. «Материя қозғалысының немесе жүрісінің өлшеуі бар». Бұл өте мәнді сипаттама, яғни материяның өлшемі кеңістік пен уақыт деп қарауға болатын сияқты, ал «жаратушыны өлшеуге, сипаттауға келмейді» -деп нұсқайды Шәкәрім.

Мұны Абай Құнанбайұлы 38-ші қара сөзінде: «Алла тағала - өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі, өлшеулімен өлшеусізді өлшеп болмайды», - деп ақылмен құдайды танып болмайтынын айтады. Дәл осы Абайдың сарынында Шәкәрім философиялық тілде шектілік пен шексіздік жайлы, материяның әмбебап сипаттарының бірі – шексіздігі болғанмен, уақыт пен кеңістік те шектелетінін айтады. Яғни шексіз – тек мінсіз, танып болмайтын Құдай ғана, ал шекті ол бүкіл жаратылыс материялар екенін тұжырымдайды. Атом сияқты түпнегізде ерлі-қатындылық сипат бар яғни материалды объектілер ішкі реттілікпен құрылымдық жүйеге ие. Реттілік пен тәртіптілік материяның заңды көзқарасымен барлық элементтерінің өзара әрекеттесуінен көрінеді. Осының арқасында олар жүйеге бірігеді. Шәкәрім неміс ғалымы Кеплердің физика мен механикадағы тартылыс және серпіліс заңын тиянақтады. Табиғаттағы әрбір қозғалыс екі күш: тартылыс пен серпілістің өзара әрекеттесуінен туады деп есептеді. Ал, әрбір дене бөлшек атом табиғатынан инертті болғандықтан қандай да болмасын қозғалыс жоғарыдан берілетін жаратушының бар екендігін дәлелдейтін құбылысқа айналған. Осының негізінде Шәкәрім рухтың қозғалыс көзін іздеді. Бейнесіз рухани субстанция қалайша тартылыс пен серпілістің қозғаушы күші болады? Оған жауап ретінде адамды «қозғаған қуат – жан дейміз» деп келтіреді.

Шәкәрім жаратылыс, адам, жан мәселесіне орай негізгі екі шешімді мысалға келтіре отырып (діншіл, пәншіл), оларды екі тұрғыдан, екі жақты қарастырды. Адамда екі түрлі мақсат бар, - деп жазды, - оның бірі – тән мақсаты, бірі – жан мақсаты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік мақсат көздейтін – тән мақсаты, адамшылық, ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсаты. Бастапқысын көкसेген адам зұлымдық, қияметпен болса да мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғысын көкसेген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды, тіпті ұнатпайды. Абай 43-ші қара сөзінде «Адам ұғымы екі нәрсе бірі – тән, бірі – жан» деп бөліп қарастырғанындай, Шәкәрім еңбектерінің барлығында да жан мен тәнді бөліп қарастыра отырып, жанды мәңгілік өлмейді ол құдайдан берілген аманат, ал тән осы дүниелік. Ал ақыл осы екеуін бір-біріне үйлестіруші, адамда болатын жақсылық пен жамандықты ажыратушы құрал, яғни Құдайға жету жолындағы танымы деп қарастырылады.

Басында жан мен дене екі басқа,  
Жан шыдап тұра алмайды қозғалмасқа.  
Дене сауыт сықылды жанның орны,  
Оған да күту керек бұзылмасқа...  
Фәни дене бояуға-ақ мақтанады,  
Жан төзбейді, сол үшін сақтанады.  
Өлмес жанға өзгермес орын керек,

...Жан талпынар талайды көрмек үшін,  
Әр сырын дүниенің білмек үшін.  
Дене байғұс салмақ боп баса берер,  
Жаралған ғой түбінде өлмек үшін .  
Тағы былайша жалғастырады:  
Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,  
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр.  
Тағдырдың қиын сырлы сиқырымен,  
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр.  
Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,  
Тән бұзылса, тұрағым бұзылар деп,  
Ыстық, суық, аштықтан сақтау үшін  
Зұлымдық пен айланы қылады сеп .

Аңғарсақ, әрбір тіршілік иесінің өз тәніне лайық жанынан басқа бәріне ортақ, бәрін жаратушы, қадағалаушы және бәріне қозғау беруші «күдіретті субстанция» – жан жатыр. Шәкәрім түсінігіндегі жан субстанциясының негізгі қасиеттерін айтатын болсақ:

«Жан жаратушы өзгеріп жататыны да рас».

«Жан – қозғау беруші, тіршілік себепкері».

Шәкәрім тіршіліктің «төменгі құрылымының» жоғары форма түріне өсіп, күрделеніп, дамып отыратындығын, «адам құрамының» сол тіршіліктің дамуы барысындағы өзара тығыз бірлестіктегі бөлшегі екендігін жазады.

Жанға көнсем, жан иесі–

Тәңіріге де көнгенім... –

деп Шәкәрім атамыз адамның негізгі қозғаушы күші де, оған қуат беруші де жан екендігін, ал жанды жаратушы оған қозғау салушы жоғары күш, яғни Құдайдың бар екендігін бекіте түседі. Таза ақылдың арқасында адам абстрактілікті меңгереді, пайдалыны зияндыдан ажырата біледі. Жанның тірегі бар. Ол – ұждан. «Жанның екі өмірде де азығы – ұждан». Ұждан деген – ынсап, әділет, мейірім, «жан – тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылайтын нәрсе», – дейді Шәкәрім өз толғанымында. Сонымен, Шәкәрім адамның ішкі әлемін аша талдауға қуаныш-реніш, тіршілік мәнін тұрмыс машақаты, әділет пен зұлымдық туралы ой түйеді.

Адам өзінің жаратылысы жағынан қайырымсыз да ақылсыз, жасық та қызба, еріншек те болып келеді. Ал жалпы адамгершілік, имандылық мұраттардың терең орнығып, адамдар рухани және жан әлемі жағынан байи түсуі үшін ерік-жігер, талант пен ақыл-ой, тапқырлық пен батырлық өте қажет. Адамға мейірім, ар-ождан, сабырлық пен байқампаздық керек-ақ. Дегенмен осының бәрінен де адамда ынсап болмаса бәрі де бекершілік. Адам өмірге тойған емес. Сондай-ақ «Адам құрылымының», жан тәннің, нәпсі мен рухтың арақатынасын аша отырып, адамның басқа тіршілік иегерінен айырмашылығын, рухани сатыға көтерілгенде адам болмысының биологиялық және элеуметтік формалары арасында туатын қарама-қайшылықтарды қоғамдық-этникалық тұрғыдағы жай ғана білім мәліметі көлемінде емес, тарихи философиялық дәрежедегі зерттеу жұмысы түрінде

тұжырымдауымен құнды.

Жалпы, Шәкәрім қай салада жазылған кітаптарды оқимасын, ол адам және әлем сырын білмекке ұмтылған. Жан не? Дін не? Барша ғалам қалай жаралған? Міне, осы сұрақтарға жауап іздеген. Және соның бәрін ол «ноқтасыз оймен тексердім» дейді. Осы оймен ол Меккеге барғанын да айтады. Рас, Құдайға сенген, бірақ «талай дінді тексердім, ешбірі миға сыйған жоқ» дейтін де Шәкәрім. Тегіне тереңірек ой жіберіп қарайтын болсақ, ақын дүниеге көзқарасы жағынан деизмге ойлысатындай. Өйткені «әлемде жоғалған ешбір зат жоқ, өзгеріп түрленеді, ойла, шырақ» деп ешбір қосу алусыз ой қозғайтын да Шәкәрім. «Ақыл сенбей, сенбеніз, бір іске кез келсеңіз» деген Абай қағидасын берік ұстаған Шәкәрім діннің соқыр сенімін мансұқ етіп, дін иелерінің азғындығын әшкерелейді. Ғалым ойшылдардың жазғандарына да талғаусыз табына бермейді, өз ақылына жүгініп, сыншыл көзімен қарап оқиды:

Философ сөзін оқыдым,  
Талайын ойға тоқыдым.  
Кітабын да көргенмін  
Әулие мен сопының  
Бәрін де сынға салғанмын,  
Керектісін алғанмын... -

дейді.

Шәкәрім Меккеге барғанда шарифаттың мұсылмандарға міндет еткен бес парыздың бірі- қажылық борышын өтейін және «қажы» деген атақ дәреже алайын деген оймен бармаған. Анығы, «Шәкәрім тіршілік, тағдыр туралы сауалдарына жауап іздейді. Оқу іздеу аймағын кеңейте түседі. Дін тану емес, ел тану, жер көру мақсатында қажыға барып қайтады. Бұл сапар оның ой өрісін кеңейтеді, ақын қазақ халқы дін қуған мұсылманшылық жолы емес, ғылым, білім қуған Еуропа халықтарының жолын таңдауы керек деген ойға беки түседі». Негізгі көздеп барған жері, үлкен мәдениет орталығы, бай кітапханалары бар Париж, Стамбул қалалары болған. Әдейілеп іздеп барғанда ақын өзіне керегін сол қалалардан тапқан. Шәкәрім дін мәселесінде фанатик емес, ол схоластик, дінді тіпті мойындамаған, діни соқыр сезімнен мүлде аулақ, сыншыл еркін ойдың, өз сөзімен айтқанда, «ноқтасыз ойдың», сау ақылдың адамы болғанын бұған дейін да айтқанбыз. Ол патриархалдық пен кертартпалыққа қарсы күресте орыс мәдениетінен шабыт пен күш қуат алды, өзге халықтарының мәдениеті мен тарихына аса зор құрметпен қараған. Бұл оның өміртанымындағы өзгеше бір сипат еді:

Мен ұлтшыл емеспін,  
Жақыным мынау демеспін,-

деп бұл жөніндегі өз ұғымын тұжырымдайды. Ол бұл арада адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынаста бастау алатын халықтар достығы мен туыстығы идеясы тұрғысынан әбден нақты ой толғам жасаған. Сондықтан да оның жан-жүрегімен айтқан сөздері біздің бүгінгі күнімізбен толық үндесіп жатқандай. Ақынның осы ғасырдың басында бүкіл адамзат қамын ойлап, жер бетінде бейбітшілік сақтау керектігі туралы жыр-толғауын тиісінше

бағалаған жөн. Көп үшін тілек тілеу Алладан ізгілік пен махаббат аңсап, ел санасын жақсартатын рухани нұрды, сәулені сұрау Шәкәрім өлеңдерінің мағыналы да, мазмұнды бөлек бітімін құрайды. Халқының құрсаулы қамыттан көтеріле алмай жатқан езілген еңсесіне демеу боларлық күшті жаратушыдан тілеу оның толысқан, рухани кемелденген шағындағы тұжырымдарын танытады. Бұл кезеңдегі Шәкәрімнің өлең өрнегінің бөлектігі мен ой сұлулығы философиялық ұғымдарды суретті де, бейнелі іші мен сырты жымдасқан туындыларға айналдыра білгендігімен құнды.

Ақынның «Жарға жетсем болғаны» дейтін ой түйініне үңілсек, жаратушы образын бейнелеудегі асқақ та биік те ізгілікті зор махаббатты сезінесіз. Жаратушыны өз танымы арқылы оқырман жүрегіне жеткізу. Сонымен қоса адамның жаратушысына деген ғашықтығы арқылы ізгілікке құштарлық сезімі мен дүние тазалығының шыңы махаббат екеніне көз жеткізіледі. Мұндай өлеңдерде қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлері, шығыс әдебиетінің желісі, Құран Кәрімдегі адам сүю, алла сүю сарындары қатарласа үйлесімділік тауып жатыр. Барлық діндердегі адамгершілік, мораль тақырыбына терең мән бере отырып, барлық діндердің ортақ құдіреті – «Жаратушы – Құдай» мәселесін биік қояды. Бұл тұрғыда ақын дүниежүзілік жалпы адамзаттың даму тарихын білгенін көруге болады. Адамның жан-дүниесі, көңіл күйі, ниет-мақсаты жаратушыны сүюге бағытталса, сонда ғана адам шын ләззаттың, шын махаббаттың шуағына шомылады. Шәкәрім танымындағы «жаратушы», «жар», «хақиқат», «шын» деген сөздер «Құдай» ұғымын береді. Оның шығармашылығында осы сөздер жиі қолданылады.

Көрем десең жарымды,  
Мас бол, жүрек тазала.  
Өртеп жібер барыңды  
Қарсы ұмтыл қазаға  
Жарға ғашық болғаным  
Таңданатын түк те жоқ,  
Жер жаралмай тұрғанында  
Менде асықтың нұры бар,

– деген өлеңнің алғашқы шумағындағы «мас бол, жүрек тазала» деген тіркестегі «мас» сөзі «ойға шому» ұғымын береді. Шәкәрімнің жаратушы жайындағы сырлы ойлары поэзия тілімен әдемі сурет болып көркемделген. Ақын өлеңдерінде «шын» сөзі жиі қолданылады. Адам бойындағы қасиеттердің «шынын», «шын таза жан», «шын сүю», «шын сыр» сөздері арқылы өрнектеп, оны қоғамның жылдамдығымен астастырып, «шын дін», «шын асық», «шын нұр», «шын хақиқат» деген ұғымдарға ұластырады.

Өзінің ерекше жаратылысымен, ішкі көңіл көздерімен ақын – құдайды танып білуге ұмтылған «шын асық», жоғары сезім иесі. Оның танымындағы «нұр» сөзінің мәнісі тереңде. Өлең сөздеріне әдемілік пен ізгіліктің, жаратушы мен адам арасындағы нәзік байланысты сездіретін «нұр» сөзінің қолданысы ақын шығармашылығының рухани көркем деңгейін ашуда ерекше өң береді. «Нұр» сөзі Алладан келер мейірімділік, шындық, сұлулық, ізгілік ұғымдарының мәнін жинақтап, көркемдік жүк көтеріп тұр.

Сонымен, Шәкәрім шығармашылығындағы адам болмысының жаратушымен жарасымдылық табуын уағыздаудың мәні: Адам Аллаға, ынсап пен еңбекке ұмтылса ғана жөнделмек. Жаратушыны, алланы, тәңірді сүю арқылы рухани тазаруға жетуді уағыздау – Шәкәрім поэзиясының негізгі өзегі. Осыны жеткізудегі ақын қаламынан туған тың сөз суреттері мен ой образдары оның поэтикалық ерекшелігін айқындайды. Шәкәрімнің философиялық, әлеуметтік, этикалық және эстетикалық ойлары ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы осы бір күрделі кезеңнің барлық күшті және осал жақтарын бейнелеген көрсеткіші, сол кездегі мәдениеттің, жалпы дүниежүзілік мәдениеттің синтезі болып табылады.

Шәкәрім шын мәніндегі өзінің ұстазы Абайдың дүниеге деген көзқарастарын, ойларын, жалпы дүниетанымын, өміршең философиялық ойды ағартушылық бағытта әрі қарай дамытқан қазақ ойшылы болды. Шәкәрімнің ойлары, ілімі сол кездегі кең таралған діни догмаға үлкен соққы болып тиді. Шәкәрім өмір бойы ақылдың туын жоғары көтеріп өтті. Рационалды әдісті жақтады, ғылыми ойды діннің әсерінен бөлек дамытуға, қорғауға, философиялық мәселелерді теологиядан бөліп алуға, философия мен жаратылыстану арасында тығыз байланыс орнатуға тырысты. Ол бүкіл адамзат қауымы жете алатын барар жол мен тәсілдерін іздестірді. Олай болса, Шәкәрім шығармашылығы, Қазақстандағы қоғамдық, кәсіби философиялық ойдың дамуына, оның қалыптасуына зор үлес қосты деп айта аламыз. Шоқан, Ыбырай, Абай қазақ ағартушылары ойының классикалық үлгісін жасаған болса, олардың ізбасарлары ретінде Шәкәрім Абай салған жол арқылы қазақ ойын өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен таза кәсіби философия дәрежесіне көтере білді. Бүгінде Шәкәрім қалыптастырған төл кәсіби философия дәстүрі Шәкәрімнен кейін жалғаса түсіп, өз үндестігін тауып отыр. Оның ізбасарлары, яғни Қазақстанның философтары биік кәсіби, ғылыми дәрежедегі жоғарыдан көрініп, ұлттық философиямыздың дәстүрлі ерекшелігін сақтай отырып, әрі қарай дамуына үлкен зерделі ізденістер жасау әрекетінде. Ал Шәкәрімнен кейінгі қазақ философиясын дамытуда үлкен өзіндік орны бар ұлт зиялылары Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, М.Шоқай сынды айқын саяси ұлттық бағыт алған әлеуметтік ізгі ойларын, ғылыми зерттеу нысанасына айналдырған ұлт зиялыларының алдында тұрған келелі де жауапты міндеттердің бірі деп түсінеміз.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- Ш. Құдайбердиевтің "Үш анық" еңбегінің маңызын көрсетіңіз
- Шәкәрімнің жан мәңгілігі идеясын түсіндіріңіз
- Шәкәрім философиясындағы "ар ілімі" мәселесі ашып беріңіз
- Шәкәрімнің тіршілік жаратылуы жөніндегі ойларын сипаттаңыз
- Ш. Құдайбердиевтің дүниетанымдық көзқарасын талдаңыз
- 

#### **Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Ш. Құдайбердиевтің дінге байланысты пайымдауларын саралаңыз

- Шәкәрімнің рухани әлемін көрсетіңіз
- Абай және Шәкәрім идеяларының байланысын көрсетіңіз
- Ш. Құдайбердіұлының қазақ философиясында алатын рөлін анықтаңыз
- Шәкәрім философиясындағы адам мәселесін салыстырмалы түрде түсіндіріңіз



---

## V. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ



### 6.1 Қазақ зиялыларының саяси әлеуметтік ой-пікірлері және ұлттық мемлекеттік құрылым идеялары

М.Әуезовтің бейнелі сөзімен айтсақ: "Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасынан түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүргізіп, күзгі таңның салқын желіндей шиыршықталған етек-жеңін жиғызған "Қазақ" газеті болатын!" Осы тарихи кезеңдерде, 1913-1918 жылдары Орынборда шығып тұрғанда бұл жалпыхалықтық үнқағаздардың редакторы әрі баспагері Ахмет Байтұрсынов болды. Көрнекті қайраткер, жан-жақты, сан-салалы білімдар ғалымның тілеулестері, сенімді серіктестері Міржақып Дулатов пен Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, т.б. сынды демократиялық интеллигенцияның ірі өкілдері де қазақтың жоғын жоқтады. Халқымыздың осы үш арысының ұлттық сана-сезімімізді оятып, рухани мәдениетімізді қалыптастырып, оны дамытудағы ерен еңбектерін бағалау - асыл парызымыз.

Үш алып шығарып тұрған "Қазақ" газеті 20- жылдардағы жалпы ұлттың ойы мен пікіріне жарқын сәуле болып себілді. Ұлттық-демократиялық интеллигенцияның негізгі іс-қайратының жемісі Алаш партиясы еді. Ол 1917 жылы Орынборда өткен жалпы қазақтың бірінші съезінде құрылды. Бұл - қазақ халқының тарихындағы ең алғашқы партия. Оның іс-мақсаты қазақ халқының тең құқықты, тәуелсіз ел болуына арналды. Алаш басшылары ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқ, саяси тұрақсыздық жағдайында тек біртұтас ұлттық мемлекеттік құрылым ғана қазақ елін апаттан құтқарып, бостандық жолына алып шыға алады деп түсінді. Тұтас халықтың тарихы. Халық болып қалыптасқан кезден бастап ұлттардың күнделікті өмірінен үлкен тарих пайда болады. Бір біріне ұқсамайтын сан алуан халықтар әртүрлі жағдайда өмір сүрген, тарихнамасы әртүрлі. Соның ішінде қазақ халқының бастан кешкендері ерекше бір тарих. XVIII ғасырда қазақ халқы Ресей империясының тәуелділігіне түскеннен кейін сан қилы заманды бастан өткерді. Жайдары ашық күндерге қарағанда, қара бұлт жүзін жапқан күндердің басым

болғаны жасырын емес. Алайда қазақ – жауынгер халық. Алғашқы кездері қолға қару алып «жауға» қарсылық жасаса, уақыт өте келе билік «санаға» берілді. XX ғасырдың басында ұлттық интеллигенцияның рөлі артып, халықтың санасының оянуы шарықтау шегіне жеткен еді...

«Интеллигенция» латын сөзі, қазақ тілінде маманданған, ой еңбегімен шұғылданатын, әлеумет мүддесіне қызмет ететін, шығармашылыққа ие адамдар тобы, яғни зиялы қауым өкілдері деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар латынның *intelligens* сөзі қазақ тілінде: түсінетін, ойлай білетін, парасатты деген түсінікке ие. Демек, интеллигенция ұғымының мәні тарихи тұрғыда, рухани негізде халық даналығымен ұштастырылып кеңінен қарастырылуы тиіс. Кешегі өткен кеңестік үлгідегі тоталитарлық қоғам тұсында бұл ерекшелік феноменіне көңіл бөліне бермеді.

Ұлттың өмірлік тәжірибесі арқылы жүйеленген зиялыларымыздың ұлттық мүдде мен халықтық рух деңгейіндегі озық идеялары, қазақ қоғамының мәңгілік даму жолын жоспарлап кеткен. Оның ішіндегі басты құндылық ұлт болмысын сақтау, ұрпақ өмірін қадағалап отыру идеясы. Мәселен, М. Дулатовтың 1918 жылы «Абай» журналында жарық көрген: «Алашқа» деген мақаласы толықтай халық игілігіне арналған. Бұл мақаладағы қазақ зиялысының елге айтқан сөздері бүгінгі күні де талапты, ерікті, саналы адам үшін өшпес рух, салмақты ой. Тарих бойы бабаларымыз жеке өмірлерін сарп еткен қазақ идеясының әлеуметтік мәні мен тарихи негіздері, алдымен оның әлеуметтік бағыт-бағдарында жатыр. Мемлекеттіліктің басты жолы ұлт пен ұрпақ болмысының рухани мінсіздігі болса, ол үшін ұлтқа ауадай қажет бірлік. Бірлік еркіндіктің, рухани дербестіктің басты жолы. Түсінік бар жерде бірлік бар. Тұлғаларымыз үлгі еткен осы ұлттық идея арқылы қанаттанған түсінік - өрелі танымның негізі, әлеуметтік тұтастықтың өзегі. Сол себептен ұлттық идея алдымен ұрпаққа ұлттық ойлауды үйретеді. Ұлттық ойлау ұлттық сананы қалыптастырып, оны шыңдап отыратын тарихи мағынаға ие рухани әлеуметтік негіз. Ұлттық сана ұлт болмысын сақтайды. Ұлттық болмыс қоғамның беріктігін, руханиятын арттыра түспек. Тарихта қазақ елі мен оның зиялыларының арасында, әсіресе ұлттық мүдде қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында ортақ ұлттық сана болды деп айта аламыз. Бұған қазақ зиялылары көтерген «Алаш» идеясы куә. Бұл ұғым ұлттық идеямыздың тарихи қалыптасу жолдарын негіздейді. Мемлекеттіліктің, халықты мемлекеттілікке бастап отыратын елдіктің де үлгілері тарихымызда қалыптасып, ұлттың өмірлік тәжірибесімен өңделіп, зиялылардың ой таразысынан өтіп отырғандығын ескерсек, зиялыларымыз көтерген Алаш идеясы түркітілдес халықтардың рухани ішкі тұтастығын, сол тұтастықтың тарихи бейнесін де сомдайды. Зиялыларымыз айтқан, «Алаш - қазақ ұраны». Бұл мәселе жөнінде қазақ тұлғаларының қай-қайсысы да жазып кетті. Ұлт тұлғасының бостандығы - оның еліне деген әділетті қызметінде, сол қызметке негіз болып отыратын елдік рухында. Бұған алаш зиялыларының «Қазақ» газетіндегі ойлары толықтай дәлел. «Қазақ» газеті «Қазақ идеясын» насихаттаушы мұра. Сан ғасырлар бойы елдік пен

теңдікті, бірлік пен еркіндікті тірек еткен ұлт мұраты бойында өмір сүрген тұлғалар қызметінің ізімен жаңа уақыт талабына сай жаңа ғасыр табалдырығында жарық көрген дүние. Кез келген ұлттың өзіндік мүддесі бар. Сол мүдде оның өмір сүруін қамтамасыз етіп отыратын қазына, ұрпақ үшін мұра. Қазақ зиялылары ашқан баспасөз құралдары осы ұлттық мүддеге қызмет етуімен тарихта қалды және ұлттық философия мен мәдениетіміздің феноменіне айналды. Сонымен қатар әрбір қазақ баласы үшін ұлттық мүдде негізі - атамекен. Ә. Бөкейхановша айтсақ: өмір мәселесінің ең зоры. Асан қайғыдан бастап алаш зиялыларына дейін жетіп отырған зиялылықтың қадір қасиеті ұрпақтың «жер мен ел қадірін» қатар түсініп, оны сақтай білуінде. Тарихымызда орын алған зиялылар қызметін ұлттық мүдде шеңберінде сомдайтын болсақ, алдымен осы ерекшелікті де ескереміз. Тейяр де Шарден атап көрсеткендей, мұндай белгілі бір мақсатқа бағытталған әлеуметтік түсініктің тұтастығы, тұлғалық ойдың тұтастығын туғызған, тұлғалық ой тұтастығы көп түрлі дараланған ойлаудың негізінде қалыптасқан. Дараланған ойлау халықтың ел мен жер туралы түсінігінің жетістігі: ұлттық идея. Оны жүзеге асырудың басты жолы - елдік. Елдік, ұлттық интеллигенция өкілдерінің тарихи тұлғасын даралай түсетін басты қасиет. А. Байтұрсынов пен М. Дулатов сынды алаш зиялыларының рухани мұралары осы жолмен дүниеге келген. Қазақ зиялыларының ұлттық мүдде төңірегінде көтерген келесі бір мәселелері - әділеттілік және кеңдік түсінігі. Әділеттілік кез келген ұлттық идея мақсатына тән, кеңдік сан ғасырлар бойғы ұлт даналығы негізінде дамып отырған қазақ идеясының түйіні. Жер, дін, оқу-ағарту ісі білім мен ғылым мәселесінің негізі әділеттілікте тұрса, кеңдік адам болмысының, ел болмысының тұлғалық келбетін сақтайтын, ел мәдениетінде адам еркіндігі мен құндылығының көтерілуіне негізделген идея. Ұлттық идея халық мұрасы болса, алаш зиялыларының ұлттық идея мәселесін ұлттық мүдде мен ұлттық қажеттіліктер негізінде қалыптасқан сан ғасырлық ұлт тұлғаларының руханияты тұрғысында көтеруі негізсіз емес, мұның тарихи себептері мен құндылығын арнайы зерттеудің өзі тың мәселе, жаңа толғаныстағы тақырып.

Ұлттық мәдениет ұлттық интеллигенция өкілдерінің кейінгі ұрпаққа жетіп отырған рухани-әлеуметтік қызметінің өнімі. Сол себептен ұлттық интеллигенция өкілдерінің әлеуметтік тұлғасын ұлт мәдениетінен ажыратып түсіндіру мүмкін емес. Қоғам мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты. Кез келген әлеуметтік мағынаға ие тұлғалық құбылыс мәдениеттен ғана орын иеленбек. Тарих осы тұлғалық құбылыстың әлеуметтік шындығын сақтаушы. Тарихта әлеуметтік шындықтың нақты көріністері ғана бар. Ұлттық мәдениет әлеуметтік шындықтың нақты көріністерімен шектелмейді, осы шындыққа ұйытқы болып отыратын адам рухының туындыларына куәгер. Тұлғаның мәдени ізденісінің тарихи ішкі көрінісі руханилық, ал іс-әрекет оның сыртқы бейнесі ғана болады. Тұлғалық істің өзегі руханилық болса, рух оның әлеуметтік-мәдени көрінісі. Қашанда халық ішінен шыққан жекелеген тұлғалардың ішкі рух серпілісі алдымен өздерін, содан соң халықты мәдени өзгеріске бастап отырған. Осы себепті ұлттық мәдениет ұлт пен зиялылар

қызметінің негізінде өсіп, жетіліп отыратын тұлғалық сананың халықтық рух деңгейіндегі көрінісі және зиялылықтың сан ғасырлық жемісі. Қай уақытта да қазақ мәдениетінің ерекшелігі, алдымен ұрпақтың зиялылығы арқылы айқындала түскен. Ж. Аймауытов жазғандай: «Қазақ күнелту жағынан мәдениеттен мешеу қалса да, ақыл, қиял, сезім жағына, білім тілімен айтқанда, рухани мәдениетінен кем емес...».

Кейінгі ұрпақ мүддесі үшін төл мәдениетінің тұлғасын танудың өзі үлкен жетістік. Тұлғаның ұлттық мәдениет тұрғысындағы қызметінің мәні алдымен оны тұтастай алып қарауымен, сол тұтастықтан рухани құндылықтардың орнын ұрпаққа ажырата түсіндіріп отыруымен де айқын. Алаш зиялыларының қазақ мәдениетіндегі әрбір тұлғаның орнын, тектілігін, даналық тағылымын халыққа жазып кетуінің тарихи мәні осында жатыр. Ұлттық интеллигенция өкілдерінің халық игілігі мен рухына негізделген әлеуметтік-мәдени қызметін даралайтын экзистенциалдық ізденіс. Алаш зиялыларының ұлттық мүдде тұрғысындағы экзистенциалдық ізденістерін екіге бөліп қарастыруға болады: біріншіден, ұлттық мәдениет феномендері, ән мен күйдің рухын халыққа насихаттап, зерттеп, жазып мұра ретінде қалдыру және ғасырлар бойы жиналған ұлт руханиятының түпнұсқаларын зерттеп, елдің әлеуметтік-философиясының өрісіне енгізу. Сонымен қатар олар адамның бостандығы мен жауапкершілігіне, халықтың игілігіне үлесі мол еңбектер де жазып қалдырды. Атап айтсақ, Ж. Аймауытов пен М. Дулатовтың романдары, М. Жұмабаевтың руханияты терең әңгімелері халықтың әлеуметтік философиясына және ұлттық философиямыздың экзистенциалдық арнасына қосар үлесі мол туындылар. Әсіресе Абай мен Шәкәрім сынды ойшылдарымыздың экзистенциалдық сарындағы философиялық еңбектерін заманнан тыс қалады деп ешкім де айта алмас. Бұл жөнінде алаш зиялыларының өздері де жазып кеткен. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, зиялыларымыздың ұлт мәдениетінің болмысын халықтың руханияты тұрғысынан зерделеуі ұлт мүддесі тұрғысынан үлкен жетістік болып табылса, ғылым саласында мәдениет пен қоғам болмысының тұтастығын әлеуметтік философия тұрғысында зерттеудің методологиялық бағдары. Қай уақытта да ойшыл тұлғалардың рухани ізденістерінің мақсаты елдің, халықтың бойында үрей сезімін ұялатпайтын уақытқа жеткізу. Ұлт мәдениетінің феноменіне айналған тұлғалық ойлаудың рухы осымен ерекше. Кез келген зиялы істің мақсаты халықтық рух пен ұлттық мүддеде жатыр. Яғни, әрбір ұлттық мәдениет, ұлттың және ел ішінен шыққан зиялы тұлғалардың бойындағы руханият құбылыстары арқылы дүниетаным, салт-дәстүрімен де өзінің түпкілікті ұлттық негіздерін сақтап отырады. Сол рухани негіздері арқылы әлем мәдениетінің кеңістігінде өз жолын қалыптастырады. Заман құбылыстарының мәні мен маңызы қай кезеңде де осы ұлт тұлғаларының ой елегінен өтіп отыруы тиіс.

Қазақ зиялыларының шығыс және батыс мәдениетінің болмысын сомдаған идеяларынан, сол уақыттағы қазақ қоғамының алдында тұрған әлеуметтік қажеттіліктермен бірге, мәдени дамудың заңдылығын терең пайымдаған эволюциялық және субстанционалдық көзқарасты байқаймыз.

Олардың өздері арнайы зерттеген, қоғамды заман талабына сай ілгерілететін мәдениет «ми мен қол-аяқ қатар жұмыс істеген жерге орнықпақ». Бұл дегеніміз адамның идея мен тәжірибені ұштастыра білуі деген тұжырым. Идея мен тәжірибенің өнімі мәдениет дамуының қозғаушы күші. Алаш зиялылары мәдениет дамуының жолын зерттеп, оның бойындағы ірі ойшылдардың қоғам дамуының негіздері туралы идеяларын бетке ұстай отырып, жалпы мәдениеттің тұрақты, қоғамның өз арнасымен дамуына ұйытқы болатын екі шартты негізді ұсынады. Олар: 1) ұлт шаруасы өзгеріп, ілгері басуына шеберлік керек; 2) шаруашылық өнерлі кәсіп дәрежесіне жетсе, жер аздық қылмайды. Мәдени құндылық - әр елдің өзіндік салт дәстүрі мен тұрмыстық өмірін сақтап отыруы. Игіліктің өзі де сол. Оған даналық қажет. Даналық барлық елде де бар. Қазақ зиялылары қоғамның дәстүрлі мәдени жолмен дамуының басты феноменін хакімдікпен ұштастырған.

Алаш зиялыларының шығыс пен батыс мәдениетінің құндылықтары тұрғысындағы әлеуметтік-философиялық көзқарастарын зерделеуде А. Байтұрсыновтың 1923 жылы жазған «Мәдениет тарихы» атты еңбегін де ескеруіміз керек. Өкінішке орай, бұл еңбек кеңес билігінің тарапынан қудаланып жарық көрмеген. Сол бір аумалы-төкпелі уақытта алаш зиялыларынан соң шетелде жүріп, елді әлем халықтарының әлеуметтік жағдайымен таныстырып отырған М. Шоқайдың қызметін де ерекше атап өтуіміз қажет. Оның «Яш Түркістан» журналында жарық көрген мақалалары халыққа сол кездегі заман шындығын сомдаған тарихи білім береді.

Қазақ зиялыларының қоғамдық көзқарастары - өркениеттіліктің негізі. Өркениеттілік әр адамның, әр елдің өз мүддесінің қажеттіктерін тани білген тұлғалық істерінен басталған. Өркениетті қоғам бүгін немесе алда болғанымен, қоғамды өркениетке бастайтын құндылықтар ел мәдениетінің түптамырында. Оны зерттеп, ел бойына таратудың үлгісі тарихтағы зиялы тұлғалардың әлеуметтік-философиялық идеяларында.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінің біразы Алаш партиясы мен Алашордаға тікелей байланысты.

«Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» - бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Олар, біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі алаш, үшіншіден, осы автономияны басқаруға тиіс болатын Алаштың Ордасы туралы мәселелер. Нақты сөзбен айтқанда, осы үш мәселе жиынтығы Алаш немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды білдіреді. Алаш партиясының саяси және экономикалық бастау көздері туралы, Алаш автономиясы мен олардың Совет үкіметімен арақатынасы хақындағы алғашқы пікірлер большевиктік бағыттағы баспасөзде 1919 – 1920 жылдардан ақ жариялана бастаған. Осы мәселе бойынша алғашқы қалам тартушылар көшбасында Алаш пен Алашорданың белгілі басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынов пен қазақ зиялылары қатарынан шыққан алғашқы большевиктердің бірі Сәкен Сейфуллин тұрды. 1919 жылы

тамызда РСФСР-дың Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты органында Ахмет Байтұрсыновтың «Революция және қазақтар» атты мақаласы жарияланды. Осы шағын көлемді еңбегінде А. Байтұрсынов 1917 жылғы Ақпан және Қазан революцияларын қазақ халқының қалай қарсы алғандығына өз бағасын беріп, Алаш автономиясын жариялау мен оның үкіметін құрудағы себептерді ашып көрсетті.

Революциялардан кейін халықтың жағдайы нашарлай бастады. Ақпан революциясынан кейінгі уақытта, бір жағынан, ұлт азаттық күрес жаңа тыныс алып, елдің өз бостандығы үшін күреске ынтасы анық байқалса, екінші жағынан, керісінше, отаршыл күштер мен оның жергілікті сүйеніш-тіректері ұлт-азаттық көтерілісті басып жаншуға бейімділік танытты.

Осындай жағдайда қазақ зиялылары арасында ұлттық мемлекет құру туралы мәселенің қойылуы негізді болатын. Тура осы ойды білдіріп «Қазақ» газеті «Ел қорғау» деген бас мақаласында: «Ел қорғау екі түрлі: халықтың құқын қорғау бар, мал-мүлкін, жер-суын қорғау бар. Қазақ орысқа қарамай тұрған шағында ел басына дау келсе, халық құқығын қорғайтын билері болған, елге тиер жау болса, халықты қорғайтын батырларына ерген азаматтары болған... Қазір бізге басынды, мал-мүлкінді, жер-суыңды қорғама деп тиятын Ресей жоқ, пана болып қорғарлық та Ресей жоқ...

Қазаққа өз жабдығыңды өзің ойлап, өлмес қамыңды істе деп отырғанымыздың мәні осы... Ресейге паналамаған кезде қазақ едің: өлер ме едің, яки өлмес қамыңды істер ме едің? Өлмес қамыңды істер болсаң, істейтін шақ міне туды» деп жазды.

Кез келген елді алға ілгерілететін - ұлттық идея. Тіпті бүгінгі қырық тұрпатты Америка Құрама Штаттары да ұлттық идеяға табан тірейді. Кеңістік түсінікте ұлттық идея ұлтшылдықпен теңестірілді. Бұл қай тұрғыдан қарасақ та ақылға сыйымсыз еді. Ал ұлттық идея дегеніміз — мемлекеттік, елдік мүдде идеясы деген мағына беретін ұғым.

Алаш идеясы қазақтың ұлттық идеясы болатын. Зиялылардың «Алаш» атауын таңдауы да жайдай-жай емес. Алаш жаңа түрдегі еліміздің байырғы айбарымыздың әмірі еді. Егер сол тұстағы қайраткерлеріміздің көздегені жүзеге асқанда, қазір біздің еліміздің аты "Алаш Республикасы" болуы әбден мүмкін еді. Алаш ұғымында рухтық, асқақтық, өрлік мағына бар. ХХ ғасырдағы ең ұлы идея - Алаш идеясы екендігінде шек жоқ. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасының бірі - осы идея. Алаш идеясындағы қайраткерлердің жемісті еңбек жылдары ақыл мен жүрек айбатымен күрескен кездері 1907 жылдан 1937 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты қамтиды. Тағдыр мен тарих оларға осы кезеңді ғана қиыпты.

Қазақстан болашағын М. Шоқай Швециядай, Сұлтанмахмұт пен Смағұл Жапониядай болады деп елестетіп жүргені бекерге айналып бара жатты. Одан кейінгі жайы белгілі: атылды, ресми тарихтан, ел жадынан өшірілді. Қазір жұрт парламентаризм деген ұғымды жақсы біледі. 1907 жылы Ресей патшасы алты миллионға жеткен қазақ секілді ұлттарды

сайлау және сайлану құқығынан айырды. Зиялылардың табанды күресі осы шақтан басталды. Петербор, Омбы, Ташкент, Семей тәрізді қалалар XX ғасыр басындағы монархиялық билікке бас көтерген алаштық күрестің шындалу мектебі болды.

1917 жылдың жазында Уақытша өкіметтің комиссары қызметінде жүріп жазған мақаласында ол: "Бостандық, теңдік, туысқандық 18-ші ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртың саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің тарихтан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады. Көзі ашық талантты ер іздесе, бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады", деп жазды. Бөкейханов сияқты қазақ оқығандарының саяси көзқарасының мүлдем жаңа сапаға көтерілуіне тұңғыш орыс революциясы ықпал етті.

1905 жылы маусым айында Қоянды жәрмеңкесінде жазылған Қарқаралы петициясында қазақ қоғамының негізгі ұлттық мүддесі есебінде мынадай талаптар қойылды: діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою, ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу, қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал-цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат беру, жаппай қоныстану қарқынының күшейіп, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар орналасқан жерлерді олардың заңды меншігі екенін мойындау, мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс қағаздарын қазақ тілінде де жүргізу, олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою, т. с. с.

Деректік материалдардағы көрсетулерге қарағанда петиция авторларының қатарында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және басқа сол кезеңдегі белсенді қазақ интеллигенттері болған. Ол турасында М. Дулатов кейінірек: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елендеп, олардың ісіне еліктеп ұлт пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жол-жоба крәсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды», деп жазды. Ұлт лидерлері шықты: Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Барлыбек Сырттан, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрқайсысы мемлекет басшысына лайық болатын. Бұлардың көшбасшысы, ірі, қайталанбас тұлғаның бірі Әлихан Бөкейхан болатын. Әлиханнан қалған мынадай сөз бар: «Түген деген хан, пәлен деген би, батыр өткен, ерлігі, еңбегі көп деп мақтанамыз. Олар сондай болса, қазақ неге сорлы? Біздің кемшілігіміз - әркім тарих арқалатқан жүкті белгілі жерге апармай, соңындағыларға тастап кететіндігі». Әлихан Бөкейхандар, міне,

өздері артқан "жүкті" қияға қарай көтеріп шықты. Бұл буынның қатарында М. Жұмабаев, С. Садуақасов, К. Кемеңгеров, М. Шоқайұлы, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, т.б. бар еді. 1909-1919 жылдар аралығында артынан ерген елді ояту үшін Алаш зиялылары газет-журнал шығарып, кітаптар жариялады. Таза саяси күресте жүргендер Ресейдегі түрлі партияларға кіріп, сол арқылы халқына бостандық әпергісі келді. Бұл ізденіс дәуірі еді. Ресейлік шындықта қазақ мемлекетін қалпына келтірудің жолы іздестірілді.

1917 жыл келіп, большевиктер бүлік жасады. Большевиктер жеңіп, билік басына солардың келетінін ешкім болжамады. Большевиктердің 1917-1919 жылдар ішіндегі жеңістері Алаш зиялыларының «елді оятамыз» деген өз идеясын быт-шыт қылды. Күрес тактикасы мен стратегиясын басқаша құру қажет болды. 1919-20 жылдардан бастап Алаш зиялылары оқу-ағарту, баспасөз саласына топтасты. Қиындықтарға қарамай Алаш зиялылары большевиктік ағарту жұмысын өз ыңғайларына қарай бұра білді. 1920 жылдан мемлекеттік баспа құрылып А. Байтұрсыновтың ұйытқы болуымен жаңа оқулықтар жазыла бастады. 1920 жылы Мәскеуде ашылған «Күншығыс» баспасының жұмысын да Әлихан мен Нәзір Төрекұлов ел игілігіне айналдырды. Газет-журналдардың аты кеңестік болғанымен, заты Алаштікі еді. Ұлттық идея халыққа жаңаша формада ұғындырылады. 1923 жылы Әлихан Бөкейхановтың, Д. Әділұлына жазған хатында: «Кітап жазып, газет-журналға мақала шығарып, алашқа қызмет қылмасак, басқа жол бөгеулі», - дейді. Ел қамын ойлаған азаматтар ұлттық идеяны кеңестік идеямен тоқайластырғысы келді. Большевиктердің сынына ұшыраса да, өз кезеңінде елді тәрбиелеуге өз көмектері тиді. «... озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырысқандар, төрден орын алып жатыр. Тырыспағандар есікте қалып жатыр: есікте қалмай, төрге тырысайық, басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, бізде солардың ісітегенін істейік», деген талап қояды Ахмет Байтұрсынов.

Бұл қазақ зиялыларының, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов бастаған ұлт көсемдерінің саяси бағдарламасы, стратегиялық бағыты болып табылады. Алайда бұл бағдарлама - бағыт кеңес тарихнамасында мейлінше бұрмаланып, теріс мағынада түсіндіріліп келді. Оған ұлтшыл, үстемтап өкілдерінің сөзін сөйлейді деген сындар тағылып жүрді. Ал шындығына келгенде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды жалынды ұлт көсемдері бастаған зиялылар халықты тапқа жіктеп, «аз ғана үстемтап өкілдерінің мұң-мүддесін қорғаған» жоқ, біртұтас қазақ ұлтының мүддесін көздеді. Оның көзқарастарының философиялық аспектісіне осы мәселеден іздеу керек. Қазақтың зиялылар мен ақын-жазушылары "үстемтапты" емес, қазақ атты халықты оқытып-ағартуды, ол халықтың ұлттық сана-сезімін, ұлттық намысын оятуды көздеді, ұлттық тіл мен мәдениетті өркендету жолындағы қиян-кескі күресінде олар ұлт тіліндегі баспасөз бен ұлттық әдебиеттің дамуына ерекше көңіл бөлді.

Ә. Бөкейхановтың саяси әлеуметтік көзқарасында 1916 жылдың дүрбелеңі және майдандағы қара жұмысқа алынған қазақ жастарына көрсеткен азаматтық қызметі ерекше орын алады. Мәселен, әскерге адам беру



мәселесін "Қазақ" газетінде 1915 жылы көтеріп, бүкіл қазақ жұртын қамтыған пікір-сайыс туғызып, елдің ортақ пікірін біліп, мынадай тұжырымдар жасаған болатын: «Қазақтан осы соғыс үстінде солдат алынбау; солдат алудан бұрын метрике түзеу үшін муфтилікке қарау; лажсыз алынатын болғанда, жаяу солдат болмай, атты әскер болу қазақ-орыспен жер-су һәм правода теңгерілу». Кейіннен Ә. Бөкейханов кеңестік лауазымды қызметтерде жүргенде де өзінің ұлтына деген адал принциптерінен танған жоқ. Оны сол кездегі Басқа аймақтардан Қазақстанға қоныс аударуды қолдаған Верашагинге берген жауабынан анық байқауға болады: «Профессор Верашагин бұрын да қазақтардың жерін тартып әперіп орыс помещиктері мүддесін қорғаған еді. Егер ол айтқандай Тула шаруалары шынымен де жерге мұқтаж болса, біз қазақтар олармен Верашагин сияқтылар арқылы емес, тікелей келіссөз жүргізуді қалаймыз. РСФСР Екіншілік комиссариаты ұсынып отырған жер нормасы қазақтарды қанағаттандыра алмайды, өйткені ол көбірек артық жер шығаруды көздейді. Сондықтан да бұл нормалар болашақта Қазақстанда жаңа отарлау саясатын жүргізуге бағытталған.

1917 жылы Алаш автономиясын құру жайында Орынборда үлкен съезд болып, желтоқсан айында Алашорда үкіметін жариялады. Алашорда Алаш автономиясының Ұлт кеңесі құрамына 5 адам сайлайды. Алашорданың төрағасы баламалы түрде сайланды. Әлихан Бөкейханов көп дауыс алып Алаш автономиясы үкіметі және Алашорданың төрағасы болып сайланды. Алаш автономиясы мен оның Уақытша Ұлттық Кеңесі, Алашорданың дүниеге келгені мәлім болды. Бүкіл қазақ қауымының басын ұлттық территориялық автономия аясында біріктіру мақсатында автономияның өзін жариялау 1918 жылдың қаңтар айының 20-нан кейін іске асырылды. II жалпықазақ съезі қаулысына сәйкес ұлттық-территориялық Қазақ автономиясы 1918 жылы 28 қаңтарда "Сарыарқа" газеті арқылы ресми түрде жарияланды. Съезде орталық билік – Ұлт Кеңесі – Алашорда үкіметін, халық милициясын және ұлт қазынасын құру ісіне жете көңіл аударды. Халықтық оқу ағарту ісі де маңызды саналды. Съезд арнайы құрылған комиссияға қырғыз – қазақ еліне оқу ісін жүргізу тұжырымдамасын жасап, талқыға ұсынуды, сондай ақ тез арада қазақ мектептері үшін оқу бағдарламасын дайындауды және жедел түрде оқулықтар жазу ісін ұйымдастыруды жүктеді.

Съездің күн тәртібіне қойылған он мәселенің арасында мынадай аса маңызды мәселелер де бар еді:

- 1) Қазақ автономиясы;
- 2) Милиция;
- 3) Ұлт кеңесі;
- 4) Ұлт қазынасы;
- 5) Халық соты;
- 6) Ауылдық басқару.

Съезд бұл мәселелер бойынша Әлихан Бөкейхановтың, Х.

Ғаббасовтың, М. Шоқаевтың, Ж. Досмұхамедовтің баяндамалары мен жарыссөзде сөйлеген сөздерін тыңдады. Қазан-қараша айларындағы Ресейдегі саяси өзгерістер Алаш партиясының қайраткерлеріне жаңа міндет жүктеді. Алаштың мемлекеттік құрылымы - Ресей құрамындағы Алаш автономиясы мен үкіметі деген пікір Алаш партиясының бағдарламалық жобасында нақты көрініс тапқан еді. II жалпықазақ съезінде Ұлт кеңесін құру басқа да өзекті мәселелермен қатар қойылған. Бұл іс жүзінде, Қазақстандағы саяси билікті қолға алатын дербес мемлекеттік құрылым құру деген сөз. Алаш қазақ автономиясын құруды арман еткен. Оның философиялық негізі ұлттың рухани жігерінде жатса керек. Большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған, керісінше ұлттық бірлік саясатын таңдап алды. Сондықтан олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырды. Ә. Бөкейханов Қазақ автономиясы құрыла сала, "Қазақ" газеті арқылы зиялы қауымға былай деп жар салды: «... Ресей мемлекеті енді жақын арада үйірге қосылмайды. Бірліктен айырылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар. Жалпы, жұртқа мұрындық бол!». Ұлттық мүдде идеясы жатқан бұл ойлар Әлиханнның ұлт мәселесіне терең бойлай білгендігінен туындайды.

Әлиханнның саяси тұлғасын көрсететін бір жағдай, жоғарыда сөз еткен жалпықазақ съезін шақыруға байланысты. Оның түсінігі бойынша халық пен халықты, ұлт пен ұлтты жақындастыратын көпір - демократиялық мәдени дәстүр. Ол өзінің бір мақаласында: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа білер еді-ау».

Автономияның елге түсетін салмағының ең ауыры қазына жинау ісі болды. «Пұл жағынан істі тоқтатпастың жалғыз ақ шарасы ақшаны қазір қарызға алу, жұрттан ақша жиналған соң, орнына салу. Олай болса, орданың өзі де, жергілікті комитеттері де қарызға берілетін, ақшасы бар жерлерді қарастыру» идеялары да көтерілді. Мұндағы мақсат ұлт қазынасы жиналғанға дейінгі уақытты бос жібермей, ұтымды пайдалану еді.

Әлихан Бөкейханов ұлт мәселесін көтеруде барлық ісін ақылға салып, еуропалық әдіс танытқысы келді. Әлихан Нұрмұхамедұлы мен оның серіктері өмір сүрген дәуірде қазақ қоғамы алдында тұрған ең өзекті мәселе ұлттық теңдік, саяси бостандық еді. Әлихан Бөкейханов саяси қайраткер ретінде осы мәселелердің жоқтаушысы емес, бүкіл қазақ елінің осы күрес жолындағы көшбастаушысы да болды.

Әлихан феноменінің ерекшелігі оның өз жұртының қорғаушысы, саяси жетекшісі ретінде, ұлттық идеяны көтерушісі ретіндегі қызметінің мейлінше айқын көрінуінде, Ә.Бөкейхановтың қайраткер ретінде

қалыптасуының рухани екі негізі бар. Біріншіден, ол еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халық ауыз әдебиеті, ұлы Абайдың және ақын-жыраулардың ықпалы болғаны да сөзсіз.

XX ғасыр басындағы басқа қазақ қаламгерлеріне қарағанда Ә. Бөкейхановтың бір ерекшелігі оның арнаулы еуропалық білімі бар, ерудициясы мол, мәселені ерекше кең қоя алады, ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайларымен сабақтастыра қарайды.

Өйткені мұның бәрі қазақ елінің XVIII ғасырдан бергі өз бостандығы мен теңдігі жолында орыс империясына қарсы жүргізілген азапты күресінің қорытындысы болатын.

Тарих сахнасына Алашорда - Халық Кеңесі үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді.

Ұлттық саясатта түптеп келгенде ұлы державалық, империялық мақсатты көздеген бұл екі саяси жүйе де ұлттық мемлекеттік идеясынан қорықты. Сондықтан да ұлттық шет аймақтарда бұл ойға қозғау салушылардың есімін атауға да тыйым салынды. Міне, осыған байланысты біз соңғы уақытқа дейін қазақ ұлт азаттық қозғалысы қайраткерлерінің өмір жолымен, олардың артында қалдырған шығармашылық мұраларымен таныса алмай келдік. Халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін терең із қалдырған сондай қайраткерлердің бірі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов. Әлихан Бөкейханов саяси қайраткер ретінде осы мәселелердің жоқтаушысы емес бүкіл қазақ елінің осы күрес жолындағы көш бастаушысы да болды. Ұлы қайраткердің соңына ерген інілерінің бірі, азаматтықтың тағы да бір құрбаны Жүсіпбек Аймауытұлы оған арнау сөзінде: «Қараңғыда қан жылап, қаңғырған күйде басыңды қазақ жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз! Өміріңде жүрген жолың біздей інілеріңізге жағып қойған шамшырақ», - дегенде асыра айтып, қателескен жоқ еді.

Жалпы, Алаш интеллигенциясы арасында большевиктер бағдарламасы әуел бастан-ақ қолдау тапқан жоқ. Олардың түсінігі бойынша, большевиктер ұстанған бағыт Қазақстан ғана емес, тіптен Ресейдің өзін де азапты болашаққа әкелетін бағыт еді. Алаш қайраткерлері, ең алдымен, қоғамдық меншікке көшу туралы пікірді үзілді кесілді қабылдаған жоқ. Қазақ қоғамы жағдайында мұндай шараға бару мүмкін емес-тін, тіптен ондай әрекет, біріншіден, оны қабылдауға мүлдем даярлығы жоқ қазақ бұқарасы арасында түсінбеушілік тудырса, екіншіден, әлеуметтік теңдік орнатудан бұрын, әлеуметтік апатқа апаруы толық мүмкін еді.

Қазақ зиялылары большевиктердің тап күресі туралы теориясын да қолдамады. Олардың түсінігі бойынша, қазақ қоғамы Ресейдегідей таптық жіктелу деңгейінен алыс жатты. Ал сол тарихи кезеңде орталық

езгідегі қазақ жұртына қандай да болсын жіктелуден гөрі ортақ ұлттық мүдде негізінде бірігу ауадай қажет еді.

«Алаш» большевиктердің таптық жіктелу саясатына ұлттық тұтастық, бірлік саясатын қарсы қойды. Мәселен, Ә. Бөкейханов: «Біз қарап отырсақ қосақ арасында бос кетеміз. Қазақ жұрты болып бас қамын қылмасақ болар емес. Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келді. Алаштың баласы, ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан соң, 200 жылда басыңа бір қиын іс келді. Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздықты, дауды қой, бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл!», - деп жазды. Бұдан біз Алаш қайраткерлерінің ұлтты біріктіріп, ұлттық идеяны қалыптастыруға тырысқанын байқаймыз.

## **Алаш партиясының программасының жобасы**

### **Мемлекет қалпы**

«Россия демократическая, федеративная республика болу.

Үкімет басында учредительное собрание мен Г.Дума қалауынша келісімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г.Дума алдында жауаптар болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте һәм хуфия сайлаумен болады. Сайлау хақында қан, дін, еркек әйел талғайсыз болады.

Законды жалғыз ғана Г. Дума шығаруы һәм. Г. Дума хүкмет үстінен қарап, іс тексеруі, запрос жасау хақы да Г. Думада болады. Мемлекет салығы Г. Думада салынбау».

### **Жергілікті бостандық**

«Қазақ жүрген облыстардың барлығы бір байланып, өз тізгіні өзінде болып Россия республикасының федерациясының бір ағзасы болуы. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттар мен әзірге бірлесе болуы, реті келмесе, бірден ақ өз алдына жеке болуы...

... Алаш партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарқы ету жағына бастайды».

### **Негізгі құқық**

«Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға – еркіншілік; хұқымет қызметшілері, иесінен рұқсатсыз, һеш кім табалдырығын аттаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық; қылмысты болған адам судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырылып жаба судья хұкімі мен жабылуы...»

### **Дін ісі**

«Дін ісі мемлекет ісінен айырылулы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жоюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық...».

Сонымен қатар V бөлімде «Билік һәм сот», VI бөлімде «Ел қорғау», VII бөлімде «Салық», VIII бөлімде «Жұмысшылар» мәселелері жайлы айтылып кетілген.

### **Ғылым білім үйрету**

«Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хүкімет оқу ісінде кіріспеу; мұғалімдер профессорлар өзара сайлау мен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашылуы».

### **Жер мәселесі**

«Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілісін деуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі...

...Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу».

#### **Жоба жасаушылар:**

Ғалиқан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов,  
Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов,  
Ғабдулхамид Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов.

Байқап отырғанымыздай, Алаш партиясы демократиялық мемлекеттің негізін қалауды мақсат тұтты. Тәуелсіз, бұқара халықтың құқығына сүйенген Орда көтеру, «Алаштың Ордасын» көтеру, өкінішке орай, арман болып қала берді... Қазақ зиялылары өздерінің бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық, тәуелсіздік жолында, еркін ел болуына соңғы демі біткендерінше өздерінің ұстанған идеяларынан таймады.

#### **Өзін тексетін сұрақтары:**

- Қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы интеллигенцияның алатын орнын көрсетіңіз
- Қазақ зиялыларының қызметіндегі ұлттардың өзін-өзі билеу концепциясы талдаңыз
- Ә.Бөкейхановтың саяси әлеуметтік көзқарасын айқындаңыз
- Алаш партиясының құрылуының негізгі факторларын айтыңыз
- Қазақ автономиясын құру идеяларын сипаттаңыз

#### **Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- Ұлттық мемлекеттік құрылым идеяларын сипаттаңыз
- Ә. Бөкейханов ұлттық демократия көсемі айқындаңыз
- М. Дулатовтың саяси-әлеуметтік ой-пікірлерін ашып беріңіз
- Алаш Орда өкілдерінің әлеуметтік-философиялық көзқарастарын талдаңыз
- Ә. Бөкейханов және большевиктік идеология түсіндіріңіз
- М. Дулатовтың "Оян қазақ" еңбегінің маңыз көрсетіңіз

---

## 6.2 Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарасы және «Біртұтас Түркістан» идеясы.



Мұстафа Шоқай - заңгер, публицист, саяси қайраткер, қазақтан шыққан алғашқы саяси эмигранттық күрескер. Ақмешіт (Перовск, қазіргі Қызылорда облысы.) уезінде Орынбор-Ташкент темір жол бойындағы Сұлутөбе станциясында, ескі күнтізбе бойынша 1886 жылы желтоқсанның 25-інде дүниеге келген. Жаңа стиль бойынша 7-қаңтар болып шығады. Мұстафаның тегі орта жүздегі Қыпшақ, оның ішіндегі Торайғырдың Шаштысы, Бошай. Әкесі Шоқай дала қазақтары арасында ерекше мәдениетті, елге беделді, үлкен дәулеттен шыққан. Шоқайдың әкесі Торғай, Сыр қазақтары Ресей патшалығының қоластына кірмей тұрғанында Хиуа ханының датқасы (уәлиі, Уәлаят басшысы) болған.

Кеңестік тарихнамада Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясының мән-мағынасы төмендетіліп, қала деңгейіне түсіріліп, «Қоқан автономиясы» аталып келді. Сонымен бірге бұл автономия жергілікті халықтың қолдауын таппай құлады, ал оның басшылары қашып кетті деген пікір қалыптасты. Бірақ М. Шоқай большевиктер үкіметін қатты сынға алды. Оның негізгі идеясы діні бір, тілі бір, мәдениеті ортақ түркітілдес халықтардың бостандығы және дербес автономия құру еді. Ал қазіргі кезде ғылымда Мұстафаның идеяларының дұрыс айтылғандығы расталуда. Мұстафа Шоқай идеясының ұтымдылығы оның аргументтілігінде пайдаланған фактілердің бұлтартпас дәлдігінде еді. Ал ол фактілерді М. Шоқай, негізінен, түркістандық орыс және қазақ тілдегі басылымдардан алып отырды. Сол басылымдардың бірі Ташкентте 1920-1925 жылдары шығып тұрған ресми басылым «Ақ жол» газеті болған. Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік өзгерістерді сыни тұрғыдан талдап отыруды өз міндеті деп түсінген бұл басылым сол тұстағы түркістандық кеңістіктегі жалғыз оппозициялық мазмұндағы басылым еді. 1925 жылға дейінгі аралықта бұл газеттің төңірегіне алаштық, ұлт-азаттық рухтағы интеллигенцияның шоғырлануы оның идеялық бағытын күшейте түскен болатын.

М. Шоқайұлының 20- жылдардағы Еуропадағы саяси қызметіне үстірт карағанда мынадай екі кезеңді аңғарамыз. Алғашқы кезеңі шамамен 20-шы жылдардың орта тұсына дейінгі мерзімді қамтиды. Бұл мезгілде

отанындағы большевиктік диктатурамен күресу үшін еуропалық орта және оған тән демократиялық еркіндік іздеген Шоқайұлы Парижде шығып тұрған Керенскийдің «Дни» және Милюковтың «Последние новости» газеттерінде жұмыс істейді. Бірақ Шоқайұлының азат және «Біртұтас Түркістан» идеясы большевиктерге қандай ұнамаса, париждік орыс демократиясына да сондай ұнай қойған жоқ болатын. М. Шоқайұлы, мәселен, П. Милюков жөнінде «Кеңес деспотизмін бұрынғы патшалық Ресей, кейінгі кеңестік Ресей тұсындағы шекаралардың тұтастығын сақтай отырып, құлатқысы келеді», - деп жазды. Сондықтан да Шоқайұлы көп ұзамай-ақ (1923) эмиграциялық орыс баспа сөзімен байланысын үзіп, Керенский және Милюковтардан іргесін алыс ұстап, бөлініп кетеді.

Сонымен бірге, бұл мәселеге байланысты мынаны айтуымыз керек. М. Шоқай большевиктердің ұлт саясаты бойынша теориялық даярлығы төмен кісіге, ә дегенде қолдаушылық сезім тудыратын бағдарламалық ұсыныстарына әуелден-ақ сенімсіз қарайтын санаулы адамдардың қатарында болды. Сондықтан да М. Шоқай бұқара халықтың негізгі мүддесін, яғни мемлекеттік саяси еркіндігін қанағаттандыра алмаған жаңа билік жүйесіне сенген жоқ.

Ол: «... пролетариатсыз және пролетариат деген тапты ешкім естімеген Түркістанда Мәскеу «пролетариат диктатурасын» жария етті. Ал енді бұл өзі қандай «пролетариат диктатурасы» деген сұрауға, әрине, «орыс пролетариаттың диктатурасы» деген жауап сәйкес келеді», - деп жазды. Жалпы, М.Шоқайұлы революциялық өзгеріске дейінгі түркістандық зиялылар арасына орыс демократиясымен бірлікте патшалық билікке қарсы күрес тәжірибесін ғылыми талдауға алып, аса қажет тұжырымдар жасаған бірден-бір қайраткер. Оның жасаған қорытындыларында кемшіліктер болуы да ықтимал, оны біз жоққа шығармаймыз. Бірақ, сонымен бірге бұл талдаудың аса зор ғылыми маңызын есепке алмау, әрине, көрегендік болмас.

М. Шоқайұлының тарихи тәжірибені сарапқа сала отырып, жасаған тұжырымы мынаған саяды. Біріншіден, Ресейде 1917 жылғы ақпан революциясынан соң орнауға тиіс болған федеративтік мемлекеттік құрылыс шеңберінде орыс демократиясына сүйене отырып ұлттық автономия алу тәуелсіз «ұлттық мемлекет құруға деген сенімнің аздығынан туындаған ортақ қателік болатын». Кейінірек құрылып, аз уақыт өмір сүрген түрлі ұлттық тәуелсіз үкіметтердің (мәселен, Алашорда, Түркістан (Қоқан) автономиясы) тәжірибесі Ресейдегі бұрынғы отарлық тәуелділікте болған елдердің зиялыларының орыстың төңкерісшіл» демократиясына деген сенімнің «жаңсақтығын дәлелдеді». Басқаша айтқанда, «оңшыл» және «солшыл» топтарға бөлінетін орыс демократиясы аз ұлттарға тәуелсіз мемлекеттік емес, тіптен шын мәніндегі автономиялық еркіндікті де қиюға даяр емес еді. Одан қорқатын, солшылдар үшін біз ұлтшыл реакцияшыл бағыттағылар болып көрінетінбіз. Біздің мақсат-мүддемізді оңшылдар «қауіпті төңкерісшіл элементтер» деп бағалайтын. Бізді «пантюркизммен» айыптауға келгенде қосыла кетті. Міне, осындай жағдайда қоғамдық

күреске қазақ қоғамы үшін мүлде жаңа саяси-әлеуметтік ұлттық саяси элита араласа бастайды. Негізінен, метрополия оқу орындарында білім алып, отаршыл мемлекетті басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасына орыс мәдениетін егіп, тарату үшін даярланған саяси элита мұның бәрін жиып қойып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық мәдениеттің өсіп-өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды. Соның нәтижесінде қазақ қоғамында мүлде жаңа сападағы жағдай қалыптасып, феодалдық тоқырау мен отарлық тәуелділікке қарсы күрес оның негізгі белгілеріне айналады. Барлық көрінісі жағынан қазақ қоғамы үшін нағыз өтпелі кезең болған сол уақытта тарих сахнасына көтеріліп, бас-аяғы жиырма жылға созылған қысқа мерзім ішінде өшпес із қалдырған бұл саяси элита қоғамдық-саяси болмысы тұрғысынан алғанда кімдер еді? Міне, бұл сауалдар ғылымда өз жауабын тапты дей алмаймыз. Анығырақ айтқанда, қазақ саяси элитасының жүріп өткен саяси жолы, әсіресе колониалды және постколониалды қоғамдардағы қалыптасу ерекшелігі халқымыздың күрделі кезеңінің әлі жазылмаған ақтаңдақтарының қатарына жатады.

М. Шоқайдың мақсаты – демократиялық Россияның құрамынан бөлініп, діні бір, тілі бір, мәдениеті ортақ халықтардың тәуелсіз автономиялық мемлекетін құру. Соның негізінде өз қоғамының (қазақ) дамуында «Біртұтас Түркістан» идеясын қолдады. «Біртұтас Түркістан» регионына төменгі жерлер: Тұран, далалық аудан және Мауренахр, Орталық Азия, Орта Азия және Қазақстан енді. Бұл сөздің баламасы ретінде «Түркістан» деген атау қалыптасты.

Осының негізінде Ресей империясына қарсы бой көтеру үшін бүкіл Орта Азия халықтарын «Біртұтас Түркістан» идеясы төңірегіне біріктіру көтерілді. Бұл идеяның тарихи негізі болды. Атап айтқанда: тарихи тағдыр біртұтастығы, рухани мәдениеттің бірлігі мен осы халықтың менталитетінде болды. Осы ұлан-байтақ аймақта генетикасының тарихи мәдениеттік және конфессиялық түбірі бір халықтар тұрған. Осындай бірігу большевиктердің саяси көзқарасының негізінде үлкен қатар болып көрінеді және 1924-25 жылдары «ұлттық бөліну» саясатына әкеліп соқтырды.

Ресей империясының, кейін көп жағдайда оның мұрагері ретінде танылған Кеңес Одағының құрамындағы қазақ, өзбек және басқа да түркі тектес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Алайда отандық және шетелдік әдебиеттерде қазақ қайраткерінің шығармашылық мұрасы мен қоғамдық саяси көзқарастарына көбірек көңіл бөлінеді де, ұйымдастырушылық, дипломатиялық, жай адами қырларын пайымдау кейін қалып келеді. Сондай мәселелер қатарына жиырма жыл уақыт бойы Еуропаның төрінде тәуелсіздік үшін күрес туын көтерген саяси ұйымды құрудағы Мұстафа Шоқайдың ерен еңбегін жатқызуға болады. Тәуелсіздік үшін күресте Ресейді мекендейтін түркі халықтарының басын біріктіру, олардың бірыңғай саяси ұйымын құру идеясы әлдеқашан ақ пісіп-жетілген еді. Бірінші орыс революциясы тұсында «Мұсылман одағы» құрылса, 1905 жылы 19 қарашада одан да кең көлемдегі «Автономияшылар одағы» дүниеге келеді. Осы уақыттан-ақ отарлық езгіге қарсылық жадидтік



және түркішілдік қозғалыстың басты сипаты айқындалады.

Мұстафа Шоқай болса, осы қозғалысты жаңа жағдайда, жаңа деңгейде жалғастырушы болды. Қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, татар, башқұрт халықтарының басын бір орталыққа біріктіретін саяси ұйымды құру мәселесін Ақпан төңкерісінен кейінгі ахуал жеделдетеді. Бұрыннан белгілі «Шуро и Исламия», басқа да ұйымдар Түркістанда күн санап күрделеніп келе жатқан жағдай талаптарына жауап бере алмады. Партия «Мұсылмандар одағы» («Итти-фок-и-Муслимин») деп аталады да, «Шуро-и-Исламия» мен «Тұран» ұйымдары таратылып, олардың орнына «Мұсылмандар одағының» бөлімдері құрылмақшы болды. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттар кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартып, қарашаның 15-22-інде өткен кеңестердің 3-ші съезі қабылдаған «өлкедегі барлық билік еуропалық нәсіл өкілдерінен құралған Түркістан Халық комиссарлар кеңесіне көшеді» деген қаулысын Мұстафа Шоқай нағыз әділетсіздік деп бағалады. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды кеңестердің қырына алуына байланысты Мұстафа Шоқай жетекшілік еткен «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі», Ташкенттен Қоқанға көшіп, онда өлке мұсылмандарының төтенше съезін тез арада өткізу ісін қолға алды. 1917 жылы қарашаның 28-інде өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше 4-ші съезінің төралқасына басшылық етті. Осы съезд шешімімен құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясының 54 адамнан тұратын Уақытша Халық Кеңесі құрамы сайланды және жаңа уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқай болды. Уақытша үкіметінің төрағасы Қоқан автономиясының М. Тынышбаев болды, кейіннен оның орнына Мұстафа Шоқай сайланды.

Ол сондай-ақ 1917 жылы желтоқсанда екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. Съезд аяқталғаннан кейін Мұстафа Шоқай біртұтас автономия құру мәселесін қарау үшін Сырдария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы тиісті қайраткерлерге жеделхат жолдады. Онда: «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айрылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шықпайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешікпей Алаш туының астына жиналар деген үміттеміз», делінген еді. Мұстафа Шоқайдың Сырдария өңірі қазақтарын Алаш автономиясына қосу жолындағы әрекеті нәтижесіз болған жоқ. 1918 жылдың бас кезінде өткен Сырдария облысы қазақтарының съезі «Алашорда өз алдына автономия жариялап, Түркістан (Қоқан) автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіреді» деген қаулы қабылдады. Қоқан қаласын большевиктер жаулап алып, Түркістан (Қоқан) автономиясын құлатуына байланысты Мұстафа Шоқай шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Бұл шешім съездің ең үлкен жетістігі болғанымен, саяси оқиғалардың одан әрі өрбуі оның жүзеге асырылуына мүмкіндік бермейді. Большевиктер ұлттық құрылымдардың бірінен кейін бірін талқандап, «Түркістан

Мұхтарияты» («Қоқанд автономиясы») қанға бөктіріледі. Осындай қиын-қыстау кезеңде ұлт-азаттық күрестің жаңа формалары мен әдістерін іздестіру барысында Мұстафа Шоқай 1918 жылдың қысында Екатеринбургте «Түркістан» астыртын ұйымын құрады. Оның орталығының төрағасы Мұстафа Шоқайдың өзі, ал орынбасары болып А.З.Валиди Тоған тағайындалады. Ұйым Түркістан, Башкирия (сол кездегі атау) және Татарстандағы ұлттық бөлімдердің басын біріктіреді.

Мария Шоқай өзінің күйеуі туралы естеліктерінде олардың 1918 жылдың қараша айында Екатеринбургте аялдағандары, онда Құрылтай жиналысына кандидаттар Ілияс Алкин, Вадим Чайкин, Мұнауар Қаримен бірге болғандары жөнінде жазады. 19 қарашада Құрылтай жиналысы таратылады. Осыдан кейін Америка Құрама Штаттарына визаға дейін алып қойып, жолға шыққалы отырған Мұстафа Шоқай мен оның серіктестерінің жоспары бұзылып, бас сауғалауға тура келеді. Мұстафа Шоқай Челябинскіге жетіп, одан әрі қазақ даласы арқылы Әзірбайжанға, кейін Грузияға, 1921 жылдың ақпан айында Түркияға өтеді.

Мұстафа Шоқайдың шетелге кетуімен қазақ, өзбек, башқұрт халықтарына ортақ бір саяси ұйым құру жөніндегі ұмтылыс тоқтап қалмайды. 1931 жылы 18 қаңтарда А.З. Валидидің Ыстамбұлдан Польша сеймінің депутаты Т. Голувко мен поляк дипломаты Т. Шетцельге жазған хатында 1920 жылдың көктемінде Мәскеуде А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, А.З. Валиди, В. Ибраимов және т.б. мұсылман халықтарының жетекшілерінің астыртын ұйым құрғаны жөнінде жазады. Бізге белгілі әдебиетте бұл ұйымның жарғысы, бағдарламасы және іс-әрекеттері жөнінде ешбір мағлұмат ұшыраспайды. Азамат соғысында, мерейі үстем болған кеңестік жүйенің әкімшілдік-әміршілдік басқаруға бет бұра бастауы жағдайында бұл ұйымның да өзара пікір алысудан басқа істерге бара алмағанын болжау қиын емес. Мұстафа Шоқайдың ол жөнінде хабардар болғанына елдегі жағдайды үнемі назарында ұстағаны және оның А.З. Валидимен хат жазысып тұрғаны дәлел бола алады. Мұстафа Шоқай 1920-1922 жылдары Түркістанда бірнеше партиялар мен одақтардың басын біріктірген жаңа ұйымның құрылғаны, оның ұйытқысы 1918 жылы Екатеринбургте дүниеге келгендігі жөнінде жазады. Олай болса 1920 жылы Мәскеуде ұйымдастырылған конспиративтік құрылым да түркістандық ұйым құрамына енген деуге негіз бар.

1920 ж. «Түркістан Ұлттық комитеті» құрылды, соның құрамына әуел баста М. Шоқай, А.З. Валиди, М. Шоқайдың Париждегі жеке мұрағат қорында 1920 жылы 6 қазанда «Түркістан Ұлттық Одағы» (ТҰО) деген ұйымның құрылғаны жөнінде мағлұматтар келтіріледі. Оның басшылығына Бұқара Халық Республикасы үкіметінің премьер-министрі Осман Қожаев, қорғаныс министрі Абдулхамит Арифов, Кабулдағы елшісі Хашим Шайық енеді. ТҰО жиналысының шешімімен Осман Қожаев ұйымының Түркия бөлімшесінің төрағасы, А. Арифов Кабул бөлімшесінің төрағасы, М.Шоқай Еуропадағы өкілі болып тағайындалды.

А.З. Валидиге сілтеме жасай отырып, Абдуқап Қара «Түркістан

Ұлттық Одағы» деген жалпы ұйымның 1920 жылдың маусым айында Бұқарада ұйымдастырылған жиналыстан бастау алатыны жөнінде жазады. Бұқара әміріне қарсы одақ құру мақсатында ұйымдастырылған бұл жиынға қазақтардан Алашорда өкілдері Хайреддин Болғанбаев, Мұхтар Әуезов, және Дінеш Әділов түркімендерден адвокат Кәкежан Бердиев, башқұрттардан А.З. Валиди, Сейткерім Мағазов, Ферғана басмашыларынан Шірмехмет-бек, Ылдырхан Мутин, Харис Игіліков, Рахманқұл құрбашы, Мұстафа Шахкули, Бұқара мен Ташкент зиялылары атынан Манауар Қари, Абдулкадир Мухиддинов, Файзулла Қожаев және Садреддин Айни қатысты. Талқылау нәтижесінде Өзбекстанның «Жәдидтер» мен «Ерік» партиясы және Қазақстанның «Алаш» партиясымен бірлесіп қызмет істеуі жөнінде, сонымен бірге жеті баптан тұратын бағдарлама қабылданды. А. Қара осылайша «Орта Азия мұсылман Ұлттық қоғамдардың «Федерациясы» дүниеге келді дейді. 1920 жылы 5-7 қыркүйек күндері Самарқандта өткен конгресінде оның 24 баптан тұратын жарғысы мен Түркістан ұлттық туының суреттемесі қабылданады.

М. Шоқайдың Париждегі жеке мұрағатындағы бір құжатта 1921 жылы «Орта Азия комитеті» деп аталатын ұйым жөнінде айтылады. Оны Энвер-паша Германиядан КСРО-ға екінші рет келгеннен кейін А.З.Валидимен бірге Шығыс Бұқарада ұйымдастырды. Шындығына келетін болсақ, М.Шоқайдың айтып отырғаны «Орта Азия Мұсылман Ұлттық қоғамдарының федерациясы» болуы тиіс. «Жалпы комитет» деп те аталатын бұл ұйым, А.З.Валидидің көрсетуінше, Бұқарада 1921 жылдың 2 тамызында құрылды делінеді. Мұрағаттық құжаттардың жинағы болып табылатын «Ресей эмиграциясының тарихынан» деген еңбек оны «Орта Азия мұсылмандары ұлттық-демократиялық бірлестіктерінің федерациясы» деп атайды. Әдебиетте Бұқарада өткен жиынды I съезі деп те, кейде 1917 жылдың мамыр айындағы Мәскеудегі Бүкілресейлік мұсылмандар съезінен бастап есептегенде V съезі деп те көрсетіледі. Съезде барлық саяси партиялар мен топтар үшін «Түркістан ұлттық бірлігі» деп аталатын комитет құрылып, оның төрағасы болып А.З.Валиди тағайындалды. Кейін ол өзінің «Естеліктерінде» былай жазды: «Сол бір қиын күндері Түркістандағы азаттық күрестің орталығының қалыптасу процесіне Мұстафа Кемал-паша жіберген жаңарған Түркияның депутаты, «Алашорда» қазақ партиясының өкілдері, әсіресе Дінеш Әділов, сонымен бірге Ауғанстанның өкілі Абдерасул-хан шешуші және байыпты ықпал етті».

Түркияның өкілі деп отырған сол елдің Ұлы Меджилісінің мүшесі Субхи Сайсалы-оғлы болса керек. Ал Алашорданың Бұқарадағы өкілдері құрамында, жоғарыда көрсетілгендей, Хайреддин Болғанбаев, Дінеш Әділовтен басқа аттары аталмаған тағы екі адам болады. Олармен Файзулла Қожаев, Манауар Қари секілді. М. Шоқайдың пікірлестері бір ұстанымда еді. 1920 жылы Түркістанда А.З. Валидидің бастамасымен құрылған "Түркістан Ұлттық Одағы" ұйымының кейіннен ең маңызды тұлғасына айналды. Валиди 1928 жылы ғылыми жұмыстарға ауытқып, саясаттан қол үзіп кетуінен кейін Шоқай дара жетекшісіне айналды. Шоқай кейінен, 1927

жылы мүше болып кірген "Прометей одағына" арқылы саяси мақсаттарына көбірек үндесетін бір одақ тапты. Ендігі жерде Түркістанның тәуелсіздігін сөз етуіне жаңа одақтастарының наразылығын туғызатын ешқандай бір ерекшелік жоқ еді. Қайта одақтағы украин және грузин сынды өзге мүшелердің де мақсаты осы еді. М. Шоқай большевиктер күн өткен сайын қармағын Грузияға салып келе жатқандығын байқады. Екі жылдан астам уақыттан бері жаңа құрылып, Түркия мемлекеті мен большевиктер қол астында қалған Түркістанның саяси мәселелері туралы Тбилисидегі баспасөз беттерінде мақалалар жазып көріне бастайды. Бірақ енді Грузияға да большевик қаупі төнді. Сондықтан кейбір орыс демократтары Шоқай мен Чайкинге уақыт өткізбестен Тбилисиден кетулері керектігін, большевиктер қолына түскен жағдайда істің ақыры жақсы болмайтындығын ескертеді. Соңғы минутқа дейін Тбилисиден кетпеуге белін бекем буады.

1921 жылы 25 ақпан күні большевик күштері Тбилисиге басып кіре бастады. Сөйтіп, М. Шоқай Әзірбайжаннан кейін Ресейдегі соңғы тұрақтаған мекені Грузияны да тастап кетуге мәжбүр болды. Бұл жағдай Шоқайдың Түркістан мен Ресейді күреспестен тастап кетуге мәжбүр болды. Украинаның бұрынғы Сыртқы істер министрі Александр Чульгин Шоқайдың Тбилисиде өткізген екі жылдық мерзімін оның Түркістанның азаттығын үмітті күндері деп тұжырымдайды.

Орта Азия мұсылман ұлттық қоғамдары федерациясының III конгресі 1922 жылы 18-22 қыркүйекте Ташкентте конспиративтік жағдайда өтеді. Жанама мәліметтерге қарағанда, жиын Ташкенттің нағыз орталығында орналасқан Қазақ педагогикалық институтының ғимаратында болған секілді. Конгресте қазақ зиялылары басым болды. Ұйымның аты «Түркістан Ұлттық Бірлігі» (ТҰБ) болып өзгертілді. Түркістанда біртұтас тәуелсіз мемлекет орнату үшін бірлескен күрес жүргізу жөнінде бір ауыздан шешім қабылданады. Өлкені мекендеген жергілікті халықтарды ұлт, ру-тайпаға бөлмеу жөнінде келіседі. Сөйтіп, ұлы Түркістан ұғымы дүниеге келеді, бұл Мұстафа Шоқайдың бұрыннан алға тартып келген ой-пікірлерінің заңдастырылумен тең еді. Жалпы алғанда съезд жұмысының табысты аяқталуына оған қатысқан Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев, Манауар Қари, Ғазымбек Бірімжанов секілді тұлғалар үлкен ықпал жасайды. Конгрестің шешімі бойынша ұйымның төрағасы А.З. Валидидің Еуропаға өтіп, М. Шоқаймен бірлесе отырып Түркістан халықтары мәселесін халықаралық аренада қою ұсынылды.

Саяси ұйым құру және оның барлық бағдарламалық шешімдері бойынша қайраткерлердің М. Шоқаймен хат арқылы келісіп отырғанын ерекше атауымыз керек. Оны А.З. Валидидің өзі де мойындайды. Бұхара Халық Республикасының бұрынғы қорғаныс министрі Абдулхамит Арифов өзі де хабарласып, М. Шоқай мен А.З. Валидидің хаттарын бір-біріне жеткізіп тұрды. Башқұрт қайраткері 1922 жылдың 22 маусымында жазған хатында М. Шоқай Самарқандта өткен жиынның қорытындыларын және Мәскеуден алынған ақпараттарды хабарлайды, большевиктердің ұлт саясаты жөніндегі өзінің ой-пікірлерін білдірді. Сол жылы Валиди «Шығыстағы

элеуметтік революция және реакцияның қаупі жағдайындағы Шығыстың революциялық интеллигенцияның міндеттері» деген еңбегінің бір данасы М. Шоқайға, бір данасын Ғазымбек Бірімжановқа жіберді.

1923 жылдың 26-28 шілдесінде Түркістан Ұлттық Бірлігінің Кабулда (Ауғанстан) өткен межілісінде ұйымның өкілдері болып Еуропада М. Шоқай, Түркияда Осман Қожаев, Ауғанстанда А. Арифов тағайындалды, А.З. Валидиге Париждегі М. Шоқаймен бірлесе отырып, ТҰБ-тың орталығы Берлинде не Ыстамбұлда ұйымдастыру жөніндегі шешім қабылданады. Ауғанстан үкіметі келісім берген жағдайда Хашим Шайық Жапонияға жіберілетін болды. ТҰБ-нің осыдан кейінгі басқосулары Еуропада өтеді, мұнан кейбір авторлар оның негізінің шет жерде қаланғандығы жөніндегі пікірге келеді. Б. Садықова өз зерттеулерінің бірінде: «Мұстафа Шоқай Парижде құрылған Түркістан Ұлттық Бірлігінде (Union Nationale du Turkestan) басшылық жүргізеді», - деп жазды. М. Шоқай болса «ТМБ» деген мақаласында: «Біздің ТМБ (Түркістан Милли Бирлиги - яғни Түркістан Ұлттық Бірлігі ) эмигранттық ұйым емес. Ол елдің ішінде, Түркістанда азамат соғысының ауыр жылдарында, яғни 1922 ж. Ташкентте, Самарқандта, Бұхарада және басқа қалаларда дүниеге келді», - деп көрсетеді.

1924 жылдың 9 мамырында ТҰБ-нің Берлинде өткен отырысында М. Шоқайды ұйымның Еуропадағы өкілі етіп тағайындау жөніндегі шешім күші жалғастырылды. Сол жылы күзде М. Шоқай ТҰБ-нің Берлинде өткен Еуропадағы I конгресінің жұмысына қатысады. А. Қара осы конгресте М. Шоқай мен Будапешттен келген Ғалымжан Таған «ант беріп, ұйымға мүше болып кірді» дейді. А. Қара мұны А.З. Валидидің «Естеліктері» негізінде жазып отырған болуы керек. Бірақ башқұрт қайраткері А.З. Валиди Тоған мен М. Шоқай «ұлттық бірлік мақсаттары мен ісіне адал болуға ант берді» деп көрсетеді. Ал Валидидің қазақ қайтаткерлерінің ТҰБ-не күдіктеніп барып қосылғандығы жөніндегі тұжырымы ұйымының хаттамаларымен, басқа да құжаттармен салыстыруды қажет етеді. М. Шоқай ТҰБ-нің құрылуының алғашқы күндерінен-ақ ұйымның Еуропадағы өкілі болып тағайындалуына байланысты сырттай мүшесі болып қабылданған еді. Әңгіме Түркістанның дербес мемлекет болуы, не болмаса Ресей демократиялық республикасы құрамындағы автономия үшін күрес жүргізілуі жөнінде болуы тиіс. Оған қоса А.З. Валидидің еңбектерінде өзін дәріптеуге, Түркістан ұлттық қозғалысындағы жетекшілік рөлін, ТҰБ-нің негізін қалағандығын асыра бағалаушылық айқын баға берген. Бұл жағдай А. Қараның да еңбегіне белгілі дәрежеде әсер еткен.

1925 жылдың 12 мамырында ТҰБ-нің Еуропадағы тағы бір жиналысы өткізіліп, онда ұйымның орталығы Ыстамбұлда болуына және шығарылуға тиісті «Йени Түркістан» газетінің тілі, бағдарламасы жөнінде шешімдер қабылданды. 1927 жылдың ақпан айында Гейдельберг (Германия) қаласында өткен кезекті мәжілісте М. Шоқай кеңес өкіметінің Түркістандағы ұлт саясатына арналған баяндама жасайды.

ТҰБ-нің сол жылдың наурыз айында Ыстамбұлда өткен конгресінде

М. Шоқайдың Еуропадағы өкілдігі бекітілді. Жиынға А.З. Валиди, Осман Қожаев, Бұхара Халық Республикасының бұрынғы қаржы министрі Насыр Махмуд, Мустафа Шахкули Абдулқадр Инан қатысты. «Йени Түркістан» журналын Абдулқадр Инанның басқаруы мен шығаруы жоспарланды. Ол басылым А.З. Валиди мен А. Инанның редакторлығымен 1927 жылдың маусымынан бастап жарық көре бастады. ТҰБ-нің баспа органы ретінде М.Шоқайдың басшылығымен 1929 жылдың ақпанынан Берлинде «Яш Түркістан» журналы шығарылады.

ТҰБ-нің жұмысын жолға қою, эмиграциядағы азаттық қозғалысы жетекшілерінің бір мақсат жолында басқаратын біріктіру оңайға түспеді. «Түркістан Ұлттық комитеті», «Түркістан Ұлттық одағы» «Орта Азия комитеті» деген бұрын жеке-жеке құрылған ұйымдардың ТҰБ атынан емес, өз алдына дербес әрекет етуге тырысушылығы орын алады. Ұйым басшыларының араларындағы пендешілікке негізделген түсінбеушіліктер, кеңес барлау органдарының іріткілік әрекеттері де ұйымға теріс ықпалын тигізеді. Әсіресе А.З. Валидидің М. Шоқайды орынсыз кінәлауы, қазақ қайраткерінің орыс эмигранттарының баспасөздерімен шығармашылық қарым-қатынаста болуын ұйым мақсатына кереғар келеді деп пайымдауы үлкен алаңдаушылық туғызады. Осы себепті 1927 жылы М.Шоқай «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының Орталық Комитеті құрамынан шығып кетеді.

М. Шоқай мен А. Валиди араларындағы кикілжіңнің бір қыры «Йени Түркістан» журналының идеялық бағытына нұқсан келтіретін кейбір материалдардың жарық көруінен туындады.

Оның бір мысалы журналдың бірінші санында: «Халық сенімі бойынша, Түркістанды жаулап алғанда орыстарға Алла көмектескен, олардың әскерлерінің құрамында Қызыр Илиястың өзі болған», - деген мақаланың басылуы еді. Мұны М. Шоқай Түркістанның тәуелсіздігі үшін күресте бұл басылымның идеялық ұстанымының солқылдақтығын білдіреді деп есептейді. А. Валиди мен М. Шоқай араларындағы түсінбестіктің астарында олардың бұрынғы Бұхара әмірі Саид Мір Әлімханға да түрлі көзқараста болуы бар-ды. Башқұрт қайраткері «Прометей» журналында М. Шоқай жақтастарының әмірге қарсы ашықтан-ашық әшкерелеу материалдарын жариялауға қарсы шықты. Мұстафа болса, тәуелсіздік идеологиясын бопсалау, бүркемелеумен қалыптастырудың мүмкін еместігі туралы бас тартпады. А.З. Валидидің «Түркістан Ұлттық Бірлігінен» шығып, өз алдына башқұрт ұйымын құруы мұғызарлар арасында қолдау таба қоймады. Түркістандықтар мен башқұрттар арасында текетіреске әкелуі мүмкін мұндай әрекеттің зиандылығы жөнінде М. Шоқай 1929 жылдың 14 маусымында Т. Дабровскийге жазған хатында үлкен алаңдаушылық білдірді.

А.З. Валиди өзінің бұл ісін ТҰБ-нің федеративтік сипатымен, оны құрған өзбек тер, қазақтар және башқұрттар екендігімен түсіндіргісі келеді. 1929 жылы осы жікшілдік әрекеті үшін және М.Шоқайды негізсіз кінәлауына байланысты А.З. Валиди ТҰБ-не мүшеліктен де, оның Орталық Комитеті құрамынан да шығарылды. М. Шоқайдың ТҰБ-нің Орталық

Комитетіне мүшелігі қалпына келтірілді. Орталық Комитеттің төрағаларына Осман Қожаев сайланды. Оның басқаруындағы ТҰБ-нің мардымды жұмысы 1933 жылы 12 қараша күні Қашқарда тәуелсіз Шығыс Түркістан Республикасымен қатынас орнатуы болды. Түркі халықтарының бір бөлігінің жеңісін ТҰБ мүшелері үлкен қуанышпен қарсы алды.

ТҰБ-нің соңғы конгресі 1939 жылы 24 наурыз – 2 сәуір аралығында Берлинде өтті. Конгреске М. Шоқай, Тахир Шағатай, Междеддин Делил, Шакир Ибрахимоглы, Абдулахап Оқтай қатысады. Түркия үкіметінің шешімі бойынша қоныс аударуға мәжбүр болып, Варшавада тұрып жатқан О.Қожаев ұйым мүшелігінен шығарылып, оның төрағалығынан босатылады. Ұйымды басқаратын орталық құрамына М. Шоқай (төраға), М. Делил, Тахир Шағатай сайланды. Конгрестің шешімі бойынша ТҰБ орталығының БИстамбұлдан Еуропа қалаларының біріне көшірілуі ұйғарылды.

Алайда А.З. Валиди ТҰБ басшылығынан босатылған кезден бастап іс жүзінде ұйымды М. Шоқай басқарғанға ұқсайды. А.З. Валиди мен М. Шоқайдың хаттарын түрлі мұрағат материалдармен салыстыра зерттеп, «Ресей эмиграциясының тарихынан» деген жинаққа жазылған кіріспе авторы В.П. Булдаков осындай түйінге келді. Ол, тіпті, бұл билікті «ешкіммен бөліспеді» деп көрсетті. ТҰБ Орталық Комитеттің төрағаларына О.Қожаевтың сайлануы жөнінде жазып отырған А. Қараның өзі де 1928 (1929 жылы болуы керек) жылдан бастап бұл ұйым «М. Шоқайдың рухани жетекшілігімен жұмыс істегенін» мойындайды.

ТҰО ның Берлинде өткізген осы соңғы конгресінен кейін қандай да бір маңызды жұмыс атқаруға мұрша келмеді. 1939 жылы басталған және күн өткен сайын ушыға түскен ІІ дүниежүзілік соғыстың аласапыран жағдайында одақтың жұмыс атқаруы да мүмкін емес еді. 1929 жылдан бері үздіксіз шығып тұрған "Яш Түркістан" журналы да соғысқа байланысты сол жылдың қыркүйек айынан бастап тоқтап қалды. Ал екі жылдан соң, 1941 жылы Шоқайдың Берлинде қайтыс болуымен жетекшісінен айырылған ТҰО- ның іс қимылы біржолата тоқтады. Сонымен, 1920 жылы А.З.Валидидің бастамасымен Самарқанта құрылған, 1928 жылдан бастап Шоқайдың рухани жетекшілігімен жұмысын Түркия мен Еуропада жалғастырған күресін ТҰО он тоғыз жыл бойы большевизмге қарсы Түркістан ұлт-азаттық күресіне бағыт бағдар берген ұйым ретінде тарихта қалды. Шоқайдан кейінгі Тахир Шағатай ТҰО ның миссиясын жалғастыруға күш жұмсағанымен, бірақ табысты болмады. Мұстафа Шоқайұлының осыншама еңбегінің негізгі мақсаты діні бір, тілі бір, мәдениеті ортақ халықтардың басын бір орталыққа біріктіретін «Біртұтас Түркістан идея негізіндегі» автономия құру еді.

Мұстафа Шоқайдың "Түркістан легионын" құрушы қанішер, кекшіл адам ретінде көрсетуді қолдайтын авторлар жоқ емес. Бұл шындыққа мүлдем жанаспайтын тұжырым. Олай дейтініміз Мұстафа Шоқайұлының "Түркістан легионы" сияқты әскери құрылым өмірге келгенге дейін өмірден өткені дәлел бола алатын фактілер жеткілікті. Соның бірнешеуін келтіре кетейік. Бұл ретте ең нақтылы дерек - Мұстафа Шоқайұлының жары Мария Шоқай естелігі. Міне, осы естелігінде Мария Яковлевна Берлин қаласының

"Виктория" ауруханасында 1941 жылы 27 желтоқсанда өмірден қайтқан жары Мұстафаның бейнесімен соңғы рет қоштасқаны туралы мынадай деп жазады: «Шыны 4 қабырғаның ар жағында, ағаш табыттың ішінде Мұстафа үстінде жібек пижамасымен жатыр екен. Бетін ақ матамен жауып қойыпты, қолдары қарнының тұсында айқасқан, ұйықтап жатқанға ұқсайды, жүзі жасарып кеткендей көрінді. Өлген емес, қатты ұйықтап кеткендей көрінді. Қарсы қабырғаға табыттың қаңқасын сүйеп қойыпты. Мен Парижден Құран, сәлде әкелген болатынмын. Қолының үстіне Құранды қойдық, тақия мен сәлдені мұсылмандар әдетіндей басына кигіздік».

Мария Яковлевна Шоқайдың осы естелігінен кейін, Махмут Айдарлы дегеннің "Опасыздардың айлалары" атты кітабында Мұстафа Шоқай 1942 жылы өлді деген дерегін үзілді-кесілді жоққа шығарады. Сондай-ақ, жарының басына қойылған құлпытасқа "27. 12. 1941" деп ойдырып жазылған. Міне, бұл негізгі деректер Мұстафа Шоқайұлының «Түркістан легионы» құрылып, күшіне енгенге дейін өмірден өткенін дәлелдеп отыр. Тахир Шағатайдың кітабында М. Шоқайға «у беріліп өлтірілді. Өз ажалымен өлген жоқ деген дауға да орын берілген. Сондай-ақ онда: «Өмірінде ұзақ жылдар қоғамға қызмет істеген және бүгін біз аманатына күзетшілік етіп отырған Түркістанның ұлттық бірлігі мен азаттық қимылының көсемі марқұм Мұстафа Шоқайға сілтеме жасағандар бізді солай түзетіп жасауға мәжбүр етті».- деп көрсетілді.

Т. Шағатай мен А. Оқтайдың М. Шоқайдың жеке архивтерінің бір бөлігіне, әсіресе соңғы кездегі жазғандарына ие болғанын аңғартады.

Зерттеу барысын сараптай келе, 1995 жылдың қыркүйек айында Кельн қаласынан доктор Баймырза Хайт арнайы сапармен келді. Қазақ ұлттық университетінде үлкен ғылыми конференция ұйымдастырды. Конференцияны ұйымдастырған философия ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Қасымжанов, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ. Қойгелдиев. Конференцияда көптеген сауалдар қойылды, пікір таластар болды, сонда өзі болған легион жайлы Баймырза Хайт былай деді: «Мен 1941 жылы соғыс басталғаннан кейін бір айдан соң пленге түстім, пленде бір миллион жеті жүз мың түркістандықтар бар еді. Неміс пленінде жүргенде түркістандықтар шағатай тілінде Абайдың, Мақтымқұлдың өлеңдерін оқығанда бір миллион жеті жүз мың түркістандық өте мұқият тыңдаған еді. Бірақ ауру көп, тамақ, киім жетіспейтін еді. Бір күні 3-4 неміс офицерімен бірге орысша киінген бір азамат келді. Ол кісі менің атымды сұрады, мен айттым, жерімді сұрады, сонда мен «Ферғанаданмын» дедім. Өзі танитын біраз кісілерді айтты, мен таныдым. Содан кейін менің мамандығымды сұрады, түрмеде көптеген адамдар аштан өліп жатқаннан кейін мен «технологпын» дедім, ол кісі ойланып тұрып: «Түркістанда Мұстафа Шоқайды естіп пе едің», - деді, мен айтып бердім. Содан соң ол менің саясаттан хабарымның бар екенін біліп, «шыныңды айт, қайсысына оқып едің» дейді. Мен шынымды айттым. Содан соң жағдайымыз түзеле бастады. Мені неміс офицерлеріне айтып «бұл бізге керек, Түркістанның тарихын біледі» деп, сөйтіп аман қалдым.



Түркістандық тұтқындардың жағдайымен әбден таныс болған Мұстафа Шоқай жұбайына жолдаған хатында мынадай жолдар бар еді: "Мен көмек сұрап, үміт күткен осы бақытсыз бейшараларға ешқандай жәрдем жасай алмағаным үшін жан азабын шегудемін... Мұндай жағдайда бұдан әрі шыдай алатын түрім жоқ, өлгенім артық. Кеше отыз бес адамды ату жазасынан құтқардым, бірақ та қашанға дейін екені белгісіз. Оларды бір орға тізіп қойды, қазір қазан айы, ал олар болса жаздық киімдерімен, жартылай жалаңаш, суықтан қорғану үшін топырақтан пана жасау үшін қолдарымен жерді қазуда. Оларға итке тастаған сияқты нан тастайды, су атымен жоқ. Оларға тақтай, бөз немесе сабан сияқты әйтеуір жылылау қорған болатын нәрсе берулерін өтіндім. Берді ме, бермеді ме, ол да белгісіз. Айуаннан да бетер бұл "мәдениетті адамдар". Неміс халқы өздерін мәдениетті халықпыз деп санайды, бұлардың адам басына жасаған зұлымдығы мен қиянатын ХІІІ ғасырда әлемді жаулаушы Шыңғысхан істемеген; мұны көре тұра, мен мәдениетті халық санамаймын, менің өлгім келеді. Осы "өлу" сөзімен хатымды аяқтағым келеді".

Мұстафа Шоқай тек қана түркістандықтар алдында ғана абыройлы болмаған. Оның осындай қадірлі есімі мен беделін фашистік вермахта да пайдаланғысы келген. Бірақ фашистермен қызметтес болуды қаламады, ол сондай-ақ Кеңес үкіметінің де саясатын қабылдамайды. Демек, сол кездегі ахуалды жақсы түсінген, кемел ойлы Мұстафа Шоқай екі оттың арасына түскен отандастарына тығырықтан шығарар үшінші жолды ойлаған, ол қандай жол екенін тек Мұстафа Шоқайдың ғылыми мұраларын толық ашқанда білеміз. Ол көптеген ғылыми зерттеуді талап етеді. Алаш Орда партиясының негізін қалағандардың бірі Мұстафа Шоқай еңбектері саяси теориялық жағынан талданып, іс жүзінде қолдану жолдарын іздестіретін. Бұған Гитлер мен Сталиннің зұлым саясаттары да түрткі болды. Сталин алашорданың басшыларын да, Францияда саяси пана тапқан Шоқайды да "ұлтшыл" деп қаралады. Атына қара күйе жағылған Шоқайдың ұлтшылдығын неміс зерттеушісі былай сипаттайды: "Легионшылар мен комитет мүшелерін ұлтшыл деп атайтын болсақ, "ұлтшыл" деген ұғымды түсіндіре кету керек. Ұлтшылдардың озбыр түрі болады. Әдетте, әсіресе, саны аз, кіші ұлттарға қолданылады. Мұның айқын мысалы - фашизм. Ұлтшылдықтың басқа да түрі бар. Ол біреуге қарсы емес, керісінше, халықтың тәуелсіздігі үшін жүргізген күрестің негізі болып, демократиялық идеялармен ұштасады. Оны демократияның алғашқы сатысы деп атауға болады. Мұстафа Шоқай және легион құрамындағы саяси күрескерлердің ұлтшылдығы дәл осы екінші түрге жатады. Ұлтшылдықтың бұл түрін ұлттық сана-сезімнің өркендеуінің бір көрінісі деп тану керек."

Әр алуан деректер бойынша, 1942 ж. көктемінде құрылған "Түркістан легионы" құрамында болғандардың саны жүз сексен мыңнан екі жүз елу мыңға жетіп, бұл әскери құрылым шығыс легиондар арасында ең үлкені болыпты. Десе де, Мұстафа Шоқай мұндай әскери құрылымды қажет деп таппаған, тіпті қарадай қарсы болған. Өйткені, оның пікірінше, фашистер лагерьлерінде зұлымдық, айуандықтан зардап шеккен жандарды

қайтадан қанды соғысқа айдап салу - адамгершілікке жатпайтын іс. Оның орнына оларды фабрика мен заводтарға жұмыс істеу идеясын ұсынды.

"Түркістан легионының" құрылуын ой елегінен өткізе келе, бұл істің іске асыру мақсаттарын немістер соғыс болмай жатып ойластырған. Себебі Совет Одағына тарпа бас салуға фашистік рейх мұқият дайындалды. Большевизмнен ұлтшыл-социалистік Германияның ең басты қас дұшпанының бейнесін көрген Германия дипломатиясы сонау 30-шы жылдардың аяқ шегінен бастап-ақ болашақ қарсыласы жөнінде деректер жинай бастайды. Сол себепті пантуранизм мен пантюркизмге қызығушылық кездейсоқтық емес ті, өйткені рейх большевизмге қарсы күресте КСРО-дағы саны көп түркі халықтары өкілдерін қатыстыруды көздеген болатын. Бұған қоса "түркі халықтарын" ояту арқылы Германия Түркияға қысым көрсетуді де ойластырған сыңайлы. (Гилязов И. «Пантюркизм, Пантуранизм және Германия», «Этнографиялық шолу». Ресей Ғылым Академиясы.-Мәскеу, 1992. №2.92-93 б.).

Сонымен, 1941 жылдың көктемінде Германия Сыртқы істер министрлігі жанынан Ресей мәселесіне қатысты істер жөнінде Комитет құрылды да, ол совет-герман соғысы басталысымен Шығыс министрлігіне (Остминиструм) өзгертіледі. Оны Альфред Розенберг басқарады, қызметкерлер арасында белгілі лингвист-ориентолог, профессор, КСРО-дағы түркі халықтары жөніндегі маман Герхард фон Менде бар еді. Кейінірек ол «Жат халықтар» атты ірі бөлімнің бастығы болады. Осылайша, совет-герман соғысы қарсаңында түркі халықтары мен пантюркизм жөніндегі ақпараттарды жинау дипломатикалық каналдар арқылы (баяндамалар мен Германияның Түркия мен КСРО-дағы елшілігінің хабарламалары) және фон Менде тәрізді ориенталист ғалымдар мен түрік-татар эмигранттарының көсемдерін осы іске тарту арқылы екі бағытта жүргізілді. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың зайыбы Мария Яковлевна Горина-Шоқайдың өз естеліктеріндегі Германияның Совет Одағына тұтқиылдан соғыс ашуы күні, яғни 22 маусымда Мұстафа Шоқайдың тұтқындалып, басқа да "кепілдікке алынған құрметті зиялылармен" Компен қорғанында қамалғаны туралы жазбаларының астарында жатқан саяси іс-әрекеттің мәні түсінікті болатындай. Дегенмен неміс рейхіне қолдау мәселесі жөніндегі пікірлердің бір арнаға тоғыспай, екі айырылғанын атап өткен жөн тәрізді. Мұстафа Шоқай Мехмет Элин Ресульзаде, Раяз Исхаки, Ахмед-Заки Валиди, Рашид Ризмати, Абдул-Рани Усман, Джафар Сейд-Ахмед тәрізді "Прометей" (Польшада құрылған ұйым) лигасына біріккен басқа түркі халықтары ұлттық қозғалысының көрнекті қайраткерлерімен бірге рейхтың Сыртқы істер министрлігінің "қара тізіміне" енгізіледі. Бірақ большевиктік идеологияға қаншама қаны қарайған өшпенділігі болғанымен, бұлар Гитлердің диктаторлық тәртібін қолдауға мүлдем құлықты емес-тін (Гилязов И. Көрсетілген еңбек. 95. б.). Немістердің түркі халқы жайлы негізгі ойы Совет Одағына қарсы пайдалану. Түркістан легионының құрылуы да осы мәселені негіздейді. 1941 жылы желтоқсан айының басында Альфред Розенберг

Гитлерге түріктік легиондарды құру идеясын қолдайтыны туралы есептік анықтама құжат жолдайды. Гитлер бұл идеяны толық қуаттайды (көрсетілген еңбек. Патрик фон цур Мюлен.58.б.).

Міне, біз бұл деректерден Түркістан легионының негізін қалаған Мұстафа Шоқай емес, гитлерлік немістердің өздерінің тікелей ұйымдастырумен құрылғанын аңғарамыз. Неміс өкіметі жоғары лауазымды басшыларының шығыс халықтарынан көмекші отряд жасақтау мәселесіндегі қарсылықтары жойылып, легиондарды ұйымдастыру турасында алғашқы жұмыс қолға алына бастады. Розенберг мұсылман және түркі тектес тұтқындардан көмекші жасақ жасақтау жөніндегі жобасын желтоқсан айының басында Гитлерге ұсынды. Гитлер жобаны бекітіп, 1941 жылы 22 желтоқсан күні неміс қарулы күштері құрамында түркістандықтардың, армяндықтардың, грузиндіктердің және Кавказ мұсылмандарының легиондарын құру туралы бұйрық берілді.

Легион жобасына Шоқай қалай қарағандығы туралы өз жазбаларында мағлұмат келтірмейді. Бірақ төл тарихшыларымыздың зерттеулерінше, Шоқай бұл жобаға жылы қарамаған, мүмкіндігінше одан тыс қалуға тырысқан деп айтады. Өйткені Шоқай бұл жобадан тыс қалуына бірнеше себеп бар еді. Ең бастысы шығыс халықтарын төменгі адамдар ретінде қараған ұлтшылдық идеологиясы еді. Гитлер Түркістан халықтарын қорлауда шектен шығып кетті. Оның пікірінше, Германия Кеңес территориясында билігін жүргізер болса, Орта Азияның түркі халықтарымен ешқандай да қарым-қатынас жасалмайды. Тек неміс ықпалы астында ұстап отыру мақсатында жыл сайын бір топ қырғызды неміс астанасына саяхатқа алып келуге болады. Бұдан басқа олармен қандай да бір байланыс орнатуға болмайды. Ал, шындығында, Шоқай саяси қайраткер ретінде халқын кемсітетіндермен ынтымақтастық жасай алмас еді. Бұдан бұрын баяндалғандай, Шоқай үшін халқының намысын қорғау барлық нәрседен жоғары тұратын. Большевиктерге қарсы саяси салада талай жылдар бойы бірге күрес жүргізген Керенскиймен ат құйрығын кесісіп, жолдарының айрылуының ең басты себебі осы жағдай болғанын жоғарыда айтып өттік. «Діни» газетінде түркістандық әйелдерді орангутанға теңеуі оны шектен шығарды. Ұлтшылдардың барлық Түркістан халқын қорлауы бұдан да бетер еді. Мұндай қорлауға Шоқайдың шыдауы мүмкін емес. Шоқай туралы жаңсақ айтылған пікір де осыдан кейін теріске шығады, яғни Түркістанның тәуелсіздігі үшін Шоқай Гитлермен одақтасты деген жалған пікір.

Шоқай ұлтшыл нәсілшілдіктің түркі татар халықтарын қорлаған әрекетіне тап болады. Лагерьді аралап жүргенде азиялық деп оны төмен көрген бір неміс өзіне жол бермегендігін желеу етіп шапалақпен тартып жібереді.

Шоқайдың ұлтшылдармен ынтымақтасудан аулақ болуына түрткі болған тағы бір маңызды себебі легион жобасы қабылданған тұста Германияның Орта Азия жөніндегі саясаты әлі белгіленбеген еді. Шоқай лагерьге қандай мақсатқа қызмет етіп жүргендігін білмегендіктен абыржулы болды.

Шоқай Түркістан легионына қатысудан бас тартты. "Яш Түркістан"

журналының барысында оған ұзақ жылдар бойы серік болып келген Тахир Шағатайдың жұбайы Саадет Шағатай да осындай пікір айтады. Шағатай Шоқайдың немістердің тұтқын жерлестерін орыстарға қарсы өз шептерінде соғысуға ынталандыру туралы талаптарына келіспегендігін атап өтеді. Оның айтуынша, Шоқай мұндай іс-қимылға үлес қоспайтындығын ашық түрде білдірген. Егер Шоқай Парижге аман-есен оралғанда, Шағатайға Түркістан легионы туралы ой - пікірлерін айтатын еді. Бірақ Шоқайға Парижге қайту бұйырмады. Шоқай бұдан былай тұтқындар лагерінде жұмыс істеуді қаламады. Соңғы барған Ченстохав лагерінен жұбайына жазған хатында: «Жұмыс қызықты емес, тұтқындарды санау ғана. Тез арада бұл жұмыстан босану керек және карантинде қамалып қалмауым керек», - деді.

Берлинге келген кезде Шоқайдың ыстығы 40 градуске көтерілді. Ол сүзек ауруы деген күмәнмен Виктория ауруханасына жатқызылады. Бір апта бойы көрсетілген ем еш нәтиже бермей, 1941 жылы 27 желтоқсан күні қайтыс болды. Неміс ресми қызметкерлері өлім себебі ретінде Ченстохав лагерінде жұқтырып алған сүзек ауруын көрсетті. Бірақ жұбайы Мария, жақын достары оның өліміне күмәнмен қараған. 1942 жылы 2 қаңтарда жұма күні Берлиндегі түрік қорымына жерленді. «Дұшпанымның дұшпаны досым» деген бір жалпы қағида бар. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес одағының жауы Гитлер болды. Мұстафа Шоқай да Кеңес одағына қарсы күресті. Сондықтан ол Гитлермен одақтасты деген пікір бар. Бұл қате пікір. Мұстафа Кеңес одағының өзіне жау болған жоқ. Ол сол одақтан ұлтының тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін күресті. Гитлердің Кеңес одағына өшпенділігі М. Шоқай үшін керек емес еді. Сондықтан ол немістер тұтқынға алған түркістандық әскерлерді көрсетіп, олардан әскер жасақтауға ұсыныс жасағанда: «Сіздер Кеңес одағын жеңіп жатсаңыздар Орта Азияға, Түркістанға тәуелсіздік бересіздер ме?», - деп сұраған еді. Бірақ немістер бұл сұраққа жауап бере алмады. Өйткені Германияның сыртқы істер министрлігінің мұрағаттарындағы деректерге қарасақ, немістердің ол кезде Түркістанға тәуелсіздік беру туралы ойы да, жоспары да болмағанын көреміз. Керісінше, бұлар Түркістанды большевиктерден әрі анайы, дөрекі, жабайы түрде қанауды ойластырған. Фашистік көзқарас бойынша немістер өздерін әлемдегі жоғары ұлт, жоғары нәсілді халық деп санайды. Ал өзгелерді, әсіресе моңғол, татар, өзбек, қазақ, қырғыз секілді азиялық халықтарды «унтерменш» (Untermensch) дейді, ол неміс тілінде «адамнан төменгі мақұлық» дегенді білдіреді. М. Шоқайдың мұндай адамдармен, мұндай идеологиямен істес болуы мүмкін емес. Егер ол Кеңес билігімен дұшпандық пікірде болса, елінің тәуелсіздігін ойламастан бірден Гитлерге қосылып, Кеңес одағы күйресін дейтін еді. Мұндай ой болған жоқ. Ол тек менің елім тәуелсіз болсын, өркениетті елдер секілді жоғары мәдениетте өмір сүрсін, ұлттық ерекшеліктерін, құндылықтарын сақтасын, деген пікірде болған. Өкінішке қарай, кеңестік идеология Шоқайды халыққа жау қылып көрсетіп, адамдардың санасына сатқын, деген көзқарасты мықтап қалыптастырды. Жетпіс жылда қалыптасқан осынау көзқарастан құтылу оңай емес. Тәуелсіздік алғанымызға 20 жыл болса да, Шоқайға әлі де күмәнмен

караушылар табылып жатыр. Оның шырмауынан толық айырылу үшін сана жаңғыру керек. Оны жүзеге асыратын тек тәуелсіз елдің жас ғалымдары болмақ.

Түркістан ұлтшылдарының ел тәуелсіздігі жөніндегі арманы жарты ғасырдан кейін ғана жүзеге асырып отыр. Мұстафа Шоқай көрегендікпен айтқандай таптық большевиктік идеология күйреп тынды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы саяси дамудың демократиялық жолын таңдап алып, өз қалауын елдің Конституциясында бекітті. Әлемдік қауымдастыққа халық алдында өзінің өткен жолын ой таразысынан өткізу мен жаңа идеология аясында қоғамның әрі қарай даму стратегиясын айқындау мәселесін тартады. Бірақ бұл идеология енді таптық емес, адамгершілік көзқарастар мен идеялар жүйесінің шынайы өмір құндылықтарын бағалауға қызмет ететін бағыты басшылыққа алған идеология болуы тиіс. Бұл жердегі таңдау біреу-ақ, яғни өткен, қазіргі және болашақ оқиғаларды бағалауға әлемдік қауымдастық қалап алған жалпы адамзаттық, гуманистік тұрғыдан келу болмақ. М. Шоқайдың "Біртұтас Түркістан" концепциясы жеке бір оқиға ғана емес, керісінше, терең иірімді, саяси мәні бар ауқымды бір тарихи саяси процесс. Аталмыш мәселе біздің өзіміздің ұлтымыз, ұлтшылдығымыздың тағдыры мен еліміздің әлемдік қауымдастықта алатын орны жөнінде жоғары сана сезім тұрғысынан ойландыруға тиіс.

Уақыттың өзі көрсетіп бергендей, Түркістандағы социалистік құрылыс қазақ және басқа халықтарға ұлттық, азаттық пен қажет әлеуметтік-экономикалық гүлденуді қамтамасыз ете алған жоқ. Кеңестер Одағының ыдырауы, социалистік тәжірибенің жеңіліске ұшырауы соның айғағы. Олай болса, біздің бүгін Мұстафа Шоқай және басқа зиялы азаматтарымыз өмірін арнаған мемлекеттік дербестіктен бас тартуға ешқандай да құқымыз жоқ. Бұл Мұстафа Шоқай қатарында болған Алаш зиялылары қалдырған аманатқа құрмет және болашақ ұрпақтар алдындағы міндетіміз.

#### **Өзін тексеру сұрақтары:**

- М. Шоқайдың "Біртұтас Түркістан" идеясын талдаңыз
- М. Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарасын сипаттаңыз
- М. Шоқай – ағартушы саясаткер, демократ айқындаңыз
- М. Шоқайдың эмиграциялық күрескер нақтылаңыз
- М. Шоқай және тоталитарлық саяси жүйе сараптаңыз

#### **Өзіндік жұмыс тақырыптары:**

- М. Шоқай және эмиграциялық саяси күрес дәлелдеңіз
- М. Шоқай түрікшілдігі ашып көрсетіңіз
- М. Шоқай және большевиктік идеология қалай түсінесіз
- М. Шоқай кеңестік билік сипаттаңыз
- М. Шоқай және «Түркістан легионы» байланысын көрсетіңіз

---

### 6.3. Міржақып Дулатов «Оян қазақ» саяси-әлеуметтік көзқарасы



**Міржақып Дулатов (1885-1935)** 1885 жылы 25 қараша бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Сарықопа болысында, қазіргі Жангелдин ауданында, Қызбел ауылында туған. Әкесі Дулат әжептеуір ескіше оқыған, өз дәулеті өзіне жетерліктей дөңгелек қана шаруасы бар, тауфихты адам болса керек. Балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, содан соң орысша оқытып, заң қызыметіне бейімдеп үлгерген Дулат кіші баласы Міржақыпты да сол дәстүрмен ә дегенде ауыл молдасына береді. Бірақ Жақанның (Міржақыпты кейін ел солай атап кеткен) өз айтуынша, екі жыл азап шеккеннен басқа ештеңе ала алмағаннан кейін, әкесі оны молдадан шығарып алып, ауылдық мектепке орысша оқытатын Мұқан Тоқтабайұлы деген мұғалімге береді.

«Менің алғаш білімге көзімді ашқан сол кісі еді», - дейтін Жақанның тағы бір сөзі оның өнер-білім жолындағы ұзақ жылдар бойғы жемісті ізденістерінің бастауы дәл сол Торғайдың өз топырағында жатқанын аңғартса керек. Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған жас өспірімнің бұдан былайғы тәрбие қамқорлығы Асқар ағасының мойнында қалады. 1897 жылы ол Торғай қаласындағы екі класстық орыс-қазақ мектебіне түседі де, бес жыл оқып, 1902 жылы оны ойдағыдай бітіріп шығады. Содан алты-жеті жыл бойы ел ішінде, ауыл мектептерінде бала оқытады. Әлі шәкірт жасындағы ұстаз жігіттің кейінгі өмірінде кеңінен өріс алған белсенді, әлеуметтік, саяси, шығармашылық қызыметі, міне, осы кездерден басталады. Міржақып туралы сөз қозғағанда, біздің де жітірек ойланып, оның өмір жолына үңіле қарайтын тұсымыз осы.

Бұл қай кез еді? Уақыт жағынан алсақ, талай халықтардың үстінен небір сұрапыл дауылдарды соқтырып өткен XX ғасырдың басы. Ал қазақ қауымының хал-жағдайына орайластыра ой жіберсек, бұл кезең даланың денесіне жан бітіп, қимылға келе бастаған кезі. Өкметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалықтың қазақ даласында отаршылдықты күрт күшейтіп, шаруашылық жағдайы онсызда оңала алмай жүрген панасыз елге тізесін батыра түскен жылдар еді. Өткен ғасырдың аяқ кезіндегі аты шулы сталин заңынан кейін басыбайлы құлдықтан босатылған орыс шаруалары

қазақ өлкесіне көшіріліп, патша әкімшілігінің зорлығымен жергілікті халықтың оты-суы мол, ең шұрайлы жерлері жаңа қоныстанушыларға тартып әперілген.

Бұл жағдай сол кезде көзі ашылып, ұлттық сана-сезімдері оянып, туған халқының өмірін ойлай бастаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салды. Олар адамзаттың тарихи көшінен қаға беріс қалып, марғау жатқан елдің тығырықтан шығар жерін іздестіріп шарқ ұрды. Сол қапастан құтылудың ең бірінші қамы-іргелі елдің қатарына қосылып, өнер-білімге тартылу деп білген олар өздерінен бұрын өткен ағартушы ағаларының дәстүрін жалғастырып, қалың бұқара арасында осы бағытта насихат жұмысын өрістетті. Алғашында осындай таза ағартушылық сарында туындап, кейін саяси сипат ала бастаған бұл қозғалыс ғасырдың бас кезінде патшалықтың саяси дағдарысқа ұшырауы, елдің әртүрлі ұлттық аймақтарында, әсіресе біздің түркі тілдес ағайындардың арасында ұлт-азаттық, либералдық-демократиялық сарындағы сана-сезімнің ояна бастауы жағдайында анық әлеуметтік құбылыс дәрежесінде бой көрсете бастаған.

Міне, осындай тарихи ахуалда ел ішінде жас ұрпаққа білім ұрығын сеуіп жүрген Міржақып сияқты көңілі сергек, көкірегі ояу жас мұғалім халықтың тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік мәселелерден оқшауланып самарқау қала алмағаны, әрине, заңды еді. Қалың қазақы ортадан шығып, айналасы- жылдың ішінде уездік мектептен дүниелік пәндердің негізі жөнінде жалпылама ғана мағлұмат алып шыққан жас жігіттің болашақта үлкен білімдар болып шығуы үшін және заманның аяқ алысын аңғарып, соған қарай қарекет жасайтын қайраткер болып қалыптасуы үшін, өзгені былай қойғанда, мынадай екі қасиет қажет сияқты болып көрінеді. Біріншісі- мектептен алған білімдік-танымдық мағлұматтарды өздігінен оқу арқылы жүйеге келтіріп жетілдіру және екіншісі- сол білгенін ел өмірімен салыстырып, оның тілек-талабына бағындыра біліп, соған орайластыра іс-қимыл жасауға бейімделу. Жасы жиырмаға толмаған балаң жігіттің бойында осы екі қасиеттің екеуі де бар еді. Оның үстіне, іздену үстінде түйгенін де, күн сайын көзі көре жүріп, өзгеге айтқысы келген әсерін де жұрт көңіліне қонымды өлең шумақтарымен жеткізе алатын, табиғаттың бағалы сыйындай ақындық дарын да жігіт бойынан белгі бере бастап еді.

Сол кездің өзінде Міржақып осынау тың сонарда алдынан із салып кеткен Ахмет ағасының есімін де еміс-еміс естіп жүретін. Өйткені жақсының аты әрбір қыр асқан сайын өсіп зорайып отыратын қазақ даласында осы өңірдің өз түлегі, кешегі Байтұрсынның ұрпағы Ахметтің сонау Қарқаралы жақты дүбірлеткен атақ-даңқы Торғай табанында да жаңғыртып жатпауы мүмкін емес еді. Ыстық көңілге соны нысана етті ме әлде қалың өмірдің қайнаған ортасын аңсады ма, қалай болғанда да Міржақып алыс та ұзақ сапарға аттанып, сол кезде Арқадағы қазақ оқығандарының бас қосатын бір орталығы- Омбы қаласына тартады.

Бұл, жаңағы айтқанымыздай, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық бірінші революцияның қарсаңында ел іші дүрлігіп, қоғамдық қозғалыс қазандай қайнап, бұрқырап тұрған шақ болатын.

Соның дүмпуімен қазақ даласында да жұртшылық пікірі ел тағдырына байланысты ірі-ірі әлеуметтік мәселелер деңгейіне көтеріліп жалпы көпшіліктің санасына орныға бастаған. Қарқаралыға алғаш келгенде уездік мектептің мұғалімдігінен бастап, аз жыл ішінде қалалық училищенің жетекші ұстазына айналған Ахаң бұл кезде бүкіл қыр еліне әлеуметтік қозғалыстың беделді басшысы ретінде танылып қалған болатын.

Кеменгер ұстаз бен зейінді шәкіттің бірін бірі іштей ұғысуы ма әлде ұзақ жорықтарда қол бастаған қас батырмен қатерлі жолға бас байлаған қаһарман ұланның семсер сертгесуі ме, қалай болғанда да, бұдан былайғы бүкіл өмірлерін бір мақсаттың тәуекеліне тігіп, ақтық демдері біткенше жұп жазбай өткен екі есіл ердің алғаш рет жүздесіп, кездескен жері осы Омбы қаласы болып еді. Олардың бір-бірімен табысу, түсінісу, сырласу сұхбаттарының қай мазмұнда, қай бағытта өткенін анық білмесек те, нәтиженің қалай болғанын дәлелдейтін дерек-дәл сол Міржақып Ахмет ағасына еріп, Омбыдан Қарқаралыға беттейді.

Осында әуелі астыртын жұмыстан басталып, кейін жария сипат алған революциялық жұмысқа белсене араласады. «Революциялық» деген сөзді біз бұл жерде қателесіп немесе кездейсоқ айтып отырғанымыз жоқ.

Міржақыптың Ахмет Байтұрсынов туралы жазған өмірбаяндық очеркінен алып отырмыз. «XX ғасырдың бас кезінде Қарқаралыда тұрған Ахмет Байтұрсынов революциялық қозғалыстарға қатысады әуелгі кезде астыртын жұмыс істеп, соңынан, 1905 жылы 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін, қазақ бұқарасының көрнекті де белсенді басшыларының бірі болады». Бұл-осы оқиғалардың қалың ортасында жүрген Міржақып сөзі. Енді осы қозғалыстың мәнін ашып көрсету үшін сол А. Байтұрсынов турасында 1922 жылы жазылған М. Әуезовтің мақаласына жүгінейік: «1905 жылы Қарқаралыға Ахаң менен біраз оқығандар бас қосып, үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз, тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші-жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұрады. Екінші-қазақ жеріне земство беруді сұраған. Үшінші-отаршылдықтың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осы болғандықтан, Ахаң бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған». Ендеше, сол «Ахаңдар» деген ұғымның ішінде жалынды сөзімен, жастық жігерімен жұртты елең еткізетін айтқыш жігіт Міржақып та жүргенін біз күні бүгін көз алдымызға айқын елестете аламыз.

Міржақып Дулатовтың Творчестволық мұрасы жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысында келтірілген: «1905 жыл революциялық оқиғалар тұсында ол Қарқаралыда шеруге қатысқандар қатарында болады» деген мағұлматты да біз осы тұрғыдан түсінеміз. Осындай қызу қимылмен көзге түскен жиырмадағы жас жігіт осы сапарында қазақ Конституциялық – демократиялық партиясының



Оралдағы съезіне қатысады да, соның делегаттары қатарында 1906 жылы Петербургке барады. Кеше ғана Торғай топырағынан аттанған ауыл мұғалімінің әлеуметтік-саяси көзқарастарының қалыптасуына, ой-өрісінің кеңейіп, ішкі сенімдерінің беки түсуінің бұл сапардың шешуші маңызы болғаны, әрине түсінікті. Саяси күрескерліктің алғашқы сабақтарын Омбы мен Қарқаралыда Ә. Бөкейханов мен А. Байтұрсынов мектебінен алынған Міржақып астанаға барғанда одан әрі кеңейтіп, пысықтай түседі. Сол замандағы ұлттық, демократиялық қозғалыстың, басқа да бірсыпыра қайраткерлерімен жүздесіп, танысады. 1907 жылы Петербургте шыққын «Серке» шыққан Міржақыптың «Жастарға» деген өленінің басылу сырында да осындай сабақтастық қисын бар еді. Ал осы газеттің жарық көре алмай кеткен екінші санында Дулатов қаламынан туғын « Біздің мақтанышымыз» атты басмақала бар екен. Газеттің шықпай жатып тұншықтырылуына басты бір себеп те осы мақала болса керек.

Өйткені осыдан екі жыл кейін жарық көрген «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы конфескеленіп, автор патшалықтың қызметкерлерінің тағатын негізгі кінәсінің өзі – сол Петербургте тұтқындалған газет мақаласының идеяларын әрі қарай уағызындығы деп көрсетілген. Демек, айтылмыш мақаланы сол кездегі қазақ қауымында қалыптасып келе жатқан қоғамдақ ой пікірдің, қазақ даласында анық бой көрсеткен әлеуметтік қозғалыстың көрінісі деп жоруға болатын сияқты. Патшалықтың әкімшіліктің зәресі кетіп, үріккені де сол болуы керек.

Міржақып Петербург сапарынан туған Торғайында белсенді қайраткер, саяси күрескер ғана емес, сонымен қатар шабытты ақын да болып оралды. Сонау мектептегі шәкірт кезінде әредік ойына оралып кететін ұйқасты ырғақтарға қаншама мән бермей жүрсе де, одан берігіректе ауыл мұғалімі болған кезінде сабақ арасында оймен қалған оңашалықта сүйкей салған шумақтарды болашағым осы болар-ау деп ешқашан ойламаса да, мына сапардан кейін, өз өлеңі «Петерболда тасқа басылып» газет бетіне шыққанын көргенін айтсам-ау деп көкейін тесіп жүрген бір ойын жастарға өлең арқылы тәп-тәуір етіп жеткізе алғанын сезігінде, ол өз бойындағы дарын нышанына мүлде басқаша қарайтын болады. Енді ол бүгінгідей шабытқа беріледі. Ойына түйген жайларды, айналасындағы ел-жұртына айтар сөзін ол дереу өлең жолдарына өріп, қағазға түсіре бастайды. Сөйтіп, біріне бірін жалғастыра, жеделдете жазып, әр түрлі ішінде әжептеуір жүгін айқын түсінген ақын дереу Уфа қаласындағы «Шәрк» баспасынан « Оян, қазақ!» деген атпен 1909 жылы бастырып шығарады.

Дәл сол жылы қазақ халқының өз тілінде, оның болашақтағы бүкіл интеллектуалдық қабілетінің жаршысындай, көркемдік ойлау мүмкіндіктерінің алғашқы қарлығаштарындай болып үш бірдей өлең кітабының баспа жүзінде жарық көруі біздің рухани-мәдени өміріміздің болашағы үшін тарихи оқиға болғанын осы тұста ерекше атап көрсеткіміз келеді. Олардың біріншісі - 1909 жылы Петербургтен Кәкітай бастырып шығарған Абай өлеңдерінің алғашқы жинағы. Екіншісі – Крылов шығармаларынан жедел аударып, тағы сол Петербургтен бастырып шығарған

Ахмет Байтұрсыновтың «40 мысалы». Үшіншісі – өзіміз сөз қылып отырған Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ». Бірақ бұл кітап жас авторға халық арасында абырой- беделмен бірге патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргінді ала келеді. Мұғалім жігіт тергеу орындарының бақылауына алынды. Ақыры ол туған жерден тайғақтап, өзі көрген Омбы жаққа, Ақмола облысындағы Қызылжар қаласына қарай жылыстап кетеді. Осының артынша «Оян, қазақ» та кәмпескеленеді.

Қызылжарға барғаннан кейін бақылауда жүрген Міржақыптың ресми орындарда белсене жұмыс істеуіне мүмкіндігі болмайды. Сот кеңесінде там-тұмдап, тілмаштық қызмет атқарады екен. Жеке адамдарға жалданып, мұғалімдік қызметін жалғастырады. Қазақ балаларына орыс тілінде сабақ береді. Сол кезде одан біраз уақыт Мағжан да дәріс алса керек.

Революция толқыны күшпен басылып, ел ішін реакцияның қара түтіні қайта торлаған кезде, әрбір қадамы санаулы болған саяси сенімсіз жігіт басқа қоғамдық қаракетке бара алмай, көбнесе шығармашылыққа шоғырланады. Тынымсыз ізденіс үстінде тың соналарға ұмтылып, қолға қалам сілтейді. Поэзияда қаламы төселіп қалған автор, енді жаңа бір шабытпен проза саласында, күрделі жанрды күш сынап көрмекші болады. Ол дереу жазуға кіріседі. Айтқандай-ақ шығарма тез жазылады да, дәл сол 1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» деген атпен басылып шығады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш роман осылай дүниеге келеді. Ақынның алғашқы жинағының жалпы идеясы мен онда топталған өлеңдерінің негізгі мазмұны “Оян, қазақ!” деген атынан-ақ көрініп тұр. Автордың алдына қойған мақсаты мен айтайын деген ойы төрт жолдық беташарға түгел сыйғызылған:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,  
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Патшаның отарлау саясаты, халықтың өнер-білімінен мақұрым қалуы, тұрмыс күйінің күйзелісі, тағы-тағы неше түрлі қасірет атаулы осы төрт жолға толық сыйғызылған.

Жинақтың қара сөзбен жазылған шағын кіріспесінен кейінгі “Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі” деген өлеңінде халықтың басындағы ауыр жағдайды айта келіп, оның тағдырын ойлап толғану, оның елдік мүддесіне қызмет ету әрбір саналы азаматтың ең бірінші борышы екенін ақын былай деп түйіндейді:

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,  
Ай тумай, күні һәм шықпай, тұр таң атпай?  
Сөндірмей жанған өртті көрген адам,  
Қалайша түру мүмкін жанға батпай?!

Содан кейінгі “Қазақ халқының бұрынғы мағишаты”, “Қазақ жерлері” сияқты өлеңдерінде ақын халқымыздың әрегіректе өз бетімен емін-еркін көшіп-қонып жүрген заманын еске алады, оның елдік салтын, жақсы

дәстүрлерін жырға қосады.

**Өзін тексеру сұрақтары:**

- М. Дулатов шығармашылығының рухани бастауларын қалай түсінесіз
- М. Дулатов дүниетанымының қалыптасуының негіздерін түсіндіріңіз
- М. Дулатовтың шығармашылығы мен қызметін салыстырмалы түрде сипаттаңыз
- М. Дулатовтың қазақ философиясында алатын орнын талдаңыз
- М. Дулатовтың ағартушылық идеяларын айқындаңыз

**Өзіндік жұмыс сұрақтары:**

- М. Дулатовтың Оян Қазақ еңбегінің философиялық аспектілерін суреттеңіз
- М. Дулатовтың патшаның отарлау саясатына қарсы күресін сараптаңыз
- М. Дулатов шығармаларының маңыздылығын ашып беріңіз
- М. Дулатовтың «Оян Қазақ» еңбегін жазудың мақсатын сипаттаңыз
- М. Дулатов саяси-әлеуметтік көзқарастарын нақтылаңыз

---

#### 6.4. Ахмет Байтұрсынов - ұлағаты ұстаз, ғалым



**Ахмет Байтұрсынов(1873-1938 ж.ж)** Адамзат бір ғасыр таусылып, жаңа мыңжылдық басталар тұсты тым дегбірсіздене күткендей. Ол түсінікті де. Қай межеден де қапы қалмастай боп, абайлап аттағанның айыбы жоқ. Ондайда “Қайтпек керек?” дейтін сауал “Бұрынғылар қайткен екен?” деген сауалға ұласады. Сонда төл тарихында қобалжыған көңіл алаңын толымды жауаппен тойтара алатындай тұрлаулы тұлғалар табылғаны қандай ғанибет!

Құдайға шүкір, қазақ даласы қай заманда да ондай марқасқаларға кенде болмапты. Солардың ішінде дәл осы ғасыр басындағы аңтарылыста жұртына жоралылық көрсете алған қолбасшы топтың өмірі мен өнегесі біз үшін тым қымбат. Өйткені ол ұрпақ пен бүгінгі ұрпақ, түптеп келгенде, бір арқанның екі ұшын ұстап тұр. Ол – жиырмасыншы ғасыр деп аталатын қазіргі жер басып жүрген ұрпақтардың барған сайын ширыға түскен шытырман тіршілігінің арқауы.

Байтұрсынов ықыласы ауған қай салада да ең үлкен беделге ие болды. Әдеби мұрамызды жазуда, зерттеуде, насихаттауда арғы-бергі айтулы шығыстанушыларымен қатар тұрады. Өнер мен мәдениет теориясын жасақтауда күллі түркі дүниесінде ең бірінші боп батыл қадамдарға бара алды. Оның «Әдебиет танытқышы енді қаз тұра бастаған көбең әдебиет түгіл, әлем мойындаған кемел әдебиеттің өзіне де көрік қоса алатын сүбелі еңбек еді. Маса мен Қырық мысал өткелекте тұрған ұлт өмірінің ең зәру мәселелеріне ең дәру жауаптар іздеді. Ол бұрын ұтқыр да өткір шешен сөзге ғана құлақ асып қалған жұртшылыққа енді істің байыбына барып, мәселенің мәйегін аршып, еліктіре сөйлеудің орнына ежіктей сөйлейтін шынайы көсем сөздің үлгісін көресетіп берді. Ағарту ісінде көп мәселеде әлемдік тәжірибеден алға оза әрекеттенді. Көп халықтарда енді талқылана бастаған жәйттерге ол сонау ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтты. Кейінгі тәжірибе оларды дұрысқа шығарды. Қазақ тілдің дамуына жер жаралып, су аққалы бергі қалған қазақтың қосқан үлесі бір пара да, Байтұрсыновтың бір өзінің сіңірген еңбегі бір пара. Сол арқылы түркітануға да көркеюіне үлес қосты. Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш граматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тіл

ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ұлттық тіл біліміне түпкілікті Темір қазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны таңданбасқа болмайтын жәйт. Кейде, шіркін, сол сабаз қазір тіріліп келсе ғой дейсің. Бізге ұят болғанымен, ең үлкен мәртебеге енді ие боп, соны әлі дұрыстап игере алмай жатқан сорлы қазақ тілінің сауабына бір қалар еді-ау деп ойлайсын. Бұл мәселедегі, бір кездегі өзі айтқан, торғайға атып, шырғайға тигізіп, шырғайды атып, торғайға тигізіп жатқан талай олқылықтарымызды, күйзелсе де, түзетіп, күйінсе де үйретіп берер еді-ау деп армандайсың. Бір ғана «ш» дыбысы мен «ш» әрпіне қанықтыру үшін: Мынау сорлы шал, бойына назар сал, сақал-шашы ай, қайраты шақ, баладан ада, қарадан таза, ауқаты-шабақ, сусыны-шалап, аяқта-шарық, қатқан аш, арық, шабақтан, шалаптан болсын ба қарық? –деп, әлеуметтік тұрмыстың күллі бір эпопеясын көз алдыңа көлденең тартатын, тіл таныта отырып, тіршілік танытатын әліппелері, «Бақ-бақ еткен текені қыс келгенде көрерміз, батырсынға жігітті іс келгенде көрерміз», «Кісі бір көргенде-бұлан екі көргенде-құлан, үш көргенде-адам», «Ексең егін, ішерсің тегін», «Түбі бірге түгіспейді», «Ойнандар, ойландар» деп жататын тіл ашарлар, шіркін, салт өзгеріп, сана өзгеріп жатқан қазіргі заманда да көптен шықса ғой. Ахандар қазір арамызда жүрсе, баяғы «Қызыләскер тілашары» сияқты «кәсіпшінің тілашары», «Іскерлік тілашары», «Кеңсе тілашары», «Демократия тілашары», «Әділет тілашары», «Тәуелсіздік тілашары», «Билік тілжұмсары», «Құқық әліппесі» қосылмасына, тіл тану құралдары тіршілік тану, заң тану, адам тану қоғам тану құралдарына айналмасына кім кепіл? Сондай мемлекеттік тілдің жолындағы талай психологиялық тосқауылдың өз-өзіне аласталмасына кім кепіл? Ал осы ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынов та отбасында омалып қалған ана тілімізді жоқ-жігітін айтып, күні-түні зарлап, қол қусырып қарап отырып алса, қазақ тілі мен ол туралы ғылымның әлі күнге кіндігі кесілмей, шырылдаған шарана халде жатпасына кім кепіл? Егер Ахмет Байтұрсынов осының бәрін сол кезде дүниеге әкелмек түгіл, әлі ешкімнің қиялына да келе қоймаған ұлттық мемлекет орнап, сол жасап берсін деп отырып алса, ұлттық мектеп, ұлттық баспасөз, ұлттық тіл тану, ел тану, өнер тану, өзің өзі тану бүгінге дейін болар болмасына кім кепіл?

Ия Ахмет Байтұрсынов-ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып, қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершінің бір өзі айналдырып көріп, қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескермейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болған емес. Неліктен ол мұншалықты жанкештілікке барып жүр? Бұның жауабын оның арман мен арпалысқа толы өмірінің ең шынайы інежіресі – өлеңдерінен ізделікші.

Мақтағандықтан ба? Онда: «Әзірге қолдан келген осы барым, қомсынып, қоңырайма, құрбыларым, бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық, күн қайда үздік шығар топты жарып, бар болса сондай жүйрік, қызар деймін, естілсе

құлағыңа бүбір барып; әйтпесе, арық арық шауып оңдыра ма, жүргенде камыт басып, қажып-талып» , - деп қайғыра қаймығар ма еді?

Масаттанғандықтан ба? Өйтсе: «Қалтылдақ қайық мініп сепесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып кешпесе жоқ, жел соқса, құйын қуса жылжи беру, болғандай табан тіреу ешнәрсе жоқ; бұл күнге бүгін емес, көптен кірдік, алды-артын аңдамаған бетпен кірдік, жат жақты Жаратқанға күзеттіріп, жақынмен ырылдастық, иттей үрдік... білдірдік елдің сырын, ердің құнын, еліріп ерегiске екі үш күндік... кіреді тентек есі түскен кейін, мүшкілін халіміздің енді білдік...» , - деп күйзелер ме еді?

Даңқ құмарлықтан дейін десең: «Жанға көңіл қалып тұр, жан бұл күйге салып тұр; тәнге көңіл қалып тұр, тән шыдамай арып тұр; жұртқа көңіл қалып тұр, жұр жалғанға нанып тұр, өтірік өрлеп, күшейіп, шын жеңіліп талып тұр; жала деген төбеті балтырыңды қауып тұр; табалаған жаманның шаян тілі шағып тұр; жаны ашыған жақынның жасы көзден ағып тұр...» , - деп айтқанырас болса, кімге сеніп атақ іздейді, кімнен даңқ дәметеді?!

Сонда мұншама сарып болып сарысұлуда не мән бар? Сөйтсе, мән бар екен: «Адамдық диханшысы қырға шықтым, көлі жоқ, көгалда жоқ – құрға шықтым; тұқымын адалдықтың шаштым, ектім, көңілін көгертуге құл халықтың» ..., «рахатсыз өтсе де өмір жасым, бұл жөнімнен Құдайым айырмасын... шалдығаты, шаршайтын жерлер де бар, ...шыққызбайтын жолыңда өрлерде бар... ел бұнымды білемін ұқпайтынын, көтермеге қалғанда шықпайтынын, шалыс басып аяқты жығылғанда, «жатқаныңнан тұрма» деп мықтайтынын... мен өлсем де, өлемін жөнімменен, тәннен басқа немді алар өлім менен, ...тән көмілер еткен ісім, жабықпаймын, ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін...»

Міне, гәп қайда! Шын азаматты пендешілікке, шын ерді есерлікке жібермейтін де осы: ертеңге деген сенім; келешек алдындағы жауапкершілік.

Олай болса Ахмет Байтұрсынов – бірінші кезекте халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттігі жөнінде жан аямаған күрескер. Бұлай болатынын жөні де бар еді.

Ол оқу тауысып, мұғалімдік қызметке кіріскен кез патша әкімшілігінің қазақ даласын билеуде 1822 жылғы Сібір жарғысының, 1868 жылғы Уақытша Ереженің күшін тыйып, 1891 жылғы Дала Ережесіне көшкен тұсына тап келді. Алғашқы ереже қазақтарды аталастыққа қарай ауылға, руластыққа қарай болысқа, тайпаластыққа қарай округке бөліп, қылмысты істі сот арқылы, дау-шарды билер арқылы шешіп, дәстүрлі үрдіске жақын үрдісте қалдырды. Екінші ереже үй санына қарап ауылға болысқа бөліп, әрқайсысының қонысын белгілеп, әлеуметтік істерді орыс шаруаларынша шешіп, жартылай дәстүрлі үрдіске көшірді, ал соңғы ереже бойынша қазақтар ендігі жерде ішкі Ресейге өте-мөте жақын үрдісте басқарылатын болды. Бұл деген сөз әлі күнге көшпелі ауыл қалпында қалған қыр қауымы, саны жағынан да, дамуы жағынан да көк пен жердей үстем тұрған қауыммен бірдей талап қойылып, төтен бәсекеге төтеп бере алмай, басымен қайғы боп өтсін деген сөз еді. Ол аз болғандай, сайлау мен партияшылдықты күштеп таңып, онсыз да әр губернияға кірме боп кеткен қазақ енді ауыл арасында да

ағайындықтан айырылып тоз-тоз боп кетсін деген есеп еді. Мұндайға Ұлт болып ұйымдасып қарсы тұрудың мүмкіндігі қалмаған-ды. Оған қажетті дәстүрлі институттардан түгел айырылып біткен қауымға саналы түрде жаңа үрдіске бет бұрып, жаппай ширап, шыңдалудың басқа амал жоқ еді.

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов күллі адамзаттың даму үрдісі түбегейлі өзгеріп жатқан тұста қазақ халқына басқалардан өзгеше заман болмайтынын ескертіп, одан да қамсыз қалмауға үндейді. 1912 жылы Орынбордан басылып шыққан тұңғыш әліппесіндегі: «Құлақ екеу, ауыз біреу. Ол не үшін бұлай? Көп тыңдап, аз сөйлеуге жаратқан оны Құдай. Ауыз біреу, көз екеу – ол не үшін бұлай? Көп көріп, аз тыңдауға жаратқан оны солай. Ауыз біреу, қол екеу – ол не үшін бұлай? Көп жұмысшы, аз жеуші – жаратқаны ол солай», - дейтін бопса өлең сәбилерге емес, күллі әлеуметке бағышталған тұспал ұран еді.

Жұртшылыққа ұсынар дәрістері де қызық. Өрбу заңы... Шаруа жайы... Жер жалдау... Егін егу... Оқу мен оқыту... Олақтық пен салақтық... Тән саулығы мен жан саулығы... Сүтті сиырдың белгілері... Дағдылы жол мен айлалы жол... Земство... Сот... Араб әліппесі... Партияшылдық... Рушылдық... Қазақ салты... Дүние қандай, біз қандай... Уақ қарыз... Жәрдем комитеті... Кооперация... Қазақтың өкпешілдігі һәм түрлі мәселелері... Қысқасы, қазақ қауымына не қат, не қажет болса, соның бәрі жайлы...

Өйткені құба даланың бұла перзенті боп ұзақ жүрген көшпелілер, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, «мал бағу мен барымта жасаудан» асқа кәсіп көрмегендіктен көп кәсіпке шорқақ. Оны меңгеруге сауат жетпейді. Сауаттан гөрі де құны жетпейді. Өйткені сол кездің өзінде «қазақта хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары» болыпты. Алайда сауаттылар саны, «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмадың деп өкпелеу жөн бе?» - деп Ахаңның өзі айтқандай, әлі де болса аз еді.

Оның үстіне, ол сауат қазақтың қам-қаракетінен аулақ жатқан әуейі сауат еді. Олай болатыны, орыс оқуының көксейтіні қол астындағы жұрттардың жазу-сызуы, тілі, діні бір болғаны. Мұсылман оқуының көксейтіні – бір Алланың шарапатынан басқа ештеңеге алаң болмауға баулу. Сондықтан да, қазақша оқымай, қазақ өзіне керек ғылымды үйренбейді. – Бұны айтқаны үшін Байтұрсынов пен әріптестерді екі тараптан да құқай көрді. Патша өкіметі айтып салып, абақтыға қамаса, мұсылманша оқығандар «қазақша деген қайдан келді» деп үркіп, «орыстың сорпасын ішіп, шошқаның жілігін кемірген орысша оқығандар... мұсылманша оқығандарды масқара қылмақ», - деп ғайбаттап, ағайынмен араздастырды. Сонда екі жаққа да қазақша оқу қажетсіз боп шығады. Неге бұлай? Әркім өзіне керегін күйттейді. Көптің керегін әркім өз шаруам деп емес, біреудің шаруасы деп санайды. Ол үшін біреулерге өкпелеп, біреулерді сынайды. «Қазақ балалары қазақ жұмысына, қолынан келгенше, қарап тұрмай, кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы. Іс қолынан келмейтініне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр... Алға басып, жұрт қатарына керек. Басқадан кем болмас үшін, біз білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында

жұмыс істеу керек», - деп ренжиді Ахмет Байтұрсынов.

А. Байтұрсынов ұлт тәуелсіздігі жолындағы «Алаш» қозғалысының орталық тұлғасына айналды. «Алаш» партиясын құрысты. Тәуелсіздікке жетудің стратегиясы мен тактикасын жасақтасты. Бұл жағынан «алаштықтар» асқан елгезектік таныта алды. Жаһангерлік саясатта опа бермес олқылықтарға ұрынып, ойсырай күйзелген халықаралық ахуалды қапы жібермеуге тырысты. Бірінші дүниежүзілік соғыс ірі де іргелі мемлекеттерде алауыздыққа ұрындырды. Бодан халықтар бой көтерді. Шығыс Еуропа елдері өз тәуелсіздігін ресми түрде мойындатуға кірісті. Ресейдің батыста да, шығыста да маскара боп жеңілуі шет аймақтардың метропологияға қарсы, ал метрополияның самодержавиеге қарсы наразылығын күшейтті. Монархия биліктен кетуге мәжбүр болды. Мұрагер таққа отыруға тәуекел ете алмады. Биліктің бүйтіп өз-өзінен мүжіліп біткенше өзгермеуі ескіден уақтылы жирене алмай, жаңаны уақтылы игере алмай оралымсыздыққа ұрынған қоғамдарға тән болса керек. Ондай қоғам әлгіндей дағдарыс тұсында бірден сара жол таба алмай, әрқилы елірме күштерге бел алдырып шөре-шөре ахуал кешетін түрі бар. Ырықтан шыққан оқиғалар жетегінде Ресейдегі билікке таласқан күштер ауызға ілігер олқылық іздеп, қол жалғасар одақтас іздеп алас ұрып бақты. Сонау декабристерден соң ауызға ілікпей кеткен ұлттар теңдігі қайтадан сөз бола бастады. «Алаш» тап осы тұста атқа мініп, ұлттық автономияға қол жеткізіп қалуға тырысты. Бұл мәселені де бірінші болып ресми талқыға салуға мұрындық болған Ахмет Байтұрсынов еді. Ол Міржақып Дулатовпен бірігіп, 1917 жылдың шілдесінде Орынборда өткен жалпы қазақтық бірінші құрылтайда «автономиялы» тәуелсіз қазақ мемлекетін» құруды ұсынды. Бірақ құрылтай Әлихан Бөкейхановтың « демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия құрамындағы қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуы» жәйлі ұсынысына көбірек ден қойды. Алайда оқиғалардың одан арғы даму барысы бұл үміттерді де әлсірете түсті. Уақытша үкімет тегеурінсіз болды. Демократияшыл күштердің беделі кеміп, аралық күштер солқылдақтыққа ұрынды. Солшыл күштер, әсіресе большевиктер еңсе көтерді. Байтұрсынов басшылығындағы «қазақ» газеті: «Мұндай лайсаң заманда закон жоқ, жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін өзі қорғайды. Әуелі, өлмеске, екінші, мал-мүлкімізді талауға бермеске, үшінші, осы лаңның ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етуге керек. Данышпандар білімін азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы», - деп дабыл қақты.

Ахмет Байтұрсынов 1920 жылы кеңес мемлекеттік басшыларының тікелей қолқасымен Коммунистік партия қатарына өтуге мәжбүр болды, бірақ бір жылдан соң енжарлығы үшін шығып қалды. Ол мұндай қатерлі қадамға бармаса, тек қазақтардың ғана емес, күллі Түркістан халықтарының мемлекеттік дербестігі көктей солатын еді. Уақытында жасаған мәмілі арқасында қазақтарға көпұлтты Ресей құрамында таптық негіздегі автономия берілді. Қалған Орта Азия халықтарына Түркістан республикасы құрамында автономия берілді. Кейін қазақ автономиясы Ресейдің құрамынан шығып, дербес республика боп жарияланды. Оған Түркістан республикасының



құрамындағы жерлер қайтып берілді. Сөйтіп, таптық негізде болса да, қазақ жері аумақтық тұтастығын қалпына келтірді . қазақ халқының дербес мемлекеттікке қақылы екендігі заң жүзінде мойындалды. Бұның бәріне де Ахмет Байтұрсынов тікелей еңбек сіңірді. Ол үшін дұшпанның жаласына да, достың табасына да, төзуге тура келді. Бұл шын мәнінде халқының алдындағы үлкен ерлік еді. Кейін біздің егемендік алып, тәуелсіздік жариялауымызға да сол жанқиярлықпен жүзеге асқан жағдай бірден-бір құқықтық негіз болды. Әрине, Ахмет Байтұрсынов өзі армандаған ұлттық-аумақтық мемлекеттілікке қол жеткізе алмады.

**Өзін тексеру сұрақтары:**

- А.Байтұрсыновтың философиялық ой пікірлері мен ұстанған бағыт –бағдарын нақтылаңыз
- А. Байтұрсыновтың өскен ортасы мен саяси қызметін сипаттаңыз
- А. Байтұрсыновтың саяси көзқарастарының қалыптасуын түсіндіріз
- А. Байтұрсыновтың шығармашылығының философиялық негіздері
- А. Байтұрсынов қазақ мәдениетін, ұлттық өнерін өркендетуге қосқан үлесін көрсетіңіз

**Өзіндік жұмыс сұрақтары:**

- А. Байтұрсынов ғалым –педагог қоғам қайраткері дәлелдеңіз
- Қазақ қоғамындағы зиялы қауым өкілдерінің қалыптасуын сипаттаңыз
- А. Байтұрсынов «Қазақ газетін» негізін қалаушы айқындаңыз
- А.Байтұрсынов ұлт-азаттық қозғалысының рухани көсемі нақтылаңыз
- Кеңестік билік кезеңінде қазақ жерінде орын алған қоғамдық-саяси өзгерістерді сараптаңыз

---

## 6.5. Ж. Аймауытов мәдени саяси-әлеуметтік көзқарасы



**Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931ж).** Ол аз ғана өмір сүрді. Сонда да көп нәрсені бастап, руханилық мазмұнының жаңа беттерін аша білді. Жазушыны халқына алғаш танытқан ғалым Серік Қирабаев былай дейді: "Екі заман шекарасында туған халқының ақылы, ойы, ары, баскөтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық зомбылық дертінің құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытов та бар. Жалпы көпшілік ұмыта бастаған, тек есімдері мен істері бірен саран көзі ашық зиялылардың ғана есінде қалған тұста, олардың біртіндеп емес, топ-тобымен ел ортасына қайтып оралуы елі мен ерін білмейтін азаматтық ойы бар жандарды қалай тебіrentпес!"

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Қызылтау болысының бірінші ауылында өмірге келген.

Жастайынан білімге құштар болып, алдымен ауылдағы молдадан, кейін Баянауылда, содан соң қалада дәріс алған. 1914 жылы Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясына түседі де, оны 1919 жылы бітіріп шығады. Сауатты жас азамат ХХ ғасырдың басында үлкен-үлкен саяси-экономикалық өзгерістер мен төңкерістерді тек газет бетінен оқып қоймай, оларға тікелей қатысады. Алашорда мүдделеріне ортақтасты, кейін коммунистік партия қатарына өтіп, түрлі лауазымды қызметтерді де атқарғаны бар. Халықтың өркендеуін жеделтуге қатысқысы келді, өзі байқаған дағдарыстардан шығу жолдарын да іздейді. Елеулі екі романы - "Қартқожа" мен "Ақбілегі" оған куә бола алады. Күрескер жазушы, ақын, драматург Жүсіпбекті біз қазақ философиялық ойын дамытуға тікелей қатысқан адам деп бағалай аламыз. Оның шығармашылық мұрасы-философиялық толғауы терең рухани қазынамыз: қазақ болмысы, ұлт аралық қатынастар, дала шаруасының санасы, әйел теңдігі, адамгершілік нормалары, таптық қоғам өмірі, өтпелі кезеңдегі билік нысаны сияқты күрделі теориялық мәселелер көркем әдебиет құралы мен тілі арқылы сөз болды, өзіндік шешім тапты. Ал "Психология" аталатын оқулығы осы күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Біздің кешегі кеңес мемлекеті кезіндегі ойлау таптауырынына салып, Жүсіпбектің қоғамдық-саяси көзқарастарын, дүниетанымын аяғына дейін түсініп білу қиын. Өйткені оның арнайы жазған философиялық шығармалар жоқ. Ал енді романдарын, повестерін, пьесаларын, сын мақалаларын қарасақ онда көтерген мәселелері, кейіпкерлерінің өмірі мен жүріс-тұрысы, ойлау желісі, қоғамдық әрекеттері тұнып тұрған философия деуге болады. Ағартушылықты өзінің ұраны қылып алған Жүсіпбек жаңа рухта жас ұрпақ тәбиелеуге, адамгершілік, жақсы мінез-құлық қалыптастыру қажеттіктерін тек қана тәжірбиеде іске асырып қоймай, бұл мәселелерде теориялық тұрғыдан да терең зерттеген.

Жүсіпбек Аймауытовтың қызметі жан-жақты: үлкен роман жазған прозашы, әр түрлі пьесалар жазған драматург, аудармашы, публицист. Шығармашылық өнердің қай саласында да жемісті еңбек ете білді. Біздің зерттеп отырған мәселеміз оның қоғамдық саяси ойлары мен гуманизмі болғандықтан, ойшылдың әр түрлі жанрларды жазған еңбектерін талқылап, онда Жүсіпбектің көрсетілген бағыттағы ойларын топшылап, оның дүниеге көзқарасын, ағартушылық ойлау жүйесін айқындай түсеміз.

Адам мәселесінің өзегі, Жүсіпбек Аймауытовтың көзқарасы бойынша, мәдениет, оқу білім, тәрбиеге келіп тіреледі. Бірақ адамда руханилық пен адамгершілік жетіспесе, қандай жетістіктерде рахат пен ләззат әкелмейтінің ол былай көрсеткен: "Бұрын адам хайуан қалпында жүргенде тамаққа таласып, қандай алысып, жұлысса, бұл күнде жетіліп, мәдениетті болған адамды сол халден ұзап шыға алмай отыр. Мәдениеттің ілгері басқышындағы халықтар ғылымының жемісін зорлық, зомбылық, қиянат, озбырлыққа жұмсап отыр".

Қазақ елінің ерекшелігімен болмысын жете түсінген Жүсіпбек: "Еуропаға еліктей бермей, өз бетімізді, жұрттығымыздың белгісін көрсеткеннен не кемдік табылады? Қаза тексере берсек, европаның өнеге қылуға жарамайтын жерлері де бар", - дейді. Әрине, батыс мәдениетінің қазақ халқына мүлдем керексіз демейді, оны да игеру керек, бірақ соған беріліп, соның жетегінде кетіп, өз ұлттық нақыштарын жоғалтып алмауға меңзейді. "Қазақ- мәдениеті жөнінде ерте туып, кеш қалған халық. Кенже қалғанымызды, әрине, көп зиялылар: жер, тұрмыс, ғұрып, әдет, надандық, партия, өтірік, мақтанушылық - міне, бізді ілгері бастырмаған осы сияқты себептер", - деп жазды ол.

Ғылым-білімге дұрыс бағыт беретін тәрбие болуы керек. Оқыту, тәрбие беруді кәсіби мамандығы санаған қаламгер өз шығармаларында осы мәселелерге де көп көңіл бөліпті. Жазушының мына сөздерінде көп мән жатыр: "Өнер ғылым қаражатпен табылады. Өнер, ғылым қаражат табады. Қаражат жан асырайды, халықтың өнерлі болып жетілуіне де байлық керек, - дейді ол. - Жалаңаш кедейге өнер үйрен деу- өгізбен жарысып бәйге ал деген сияқты. Надан болсақ та, бай болайық десек, ғылымсыз байлық баянсыз болмақ: былай болған соң, ғылым мен байлық екеуі де керек; ғылым білімге қанады. Ғылымсыз білім сыңаржық: ғылым білімді ұлғайтады; ғылымсыз білім тым құрғақ, білімді орнына жұмсау керек. Білімді орнына жұмсайтын

не? Ол - тәрбие". Сонымен, білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды, жұмсалмауды тәрбиеге байланысты екен. Тәрбиесіз білімді адам сол білімін адамзаттың игілігіне де, сорына да оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды..." Міне, осындай-ізгі ойларға жетелейтін Жүсекеннің "Тәрбиеге жетекші" (Орынбор, 1926 ж.) "Психология" (Ташкент 1927 ж.), "Жан жүйесі және өнер таңдау" (Москва, 1929 ж.), "Сабақтың комплекстік жүйесінің әдістер" (Қызылорда 1929 ж.) секілді оқулықтар жазуы тегін емес. Педагогикалық көзқарастары адамға, оны тәрбиелеу мүмкіндігіне деген сенімінен басталады. Өзінің "Тәрбие" деген мақалаларында Жүсіпбек, адамның хайуаннан айырмашылығы жайында әңгіме қозғай отырып, адам ойындағы тынымсыз мінез-құлықтарының барлығы тәрбиенің кемдігінен деп қорытынды жасайды. Оның айтуынша, адам табиғаттың емес, тәрбиенің құлы болуы керек. Адам өміріндегі тәрбиенің рөлін зор бағалаған ол тарихтағы ірі құбылыстардың бәрін тәрбиемен байланыстыра отырып, былай деп жазды: "Алғашқы екі ғасырдың афинияндар мәдениетті, ғылымды күшті жұрт болған, неге? Данышпан Солоның жасаған ережесі мен тәрбиеленгендіктен. Рум халқын атақты, күшті қылған кім? Тәрбие. Ескендірді данышпан қылған кім? Аристотельдің тәрбиесі. Неронды залым қылған кім? Философ Сенеканын қате тәрбиесі".

Тәрбиешіге қоғамда өте үлкен маңыз берген жазушы оны дәрігер мен ғана салыстырады, тіпті, одан да жоғары қояды: "Адамдық көзбен тереңнен тексерсе, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақыл-миін, жанын сауықтырады", - дейді. Тәрбие мәселесін мемлекеттік дәрежеге көтеруге қажеттігін жете түсініп: "тәрбиешіге отанның келешек өмірін тапсыруға болады, себебі, тәрбие нәтижесінде ақылды адам көбейсе- отанның күзетшісі, қорғаны", - деп атап өтеді.

Болашақ ұрпақты озық жетістіктерге тәрбиелеу, оларға білім беру процесін сол халықтың мінез-құлқы мен тұрмыс-салтын әдет-ғұрпын еске ала отырып жүргізудің қажеттігіне Жүсіпбек аса зор көңіл бөлді.

Жүсіпбек ағаның біздің ұрпақтарға қалдырған бай мұраларымен танысқанда бірден көзге түсетін ерекшелік-автордың адам психологиясын жете әрі терең білу. Ендеше, оның "Психология" кітабының арқалаған жүгі ауыр. Осы пәннің қазақ тілінде жазылған оқулығы да осы. Жүсіпбек Аймауытовтың психологияны зерттеп, көрген мәселелері-одан басқа қазақ топырағында ешкім көрмеген мәселе. Осы мәселелердің баяндалуынан қазақтың психолог мамандары қазірдің өзінде айтарлықтай ақау таппайды. Бұл бағыттағы еңбегін тереңдете түскен "Жан жүйесі және өнер таңдау" деген кітабы оның осы салада ізденістерінің қорытындысы іспетті. Соңғы кездерде ғана Қазақстан қоғамдық ғылымында орын ала бастаған социологиялық зерттеулер, анкета жүргізу сияқты әдістерді Жүсіпбек сол кездің өзінде-ақ өте шебер қолданған. Ал сарапкер тапқан сарабал ойлардың бір парасы төмендегендей: "Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге,

қызметке икем болып туады. Басқша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет,яки зеректік болуға, біреу мал бағуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға...ыңғайланып жаралады... Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай, өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек... қайғы сол: өз жолын шу дегеннен тауып алатын адам сирек болды. Бас мақсатын біржола ұмытып, әлеумет қызметіне түгел берілетін адам болуы мүмкін емес! Ондай адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды. Біреу бойын тежеп, бас мақсатын көбірек сағалайды. Айырма жалғыз осында... Қайткенде әрі жеке адамның, әрі әлеуметтің пайдасы бірден табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады? Әр адам табиғатына біткен қабілетіне, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда табылады". Қазіргі қоғам қажеттіліктерін алып қарасақ та, азды-көпті қиыншылықтарға шыдамай, ғылымнан, білім беру жүйесінен, денсаулық сақтаудан саудаға кетіп жатқан мамандарды кездестіруге болады. Жүсіпбектің бұл ойлары осы өзіміз өмір сүріп отырған қоғам мәселелеріне де жақын екенін көреміз.

Барлық шығармашылығын жұмыр басты пенделердің жан дүниесін зерттеуге арнаған Жүсіпбек өз кезеңіндегі қоғамдық қажеттіліктерді шешуге келгенде, әр дәуірде өмір сүрген адамдар дүниетанымының әртүрлі екендігіне тоқтала келіп, оған мынандай түсініктеме берді: "Бұрынғы оқығандардың алған тарбиесі,көрген-баққаны, Олардың тәрбиесі надан,соқыр қазақтың ортасы еді. Көргені Николайдың төрелері еді. Көксегені шен еді. Еткені тақтан қорыққаннан, не пайда табу үшін жасаған қызмет еді. Олардың басынан кешіргені қараңғы тар замандар еді. Бұлай болса, бәріне бірдей ақ жүрек болмадың деп, әділ қызмет болмадың деп кінә қоюға да болмайды". Бұл тұжырымнан" әркім де өз уақытының перзенті" деген көне қағида көлденеңдейді. "Жауқазын ерте көктеп шыққаныменен, ол дағы қалыбынан аса алмайды" деген Абайлық пәлсапамен астасып жатыр. Өйткені адамзат баласы қоғамның шылауында өседі емес пе... Адамның рухына еркіндік беру керек. Егер рухы еркін болса, жан дүниесі бай болса, адам құлдық психологиядан тез арылып кетуге мүмкіндік алады деп сенеді Аймауытов. Ж.Аймауытовтың гуманистік тұрғыдағы ағартушылық көзқарастары қоғамдағы әйел мәселесін де жан жақты зерттей қарастыруынан анық байқалады. Себебі, ең жақсы кісілік қасиеттерінің барлығы адам бойынан ананың ақ сүтімен дариды. Осы ойларын ол былай түйіндеген еді: "Баланы бұзуға, түзеуге себеп болмайтын бір шар - жас күнінде көрген өнеге, ол өнеге әке - шешесінің тәрбиесі болу керек. Ата - ананың берген тәрбиесі - баланың мінезіне салған ірге. Жасынан сіңген мінезді есейгенде жоғалту, басқа бір күшпен болмаса, болмайды. "Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді" деген сөз ата-атаның тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Бірақ бұл мақал тәрбие мен мінезді түзетуге болмайды деген емес. Балаға қайырымдылықты, қатігездікті, кішіпейілділікті, астамшылдықты, әділеттілікті, әдепсіздікті, шыдамсыздылықты, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі".

"Ақбілек" романында бұл тақырыпты өзінше ашуға тырысты. Бас кейіпкерді тек періште етіп көрсете бермей, өмірдегі бар болмыс-бітімі мен, өзіндік табиғат тіршілігімен, яғни пендешілік қателіктерімен қазқалпымен белгілейді. Шешесін өлтіріп, өзін зорлықпен алып кеткен ақ офицердің озбырлығына үнсіз көндіккен Ақбілектің жан дүниесіндегі күрделі құбылыстарды Жүсіпбек психологиялық тұрғыдан терең талдап, шебер береді. Романдағы барлық оқиға Ақбілектің айналасында өтеді және оның ойы арқылы өрбиді.

Ж.Аймауытовтың қазақ қоғамының даму, өзгеру диалектикасын өте жақсы түсінген. Идеологиялық қалыбы қанша қатты қысса да оған бой бермей, ғылымды, әсіресе қоғамдық ғылымда, объективтілік керек екендігін мойындаған. Өз замандасы М.Жұмабаевтың өлеңдерін "Ұлтшылдыққа" теліген жақта араша түсіп, былай деді: "Мағжанның туып - өскен тәрбие алған әлеуметі қазақ. Мағжан тұсындағы қазақтың әлеумет құрылысы қандай еді? Ата-анаға ру-руға бөлініп, руды ақсақал, би, болыс, тілмаш билеген, орыша айтсақ, "патриархат" құрылыс еді...

Жан-жағынан жау қысып, өзінің ішінен алауыздық шығып, қазақ берекеден айырылып, орысқа қарады. Орысқа бағынғанымен де, қазақтың бұрынғы әлеуметтік қалпы өзгере қойған жоқ, әлі хандардың билердің, аталы ауылдың тұқымы билейтін болды."

Сол кездегі қазақ қоғамының ерекшелігін түсіндіре келіп, Мағжанның тап туралы, тап күресінің болашағы мен ерекшелігі туралы не себепті өлеңдер мен мақалалар жазбайтындығы жөнінде былай деді "Әлеуметтік құрылысы өзгереген жоқ: қазақтың кәсібі мал баққан, әлеуметі рубасыға бағытталған жұртта тап жігі-байлар, кедейлер деген нәрсе анық болмайды. Міне, Мағжанның туып өскен ортасы, ұяда көргенде осы". Сондықтан да, идеологтар жасанды түрде тапқа бөлгенімен Мағжан өмірді шындықты жырлаған, көргенін, білгенін жырлаған ақын болған соң, өзі түсіне бермейтін тақырыптарды қозғамағанын алғаш айтқан Жүсіпбек Аймауытов еді.

XX ғасырдың басында пайда бола бастаған ұлттық бостандық идеясы, тәуелсіздік идеясы, отаршылдыққа қарсы күрес идеясы, міне, осылай, Жүсіпбек Аймауытовтың көрсеткендей дүниеге келді одан да әрі қарай қиын да күрделі жағдайларда танып, жетіле бастады. Сол кездегі талпынып талаптанып өсіп келе жатқан жас қазақ интеллегенциясының сана-сезімі мен әлеуметтік саяси көзқарастарының қалыптасуына әсерін тигізген ықпалдарды ол былай белгілейді: "Бір жағынан, үй іші әкеге, әлеумет рубасыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген, қазақ ішінде туып өскен болса, екінші татар медресесінде оқып, түрікшелік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтжандылық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса... Сөз жоқ, ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығуы керек".

Жазушының замандастарына берген бұл анықтамасы өте нақты, ақиқатқа жақын. Себебі, оның өзінде де осы аталған көптеген қасиеттер бар, ол да-сол ұғымның, сол орданың, сол заманның жемісі.

**Өзін тексеру сұрақтары:**

- Ж. Аймауытов ағартушы – педагог сипаттаңыз
- Ж. Аймауытовтың саяси-әлеуметтік көзқарастарын талдаңыз
- Ж. Аймауытовтың Алаш идеясы жайлы ой пікіріңіз
- Ж. Аймауытов еңбектерінің әлеуметтік философиялық аспектілері
- Ж. Аймауытов шығармашылығының рухани бастауларын айқындаңыз

**Өзіндік жұмыс сұрақтары:**

- Ж. Аймауытовтың дүниетаным ашып көрсетіңіз
- Ж. Аймауытов шығармаларының өзектілігін сипаттаңыз
- Ж. Аймауытов ойшыл гуманист натылаңыз
- Ж. Аймауытов еңбектеріндегі тәрбиенің ерекшелігін айқындаңыз
- Ж. Аймауытовтың қазақ философиясына қосқан үлесін негіздеңіз

## ҚОРТЫНДЫ

---

Ұсынылып отырған «Әл-Фараби және ұлы дала ойшылдары» атты оқу құралы ұлы дала өркениетінде өмір сүрген ұлы ғұламалардың саяси-әлеуметтік, философиялық көзқарастары жан-жақты қарастырылған. Қолда бар материалдарға сүйене отырып, дала ойшылдарының ғылым мен өнердегі қол жеткізген табыстарының, мұраларының кейбір қырларын көпшілікке түсінікті түрде таныту болып отыр. Онда әл-Фарабиден бастап, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ.А. Яссауи, сынды білімі дария, өресі ең жайлау, өз заманындағы ілім-білімді жете игеріп, ілгері апарған ұлы тұлғалар адамзат өркениетінің жарық жұлдыздары. Олардың қоғамдық-әлеуметтік ойлары, ғылыми зерттеулері мен тұжырымдары түрік тектес елдердің танымның таусылмайтын тұнық көздеріне бастайтын күретамыр арналар. Жалпы, қазақ ақын жырауларының шығармалары, терең мағыналы философиялық ойларға толы, ақын-жыраулардың шығармалары төл рухани мұраларымыздың бай қазынасы болып табылады.

Қазақ ақын-жырауларының шығармаларында әлеуметтік философиялық өзіндік рухани үндестік бар екендігі анық. Түйіндеп айтар болсақ, ақындардың әлеуметтік-философиялық дүниетанымы, ойлары қазақ халқының қоғамдық сана-сезімінің қалыптасуына, қоғамдық ойдың дамуына, кейінгі ұрпақты ұлтжанды рухта тәрбиелеуге заманының адал перзенттерді, халықтың тілеуін тілеген, ел іргесінің шайқалмай, бірлікке ұюын, рухани қазынасын көздің қарашығындай сақтауды үндеген көкірегі ояу шерлі азаматтарды тәрбиелеу еді. Шоқан, Ыбырай, Абай қазақ ағартушылығы ойының классикалық үлгісін жасаған болса, олардың ізбасары ретінде Шәкәрім Абай салған жол арқылы қазақ ойын өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен таза кәсіби философия дәрежесіне көтере білді.

Бүгінде Шәкәрім қалыптастырған төл кәсіби философия дәстүрі Шәкәрімнен кейін де жалғаса түсіп, өз үндестігін тауып отыр. Оның ізбасарлары, яғни Қазақстан философтары биік кәсіби, ғылыми дәрежедегі жоғарыдан көрініп, ұлттық философиямыздың дәстүрлі ерекшелігін сақтай отырып, әрі қарай дамуына үлкен зерделі ізденістер жасау әрекетінде. Бұл бастама өз қолдауын табады деген ойдамыз. Себебі ұлттық философиямыз тұғырын биік көтеру, ғылыми-философиялық тілімізді қалыптастыру, адамзат құндылықтарымен өркениетті мәдениет қатарына қосу, оны мақұлдату иісі қазақ жұрты философ ғалымдарының аңсары мен арманы, ар-ұжданы, қасиетті қарызы мен парызы әрі намысы емес пе?!

Қазақ халқы өзінің қазақтығын сақтап қалуы қиын кезеңдерден құралған үлкен күреске толы болды. Сол күресте зиялы қауымның алар орны бір төбе биік. «Алашорда» үкіметінің пайда болуымен тәуелсіз мемлекет атануға бір табан жақындағандай болып көрінген едік, алайда Кеңес үкіметінің қазақ халқы жайлы ойлаған жоспары басқаша болған екен.

«Алашорда» дербес мемлекет ретінде өмір сүріп кете алады деген пікір кейбіреулерде осы күнге дейін күмән келтіріп отыр. Алайда мемлекет



жас болса да, өзінің таңдаған бағыты бар, көшті артынан ілестіретін басшыларының барымен сол пікірлерді жоққа шығарады. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды арыстар елдің болашағын толық қамтамасыз етер еді. «Алашорданың» заңдары 10 баптан құралып, дін, оқу ағарту ісі мемлекеттік басқару, жер мәселелері жайлы өзекті салалардың барлығын қамтыған еді. Алаш арыстандары ең алдымен мемлекеттік дәстүрді қалыптастырды. Қазақтарды басқалар сияқты тәуелсіз, еркін ұлт болып өмір сүруге талпындырды. Екіншіден, оқуға деген ықыласымызды арттырды. Саяси, мемлекет қайраткері деген ұғымдарды санамызда жаңғыртты. Соның нәтижесінде қазақ жастары ілім қуып, үлкен шығармашылық биікке көтерілді. Мәселен, Ғалел Ғаббасұлы, Әлімхан Ермеқұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы сияқты жас азаматтар мемлекет басқарып, өз еркімен саяси өзгерістерге қарсы тұра алатын дәрежеге жетті.

Қазақтың XX ғ. басындағы көрнекті саяси қайраткерлерінің қоғамда алатын орны ерекше, солардың бірі - М. Шоқай. М. Шоқайдың азаттық жолындағы күресінің басты мақсаты Түркі тектес халықтардың өзіндік негізін сақтау болатын. Алайда ұзақ жылдар бойы Түркістан халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күресі тарихында өз орны бар, оның рухани көсемі бола білген М. Шоқай да ұрпақтар жадында ұмытылмайды.

Жалпы қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан түрлі құбылыстарға белсене араласқан алаштықтар ұлт-азаттық күрестерді қолдаушы, ұлттық ояну мен жаңғыру идеяларына бой ұрған, ұлт мүддесін ойлап, өздерінің еңбектері арқылы халқын ағартушылыққа шақырған қайраткерлер ретінде таныла білді.

Дүниежүзілік қауымдастықтың өзінің белгілі бір сапалық деңгейі бар. Алаш зиялыларының басқа мемлекеттік тұлғалардан артықшылығы олар саяси астарлы түрде биік сапалық деңгейге көтерілді. Мемлекет құрылу үшін екі жүзден астам тетік қажет болса, соның барлығын да алаштықтар жүзеге асырды. Алаш арыстары сондықтан да бірнеше салада еңбек етіп, тұтас бір институттың қызметін атқарды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

### Негізгі әдебиеттер тізімі:

- Абу Насыр аль-Фараби. Добродетельный город: Философские трактаты – RS; Международный клуб Абая. А., 2014
- Абу Насыр аль-Фараби. Книга о музыке: Философские трактаты. А., 2014
- Абу Насыр аль-Фараби. Книга о разуме. А., 2014
- Абу Насыр аль-Фараби. Книга об аль-Фараби. А., 2014
- Abu Nasr Al-Farabi. The book of mind. – Almaty, Abai Club Intl, A., 2014
- Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы. [бас ред. Ж.А.Алтаев жауапты ред. Г.Қ. Әбдіғалиева.] А., 2012
- Farabi. Yasar Aydinli. Istanbul. Kasim .,2008
- Prof. Dr. Yasar Aydinli. Farabi de Tanri-Insan Iliskisi., 2011
- Әбу Нсыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары/ научное издание / [құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманалиева, Ж. Сандыбаев ] А., 2009
- Риза Давари Ардакани. Фараби основоположник исламской философии. М., 2014
- Әбу Нсыр әл-Фараби. Он томдық шығармалар жинағы [ред. Ә.Н.Нысанбаев ; құраст.: Ә. Н. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Н. Сейтахметова]. Астана., 2008
- Әбу Нсыр әл-Фараби .«Музыка туралы үлкен кітап»; [ауд. Ж.Сандыбаев]. А., 2008.
- Аль-Фараби и развитие восточной философии [А.Н.Нысанбаева и др.]. Астана., 2005.
- Аль-Фараби и современность. /учеб.пособие / А., 2014
- Абу Насыр аль-Фараби. Книга букв / пер., примеч. и вводная ст.К.Х.Таджиковой; А., 2005
- Философия Аль-Фараби и исламская духовность. А., 2005
- [Машани А.](#) Көп томдық шығармалар жинағы. А., 2005. Т.2:
- Әл-Фараби және Абай: жинақ / А. Әл-Машани. А., 2005
- Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. А., 2002
- [Көбесов А.](#) Әбу Насыр әл-Фараби. А., 2004
- Қасымжанов А. Ұлы даланың зиялылары. А., 1996
- Егеубай, А.Жүсіп Баласағұн: роман-эссе . А., 2005
- Қасқабасов С. (төраға) Әдеби жәдігерлер: 20-томдық 2-том: Түрік сөздігі М. Қашқари- 591б, А., 2007. (Мәдени мұра)
- Жанайдаров, О. Жүсіп Баласағұн: тарих, тұлға, уақыт . А., 2008
- Егеубай, А .Түрік сөздігі: үш томдық. Сөздік-Словарь, А.,2006
- Авакова, Р. Ә. Махмуд Қашқари "Диуани-луғат ит-түрік" сөздігіндегі онимдер // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сер. А., 2011. № 3.45 б.
- Авакова, Р.Ә. Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрік" сөздігіндегі космонимдер// ҚазҰУ хабаршысы. География сер. А., 2013. № 2.53 б.
- Ғұлама Қожа Ахмет Йасауи: [Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; Ғылыми кітапхана /Құраст. А. Бекенқызы]. А., 2005
- Жұбатова, Б.Н. Қ.А.Ясауи хикметтеріндегі шығыс элементтері және оларды аудару мәселесі //ҚаҰУ хабаршысы.Шығыстану сер.А., 2004. №3(28).63 б.
- Уәлиханов Ш. Алышһарға сапар. А., 2006
- Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. А., 2010.
- Уәлиханов Ш. Сот реформасы жайында жазба. А., 2003
- Уәлиханов, Ш. Шығармалары/ Құраст. С. Ақтаев./ А., 2010
- Валиханов, Ч.Ч. Собрание сочинений. 3-е изд. А., 2010.
- Валиханов, Ч.Ч. Избранные произведения/ МОН РК, А., 2009
- Валиханов, Ч.Ч. Записки о судебной реформе/ Ч.Ч. Валиханов; Вступ. ст. и примеч. С.Ф.Ударцева- 2-е изд., доп. и испр.- А., 2004
- Валиханов, Ч.Ч. Этнографическое наследие казахов/ - 2-е изд.,Астана., 2007
- Алтынсарин.Ы. Қазақ христоматиясы. А., 2003
- Алтынсарин.Ы. Таңдамалы шығармалар. А., 1995

- Абай Құнанбаев. Шығармалар жинағы. А., 2012
- Абай Құнанбаев. Хикмет кітабы, Книга мудрости, Book of wisdom.  
// Халықаралық Абай клубы. Жидебай, А., 2011. //
- Абай тілі сөздігі. А., 2011
- Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі: бастырған: Кәкітай, Тұрағұл, Құнанбай ұғландары. А., 2009
- Абай Құнанбаев. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... : өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. А., 2008
- Абай Құнанбаев. Өлең сөздің патшасы: шығармаларының бір томдық жинағы. Семей., 2006
- Абай Қара сөз. Книга слов.- Халықаралық Абай клубы, Семей., 2007
- Абай Құнанбаев. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар маен қара сөздер. А., 2005.
- Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: А., 2002
- Абай Құнанбаев. Қалың елім қазағым... : өлеңдер . А., 2002
- Абай Құнанбаев. Қара сөз / А. Құнанбаев Книга слов. – Семипалатинск., 2001
- Шәкәрім (Шаһкәрім). Жүрегінді нұрмен жу/ Шаһкәрім.- Жидебай: Халықаралық Абай клубы, А., 2009
- Шәкәрім. Жол табалық ақылмен.* Шығармаларының бір томдық жинағы. А., 2006
- Шәкәрім (Шаһкәрім ). *Шығармаларының үш томдық жинағы.* Жидебай: Халықаралық Абай клубы, А., 2008
- Шәкәрім. Қазақ айнасы:* Өлеңдер мен поэмалар. А., 2003
- Шәкәрім. Иманым; Жауапты ред. Ғ.Әнес; Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры.* А., 2000
- Дала даналары. /Құрастырған Е.Әбен./А., 2001
- Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет "Алаш" қозғалысы А., 2008
- Жұртбай Тұрсын "Ұраным - Алаш!.." : (Түрмеәфсанасы). А., 2011
- С.Баязитов . Алаш арыстары. Астана., 2012
- Алаш қозғалысы : құжаттар мен материалдар жинағы А., 2004
- Turkistan Atesi / Kara, Abdulvahar. – Стамбул., 2002
- Мұстафа Шоқайдың элеуметтік философиясы А., 2011
- Мұстафа Шоқай және ұлттық тәуелсіздік мәселесі / М. С. Жетпісбаева; Шәукенова З. К., Нұрмұратов С. Е. А., 2013
- Әкім Тарази. Мұстафа Шоқай : роман . А., 2008
- Қара Абдуқап. Мұстафа Шоқай : Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. А., 2004
- Алаш. Алашорда. Энциклопедия./ Құраст. Ғ. Әнес, С.Смағұлова.А., 2009.
- Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. Астана., 2007
- Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. А., 2008
- Алаш ақиықтары: Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. А., 2006
- Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж.-мамыр, 1920ж. Движения Алаш. Сборник документов и материалов. Декабрь 1917.-май 1920.-А., 2005
- Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX-ғғ.). А., 2004
- Кемеңгер Қ. Омбыда оқыған қазақтар: Зерттеулер мен мақалалар. Астана., 2007
- Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. Сөздік-Словарь, А., 2001
- Омашев Н.Н. Алаш арыстарының саяси басшылығы: Оқу құралы. А., 2007
- Сүлейменова Д.Д. Батыс Алашорда тарихы-өлке тарихының құрамдас.А., 2007
- Төлепберген Б. Мәңгі жас-Алаш идеясы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. А., 2008
- Қосымша әдебиеттер:**
- Аль-Фараби философские трактаты. А., 1973
- Аль-Фараби. Философские трактаты. А., 1970
- Аль-Фараби. Социально-эстетические трактаты. А., 1973.

- Аль-Фараби. Логические трактаты. А., 1975.
- Возвращение Учителя: О жизни и творчестве Фараби /сост.: М.М.Ауезов, Б.К. Тайжанов. А., 1975
- Қасымжанов А.Х. Әбу Насыр әл-Фараби. А., 1997
- Қасымжанов А.Х. Обоснование политической науки в наследии Абу Насыр Аль-Фараби. А., 1998
- Гафуров Б.Г, Қасымжанов А.Х. Аль-Фараби в истории культуры. М., 1975
- Риза Давари Ардакани. Аль-Фараби – философ-культуровед. – Тегеран.,1998
- Қасымжанов А.Х. Әл-Фараби. А., 1998
- Қасымжанов А.Х. Стелы Кошо-Цайдама. А., 1994
- Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1995
- Қасқабасов С. (төраға) Әдеби жәдігерлер: 20-томдық 5-том: Құтты білік Баласағұн Ж.- 533б, А., 2007.- (Мәдени мұра).
- Шәлекенов.У Құм басқан қала А., 1992
- Қасымжанов.А. Рухани тамырлар А., 1994
- Кононов.А. Поэма Юсуфа Баласағұнского М., 1983
- Иванов.С. "О благодарное знаний Юсуфа" М., 1983
- Орынбеков.М. Ж.Баласағұнның "Құтты білік" дастанындағы философиялық ойлар. Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.)А.,1995
- Қасымжанов А, Мажиденова Д.Очерование знания.Фрунзе.М.,1990
- Егеубаев.А.Қ. Махмұт Қашқари түркі сөздігі А.,1997
- Бекетаев.Қ. М.Қашқари, түбі бір түркі тілі А., 1996
- Бартольд.Б. Культура мусылманство. Сочинение
- Григорьян.С. Орта Азияның ұлы ойшылдары М., 1958
- Есім.Ғ. Суфизмге кіріспе-5-кітаб А., 1998
- Яссауи Диуани Хихмет А., 1993
- Яссауи диуани ХихметА., 1995
- Санай.М. Яссауи тарихаты-қазақ әдебиеті А., 1998
- Көпірлеу.М.Ф. Түрік әдебиетіндегі илк мутассафилор. Анкара.,1991
- Жармұхамметұлы.М. Яссауи және Түркістан А, 1999
- Халифа.А.Ғ. А, 1991
- Қазақ ССР тарихы 5-том-2-том А., 1983
- Ибрагим.һ. Яссауи Хихметтері. Ташкент., 1990
- Потанин Г.Н. Биографические сведения о У. Уалиханов. А.,1964
- Тихвинский С. Чокан-Валиханов и современности. А., 1988
- Сухов А. Ч. Уалиханов религовед и критик религий
- Ч.Уалиханов и современность. А., 1988
- Валиханов. Ч. Полное собрание сочинений том-5. А.,1968
- Религия и общественная мысль народов Востока. А., 1971
- Валиханов. Ч. Ч. Следы шаманства у киргизов - совр. Соч. 5-том. А, 1985
- Бейсенбаев.Ж. Жасын тағдыр жарқылы. А., 1997
- Сегізбаев.О. Казахская философия XV-начало XX века.А., 1996
- Алтынсарин.Ы. Таза бұлақ. А., 1988
- Алтынсарин.Ы. Мұсылмандықтың тұтқасы. А., 1999
- Әуезов. М. Абай жолы. А., 1961
- Құнанбаев А. Қара сөздері, поэмалары. А., 1993
- Абай Шығыс жиынтығы. А., 1995
- Есім.Ғ. Абай тану тарихы. А., 1994
- Бейсенбиев.Қ. Мироззрение А.Кунанбайұлы. А., 1957
- Ғабдуллин.Б. Абайдың этикалық көзқарасы. А., 1994
- Құдайбердиев.Ш. Шығармалар жиынтығы. А., 1988
- Құдайбердиев.Ш. Үш анық. А., 1991

Қасымжанов.А.Х. Ұлы даланың зиялылары. А.,1996  
 Алтаев.Ш. Қазақ халқының рухани мұралары. А., 1996  
 Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. «Ақыл, Ой, Адамгершілік» А., 1994  
 Фабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. А., 1997  
 Кішібеков Д.К. Кочевое общество. А., 1984  
 Қасымжанов А.Х., Алтаев Ж.А. Ежелгі рухани таным және қазақ философиясы. Альманах "Мұрагер". 1992. №1,2  
 Қасабеков А.Қ. Қазақ философиясы дамуының тарихи ерекшеліктері. //ҚазҰУ Хабаршысы. А., 1994//  
 Жиырма томдық. 1-том. – Астана: Аударма, 2005  
 Нысанбаев Ә, Есімов Ғ. Қазақ философиясы және оның проблемалары. Вестник АН РК. 1992. N24;  
[Машанов А.](#) Әл-Фараби және Абай. А., 1994  
 Егеубаев.А, Ж.Баласағұн "Құтты білік" А., 1986  
 Бес ғасыр жырлайды. А., 1989. I-том  
 Қасабеков.А.,Алтаев Х. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. А.,1994;  
 Сүйіншалиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. А.,1989  
 Айтқазин Т. Қазақтардың мұраты. А., 1994,  
 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. А., 1992  
 Уразбеков А. Этическая мысль в Казахстане. А., 1982  
 Бейсенов Қ. Қазақ, топырағында пайда болған ғақлиятты ой үрдестері А., 1994  
 Қуанғанов Ш. Т. Бұқар жырау. А.,1992  
 Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. А.,1992  
 Исаев Б. Сезім селі: Жыр кітабы. А.,1995  
 Қасенов Д.Оттегім менің.От демім менің Жырларым:Жыр жинағы. А.,1996  
 Шешендік жырлары. А., 1993  
 Сыдықов Қ. Ақын жыраулар. А., 1974  
 Бектуров Ж. Ж. Художественно-композиционные особенности поэзии жырау и акынов. Рукопись диссертации. А., 1980  
 Қазақтың тәсілдік ой-пікір антологиясы. А., 1994. I-том;  
 Шешендік сөздер. А., 1992  
 Бердібаев Р. Жыршылық дәстүр. А., 1980  
 Егізбайұлы Ә. Елімнің сырын еттім жыр: өлең, жырлар, толғау, дастандар. А., 1996.  
 Шоқай М. Естеліктер Стамбул., 1997  
 Шоқай М. Таңдамалы 2 том. А., 1999  
 Шоқай М. Туркистан под властью Советов. А., 1993  
 Ж.Аймауытов Таңдамалы шығармалар. 1-ші том. А., 2002  
 Бөкейханов Ә. Шығармалары. А., 1994  
 Байтұрсынов А. Ақ жол. А., 1991  
 Дулатов М. Шығармалары II том. А., 1997  
 Дулатов «Оян, Қазақ!» А., 1991  
 Тынышбаев М. История Казахского народа. А., 1993  
 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 1995  
 Шоқай М. Жас Түркістан № 9 1998  
 Нұрпейісов К. Алаш пәм Алаш Орда. А., 1995

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> -----	3
<b>I. Әл-Фарабидің рухани ғылыми мұралары</b>	
1.1 Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары-----	5
1.2 Әл-Фараби - ұлы ойшыл, педагог ғалым-----	13
1.3 Әл-Фараби философиясындағы болмыс мәселесі (онтологиясы)-----	19
<b>II. Қарахан дәуірі кезеңіндегі ғылыми мұралар</b>	
2.1 Ж. Баласағұнның "Құтадғу білік" дастанының бастаулары және әділетті басшы, мемлекет жайлы идеясы-----	27
2.2 М. Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрік" сөздігінің тарихи әлеуметтік философиялық маңызы.-----	30
2.3 Сопылық идеяның ірі өкілі Қ.А. Яссауидің "Диуани Хикмет" еңбегінің діни-тәрбиелік философиялық мәні-----	52
<b>III. Қазақ ақын-жыраулар шығармашылығындағы дүниетаным</b>	
4.1 Қорқыт ата дүниетанымы және ақын-жыраулар шығармашылығындағы философиялық ой пікірлер -----	66
4.2 Бәйдібек би - ұрпақ ұлағаты-----	75
4.4. Үш жүздің басын қосқан ойшыл-----	80
4.5. Қазыбек би-төбедегіні келтірген төрелік -----	85
4.6. Әйтеке би - кара қылды қақ жарған шешен-----	90
4.7. Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымындағы еркіндік, бостандық және отан сүю идеясы-----	97
<b>IV. Қазақ ағартушылары</b>	
5.1 Ойшыл ғалым Ш. Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарасы-----	108
5.2 Ыбырай Алтынсариннің моральдық этикалық, ағартушылық идеясы-----	118
5.3 Ақын, философ А. Құнанбаевтың дүниетанымдық көзқарасы-----	127
5.4 Қазақ философиясында өшпес із қалдырған алып тұлға - Шәкәрім Құдайбердіұлы-----	138
<b>V. Қазақ ұлттық интеллигенциясы</b>	
6.1 Қазақ зиялыларының саяси әлеуметтік ой-пікірлері және ұлттық мемлекеттік құрылым идеялары-----	152
6.2 Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарасы және «Біртұтас Түркістан» идеясы-----	165
6.3. Қазақты оятқан қайсар ұлы Міржақып Дулатов-----	181
6.4. Ахмет Байтұрсынов - ұлағаты ұстаз, ғалым -----	187
6.5. Ж. Аймауытов мәдени саяси-әлеуметтік көзқарасы-----	192
<b>ҚОРТЫНДЫ</b> -----	199
<b>ӘДЕБИЕТТЕР</b> -----	201